

Құралай КУДЕРИНОВА

1 2017

4977к

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ  
ӘЛІПБИІ МЕН  
ЕМЛЕ ТАРИХЫ

SOTSİJALDЬ QAZAQSTAN

Сын жыл 13 624

РЕДАКЦИОННАЯ РОЛКА

Алматы қаласы, Соғыс мекені, 36 63-75. Т. 2300, 750

Qazaq SSR-тің Орталық Атқарув Комитеттің Президиумының  
Qazaq SSR-тің Конституциясы

Конституцияның проекti тұралы Конституция Комитеттің председателі Мирзиян сабактарынан  
в Конституцияның Президенттің оқып етеді.

Рес Конституцияның Qazaq SSR-тің Орталық Атқарув Комитеттің Президиумының Конституция Комитеттің  
бюділ Оқынушылдық Төсөле X Съезіндегі оқынушылдық.

Т. 2300, 750. Алматы қаласы на сарыарқа.







ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ  
АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

ҚҰРАЛАЙ КУДЕРИНОВА

**ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІң  
ӘЛПБІІ  
МЕН  
ЕМЛЕ ТАРИХЫ**



Алматы, 2016

ӘОЖ 811.512

КБЖ 81.2

К 90

*Сүлейман Демирель атындағы университеттің  
Ғылыми кеңесі (хаттама № 5, 29.12.2016 ж.)  
баспаға ұсынған*

Пікір бергендер:

филология ғылымдарының докторы,  
профессор Әлімхан ЖҮНІСБЕК

филология ғылымдарының докторы;  
профессор Ислам ЖЕМЕНЕЙ

Күдеринова К.

**К 90 Түркі тілдерінің әліпбі мен емле тарихы: монография/**  
Құралай Күдеринова. – Алматы, «Қазақ тілі» баспасы,  
2016. – 336 бет.

ISBN 978-601-80411-5-0

Монография XX ғасырдың басынан бермен қарайғы түркі жазуаларының тарихы, әліпбі құрамы мен емле мәселелерінің койылуы мен шешілу жолдары, қазіргі әліпбі таңдаудағы проблемалары туралы сөз етеді. Кітап түркі тілдері тарихы, жазуы, қазақ жазуы мәселелерімен айналысып жүрген тілші қауымға, филологтерге, магистранттар мен докторанттарға және жалпы көпшілікке арналған.

ӘОЖ 811.512

КБЖ 81.2

ISBN 978-601-80411-5-0

© Күдеринова К., 2016

© «Қазақ тілі» баспасы, 2016

---

## АЛҒЫСӨЗ

Бұл зерттеу 2012 – 2013 жж. «Түркі қеңістігі жаһандану жағдайында: саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени үдерістер» ғылыми бағдарламасы аясында профессор Әлімхан Жұнісбектің жетекшілігімен «Ортақ латын әліпбій түркі тілдеріне ендірудің және таратудың теория-практикалық негізdemесі» ғылыми жобасы түрінде басталып еді. Алғашқы нәтижелер ғылыми мақала түрінде жарияланып келді. Зерттеу Сулейман Демирель атындағы университеттің «Қолданбалы лингвистика» зертханасында жалғастырылып, қорытынды ретінде жарыққа шығып отыр.

Түркі тілдері әліпбій мен емле тарихы алғаш рет сөз болып отырған жок. Профессор К.М. Мусаевтың авторлығымен, үйлестіруі және үйымдастыруымен «Алфавиты языков народов СССР (1965), «Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков народов СССР» (1982), «Языки и письменность народов Евразии» (1993), «Орфография тюркских литературных языков СССР» атты еңбектер жарық көрді. Онда тұнғыш рет түркі әліпбілерін бірдейлестірудің мүмкіндіктері туралы маңызды ұсыныстар айтылған еді. Осы зерттеулерді негізге ала отырып, түркі жазуларының әліпбій мен емле тарихын салыстыра сипаттауды, оргақ емле проблемаларын екшеуді, қазіргі жаңа латын әліпбій қабылдаудағы ұстанымдарды талдауды мақсат еттік. Монография конетүркі әліпбійндегі әріп мазмұнынан басталып, 30 жылдардағы алғашқы латыннегізде ұлттық әліпбілердің құрамы, кірме сөздерді игеру механизмдері, түзетулер мен толықтырулар, бір

тілдер тобындағы әліпбілердің алшақтықтарын сөз етеді. Кирилнегізді түркі әліпбілерінің емле принциптері мен қазіргі емле проблемалары, әліпби құрамы мен әріп мазмұны зерттеуге алынады. Қазіргі латыннегізді жазулардың графикасы мен емлесіндегі ерекшеліктер сипатталады. Жаңа латын әліпбімен халықаралық термин сөздерді орфограммалаудың жолдары көрсетіледі.

Монография мәтіні өзге түркі оқырмандарына түсінікті болу үшін сонында түркі тілдерінің фонетико-орфографиялық терминдерінің сөздігі берілді. Сондай-ақ мұқаба сыртында қазіргі түркі тілдерінің ауызша тілі дискіге жазылып, аудио және бейне мәтін түрінде ұсынылды. Және сипатталған әліпби бойынша оқи алу үшін кейбір аудионұсқалардың жазба мәтіндері берілді. Бұл қадам түркі тілдерінің дыбыстық құрамын, фонемалар жүйесін, үндесім түрін, екпін пен интонациясын талдайтын филолог-студенттерге қажетті материал есебінде де жасалып отыр.

Зерттеуге бастама берген «Түркі академиясына», осы тақырыпты ұсынып, ғылыми кенес берген профессор Әлімхан Жұнісбекке үлкен алғысымызды білдіреміз.

Монография «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2016» ҚР Мемлекеттік грантының қаржысына шығарылды.

---

## **1. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ӘЛІПБІН МЕН ФОНОЛОГИЯСЫ**

### ***Мәселенің аңысы***

Түркі тілдері, XX ғасырдың басынан латын графикасы болсын, кирил графикасы болсын, жазу жүйесін реттеп, жазба тіл мәдениетін жетілдіріп келе жатқан тілдер қатарынан саналады. Кирил графикасында тұрақтаған көптеген түркі жазулары ендігі таңба ауыстыруды алдымен экономикалық шығын, содан соң психологиялық кедергі деп есептейді. Түркі тілдерінің ішінде бірінші болып әзербайжан, өзбек тілдері латын графикасын қабылдағалы енді бұрынғы түркі-ортақ кирил графикасындағы тілдердің ішінде тағы да жарқышақ түсті. Басқа түркі тілдерінде латын таңбасын қабылдау мүмкіндігі дейміз бе, әлде науқаны дейміз бе, болайын деп түр. Бұғінде, кеңес дәуірі ыдырағаннан кейінгі кезенде, түркі тілдерінің арасындағы қатынас құралы болған орыс тілі екінші кезекке ығыстырылып бара жатқаны мәлім. Ал ағылшын тілі ондай дәрежеде қатынас құралы бола қоймайтыны белгілі. Сонда жазуында да алшақтық бар, өзара ортақ түсінісі алатын тіл жағдайынан әлдеқашан кеткен түркі тілдеріне ортақ коммуникация жасауга мүмкіндік беретін, біздіңше, болашақта жазу таңбасы болуы керек. Олай болмаган жағдайда түркі тілдерінің арасында тіл алшақтығы үлкейе беруі ғажап емес.

Эрине, ортақ әліпбиге барлық тіл бірдей мұдделі болып отырған жоқ. Бірақ ғасыр басынан айтылып келе жатқан түр-

кі жазуларындағы таңбаларды ортақтастыру мәселесін қоюға болады. Түркі тілдеріне ортақ графика мен рационалды ережелерді бірдейlestіру деген әрекеттерден өткен ғасырда не шықты? Қандай нәтиже берді? Ендігі әрекеттердің де осы кепті киоі мүмкін фой деген проблемалы сұрақтардың алдын алу үшін түркі тілдері жазуларының қабылдаған латын, кирил графикасындағы әліпби мен емле ұстанымдарына шолу жасауымыз керек. Және мұның алдында жалпы жазу деген термин-ұғымның маңызы мен қызметіне тоқталып өткенді жөн көреміз. Өйткені мәселені түбірінен бастағанда басқа әзірге көзге көрінбей тұрған қындықтардан айналып өтуге жол табамыз. Ендеше...

Жазу – адамзаттың ұлы мәдени құндылықтарының қатарына жататын, өркениет дамуының құрамдас бөлігі. Адамзат мәдениетінің өркениетке аяқ басуы дыбыстық жазу типінің пайда болуынан басталса, өркениеттің әлемиетке ұласуы жазба коммуникацияның, жазба тілдің жоғары даму сатысына жеткенинен хабар береді. Жазу кеңістігі ұлғайғаны соншалық оны жазу және өркениет, жазу – ұлт, жазу мен ойлау сияқты іргелі ұғымдар оппозициясында қарауға болады. Өйткені дыбыстық жазу адамның эмоциялық, экспрессивтік сезімдерін таңбалаудан гөрі, ақпарат тарату, сақтау қажеттілігі тұғанда мемлекеттің пайда болуымен қатар шықты. Сондықтан бүгінгі таңда ұлттың мәдени-әлеуметтік, экономикалық дамуы жазудың тұрақтылығына, жетілуіне қатысты болады.

Жазба мәдениеті дамыған ареалдардың жазу тарихында үш кезең болды: 1) әркім өз қалауынша жазған шығарма-шылық кезең; 2) жазба коммуникацияның ұлғауымен байланысты жазу узусы болған кезең; 3) жазу нормасы, орфографиясы пайда болған кезең. Сонда XX ғ. жазу нормаларын қалыптастыру, негіздеу дәүірі болса, XXI ғ. жазудың таңбалық, код болу сипаты күшеттік, әлеуметтік коммуникацияны өзгертіп, қайта құратын, ауызша тілді нормалайтын кезеңі болады.

Жазудың доминанттық сипаты сөз институттары – мектеп, университет, баспа, бұқаралық ақпарат құралдары – мә-

дени құндылықтарының маңыздануынан және осыдан келіп бүкіл оқыту (мектеп, университет), басқару (кенсе), ойды эксплицитті түрде сыртқа шығару (баспа өкілдері), хабарлау (БАҚ) жүйесінің жазуға негізделуінен шығады. Аудиалды (радио, аудиотаспа), видео-аудиалды (теледидар, бейнетаспа), БАҚтың өзінде ақпараттық хабарлар, көркем әдеби бағдарламалар алдымен жазба тілде жүйеленіп, ауызша тілге көшіріледі немесе сол күйінде ауызша дыбысталады.

Бір қарағанда ұялы телефон, бейнетелефон, әліпбидегі әріптерді пайдаланып, ауызша сөйлеу формасымен интернет арқылы, яғни таңбаланған ауызша сөз арқылы сол мезетте хабар алысу, телефон сияқты әлеуметтік құралдармен жаппай коммуникацияланып, мәтіндерді (көркем әдеби, публицистикалық) оқығаннан гөрі, көру-есту мүмкіндігі мол фильм, телебағдарламаларды тамашалаудың артықшылығы, уақыт тапшылығы білініп отырған ғасыр жазудың пәрменділігін төмендетуі де мүмкін сияқты. Ғылыми-техникалық өркениеттің дамуы, сөйтіп, өзінің шығу негізі – жазудың – көңістік пен уақыт шегіне қарай коммуникация құралы болу мүмкіндігін қысқартып, қосалқы дәрежелілікке тықсырып отырғандай. Алайда, жоғарыда айтқандай, мемлекеттік құрылыштың дамуы, бұқаралық коммуникацияның қарқындауы және ақпараттар тасқынының күшеюі жазудың қосалқы қызметтерін жоғары деңгейге көтереді. Ол, біріншіден, бұқаралық ақпарат аудиториясының ауқымдылығына байланысты. Бұқаралық ақпарат бүгінде тілдік, мемлекеттік, мәдени шегаралардан аттап өткен, қоғамның саяси, идеологиялық, өндірістік, мәдени құралы болуда. Сондықтан ақпаратты жүйелейтін, жағдаятты эксплицитті түрде баяндауға мүмкіндік беретін, жазылған мәтінге қайта оралып, жөндеуге болатын жазу ақпараттар мәтінін құрудың тәсіліне айналды. Оны бүгінгі теледидар, радио, шаршытоп алдындағы сөз стильдерінен байқауға болады.

Екіншіден, саяси қоғамды басқару жүйесінің күрделілігіне байланысты кез келген елде жазудың *факт, аргумент, дәлел* болу қызметі бар. Бүгінде ресми құжаттар (мемлекеттік,

заци, құқықтық, нотариалдық) мен ресми ісқағаздар «тірі адамның өзі» ретінде жүретін болды. Біз сөйлеп тұрған кісімен емес, қолындағы қағазымен сөйлесетін кезге келдік. Бұл, бір жағынан, бүгінгі қоғамның «қағазбастылық», «формалдылық» сияқты жағымсыз сипатына да айналып барады. Оған қазіргі жоғары оку орындарындағы «ешкім оқымайтын» құжаттар мен хаттардың көбейгенін мысалға алса болады. Кенестік дәуір кезеңінде бір кезде жүргізген «қағазben күресу» науқанын осы мезеттерде де жүргізетін уақыт жетті.

Үшіншіден, жазу – адамның жазба есі, жады болу қызметін атқарады. Бұл оқу-ағарту (мектеп) саласында ауызша үйретумен қатар жаздырып, түсіндіруден көрінсе, кейін жоғары оку орнында тек жаздыру арқылы (дәріс) түсіндіру немесе ауызша түсіндірлгенде студент, магистранттың өзі қағазға «түртіп» отыруынан байқалады. Жазудың жадылық қызметі қоғамның бұдан басқа да салаларында кеңінен қолданылады.

Жалпы жазу ұғым-термині қазіргі тіл білімінде мынадай мағыналарда жұмсалады:

- ойды, айтылған сөзді қағазға түсіру, таңбалau процесі;
- осы процесс арқылы жазба мәтін құрау (хат жазу, арыз жазу, ойды жазба тіл арқылы сыртқа шығару);
- белгілі бір тілдің жазба тіліне қызмет ететін графикалық жүйе (мысалы, араб жазуы);
- әліпби; орфография;
- жазба тіл жүйесі (тілді реализациялайтын жүйе); мысалы, қазақ жазуы, өзбек жазуы, түрік жазуы деген сияқты терминдер әр ұлттың өзінің шығарған графикалық жазуы бар деген мағынада емес, белгілі бір (латын, араб, кирил) графиканы пайдаланып, құрған жазба тіл жүйесі, яғни әліпби, графикасы (таңбасы), емлесі жазба тілдің құрылымдық ерекшеліктері деген сөз;
- қолжазба (қолтаңба мағынасында);
- шығармашылықты жүзеге асыру қимыл әрекеті (әнгіме жазу, өлең жазу, диссертациялық еңбек жазу);
- музикалық туындыны нотаға таңбалau (балет, опера жазу).

Сондықтан монография барысында қолданылатын жазу термині әліпби, графика, орфография, жазба тіл ұғымдарын түгел қамтитын кең мағынада жұмсалады.

Қазіргі түркі тіл білімінде жазуды ауызша тілдің қағазға түскен көшірмесі, вербалды коммуникацияның қосалқы құралы деп тану басым, яғни акад. Л.С.Выготский айтқандай, мектеп окушыларын жазбаша сөйлеуге емес, сөзді жазуға үйретеді, сондықтан белгілі бір дәрежеде жазбаша сөйлеуге үйрету таза, көркем жазу деңгейінен (жаджазу) әлі көтеріле қойған жок<sup>1</sup>. Осылан орай тілдердің фонетикалық, морфемдік, лексикалық, синтаксистік жүйесі ретінде жазба тіл арқылы нормаланған, әдеби тіл нормасы танылады. Ал ауызша сөйлеу тілі тіл білімі зерттеу нысанынан тыс қалады. Бірақ жазу – ауызша тілдің қағазға әріптер тіркесі арқылы түскен көшірмесі – ауызекі тілдің өзі емес, өзіндік деңгейлері бар, жүйелі құрылым екені ескерілмейді. Егер ауызекі тіл жүйесіз болса, оны сол қалпы таңбалаган жазу да жүйесіз болу керек, ал жүйесіз жазба материалдан тілдің жүйесін табу мүмкін еместігі аян, сондықтан мәтінді жазба тілге алмастырып, кодтаپ, жазба жүйе жасай аламыз. Ендеше тіл бірліктері, деңгейлері ретінде зерттеліп келген категориялар бүкіл түркі тілдері үшін жазба тіл дүниесі болып шығады. Сонда бүгінгі түркітанудан мынадай қайшылықты көреміз. Жазу – коммуникацияда ауызша тілге көмекші құрал, ↔ ауызекі тіл – жүйесіз ↔ жазба тіл – жүйелі ↔ тіл – жүйе.

Сөйтіп, түркі тілдері жазба тіл арқылы жүйеленді, кез келген түркі тілдерінің тіл құрылымы жазу арқылы реалды бейнеге көшті. Сондықтан бүгінгі халықтардың мәдени кеңістігінде қалыптасып қалған кедергілер алдымен әліпбиге байланысты, екінші емле ережелері мен емле проблемаларын негіздеуде ортақ уәждердің жоқтығына байланысты деген ойдамыз.


<sup>1</sup> Выготский Л. С. Мәдени-тариҳи тұжырымдама // Психология. Адам-зат ақыл-обының қазынасы. Алматы: Таймас, 2005. – 464 б.

## **1.1 Жазудың әлеми коммуникациядағы қызметі мен маңызы**

Жазу саяси-экономикалық қажеттіліктен туындағы. Адамдар арасындағы құрделі қоғамдық қатынастың дамып жетілуін ауызша сөйлеу тілі қанағаттандыра алмады. Сондықтан жазудың шығуы ең алдымен қарым-қатынастың маңызды бір құралына деген қоғамдық мұқтаждыққа қарыздар.

Ауызша сөйлеудің екі кемшілігі бар: кеңістік, және сондықтан уақыт жағынан шектеулілік. Адамдардың қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік қатынасында жоғарыдағы олқылықтарды толтыру үшін пайдаланылады. Сонда жазудың миссиясы төртке бөлінеді:

Тіл – тілдік санадағы ғасырлар бойы қалыптасқан құрылым мен жүйесі бар таңбалар арқылы ойды жарыққа шығарып, жазу ауызша айттыған ойды оптикалық құралдар арқылы визуалды дүниеге айналдырады. Сонда жазу тек қосалқы қызмет атқаратын құрал болып шығады. Алдымен аса маңызды қатынас құралы болған – тіл ауызша түрде өмір сүрді. Талай жуз жылдықтар бойы басқа қатынастың түрін іздемеді. Сөйтіп, ойды жарыққа шығарудың және айналасына қатынас жасаудың жалғыз түрі ауызша сөйлеу ғана болды. Жазу енді тілдің осы екі қызметтің көшірме түрі ретінде, қосалқы қызмет атқаруға келгендей. Оны сызба ретінде белгілі нобайлауға болады:



Сондықтан да: «Письмо — это вспомогательное к звуковому языку средство, общения»<sup>1</sup>. «Язык же написанный является до некоторой степени мертвым языком»<sup>2</sup>. «Произносительно-слуховое может возникать и мыслиться совер-

<sup>1</sup> Истрин В.А. Развитие письма. М.: АН СССР, 1961. -394 с. 96.

<sup>2</sup> Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. М., 1957. -189 с. 15 б.

шенно независимо от писанно-зрительного: писанно-зрительное же имеет смысл осмысливается только в связи с произносительно-слуховым»<sup>1</sup> деген анықтамалар әсіресе жазу тарихына барған ірі ғалымдардың еңбектерінде көп кездеседі.

В.А. Истриннің бұл ортадан ілгерілеуі – ол егер тілді ойдың материалды бөлшегі, адамдар арасындағы қатынастың негізгі құралы десек, онда жазу тілдің көмекші құралы ғана болады, яғни графикалық таңбалар мен кескіндеулер арқылы тілдің қандай да бір элементтерін хабарлау болып шығады, ал егер тіл сол халықтың өндөуден өткізген сөздік қоры, жүйесі және олардың тіркесу ережелері, грамматикалық құрылышы десек, онда сол халықтың тілін бейнелейтін графикалық таңбалардан тарихи жүйесі, тілмен белгілі дәрежеде тең келетін жүйе<sup>2</sup> дегені болды.

Ушінші мыңжылдықтағы жаңа технологиялар тасқыны, ғылыми-техникалық прогресс, әқпарат таратудағы жаңа көздер, қашықтық пен уақыт барьерін жеңетін жаңа техника түрлерін ойлап табудың жоғары деңгейіне келдік. Сондықтан ауызша коммуникацияның жетілген технологиялы бүгінгі кезеңінде жазудың адамзат өркениеті үшін атқарар қызметін палықтаудың қажеттілігі бар. А.Байтұрсынұлы «*Біздің заман – жазу заманы: жазумен сойлесу ауызben сойлесуден артық дәрежеге жеткен заман*» деп өткен ғасырдың бастауында, қазақ сауаттылығы әлдеқайда төмен кезеңде айтқан екен.

Жазусыз өркениет болмасы анық. Тас дәүірінен атом дәүіріне дейінгі адамзат мәдениетінің жетістіктерінің бәрі жазудың арқасында<sup>3</sup>.

Біздіңше, өркениеттің дамуын сипаттауда жазудың маңызынан бастап айту оның әлдеқайда жүйелі, күрделі, дербес құрылым болып қалыптасқанын, жазудың адамзат өркениетіндегі болашақта атқарар қызметін танытпақ. Мысалы, шумер елінде дыбыстық жазудың пайда болуы ең алдымен

<sup>1</sup> Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. I, ПМ., 1963. -388 с.219 б.

<sup>2</sup> Истрин В.АРазвитие письма. М.: АН СССР, 1961. -394 с.18 б.

<sup>3</sup> Дирингер Д. Алфавит. М.: Изд. инс. лит., 1963. -655 с.

мемлекеттік құрылыштың дамуы мен жетілуіне, сауданың өркендеуіне байланысты болғаны белгілі. Жазудың сол антикалық дәуірдегі қызметі бүгінгі әлемиет дәуірінде қайта күшейіп, жазу мемлекеттілікке, заңнама, құжатнамаға қызмет етеді. Бүгінде ресми ісқағаздар адамдардың өзі барып араласуынсыз-ақ, өзара түсінісетін, құжаттар өзара «сөйлесетін» жүйе құрайды. Ресми ісқағаздар – занылықтың, дәлелдіктің, аргумент, фактінің құжаты болды. Яғни мемлекеттің күшеюімен байланысты, жазудың дерек болу (визуалды) сипаты артып отыр.

Ендеше, жазудың бүгінгі күн тұрғысынан басты маңызы мен қызметі белгілі кеңістік шегіндегі әлем үнқосуларын бекітетін, растайтын деңгейге жетіп отыр.

Сонымен, жазудың бүгінгі күн тұрғысынан қызметін сарапап көрейік. Алдымен, жазу – **тілді жанғыртудың, бекітудің құралы**<sup>1</sup>. Жүйесі мен құрылымы бар тілдік таңба жазуга түсіп, денотаттық тұрпатқа ие болғаннан кейін мәнгілік құндылыққа айналды. Өйткені жазу ауызша сөзді таңбалап қана қоймайды, адамның тіл туралы түсінігін кеңейтеді, терендетеді. Тілдің инвариантты, абстракті, күрделі құрылымдық деңгейге жетуіне әсер етеді: «Письмо идентифицирует и дифференцирует то, что идентифицировано и дифференцировано в самом языке»<sup>2</sup>. Соған сәйкес тілдегі синтаксистік құрылымдар, күрделі фразалық тұластықтар жазудың негізінде пайда болады.

Түркі тілдерінде жазба тіл тілдің (әдеби тілдің) стильтік тармақтарының сарапануына, стиль нормаларының қалыптасуына әсер етті. Сейтіп, жазу түркі тілдерінде ауызша тілде елene бермейтін тілдің барлық қалтарыстарын нақтылаудың негізінде тілдің сұрыпталып, нормаланған, елкен құрылымын ғана таңбалап, жазу нормасына сай сөйлемдер мен мәтіндерді тілдік жүйеге жатқызды.

<sup>1</sup> Истрин В.А. Развитие письма, 9 б.

<sup>2</sup> Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию, 11 б.

Ауызша сөйлеудегі еркіндікті тілдік қалыпқа салу, яғни жазуға түсіру кез келген сауатты адамның қолынан келмейді. Адам күнделікті қарым-қатынас тілімен біреуге хат жазу мүмкіндігіне ие болғанмен, өзінің ойын жүйелі, толыққанды, мазмұнды етіп жазбаша жеткізуде қыындыққа тап болады. «В своем значении письмо уступает только возникновению речи – важнейшему средству общения в пределах человеческого общества. Умение писать – более специфическая черта человека, чем умение говорить, но оно предполагает существование языка, по отношению к которому письмо является. в некотором смысле усовершенствованием»<sup>1</sup>.

Сонымен, жазудың екінші қызметі тілдің жүйелі құрылымға айналуына әсер етуі болып табылады. Тілдің барлық потенциалды мүмкіндіктерін ашып, пайдалануға әсерін тигізеді. Сондықтан да бүгінде түркі тілдерінде жазылған дүниені сол тілдің жүйесі мен құрылымы ретінде тануға, қабылдауға, тілдің «өзі» деп түсіндіруге, түсінуге күмән қалмаған.

Үшіншіден, жазу – **адам ойының материалданып, жарыққа шығуының**, дәлірек айтқанда творчестволық әрекетінің **құралы**. «Көңілдегі көрікті ойдың сыртқа шыққанда өңі қашатын» болса, жазудың арқасында қағазға түскен шашыранқы ойды жүйелеуге болады. Жазудағы стандарттық құрылымдар, сөйлем мүшелерінің нормативті орын тәртібі ақыр соңында сыртқа шыққан адам ойын өзгеше сипат алдырады. Оның үстіне жазылған мәтінді қайталап оқып, толықтыруға, қысқартуға, нақтылауға, қайта құруға мүмкіндік бар. Жазба мәтінді араға уақыт салып қайта қарап, жетілдіруге болады. Ой үстіне ой жалғауға болады. Сөйтіп, жазу түптің түбінде адамның өз сөзінің бөгделенуі болып шығады. Жазудың арқасында сөз екінші өмірге, дербес өмірге ие болады. «Слово сделовшись видимым, отделяется от человека, приобретает самостоятельное вещественное бытие, может быть сохраняemo, и пока сохраняется в внешнем образе, может без постороннего посредничества быть разбираемо други-

<sup>1</sup> Дирингер Д... 34 б.

ми по воле их»<sup>1</sup>. Демек, жазу қарым-қатынас құралы емес, тілдік жағдаят болмаса да адам өз ойын монологті түрде жарықта шығаратын сананың материалдану құралы болады. Оку процесі тындауға қарағанда аз уақыт алады, қарман оку, тандап оку, қайталап оку мүмкіндіктерін береді<sup>2</sup>. Бүгінде сөздің графикалық бейнелері фонетикалық бейне сияқты адам санасында дайын тұратын болды.

Түркі тілдерінің латын (турік, әзіrbайжан, өзбек жазба тілі), араб (қытайдағы қазақ, үйғыр, ирандағы әзербайжан диаспоралары), кирил (қазақ, татар, қыргыз, түрікмен, башқұрт, құмық, қарашай, ногай жазба тілі) графикаларын қолдануы сондықтан аталған ұлттардың арасындағы коммуникацияны айтарлықтай әлсіретіп отыр. Біз түрік азаматтарын олардың латын графикасын қолданғандықтан бөтенсінетініміз, Қытайдағы қандастарымызды жатырқайтынымыз белгілі дәрежеде олардың басқа графиканы пайдалануынан екенін байқамаймыз да. Өйткені қазіргі жазба тіл жетілген заманда жазу түрпаты коммуникацияны бірінші болып айқындаиды. Осы айтылғандарды түйіндей келе жоғарыдағы сыйбаны былай жетілдіруге болады:



Төртіншіден, жазу адам санасындағы **ойдың жетілуіне**, жасалуына, жүйеленуіне, реттелуіне, нақтылануына қызмет етеді. Бұл бір қарағанда жазудың алдыңғы қызметімен бірдей болып көрінуі мүмкін. Алайда сонғысы ойдың өзіндегі жетілу туралы. Алдыңғысы сыртқа шыққан ой мен мәтінді оқыған оқырманның арасындағы түсіністіктің орнауы туралы болса, мұнда адам ойын қағазға түсіре отырып, жетіл-

<sup>1</sup> Селезнева Л.Б. Современное русское письмо. Томск, 1981.- 211 с. 15 б.

<sup>2</sup> Истрин В.А... 24 б.

діреді, жазу арқылы ойланады, сөйтіп, жазу енді ойдың өзіне түрткі болады. Әрине, ауызша сөйлеу де адам ойының нактылануына, жүйеленуіне әсер етеді. Алайда жазу тілдік санағы барлық қалтарыстарды қағаз бетіне түсіруге уақыт жағынан да мүмкіндік береді. Сондықтан жазудың ойжасамдық қызметі ауызша сөздің ойжасамдық қызметіне қарағанда қорытынды, түйінді, аяққыболады.

Ал жазудың коммуникативтік негізгі қызметін бүгінгі таңда ауызша коммуникацияның техникалық құралдары (телефон түрлері, интернет жүйесі) екінші қатарға ығыстырып отыр. Интернет жүйесін де ауызша коммуникация түріне жатқызып отырғанымыз, мұнда жазу графикасы мен таңбалары пайдаланғанымен, жазба тіл жүйесі сақталмайды. Ақпарат ауызша тіл жүйесінде құрылып, тіпті өздік коммуникация (аудиалды-визуалды) жүйесін жасауға айналды. Сонда жазудың коммуникация қызметі бүгінде екі формада көрініп отыр: 1) хабарласудың ресми, іскерлік сипатында (ресми іс-қағаз); 2) интернет жүйесі арқылы хат жазысу аясында.

Алтыншыдан, жазу – адам жадының бір түрі. Біз есте сақтауға тиіс акпаратты жазып жадылайтын болдық. Информация мазмұны жазба мәтінге көз жүгірткеннен кейін еске түсіруге, «түртіліп» алынған ойды ауызша таратып айтуға, көрініше ауызша айтылған ойды қысқартып, «түртіп» отыруға болады. Қазіргі оку орындарындағы оку-оқыту процесі осы әдіске құрылған.

Жетіншіден, жазудың тіл тарихын сақтаушы, уәжін көрсетуші қызметі бар. Бұны жазудың тілтанымдық қызметі деп атайды. Түркі тілдері жазба тілін қолға алғанда фонетикалық принципті арқау етті. Сөйтіп, орта ғасырлық шағатай дәстүрінен арылды, халық тіліне жақындей түсті. Кейін дәстүрлі және морфологиялық принципті де негіз ете бастады. Әйткені сөз тұлғасы көп өзгеріп, кедергілер пайда болды. Кенес дәүірі тұсында түркі халықтарының емлесіндегі басты қағидат – фонетика-морфологиялық // морфологиялық // фонематикалық болды да, сөз ауызша тілдегі өзгерістерді таңбаламай, барлық позицияда түбір тұлғасын сақтап жаза-

тын дәстүр қалыптастырыды. Бұл әсіресе екі сынар шегінде ұяңдайтын не түсіріліп айтылатын біріккен сөздер құрамы үшін пайдалы болды. Біз бүгінде түбірлер құрамынан және біріккен сөздер сынарынан жазба тіл арқылы тіл тарихы туралы тілдік білім алғып отырмыз. Сонда тіл бірліктерінің шығу тегін, уәжін, әсіресе түбір тұрпатын өзіне бейнелеп, жазба тіл тіл тарихы үшін аса құнды тарихи дерек жинап отырады. «Бір тілдің көне дәуірде қандай күйде болғанын, қалай өндөлгенін білуіміз үшін жазу көзіне барамыз. Ауызекі тіл жазу тіліне өтсе, одан кітаптар жазылса өткен тілдер жайлы ақпарат ала аламыз» дейді түрік оқымыстысы<sup>1</sup>. Ауызша тілде басқаша дыбыстағанмен немесе сөйлегенмен, ол бірліктердің инвариант тұлғасын жазу ғана сақтай алады. Ауызша сөз үнемі өзгерісте болады, үнемделіп отырады. Академик Л.В.Щерба ең бірінші өзгеретін сөйлеу тілі және зерттелмей жатқан сала да – сөйлеу тілі деген. «Несомненно, что при говорении мы часто употребляем формы которых никогда не слышали от данных слов, производим слова, не предусмотренные никакими словарями, и что главное и в чем я думаю, никто не сомневается, сочетаем слова хотя и по определенным законам их сочетания, но зачастую самым неожиданным образом и во всяком случае не только употребляем смешанные сочетания, но постоянно делаем новые»<sup>2</sup>.

Енді жазудың келесі қызметін осы айтылғаннан шығара отырып, тілді нормалаушылық деп атайды. Ауызша тіл бір нәрсеге табан тіреуді керек етеді. Сонда ол «тіреу» көп өзгеруді «ұната» қоймайтын консервативті жүйе – жазу болып табылады. «А потому не менее ясно и то, что будущее русское образцовое произношение пойдет по пути сближения с письмом»<sup>3</sup>. Тіл өзінің даму барысында реалдануға, үнемделуге; адресат пен адресанттың ішкі сөйлеуінде құрылымы бар конструкцияларды ауызша сөзге айналдырып

<sup>1</sup> Yaşar Akdoğan Türk dili ve yazılı-sözlü anlatım bilgisi İstanbul, S 49-62.

<sup>2</sup> Щерба Л.В... 13 б.

<sup>3</sup> Сонда... 111 б.

май-ак, яғни вербалдамай-ак, түсінісуге, тіл бірліктерінен гөрі просодикалық бірліктерді көп қолдануға, арго, жаргондарды жиі пайдалануға, тілді мамандандыруға барынша ұмтылады екен. Соңда жалпыхалықтық тілдің нормасын сақтап, үзуалды, оккозианалды қолданыстарды, тілдің дыбыстық, морфемдік, лексикалық, синтаксистік бірліктерін нормалап отыратын жүйе тағы да жазба тіл болып шығады. Адам жады жазылған сөзді норма деп, белгіленбекен, көрсетілмеген сөзді норма емес деп тануды дәстүрге айналдырады. Әсіресе ол жазба тілі жүйеленгеніне әлі ғасыр болмаған түркі тілдерінде. Сонымен, жазудың бұл қызметі ауызша сөйлеуді нормалап отырады дегенге саяды.

Кез келген қашықтықта тұрып айтылған ой, жаңалық, нәтиже кітап болып жарияланса, бүкіл адамзаттың құндылығына айналады. Адамзаттың тарих қойнауындағы санасы ұрпақтан-ұрпаққа жазу арқылы жетеді, жазу арқылы сол дәүірдің бейнесін көреміз, адамдарымен тілдесіп отыргандай боламыз. Бұл – жазудың **кумулятивтік қызметі**. Жазуы бар тілдердің тіл тарихын айқындауына мүмкіндігі бар. Жазба тіл ескерткіштері бар тілдің мәртебесі жоғары. Ал жазба тілі жүйеленген тілдердің болашағы зор.

Жазудың жалпы адамзатқа көрсеткен осы қызметімен қатар туыс тілдер үшін тағы мынадай қызметі бар. Бұгінде тілді құрал ретінде пайдалануда өз ойын жарыққа шығаруғана емес, біреудің ойын білу, жалпы тілдік санадан ақпарат алу басымдылыққа ие сияқты. Мысалы, түркі халықтары үшін орыс тілін білу – Абай айтқандай, Еуропаға ашылған терезе болды. Орыс тілі мен графикасын білу тіл арқылы ойлауымызға да, стильдердің сарапануына да, сөйлем синтаксисінің дамуына орасан зор әсер еткенін мойындауымыз керек. Тіл, әрине, ауызша және жазбаша түрде реалданады. Бұгінде ақпарат кеңістігінің күшеюі тілдің ауызша түріне карағанда жазба түрі рөлінің артуымен тікелей байланысты болып отыр. Тілдің ауызша түрі арқылы ақпарат алу мүмкіндігі аз. Өйткені ауызша тіл белгілі бір уақыт пен кеңістік аралығына ғана тәуелді, соңдықтан шектеулі. Оның өзінде

сол тілдің коммуникативтік-функционалдық жағын жақсы білсеңіз ғана. Тілді білмесеңіз, ауызша тіл арқылы ақпарат алу өте қиын немесе үстірт. Ал жазба тіл арқылы ақпарат алу және беру мүмкіндігі біршама кен. Ол уақыт пен кеңістікке тәуелді емес, кез келген уақыт пен кеңістікте отырып, ақпарат алуға қазіргі ғаламтор желісі тіpten мүмкіндік береді. Яғни туыс емес тілдерді білуің керек, болмаса қазір ғаламтор сөздігінің қызметіне жүгінесің. Тек өз тіліңің өзге тілмен толық жүйеге түскен сөздігі болуы керек. Сонда барлық әлемдік тілдегі ақпараттардың аудармасын жуықтатып алып, түсіне бересін. Ал туыстас түркі тілдерінде бұл жағынан жағдай қалай? Әрине, мүшкіл. Google аудармашысында түркі тілерінен тек түрік тілі ғана бар еді, осы күні қазақ, қырғыз, өзбек, әзербайжан тілдері қосылды.

Қазіргі заман – ақпарат заманы. Біз ақпаратпен қарулану үшін кез келген тәсілді пайдалануымыз керек. Әсіресе туыс тілдердің графикасы ортақ болу – өзара ақпарат алmasуды едәуір жеңілдетеді. Ал жетілдірілген әліпбі мен емлесі бар тілдер бір тілдің диалектісіндей қарым-қатынас жасай алар еді. Сондықтан жазудың қазіргі қызметі, әсіресе түркі тілдері үшін **ақпараттық қызмет** дегенге саяды. Ол бүгінгі таңда әсіресе барлық тіл иелерінің графикалық санасты тұрақтанғандықтан күшейеді.

Сонымен, бүгінгі күн тұрғысынан жазудың мынадай қызметтері бар деп білеміз:

- 1) аргументтік қызмет (әлеуметтік қызмет);
- 2) тілжүйелеушілік қызмет;
- 3) ойжасамдық қызмет;
- 4) ойды жарыққа шығару қызметі;
- 5) жады қызметі;
- 6) тілтанымдық қызмет;
- 7) ақпараттық қызмет;
- 8) тілді нормалаушылық қызмет;
- 9) кумулятивтік қызмет (мәдениетті сақтайтын, жеткізетін қызмет);
- 10) коммуникативтік қызмет.

## 1.2 Көне түркі әліпбійнің құрамы және графикасының ерекшелігі

Талас, Енисей, Орхон жазуларының табылуы, оқылуы, этногенезі, түркі халықтарының тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне қатысы, графикасы мен грамматикасы, лексикасы, қазіргі түркі тілдерімен сабактастығы туралы еңбектер аз емес. Көне замандағы ауызша сөйлеу жүйесі беймәлім жазу таңбаларын қазіргі тіл дамуының тұтынушысы бола отырып, аршу, дүдәмал дыбыстық тілге кодтау, код таңбаларының мәнін көрсету, кодтың (әліпбидің) кілтін тұзу қашалықты қын екенін ескерсек, көне түркі жазуына «барған» ғалымдардың енбегі өлшеусіз екенін көреміз. Сондықтан көне түркі жазуы туралы қазақ тіл білімінде бірыңғай пікір қалыптастырыған F.Айдаров, А.Аманжолов, Ә.Қайдар, F.Мұсабаев, Ә.Құрышжанов сынды ғалымдардың зерттеулерін жоғары бағалай келе, зерттеушілердің көне түркі жазуының әліпбійн құрастырып, ондағы әріп таңбаларының мәнін, берілу тәсілдерін, дыбыстық зандалықтары туралы жазған еңбектерін пайдалана отырып, көне түркі жазуындағы дауыстырылған дауыстардың таңбалану жүйесі мен ішінара дауыссыз дыбыстардың емлесі туралы сез қозғагымыз келеді.

Көне түркі жазу ескерткіштердің табылу аймағы үлкен: Хакасия, Алтай, Тува, Саян-Алтай, Енисей, Талас, Дмитриевск, Алта-Бай сайы, Орхон, Қарақорым, Тараз, Павлодар, Есік, Шемонаиха, Ертіс, Қырғызстан Қошқар өнірі. Бұл әр аймақтың графикасы өзіндік дыбыстық ерекшелігімен көрінеді дегенді білдіреді. Дегенмен көне түркі жазуына қатысты жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, көне түркі жазуына ортақ графика-орфографиялық ерекшеліктерді тануға мүмкіндік бар деп ойлаймыз.

Жалпы Орхон-Енисей жазбаларында қолданылған 35 графеманың 4-і ғана дауысты фонеманы, ал 31-і дауыссыз фонеманы және үнді қатан тіркесін бергені бүгінде айқындалған жайт<sup>1</sup>. Сонда көне түркі жазуы дауысты фоне-

<sup>1</sup> Аманжолов А. Көне түркі жазуы // Қазак тілі энциклопедиясы. Алматы, 1998.-509 б. 180 б

маның 4 инварианттымен тілдегі 9 вариантын (**а-е-ә, ы-і, о-ү, ө-ұ**), дауыссыздардың 20-дан аса жуан-жінішке вариантымен 10 инвариант фонеманы (**б, д, ғ, й, қ, л, и, р, с, т**) берген түркі тілдеріндегі үндесім құбылысын дауыссыздар санын көбейтүмен шешкен графика болып табылады.

Осыған байланысты көне түркі жазуының графикасында **а-е** (**э-ә**) фонемасын белгілейтін таңба неге сөз ішінде және сөз басында берілмеді, керісінше, **<о-ө>** фонемасы неліктен сөз басында және ортасында таңбаланды деген сауал төнірегінде ойланып көрелік.

а графемасы басқа **<ы>**, **<о>**, **<ө>** инварианттарының таңбаларына қарағанда жиі түсіріліп отырған. Мысалы, **ә** (**адағ**), **Ә** (**адғыр**), **й**гучы (**айгучы**), **ы**ғ (**анығ**). Ал сөз соңында жүйелі таңбаланады: **бунча, ыңқа (йазықа), кче (кече)**<sup>1</sup>. Сонда таңбаланған дыбыс ашық езуулік (**а, е, ә**) әрпіне қалай кодталған және рунист ғалымдар қалай топшылаған?

Ол, біріншіден, біздің ойымызша, өзге үш дауысты фонеманың көне түркі ескерткіштерінде белгілену маркерлігімен өлшенеді. Өйткені **< $\frac{a}{e}$ >** дауыстысынан басқа **< $\frac{o}{y}$ >**, **< $\frac{o}{Y}$ >**, **< $\frac{bl}{i}$ >** гиперфонемалары инициал позицияда да, I-буында да жүйелі таңбаланып отырса, (**ыдқ (ыдуқ), өлглі (өлгелі), үчн (үчүн)**), **<γ>**, **<y>** фонемалары барлық позицияда беріледі<sup>2</sup>. Сонда **< $\frac{o}{y}$ >**, **< $\frac{o}{Y}$ >**, **< $\frac{bl}{i}$ >** графемалары таңбаланғанда, бұлардың фонемасы және дыбыс ренктері оқылады, ал бұл әріптер болмаған жағдайда **< $\frac{a}{e(\dot{e})}$ >** фонемасы дауыссыз дыбыс таңбасының жуан-жінішкелігіне қарай не [а], не [е], [ә], [Э] болып оқылады. Проф. А.Аманжолов көне түркі тілінде а графемасымен **<a>**, **<e>** фонемасы ғана белгіленді десе, F.Айдаров, С.Хасановалар **<ә>** фонемасы да таңбаланды дейді.

Проф. Б.Сағындықұлы көне түркі тілдеріндегі алғашқы дауысты фонема ретінде **а-ны атайды**<sup>3</sup>. Сонда жиі дыбыста-

<sup>1</sup> Айдаров F. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, Мектеп, 1986.-180 б. 17 б.

<sup>2</sup> Айдаров Г. Язык памятника Кюль-тегину. Алматы: Ғылым, 1993.- 280 с.

<sup>3</sup> Сағындықұлы Б. Казак тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алмат: Санат. 1994.-168 б. 157 б.

латын фонеманың таңбасын үнемдеу арқылы жазу экономиясы жасалған дейміз. Дауыссыз дыбыстап басталатын сөздің алдынан тұсірілген дауыстыны қателесіп қалпына келтіреміз дейтін қауіптің көне түркі жазуы оқушылар үшін болмайтын себебі түркі тілінің дыбыстық ерекшелігін, лексикасын білуге байланысты. Айталық, брзун (*барзун*) – *барсын, мңа (маңа)* – *маган, мн (мен)* – мен сөздері «тұсірілген» а, е әріптерінен басталмайтынын тілді тұтынуышы да, жазуды дыбыстық тілге кодтаушы да білуі тиіс.

Енді  $\langle \frac{bl}{i} \rangle$  гиперфонемасының инициал және медиал позицияда таңбаланып, сөз ішінде ескерілмеу<sup>1</sup> жайлы. Гиперфонеманың сөз басында көрсетілуін жоғарыда  $\langle \frac{a}{e(\dot{\varepsilon})} \rangle$  фонемасының тұрмaganын білдіру үшін берілді дедік. В.Томсен  $\langle \frac{bl}{i} \rangle$  таңбасы салынса,  $\langle i \rangle$  болып оқылады, болмаса  $\langle \ddot{a} \rangle$ -ден өзге [ё] [i] ортасындағы [ё] болып оқылады: деген<sup>2</sup>. Бұған қоса В.В.Радлов та түркі тілдерінің бір буындарында э (ä) - дауыстысы ғана болғанын айтқан<sup>3</sup>. Сонда бір буынды сөздердің ішіндегі дауыстының өзгеруін таңба салып ескертіп отырған. Жалпы, біраз ғалымдар (Ф.Айдарев, А.Аманжолов, С.Хасанова)  $\langle \frac{u-i}{bl} \rangle$  гиперфонемасының таңбасы болды деп топшыласа, С.Е.Малов<sup>4</sup>, А.М.Щербак<sup>5</sup>, М.Томанов<sup>6</sup>, В.В.Радлов, М.Рясиенен, А.Шеберг, И.Н.Кобешавидзе түркі тілі мен көне түркі жазуында  $\langle \ddot{y} \rangle$ ,  $\langle \ddot{i}-i \rangle$  оппозициясы күмәнді, мұндай жіктелісті дәлелдейтін факті жок екенін<sup>7</sup>, әсіресе тәуелдік жалғауының сөз үндесіміне қарамай,

<sup>1</sup> Аманжолов А. Графика талассских, енисейских и орхонских надписей // Казак тілімен әдебиеті. 1973, З-шығуы. 18 б.

<sup>2</sup> Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л.: Наука, 1970.-204 с. 8 б.

<sup>3</sup> Сонда... 28 б.

<sup>4</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М-Л, 1951.-451 с. 44 б.

<sup>5</sup> Щербак А.М...8 б.

<sup>6</sup> Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. Алматы: Казак университеті, 1992.-192 б...21 б.

<sup>7</sup> Кобешавидзе И.Н. К характеристике графики и фонемного состава языка орхено-енисейских надписей // Советская тюркология. 1972, №2. 40 б.

жіңішке дауыссыз таңбасымен (н') берілгенін<sup>1</sup> айтады: *кәні*, *құз'н*, *құз'н*. Тіл үндестігінің бұзылуын *չ*-ның і-ге өтуімен байланыстырады<sup>2</sup>. < $\frac{u-i}{bI}$ > дүдемалдығының бір себебін түркі тілдерідамуының белгілі бір кезеңінде 1-буыннан басқа буындағы дауыстылардың дербес фонологиялық жүйе құрай алмағанынан, сингармониялық паралелельдердің болуынан (*алтан-алтун-алтын*, *балта-балто-балту-балты*)<sup>3</sup>, себебі көп буынды сөздердің екінші буыннан былай қарай дауыстылардың ерекше жүйесі (подсистема) болатынан, ол жүйеде ашық-қысандығымен айрылатын бар-жогы екі ғана фонема болып, олар аллофондарының көптігі арқылы қолданыс табатынан<sup>4</sup> іздеу керек. Негізінен көне түркі жазуындағы дауыссыздардың жуан-жіңішке таңбаларын шартты деп және осыған сай тіл үндесіміне күмәнмен қарау<<sup>5</sup>> фонемасына қатысты шыққан. Көне түркі жазуының емле ерекшеліктері туралы арнайы мақала жазған Г.Левин Орхон жазуында [s], [j] дыбыстармен [i] іргелестігінде [s<sup>2</sup>], [j<sup>2</sup>] қ жіңішке таңбалары жазылғанын айтады: ... [j<sup>2</sup>ulg'i], ... [s<sup>2</sup>iğit]<sup>6</sup> Енисей, Шығыс Түркістан ескерткіштерінде керісінше [j] мен [i] дыбыс тіркесімі таңбаланған<sup>7</sup>. Сонда әсіресе сез сонына қарай < $\frac{u-i}{bI}$ > - жіңішкеруін қалай түсіндіруге болады? Көне түркі жазуындағы дауыстылардың графемасына (инварианттына) телінген фонемалар өзара (негізінен) ашық-қысандығымен айрылады (**о-у**, **ө-ү**, **а-ә**, **е-э**). Ал қазіргі фонологиядағы **а-е(ә)**, **о-ө**, **ү-ү**, **ы-і** жұптары жуан-жіңішке оппозициясын құрайды. Сонда бірынғай жіңішке, қысан, еріндікке (**ө-ү**) бір графема, жуан еріндік, қысанға (**о-у**) бір

<sup>1</sup> Малов С.Е... 44 б.

<sup>2</sup> Щербак А.М... 72 б.

<sup>3</sup> Щербак А.М... 74 б.

<sup>4</sup> Фридрих И. Дешифровка забытых письменностей и языков, М., 2003.-208 с. Тайны древних письмен. Проблемы дешифровки. М., Прогресс, 1976.-590 с. 109-118 бб.

<sup>5</sup> Кобешавидзе И.Н... 40 б.

<sup>6</sup> Левин Г. Орфографические особенности текстов рунических памятников древнетюркской письменности // Түркология. Түркістан. 2005. №1. 7 б.

<sup>7</sup> Сонда... 7 б.

графема берілген жүйеде немесе керісінше мына жүйеде – жуан-жінішке езулік, ашық (**а-ә, е, ә**) және жуан-жінішке езулік қысаның (**ы-і**) – ауытқу бар.

Проф. А.Аманжолов дауыстылар жүйесінің сақтала бермегені жергілікті фонетиканы білдіре ме, әлде емле тұрақсыздығын бере ме деп, *äl/il,jati//jiti* параллельдерін көрсеткен<sup>1</sup>. Сонда, біздің ойымызша, **ы-и(і)** сына дауыстысының ашық езуліктен (**а-ә, е, ә**) толық ажырай қоймағанын, кейде онымен жұп құрайтынын көреміз. Оған қазіргі түркі тілдері тұрғысынан алсақ, түбірдегі жуан, жінішке, ашық езулікке қосымша жалғағанда қысаның езуліктер сәйкесетіні дәлел. М.Томанов ұйғыр тіліндегі **ә** дыбысы бар сөзге аффикс жалғағанда **ә-е**, көбүйнды сөздердің соңғы буынында **и-ге** айналатынын (*бәл-белким, кәлимин*), **е** дауыстысы көне түркілік **а** дауыстысының көрінісі екенін, **а** фонемасы **ә, е, и-га** сәйкескенін айтады<sup>2</sup>.

Енді көне түркі жазуыдағы еріндік графемалардың (**о-у, ө-ү**) таңбалануын және ерін үндестігінің берілуі туралы. Көне түркі жазуында < $\frac{o}{y}$ > гиперфонемасы бір таңбамен, < $\frac{ö}{ü}$ > бір таңбамен бірелген. Еріндік дауыстылардың графемасы жуан-жінішкелікпен айрылған. Сонда **өд** (*уақыт*), **үч** (*үши*), **кун** сөздерін [ү], [ө] дыбысы арқылы да оқуға болады. Көне түркі жазуына қатысты зерттеулерде және көне түркі жазуының оқылуына қатысты еңбектерде бұл графема қандай белгіге сүйеніп <**ө**> не <**ү**> болып оқылатыны айтылмайды. Дегенмен, мынадай ерекшелікті байқауға болады. Ескерткіштерде **ө-ү, օ-у** графемасы <**о**>, <**ө**> фонемасының орнына жұмсалған да сөз басында және I буында ғана жазылған<sup>3</sup>, ал <**ү**>, <**ү**> фонемаларын бергенде сөздің барлық позициясында кездескен. Мысалы, **чөлг** (*шөлдік, күнтүз* (*кундіз*), *ilgeru* (*илгерү*), *йагру*<sup>4</sup>).

<sup>1</sup> Аманжолов А. Графика талассских, енисейских и орхонских надписей // Қазақ тілімен әдебиеті. 1973, З-шығуы. 18 б.

<sup>2</sup> Томанов М.Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. Алматы: Қазақ университеті, 1992.-192 б...51 б.

<sup>3</sup> Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, Мектеп, 1986.-180 б.20-80 бб.

<sup>4</sup> Айдаров Г. Язық памятника Кюль-тегину. Алматы: Ғылым, 1993.-280 с.

Сонда I буындағы <ө>, <о> фонемаларының кейінгі буынды еріндікке айналдыра алмауының, ал <ү>, <ұ> фонемаларынан кейінгі буында да <ұ>, <ү> сәйкесетінін қалай түсіндіруге болады? Жалпы, көне түркі жазуын зерттеушілердің барлығы жазбаларда тіл үндестігі жаппай сақталынын, тіпті жуан езулік пен жуан еріндік қатар келе беретінін (*алтун, азұқы*), ал ерін үндестігінің ауыткуы көп екенін макулдайды (*көңүл-көңл, отұз-отз* т.б.). Еріндік күші де қазіргі еріндік фонемаларының сапасына тең. Мысалы, F.Айдаров көне түркі жазуында <о> кейінгі буында <a><y>-ға сәйкессе, <ө> - <ү> - ге, <e>-ге сәйкесетінін көрсеткен<sup>1</sup>, яғни еріндік сапасының күштілігі ө→ү→о→ұ қатынасында. В.Томсен: «это буквенная письменность, в которой те или иные из наки для одного звука чередуются в зависимости от того, какой знак за ним следует или стоит впереди»<sup>2</sup> деген. И.Н.Кобешавидзе: «Рунический алфавит замечателен тем, что он в большой мере отражает систему дифференциальных признаков фонем, нежели самых фонетических единиц» дей отырып, морфонологиялық негізге құрылған деп анықтайды<sup>3</sup>. Сонда <о>-дан басқа еріндіктердің өзінен кейінгі дауыстыларды да өзіне ұқсатып алатынын жүйелі түрде таңбаламағанына қарап, көне түркі жазуы диалектілік ерекшеліктерді де, фонетикалық алмасуды да таңбалап отырған фонетикалық жазу болды ма деген ойға қаламыз.

90-жылдардың ортасында В.Г.Гузев В.Томсенниң екіойлы болғанына қарап, көне түркі жазуы буын жазуы деген шешімге келген. Себебі графика түркілердің төл жаңалығы болса, олар дауыстылар үндестігін беру керек еді, ал басқа елдің графикасынан алынды десек, <й>-дің жуан-жіңішке варианты (комбинаторлық түрі) таңбаланып түр дей отырып, дауыссыз таңбасы дауысты-дауыссыз тіркесін береді. Оған себеп к фонемасының [ак], [әк/ек], [ок/ук], [өк/үк], [ук] деген буындарды таңбалайтыны дейді. Және қосар әріптердің

<sup>1</sup> Сонда... 50 б.

<sup>2</sup> Гузев В.Г. К вопросу о слоговом характере тюркского рунического письма // Вопросы языкоznания. 1994. №5. 140 б.

<sup>3</sup> Кобешавидзе И.Н... 41 б.

*ант, алт, арт* сөздерін беретінің айтты<sup>1</sup>. Фалымдар көне түркі жазуы әріп, не буын арқылы окуға келмейтінін, сөзді тұтас «көре отырып», мазмұны арқылы түркі үндесіміне салып оқу керектігін айтады<sup>2</sup>. Және көп жағдайда дауыстыларды белгілеу хабарды таңбалаушы мен оны тілге кодтаушы екі жақтың аялық білімі бір деңгейде, ситуация туралы екі жақ та хабардар болуына байланысты болған<sup>3</sup>. Әрі адресат түркі диалектісінің көптігінен дауыстылардың жергілікті ерекшелікке байланысты түрленімін осы тәсілмен шешкен дейміз. Осы орайда академик Ә.Қайдардың мына сөзі еске түседі: «Сол кездегі мемлекет құрамында болған тайпалардың (туркі, қарлұқ, түргеш, қырғыз, оғұз, тардұш, татабы, шұп, кенгерес, соғды, тоғұз-оғұз, онок) тілі өзгермей, бір орында тұрмауы, әр кезде ру-тайпа аймағында жазылған бұл ескерткіштер тілін жалпы, алып қарасақ, ол әлі бір тұтас болып, қалыптаса қоймаған түркі ұлыстары мен тайпа бірлестіктерінің езара айырмашылығы бар тіл еді, жергілікті ерекшеліктер сакталған тіл еді, аударған ғалымның өз тұсынан қосып алғандары да аз емес еді»<sup>4</sup>.

Сөйтіп, көне түркі жазуы көне түркі тілдерінің фонетикалық және фонологиялық белгілерін анықтап алуға мүмкіндік береді.

Орхон Енисей, Талас ескерткіштері дауысты таңбаларының <а, е (ә), ә> графемасында ғана әріп варианты көп болған, ал ы, о, ө графемалары бір таңбалы болып келеді. Бұдан негізгі инвариант дауыстының (а) вариант, вариацилары (ә, е, ә, әе, і) басқа дауыстыларға қараганда артық болғанын графика арқылы да көруге болады деп ойлаймыз. Көне түркі жазуы әсіресе **к**, **қ** фонемаларының жуанжінішке, еріндік-еузулік реңктерін таңбалаған: [қ], [қ°], [қ], [қ°]<sup>5</sup>. Бұндай графика әсіресе Енисей, Талас ескерткіштеріне тән болып келеді.

<sup>1</sup> Гузев В.Г... 64 б.

<sup>2</sup> Кобешавидзе И.Н... 43 б.

<sup>3</sup> Драчук В. Дорогами тысячелетий. М: Молодая гвардия, 1977.-256 с. 30 б.

<sup>4</sup> Қайдар Ә. Көне түркі жазба ескерткіштері кімге ортақ?//Көне түркі өркениеті. А., 2001

<sup>5</sup> Аманжолов А... 20 б.

Сонымен, көне түркі жазуы тіл үндестігіне табан тіреген, тарихи қалыптасуы жағынан кеш пайда болған<sup>1</sup> ерін үндестігін таңбалауды мақсат тұтпаған графика болып табылады. Үндесім заны дауыссыздардың тембрлік әуеніне негізделген (Крамски, М.Маллова, В.Томсен, А.М.Щербак), ал дауыстылар үндесімі – осы арқылы шыққан екіншілік зан дейміз. Алғашқы әліпби түзушілер санасында дауыссыз дыбыс қа-зіргі түсініктен өзгеше, ерін, езу, тіл мүшелеріне сай тембрлік әуен қоса ассоциацияланып отырған дыбыс типі болғанын айтқымыз келеді. Тілдің даму барысында жуанжіншке, езулік-еріндік әуен қысқа айтылатын сына дыбыс тыңдаушы санасына қабылдана бастайды. Сына дауысты таңбасы әсіреле дауыссыз беріліп арасына салынған. Қыстырынды дауыстылардың бүкіл руникалық жазбаларға тән екенін айтады Э.А.Макаев<sup>2</sup>. Алғашында дауыссыздың тембріне ғана үйлескен, фонемалық жүктемесі жоқ дыбыс кейін дифференцияланған. Оған Енисей, Талас жазуларында сирек таңбаланған дауыстылардың Орхон жазуында тұрақты бейнеленуі дәлел. Дауыстылардың графикалық бейнесі арқылы түркі тіліндегі инвариант дауыстыны да, сына дауысты және одан өрбіген дауыстылардың вариант, вариацияларын жобалауға болады.

Енді консонанттар жүйесінің графемалары және графикасы туралы қысқаша тоқталып отеміз. Көне түркі жазуында <б>, <ғ>, <д>, <й>, <қ>, <л>, <ң>, <р>, <с>, <т> 10 дауыссызы 20-дан астам әріппен 20 сингармофонеманды таңбалайды. Оның ішінде 3-тен артық әрпі бар дыбыстар <б’>, <ғ>, <д>, <қ>, <қ’> фонемалары болып табылады. <қ’> мен <қ>-нің жуан еріндік және жінішке еріндік таңбасы бар<sup>3</sup>, б, д графемалары кейде [t’], [n’] дыбыстарын да таңбалайды<sup>4</sup>. Ал <з>, <м>, <ң>, <п>, <ч>, <ш> дыбыстарының бірмәнді таңбамен берілуін ғалымдар олардың кеш пайда болған туынды ды-

<sup>1</sup> Щербак А.М...

<sup>2</sup> Макаев Э.А. Язык древнейших рунических надписей. М., 2002. –156 с. 57 б.

<sup>3</sup> Айдаров Г... 37 б.

<sup>4</sup> Левин Г... 122 б.

быс болуымен байланыстырады<sup>1</sup>. Құрамында осы дыбыстар бар сөздердің жуан-жінішкелігі айырылуы мүмкін емес, мысалы, *мұға* деген [maça], [meңe] болып оқыла алады. Ал кей сөздерде іргелес дыбыс таңбасы арқылы ажыратып алуға болады, мысалы  $\left[m \frac{e(\dot{\varepsilon}, \dot{\varkappa})}{\dot{\varepsilon}i} n\right]$ ,  $\left[m \frac{y}{\dot{o}}\right]$ . Жалпы бірмәнді деген [м], [ш] дыбыстарының 6-ға дейін әріп-вариациясы болған. Дыбыстың төл, туынды, кірме екенін оның сөз шенінде кездесу, жуан-жінішке дауыстымен тіркесе алу қабілеті арқылы анықтасақ, ч, ш графемаларының да бірмәнді болуы ойландырады. Олай болса, сөз болып отырған дыбыстар неге сингармографемалық жұп құрамаган деген сауалдың басын ашық қалдырамыз. Консонанттарға қатысты тағы бір айта кететін нәрсе – <c>, <ш>, <н> инварианттарының жінішке таңбалары үндесім зандалығынан уәжсіз ауытқытыны. Мысалы, [c 'бығ] – сәбығ, [c 'мды] – сімады, [улус '] – уліс, [тыс 'ы] – атысі, [ис 'ыз] – аисіз, [йорс 'ар] – иорысар, [сбын '] – сабін, [ғын '] – ағін т.б. Бұл <c>, <ш> фонемаларының инвариантты тіл алды болып айтылатынынан хабар берсе керек. Қазіргі дыбыстық жүйемізде де <ш>, <ж> фонемаларының орыс тіліндегі <ш>, <ж> фонемасынан айырмасы – өзінен кейінгі дауыстыны жінішкертетіні.

Бүгінгі қазақ тілінде сөз аяғында айтылмайтын [б], [д], [ғ] дыбыстары көне жазуда таңбаланған. Жалпы, түркі әліпбі *<p>*, *<в>*, *<m>*, *<t>*, *<d>*, *<č>*, *<š>*, *<s>*, *<z>*, *<n>*, *<l>*, *<j>*, *<r>*, *<k>*, *<g>*, *<n>*, *<q>*, *<q>* 18 фонемасының <č>(ч)-дан басқасы қазіргі қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде бар және бір-бір графемаға сәйкес келеді. [ни] дыбысын беретін жінішке мұрын жолды әріп қазіргі түркі тілдерінде жоқ. Ал *нт*, *нч*, *лт* дыбыс тіркесін беретін графемалар тілдің көне дәүіріндегі ерекшелікті, яғни еліктеуіштер сонында жиі кездесетін дыбыс тіркесін бір таңбамен берген дейміз.

Жалпы, көне түркі жазуындағы вокализмдер жүйесінің таңбалану ерекшелігі жазудың о бастағы мнемоникалық тәсілге иек сүйейтінінен шыққан. Ұғымды таңбалауды жетілдіру редукция арқылы жүреді, ал редукция таңбаның

<sup>1</sup> Аманжолов А....

ішкі мазмұны мен сыртқы түрпатын қурайды. Сонда алғаш суреті салынған үлкен мәтін (сурет жазу) артық акпараттарды түсіріп, керекті заттың аты мен санын еске сақтау үшін шартты бір таңбаларды қалдырады (идеографиялық жазу), кейін ребустық жазу шығады (логограмма). Жазудың белгілі бір адресантқа ғана бағытталғаны ондағы көмекші сөздер мен сөйлемдердің таңбаланбауына әкеледі. Сөйтіп, жазу бағытталған адресанттың аялық біліміне, оқиғамен хабардарлығына сүйеніп, мнемоникалық тәсілді қолданады. Онда грамматикалық формалар ғана редукцияланбай, әріп болмаса да, дыбысты қалпына келтіріп оқитын әдіс қолданылады. Тілді жақсы білетін адресант ондағы фонемаларды «реконструкциялап» дыбыс вариантарына кодтайды. Жазудың абстракті таңбасы – графема мазмұн межесін инвариант, вариант немесе – нөлдік әріп арқылы таңбалай алатынын, ал оны тілдің абстракті бейнесі фонеманың мазмұн межесі (дыбыс) мен түрпат межесі (графема) арқылы қалпына келтіреді. Сонда көне түркі жазуындағы ашық, қысан өзуліктердің таңбаланбауын жазу экономиясын жетік білген, таңба теориясын менгерген, жазу прагматикасын ойлаған халықтың мәдени құндылығы деп танимыз. Болашакта зерттеуді күтетін көне түркі жазуында мынадай проблемалар мен сұрақтар бар екенін көрсете кетеміз.

1. Орхон-Енисей, Талас ескерткіштерінің жеке-жеке графикалық ерекшеліктерін, ондағы графемалардың мәнін және мәтін емлесін айқындау;
2. **қ, ғ, қ, ғ** графемаларының жуан еріндік, жіңішке еріндік таңбаларының жүйесін іздеу;
3. Орхон ескерткіштеріндегі дауыстылардың Енисей, Шығыс Түркістан жазбаларына қарағанда редукцияланбайтын себебін іздеу;
4.  $\frac{u-i}{bi}$  гиперфонемасы жіңішкеруінің фонологиялық, морфонологиялық негіздерін айқындау;
5.  $\frac{e(j)}{\overset{a}{j}}$  гиперфонемасы әріптегінің басқа дауыстыларға қарағанда көптігі себебін анықтау;
6. Көне түркі жазуының қысқа мерзімде оқылуының алғышарттарын анықтау.

### 1.3 Түркі тілдері жазуын ортактастырудың маңызы

Өткен ғасырлар түркі тілдерінің өзін ұлт ретінде дәлелдеу, мойындау сипаттында көрінсе, ендігі кезең өзара мойындалған елдердің интеграцияларға баруы, бір-бірімен санаусы, одактасу дәрежесіне үласуда.

Проф. Ә. Жұнісбек әр мемлекеттің рәміздері қатарына жазуды да жатқызады: ту, елтаңба, әнұран және жазуы. Өйткені бүгінгі ақпараттар заманындағы тілді, әдебиетті және басқаңы жазусыз елестету мүмкін емес. Ендеше бүгінгі ақпараттар заманында алдымен аралары алшақтап кеткен түркі тілді ақпараттардың ортақ жазумен сөйлеуі туралы сөз ету керек.

Біз жоғарыда түркі халықтары үшін, яғни жалпы кез келген туыс тілдер үшін жазудың тағы бір қызметі бар дедік. Ол – ақпарат беру қызметі. Қазіргі ақпарат кеңістігінің күшеюі сондықтан тілдің ауызша түрінде қарағанда жазба түрі рөлінің артуымен тікелей байланысты. Тілдің ауызша түрі арқылы ақпарат мардымсыз алынады, ол бір жағынан, кеңістік пен уақытқа тәуелді болғандықтан, екіншісі, жоғарыда айтқанда, қазіргі ауызша сөйлеу тілінің өзгеруіне байланысты (оның дыбыстық ықпалдар, қысқартулар, ықшамдаулар, қаралайым сөйлеу тілі элементтері деген сияқты себептері бар).

Қазіргі заман – ақпарат заманы. Біз ақпаратпен қарулану үшін кез келген тәсілді пайдалануымыз керек. Ол өзге тілді жетік білу болсын, болмаса өзге ұлттың жазба тілін ғана түсіну болсын, бәрібір. Ал туыс тілдер графикасының ортақ болуы – осы тәсілдердің біреуі. Жетілдірілген әліпбі мен емлесі бар туыс тілдер бір тілдің диалектісіндей қарым-қатынас жасай алар еді. Сондықтан жазудың қазіргі қызметі, әсіресе түркі тілдері үшін ақпарат алуда пайдалану дегенге саяды.

Түркі халықтарының тілдік ойлауы да, тілдік санаусы да, әлем туралы тілдік бейнесі де бір. Арғы тарихы мен құндылықтары туралы айтпаса да түсінікті. Ал осындағы дінгегі бір тілдер ғылым, мәдениет, экономика саласындағы жаңалықтарына неге орыс немесе ағылшын тіліне аударылғанда ғана өзара қолжеткізуі керек. Неге аудармашысыз-ақ түсінісуге

(эрине, барлығын емес, кей сөздерді сөздікке қарап аударып) болатын тілдер аудармашы қызметіне жүгінеді? Бізге – туыстас халық әкілдеріне, гылым, білім, мәдениет, экономика, саясатындағы жаңалықтарды өзге тіл арқылы білу ұтты жағдай емес пе?

Түркі тілдері бір-біріне өте жақын, бір тілдің диалектісі іспетті тілдер. 20ғ. басында Н. Төрекұлов «Түркі жазуларына унификация керек. Өйткені бәрі бірдей сөйлейді, бірақ әртүрлі жазады» – деген екен<sup>1</sup>.

Дәлірек айтсақ, болған. Бірақ бұрынырақ, 20 ғасырдың басында. Алайда сондай диалекті деңгейіндегі тілдер қазір бір-бірін түсінуден қалып барады. Оның себебі, біріншіден, жалпы кез келген ауызша тілдің тез өзгерісіне сайса (мысалы, кез келген шет тілді жазба тіл арқылы тез, оңай менгеріп алғандай болғанмен, тілдік оргага түскенде коммуникацияға ілесе алу қындаиды, сөз бірліктердің жазба формасын санаға қатар елестетіп, әрен менгересіз), екіншіден, түркі тілдерінің кеңес құрамында болғандары орыс тілінің, түрік тілі ағылшын тілінің әсеріне ұшырап, орфоэпиялық нормасына айтарлықтай жарқышақ түсіріп алды. Сол себепті біздер, түркі халықтары, ауызша сөйленген мәтіндерді аудармашы болмаса түсіне алмайтын жағдайға жеттік. Ал ата буынның және жазба тілді менгерге қоймаған алдыңғы буынның тілі (өкініштісі, қазіргі танда ол ұрпақтар өмірден өтіп барады және ол ұрпақтың сөйлеу тілі барлық түркі халықтарында бірдей транскрипцияланбады) кай түркі тілінде сөйлесе де, бір-біріне алғаш тындағаннан-ақ түсінікті (мысалы, біздер Стамбул университетінің деканымен болған әнгімеде аудармашысыз-ақ түсінісе алдық, өйткені ол кісі түрік тілінің «классикалық» орфоэпиялық нормасымен сөйледі). Ал қазіргі түркі халықтарының жас буынның сөзі мүлде өзгеше сипат алып барады. Енді келешекте жағдай қындаиды түседі: түркі сингармонизмін өткен ғасырдан бастап жоғалту үстіндеміз. К, ғ, ү, і дыбыстары барлық тілде бірдей естіл-

<sup>1</sup> Стенографический отчет I пленума ВЦКНТА (Баку. З-7/VI. 27). М. 1927.- 175 б. 117 б.

мейді. Ал түркі тілдерін өзге генетикалық жағынан туыс емес тілдерден айырмасын көрсетіп тұратын да, өз ішін бір-біріне жақыннататын да осы ерекшеліктер көмескіленсе, онда туыс тілдердің арасындағы жақындық, О.Сүлейменов айтқандай, жазу тілінде («язык письма») ғана сақталатын болады.

Қазіргі түркі тілдері үш графиканы – латын (түрік, өзбек, әзербайжан), араб (түркі халықтарының Иран, Қытай, Ауғанстан т.б.), кирил жазуын қолданады. Бір графиканы пайдаланатын тілдердің өзінде әліпби алшақтықтары бар. Бұл мәселеге ең алғаш кеңес түркітанушысы профессор К.М. Мусаевтың «Алфавиты языков народов СССР» (1965), «Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков народов СССР» (1982), «Языки и письменность народов Евразии» (1993), «Орфография тюркских литературных языков СССР» атты еңбектерінде назар аударылды.

Мысалы, кирил графикасын қазір қолданатын түркі тілдерінің жазба мәтіндеріне қарайық: 6-8 февральда узган Республика куләмендәге олимпиадада укучыларбызы – Шәмсетдинова Фәнүзә, Хисамиева Физәлия призер булдылар. Уқытучысы Вакказова Б. (татар тілінде).

Эки диалектге бөлінеди: басхан-чегем («Ч»-диалект) әмда малкъар («Ц»-диалект). Россияда түлде сөлешигенлени саны 303 минг адамды (2002 джыл халқы санаугұза көре). Литература къараачай-малкъар тил, къараачай-басхан-чегем диалектни тамалында къуралғынды. Джазыу система 1920-24 джедж. араб джазыуну тамалында болғынды (аджам), 1924-36 джедж. латин алфавитни тамалында, 1936 джылдан бері – кирилл алфавит bla тамаланады. Къараачай-малкъар түлде «Къараачай» bla «Заман» газетле әмда «Минги тау», «Нюр», «Лячин» журналла чыгъадыла (қарашай тілінде).

Орто Азияның байыркы әлдеринин бири. (Октябрдық революциясына чейін тарыхый адаттарда кыргыз деген ат казактарға да тиешелүү болғон). Жалпы саны 1700 миң адам 1975-жылы. Антропологиялық жақтан монгол расасының Түш. Сибирь болуғуно кирет. Борбордук Азиядағы

этностук же саясий бирикменин наамы катары байыркы түрк жазма естеликтеринде болжол (қырғыз тілінде).

Шинәқсаң-Үйгур аптоном районида тәрәкқият тапқан, мемлекеттік тил дәп, йәнә қисмән Қазақстанда, Өзбекстанда, Қиргизстанда вә Туркмәнстанда ишилтилиду. Кичик уйгур групиди Россияда, Туркияда, Америкада, Европада, Австралиядә, Авганстанда вә Саудийә Әрәпстанда яшайды. Сөзләйдиганлар сани 30 млн. адәм әтрапида, шуниң ичидә МДН бойичә 800 миң адәм. МДН уйгурлариниң көпти икки яки унүндін көп тилдерни қоллиниду. Қазақстан уйгурлариниң әдәбият тили – бир миляттык тил (ұйғыр тілінде).

Халқының мишли теле, урыс теле менән бер рәттән Башкортостан Республиканың дәүләт теле. Төрки телдәреңең кыпсак төркөмөнөң кыпсак-булгар төркөмсәһенә қарай. Морфологик тибы буйынса агглютинатив телдәр иңәбенә инә. Башкорт һәйләү теле өс диалекттан тора: көнсығыш, көньяқ һәм көнбайыш. Башкорт әлифбаһе урыс алфавитына нигезләнеп төзөлгән (башқұрт тілінде).

Кёбюсюне Къарачай-Черкесияда, Ставрополь крайда, Астрахань обласыда эмда Дагъыстанда джашагъан ногъайлыланы тилериди. Бул тилде Россияда 90 минг. адам сёлешеди (2002 джылда ётген тергеуге көре). Тил, тюрк тиллени шымал-кюнбатыш (къыпчакъ) къауумуну къыпчакъ-ногъай (ногъай-къыпчакъ) тюбкъауумуна киреди. З диалект айырадыла: ногъай (Ставрополь край), къараногъай (Дагъыстанда) эмда. 1928 джылға дери араб джазма хайырландырылғанда, кечирек – латин, 1938 джылдан – орус графиканы тамалында алфавит. Бусагъатдагы алфавит 1950 джылда бегитилгенды (ногай тілінде).

*Sən olasan gülüstan, Sənə hər an can qurban! Sənə min bir məhəbbət Sınəmdə tutmuş məkan! Namusunu hifz etməyə, Bayrağımı yüksəltməyə, Namusunu hifz etməyə* (әзербайжан тілінде).

Байқап отырганымыздай, қыпшақ тобына кіретін тілдердің өзі бір фонеманы әртүрлі әріппен таңбалаганнан бірін-бірі түсінуде қындыққа тап болып отыр. Ол алдымен әліпби құрамын бекітуде кеткен олқылықтарда, унификацияланған

ортақ әліпби жобасынан ауытқып, бір фонеманы әр тілде әртүрлі әріппен белгілеуде тұр.

Ноғай мен құмық әліпбилерінде [ä], [ü], [ö] дыбыстары **аь**, **оь**, **уь** әріп тіркестерімен беріледі (ә, ө, ү/ү әріптерімен таңбалауға мүмкіндік барда). Қарашай-балқар жазуында орыс алфавитімен келген е, ю әріптері [o], [y], [ø], [γ] дыбыстарының таңбасына көшкен. Бұл фонемаларға басқа әліпбилердегі ә, ү, ө графемалары сәйкес еді. Қазақ, өзбек әліпбилеріндегі **к**, **къ**, **ғ**, **г** әріптері татар, қырғыз, түркімен әліпбійнде /k/, /g/ деп белгіленсе, балқар, қарашай, құмық тілдерінде: **к**, **къ**, **ғ**, **гъ** диграфтарымен жазылады. К.Мусаев [ŋ] фонемасын таңбалайтын **и**, **иғ**, **иъ** әріптері орнына **и** графемасы **у**, **уь**, **ю/ү** таңбаларының орнына **ү** таңбасына тоқтайтын, сондай-ақ, [γ] дыбысы үшін /f/ әрпін, [дж] дыбысы үшін /ж/ әрпін; [q] дыбысы үшін /k/ әрпін; [j] дыбысы үшін /й/ әрпін; [w] дыбысы үшін /ү/ әрпін қабылдауға мүмкіндік бар еді дейді<sup>1</sup>.

Кирил графикасына негізделген қырғыз жазуында төл дыбыстарының үш таңбасы – **ң**, **ө**, **ү**, өзбек жазуында 4 таңбасы болған еді: **қ**, **ғ**, **х**, **иғ**. Қырғыз графикасы әріп таңбаларын азайтуда жіңішке дауысты таңбаларын маркер етсе, өзбек графикасы жуан дауыссыздар таңбаларын маркер етті. Бірақ мақсат біреу – тілдегі жуан-жіңішкелікті айыру еді. Тек әр басқа жолдармен, унификациясыз айыру болды.

Сондықтан болашақта барлық түркі халықтары үшін қайталатын графикасына өту кезеңі тұрса, онда өткенімізден сабак алып, әліпбилерді үйлестіріп, унификациялау жағын қарастыруымыз қажет. Тек науқан басталмай тұрган кезде.

1922ж. әзербайжан тілі түркі халықтарының ішінде бірінші болып, латын графикасына ауысқаннан кейін енді өзге тілдерге әзербайжан әліпбійне үйлестіру міндеті қойылғандай да болды<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Мусаев К. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфавитов и орфографии современных тюркских языков // Опыт совершенствования орфографии тюркских языков М: Наука, 1982. С29. 30 б.

<sup>2</sup> Стенографический отчет ...

Түркітанушылардың тұнғыш құрылтайынан кейін жиналған 1927 жылғы пленумда әзербайжан алфавиті мен Н. Төреқұлов жасаған унификацияланған әліпби талқыға түскенде Жирков: «Н. Төреқұлов әліпбі өте салмақты, санасуға тұра келетін әліпби. Әрине, ол әзербайжан қателігі негізінде жасалған. Әттен, кеш. Егер Н. Төреқұлов әліпбі әзербайжан қателігіне дейін айтылса ғой. Н. Төреқұлов алфавитінде жазып көру керек, көптеген мәтіндер жазу керек. Бұл жоқ сияқты. Әзербайжан әліпбі әлсіз, онда емле де жоқ. Н. Төреқұлов алфавиті әлсіз, онда мәтін жоқ. Енді осы екеудін унификация жасау керек»<sup>1</sup> деген екен. Бірақ тарихтан білетініміздей, жақсы идея аяқсыз қалған.

Латын графикасын қабылдаған қазіргі түркі жазуларынан (түрік, әзербайжан, өзбек) оғыз тобына жататын түрік тілі мен әзербайжан тілінің әліпбилерінде әріп сәйкестіктері біршама бар. Ал өзбек алфавиті ағылшын-латын стандартына 2 таңба, 2 әріп тіркесін (әлемдік әліпбі тәжірибесінде әріп тіркесі әліпбіде көрсетілмейді) тіркеген өзгеше графикамен сөз түркyn ұзартып отыр. Кестеден көріп отырғанымыздай (*1-кесте*), түрік жазуынан әзербайжан жазуы q, x, ә таңбаларының артықтығымен ерекшеленеді. Өзіндік фонемаларды белгілеуде өзара үйлескен. Әрі әліпбі реті де бірдей. Өзбек жазуы бұл жағынан басқа бағыт ұстаған. [ч], [ш] фонемалары үшін әріп тіркесін, [f], [ө] фонемалары үшін апостроф пайдаланған. Егер түркі тілдері жазуын унификациялайтын мүмкіндік туса, бұл қатардан тысқары тұратын жазу осы, өзбек жазуы болады.

<sup>1</sup> Стенографический отчет 122 б.

*1-кесте.* Түрік, әзіrbайжан, өзбек әліпбилерінің әріп таңбалары

№	турік әліпбіi	әзіrbайжан әліпбіi	өзбек әліпбіi	фонема
1	а	а	а	а
2	в	в	в	б
3	д	д	д	д
4	е	е	е	е
5	ф	ф	ф	ф
6	г	г	г	г
7	һ	һ	һ	һ
8	и	и	и	и
9	ј	ј	ј	й
10	к	к	к	к
11	л	л	л	л
12	м	м	м	м
13	н	н	н	н
14	о	о	о	о
15	п	п	п	п
16	қ	қ	қ	қ
17	ր	ր	ր	ր
18	ս	ս	ս	ս
19	տ	տ	տ	տ
20	ւ	ւ	ւ	ւ
21	վ	վ	վ	վ
22	ҳ	ҳ	ҳ	ҳ
23	յ	յ	յ	յ
24	զ	զ	զ	զ
25	ç	ç	ч	ч
26	ğ	ğ	г'	ғ
27	ı	ı		ы
28	ö	ö	o'	ө
29	ş	ş	sh	ш
30	ü	ü		ү
31		ә		ә

Мемлекеттік мәртебе алған және жергілікті қарым-қатынас тілі болып табылатын түркі тілдері үшін болашақта көтөрілуге тиіс мәселе – ол алфавитті латын негізді ету болатыны анық. Жоғарыда көрсетілгендей, бір графикада отырып, жазу алшақтығын болдырма үшін әуел бастан унификацияланған алфавит негізінде әр үлт тілінің өз жазуын қабылдауын ойластыруды қолға алу керек.

Түркі мемлекеттері тәуелсіздік ала бастаған жылдары алдымен графиканы ауыстыру мәселесі көтерілгенде түркі халықтарының дүниежүзі бойынша бір жазу түрі негізінде бірігуі баса айтылған еді. Кейін әсіресе өзбек жазуының ортақ Анкара жобасынан айырмашылығы көбейгенде, бұл ой бәсекесіді. Қазір түркі халықтарына ортақ жазу мәселесі мифке айналды деген де пікір бар. «Түркі халықтары бірі-бірінен ажырағаны соншалық жазғандарын оқып емес, аударып түсінгенді женіл көреді. Бір-бірінің жазғандарына қызықпайды, сондықтан аударылған әдебиеттер де аз. Басылмайды, немесе ондай әдебиеттерге сұраныс аз» дейді қазіргі енжар көзқарас. «Қазіргі кирил жазуына реформа жасап-ақ емлені жетілдіруге болады, қаржы дағдарысы заманында экономикамызды соққыға жықпайық» деген пікір 90-жылдарға қарағанда қүшейіп отырған сыңайлы. 1926 жылғы түркологиялық съезде профессор Н.Ф. Яковлев мынадай сөз айткан екен: *«Легкость проведения латинского алфавита обратно пропорциональна развитию национальной письменности, то есть, чем большее было уже до введения латинского алфавита грамотных, тем труднее провести латинский алфавит»*<sup>1</sup>. Әрине, оңай емес, ол үшін ұрпақ ауысу керек, ұрпақ болашағын ойлаган ата буын, аға буын бар болу керек. Дегенмен біз сөзіміздің басындағы ойымызға тұрақтап, қазақ, қыргыз, татар, башқұрт, түрікмен, қарашибалқар, ногай әліпбилеріне латын графикасын қабылдау мүмкіндігі туған жағдайда пайдалануға болатын мынадай ортақ әліп-би жүйесін үйлестіруге болады деп ойлаймыз.

<sup>1</sup> Стенографический отчет ...

2-кесте. Латыннегізді ортак әліпби жобасы

№	фонема	әріп	№	фонема	әріп	№	фонема	әріп
1	Аа	Aa	12	Зз	Zz	23	Рр	Rr
2	Әә	Ä ä	13	Ии	I	24	Сс	Ss
3	Бб	Bb	14	Йү	Yy	25	Тт	Tt
4	Вв	Vv	15	Кк	Kk	26	Үү, Үү	Uu
5	Гг	Gg	16	Ққ	Qq	27	Ш ш	Ş ş
6	Ғғ	Ğğ	17	Мм	Mm	28	Үү	Üü
7	Дд	Dd	18	Ңң	Nn	29	Фф	Ff
8	Ее	Ee	19	Ңң	ŋ	30	һ	Hh
9	Җҗ	Žž	20	Оо	Oo	31	Ҫҫ	Çç
10	Жж	Jj	21	Өө	Öö	32	Ыы	Ii
11	Җҗ	j	22	Пп	Pp			

Мұнда башқұрт және түркімен тіліндегі тісараплық [ʒ], [ç] және тіларты және фонемалары үшін Žž, Ҫҫ және ј танбалары бар. Ҫҫ әрпі түрік, әзербайжан тілдеріндегі [ч] фонемасын береді.

Түркі тілдерінің арасындағы жақындық жазуда сақталып қалайын деп отырганы шындық. Ал түркі халықтары үшін ортақ алфавит, ортақ жазу дінмен байланысты араб графикасы емес, саясатпен байланысты кирил графикасы емес, бейтарап сипаттағы латын графикасына жүктелмек. Бұл мәселе ресми түрде түркітілдес елдердің парламенттік ассамблеясында 2011 жылдың 11 желтоқсанында да айтылды.

Түркітілдес халықтардың ортақ әліпби мәселесі бұл – жаңадан көтеріліп отырган жаңалық емес. Тарихта ондай жоғалар болған. 20ғ. басындағы латын жазуы халықтардың жарыны болашағы үшін қабылданған интернационал алфавит болатыны армандалғаны рас. Тіпті кирил жазуы латынға қарағанда жағымсыз ренқ алды: оны орыс феодал помешиктері мен ақсүйектерінің реакцияшыл жазуы деп бағалады. Бұны халық ағарту комитетінің төрағасы А.Луначарский көтерді. Әліпби жобасын дайындау профессор Н.Ф.Яковлев-

ке тапсырылды. 1929-1939 жж латын графикасы негізіндегі, 1940-1993жж. кирил графикасы негізіндегі түркі әліпбилері сол жобаның қындықпен үйлестірілген нұсқасы.

#### **1.4 Түркі әліпбилерін бірлестірудегі фонология мәселелері**

2009 ж. 3 қазанда Әзіrbайжан Республикасының Нахчыван қаласында өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының тоғызынышы Саммитінде ҚР Президенті Н.Назарбаев Қазақстанда түркілердің дүниесін зерттейтін халықаралық ғылыми орталық құру туралы ұсыныс жасағаннан кейін 2010 жылы 25 мамырда Астана қаласында Түркі академиясы ашылды. Академияның құрылуындағы бір мақсат:

– түркі халықтарына ортақ жазу, емле мәселелерін көтеру, жүйелеу болды.

Географиялық, саяси, экономикалық жағынан араласымдығы бар тілдер – қыргыз, өзбек, түрік, әзербайжан, қарақалпақ, қазақ тілдеріне ортақ графика пайдалану арқылы қарым-қатынасты жеңілдету; түсіністікке біршама жақыннататын ортақ әліпби және орфография жасау зерттеудің негізгі мақсаты болып табылды. Ол үшін алдымен аталған тілдердің қыпшак, оғыз топтарына жатуына қарамастан дыбыстық жүйесін, фонемалар құрамын, инвариант фонема мен оның дыбыс қорын инвентарлау, түгендеу қажеттілігі шығады. Әр тілдің қазіргі қолданыстағы әліпби құрамына назар аудару арқылы сол тілдің инвариант фонемалар санын анықтау кепрек. Әріп – фонема – дыбыс – вариант, вариация қатынасы көрсетілуі тиіс. Сонда әріптің фонеманы ма, әлде дыбысты ма, болмаса дыбыс тіркесін бе, сондай-ақ кірме-дыбыс әріпті ме немесе дыбыстық мәні жок графикалық таңбаны таңбалады ма, осы қызметі айқындалады.

ХХ ғ. басында барлық түркі тілдерінде 19 төл дауыссыз, 5 кірме дауыссыз (кірме фонема орыс тілінен болған) бар деп анықталған. Башқұрт пен татар және түркімен тілдерінде бар 2 дыбыс қана өзгеше делінеді. Ал дауыстылар саны 9, 10,

12 деп көрсетілген. 16 деген сан созылыңқы дауыстыларды қосып атағанда<sup>1</sup>.

Қазақ тіліндегі инвариант фонемалардың дыбыс қоры профессорлар Нұргелді Уәлидін «Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері» (1993 ж.), Әлімхан Жұнісбектің «Қазақ грамматикасы» (2002 ж.) және зерттеушілер Зәуре Баданбекованың, Құралай Күдеринованаң монографияларында және 2005 жылдың жарық көрген «Қазақ тілі орфоэпиялық сөздігінде» көрсетілді.

Татар жазуы батыс диалектісіне (мишар) табан тіреді, ал ауызша әдеби тілінің нормасы казан татарларының сөйлеу тіліне негізделді. Татар әдеби тілі фонетикасында 9 қысқа дауысты фонема бар: [а], [о], [ү], [ы] – [ә], [ө], [ү], [е], [и]. Бірінші буында, бірбуынды сөзде, көпбуынды сөздің алғашқы буындағы [а] дыбысы еріндік [ $a^{\circ}$ ] болып айтылады: [ $^{\circ}almá$ ], көп буынды сөздің аяғында езулік мәнерін сақтайды. Бірінші буындағы [о], [ө], [е] жалпытүркілік [ү], [ү], [и] дауыстыларының орнына, [ы], [ү] жалпытүркілік [о], [ө], [е] дыбыстарының орнына айтылады. Сөйлеу тілінде қысқа езуліктер түсіріліп айтылады: *кеше* («кісі») деп жазылады, [kʃe] деп айтылады. [о], [е], [ы] дыбыстары да – қысқа дыбыстады. [ый] дифтонгоид фонема ретінде [и] фонемасының жуан жұбы ретінде қаралады.

Татар тілінде 28 дауыссыз бар, п, б, т, д, к, ғ-ғ (ғ болып жазылады), қ-қ (орфографияда қ болып жазылады), ъ, ә, ь, м, н, ң, ф, в, с, з, ш, ч, ж, ж, х, һ, р, в, у (сөз басында в болып жазылады, сөз аяғында у болып жазылады), й, л.

Орталық диалектідегі көмей дауыссыздары жазуда таңбаланбайды. [в] фонемасы орыс тіліндегідей тіс-ерін болып айттылмайды. в – әрпі кірме сөздегі [в] фонемасымен бірге [w] дыбысын береді: *авыл* – *аул*, *каравыл* – *караул*. [ч] мен [ж] аффрикат дыбысталмайды. ч әрпі щ орнына қолданылады. ғ әрпі жіңішке дауыстылармен ғ болып, (*әгәр* — /æ'gær/), жуан дауыстылармен ғ болып оқылады (*ғасыр*). Сол сияқты қ әрпі де жуан, жіңішке болып оқылады:

<sup>1</sup> Стенографический отчет ...

көз /kəz/, кызыл /q(չ)'zsl/. Көне түркі тіліндегі көмей [q] фонемасы татар диалектісінде өте жұмсақ айтылады. Тіл ортасы дыбысқа айналған<sup>1</sup>.

Негізі фонетикалық зандылықтары: ұндесім заны, ашық буынға ұмтылу, сонғы буынды айқындыбыстау; фонетикалық алмасу. Тіл ұндастігі татар тіліндегі төл сөздердің барлығын қамтиды деуге болады, сондықтан таңбаланады. Ал ерін ұндастімі ауызша тілде бар болғанмен, таңбаланбайды, бұл қазіргі айтылым нормасын өзгертіп келеді: [бәтөнлек] деп айтылады, *бөтөнлек* деп жазылады, [болотло] деп айтылады, *болытлы* болып жазылады.

**Түрікмен тілінде** өзге түркі тілдеріне ұқсамайтын мынадай ерекшеліктер бар: ол сөз мағынасын ажырататын дауыстылардың созылыңқылығы (*öt* «от» – *ot* «шөп», *ata* «әке» – *atā* «әкеге»); *s, z* (барлық позицияда) – тісаралық  $\theta$  және  $\delta$  болып айтылады; жуан еріндікпен басталған сөз езулік жазылып тұрса да еріндікпен аяқталады.

**Қыргыз тілінде** 8 қысқа дауысты бар: *a, э, ы, и, о, ө, у, ү*. 6 созылыңқы дауысты бар. Графикада таңбаланбайтын бірақ тілде айтылатын [дж], [қ], [қ] фонемалары бар. [у] дауысызы жоқ. *қ, г* әріптерінен кейін жазылған *а* әрпі [ә] болып оқылады. *і* әрпі сөз басында *ғана* [и] болып оқылады (*инсон*), сөз аяғы мен ортасында қысқа немесе көмескі [і] болып айтылады (*bizlurni*). [б] дауыстыаралық позицияда жуысынқы айтылады: *ооба, сабак, аба, убак, кебез т.б.* [ж] жіңішке тоғысынқы айтылады.

Ф әрпі сөз ортасы мен аяғында [п] болып айтылады. Сөз аяғында кей жағдайда *t* әрпі оқылмайды: *past,daraxt*. К, ғ әріптерінен кейін *у* әрпі [ү] болып оқылады. В, v, g, d, z әріптері сөз аяғында қатаң оқылады<sup>2</sup>.

**Башқұрт** әліппиңде 9 әріп тілдің өзіне тән дыбыстарын белгілейді. Олар: *f, қ, тісаралық фрикативтер* ڙ, ڽ, мұрынжолды веляр *h*, фарингал *h*; тілалды, ашық *ә*, тілортасы тар еріндік

1 Поливанов Е.Д. «Узбекская диалектология и узбекский литературный язык» Ташкент; 1933 жыл.

2 Садыков Т. Основы киргизской фонологии и морфонологии. Бишкек, 1992.-1566.

ө, ү. Тілде 9 дауысты бар: а-ә, о-ө, е, и-ы, ү-ү. <а> дыбысы б, у дауыссыздарынан басталған сөздерде еріндікпен айтылады: *балалар* (*болалар*), *балық* (*бояк*) т.б.<sup>1</sup>.

Қазіргі башқұрт жазуы фонетикалық болып саналады, ерін үндестігін жүйелі таңбалайды. Қыпшақ тобынан ч> с алмасумен ерекшеленіп барады, мысалы, *өс* «үш», *саң* «шан». Кейде «с» мен «ч» алмасып айтылады: *сибәр*, *чибәр* (*ицибәр* деп айттылады), «й» мен «ж» дыбысы кезектесіп қолдана береді: *йауын* (*яуын*), *жәауын* (*жсауын*). Көптік жалғауының -лар, -нар нұсқасы қолданады: *атлар* «кони», *болон-нар* «клуга».

Башқұрт тілі көптіктің *нар* вариантты кувакан диалектісін негізге алып, татар тілінен өзгешеленген<sup>2</sup>.

**Өзбек тілінде** дауысты дыбыстар 6: i, e, a, u, o', o. Тілдің жоғары-төмен қалпына қарай дауыстылар 3-ке бөлінеді: жоғары тар дауысты: *i*, *e*; орта дауысты: *e*, *o'*; төменгі, кең дауысты: *a*, *o*. Ал тілдің ілгерінді-кейінді қалпына қарай: тілалды (*i*, *e*, *a*) және тіларты дауыстылар: *u*, *o'*, *o* болып бөлінеді<sup>3</sup>. Яғни *e* әрпі өте қысаң болып та, ашық болып та айттылады деген сөз.

24 дауыссыз бар: *b*, *d*, *sh*, *g*, *h*, *j* (*dj-jo'ra*), *j* (*mujda*), *k*, *l*, *m*, *n*, *p*, *q*, *r*, *s*, *t*, *v*, *x*, *y*, *z*, *g'*, *sh*, *ch*, *ng*.

Дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай өзбек ғалымдары 3-ке бөледі: а) ерін дауыссыздары: *b*, *p*, *v*, *m*, *f* (ерін-ерін), *v*, *f* (ерін-тіс)

б) тіл дауыссыздары: *t*, *d*, *n*, *l*, *s*, *z*, *r*, *sh*, *j*, *ch* (тіл алды), *у* (тіл орта), *k*, *g*, *ng* (тіл арты), *q*, *g'*, *x* (терен тіл арты).

в) көмей: *h*<sup>4</sup>.

Өзбек тіліне тәжік тілінің әсері болды. 1934 жылғы орфографияға жасалған реформа осы өзгерістерді түбебейлі бекітті. Дауыстылар саны 6-ға дейін қысқарды. [ö], [ü] және [i] фонемаларын беретін таңбалар алынып тасталды. Ал 1937

<sup>1</sup> Щерба Л.В... 60 б.

<sup>2</sup> Новая казак-киргизская (Байтурсыновская) орфография. Спорные вопросы Киргизской графики и орфографии. Проф. Е.Д.Поливанов. Санкт-Петербург, 1924. -8 с.

<sup>3</sup> Б.У.Умуркулов Ҳозирги ўзбек тили. Термиз. 2012.

<sup>4</sup> Сонда...

жылы ирандалған тәшкен сөйленісі өзбек әдеби тілінің нормасына алынды. Өзбек тілінің негізгі фонологиялық ерекшелігіне дауыстылар үндесімі жоқтығын және о-мәнерлі сөйленісті алуға болады. Өзбек тілінде [о] мен [ö] бір ғана [о] дыбысына, [и] мен [ü] – бір ғана [и] дыбысына, [і] мен [ї] – бір ғана [ї] дыбысына айналған. Сондықтан қосымшалар да бөлінбейді. [ф], [в] дыбыстары ерін-ерін болып айтылады, ал варианттары ерін-тіс болып айтылады<sup>1</sup>. Өзбек тілінде [х], [х] дыбыстары – екі түрлі фарингалды фонемалар<sup>2</sup>. Е.Д.Поливанов көне түркі тіліндегі көмей [q] фонемасы өзбек (хорезм) диалектінде жұмсақ айтылатын, тіл ортасы дыбысқа айналған дейді. Ал онтүстік диалектіден солтүстікке қарай [q], [g] дыбыстары қатаңдай, жуандай түсетінін жазған<sup>3</sup>.

Өзбек тілінде [ш] дыбысы жиі, [ж] дыбысы сирек айтылады<sup>4</sup>. Үндестік заны қыпшақ диалектінде сақталған. Созылынқы дауыстылар жок, екінші созылынқылық бар. Кейбір дауыстылардың эмфатикалық созлыңқылығы бар. Жұрнақтар жуан-жінішке болып бөлінбейді.

**Қарақалпақ тілінде 9 дауысты дыбыс бар: а, о, ы, у, ә, е, ө, и, ў.**

Дауысты [ә] басқа дыбыстарға қарағанда ашық айтылады және сирек ұшырасады, араб, парсы тілдерінен енген сөздерде кездеседі. **ы, и, у, ў** дауысты дыбыстары – жартылай ашық дыбыстар.

Ерін үндестігі екінші, өте сирек үшінші буындар тек қысан дауыстылармен шектеледі.

**Әзіrbайжан тілінде ы** фонемасының сөз басында қолданылмайтыны, **ә** фонемасының буын талғамайтыны (*дәвә «түйе», әт «ет»*), сондықтан бұл дыбыстың қосымшаларда кездесуі (*учлукдә «үшеуміз»*), **е** дыбысының қосымша құрамын-

<sup>1</sup> Махмудов А. Согласные узбекского литературного языка Ташкент: Фан, 1986. -237с. 56.

<sup>2</sup> В.Радлов *Phonetik der nordlichen Turksprachen*, Leipzig

<sup>3</sup> Поливанов Е.Д. «Узбекская диалектология и узбекский литературный язык» Ташкент, 1933.

<sup>4</sup> Махмудов А., 546..

да кездеспеуі, **h** дыбысының буын талғамайтыны (*gəħva* «кофе», *ħejva* «айва»), тілде ұян дауыссыздың басымдығы *galtag* (қалпак), *ħamış* (қамыс), *ħız* (қыз), *diz* (тізе), *dik* (тік) әзіrbайжан тілінің өзіндік фонетикалық сипатын танытады.

**Түрік тілінде** жуан-жінішке жұп құрайтын 8 дауысты бар: *a, i, u, o* және *e, ī, ī, ö*. 24 дауыссыз фонема бар: *p, b, f, v, t, d, s, ʂ, z, j, ç, c, m, n, l, (l'), r, y, k, (k'), g, (g'), h, ġ*<sup>1</sup>.

Көне түркі тіліндегі көмей [q] фонемасы тілортасы [k] дыбысына айналған<sup>2</sup>.

**Қазақ тілінің** фонетико-фонологиялық сипаты туралы «1.5 Қазақ тілі орфоэпиясы: тарихи дамуы мен келешек бетбейнесі» атты тараушада кеңінен айтылды.

Ендігі жерде фонетикалық, фонологиялық, сингармониялық белгілер негізінде тілдерді топтастыра отырып, қазіргі латын графикасы және кирил графикасы негізіндегі әліпблерді бірегейлендіру үшін түркі тілдері бойынша мынадай мәліметтерді салыстыру керек.

– өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, қарашай, ногай, түрікмен тілдеріндегі фонема, дыбыс саны, фонемалардың вариантыны мен вариациялары;

– өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, қарашай, ногай, түрікмен тілдеріндегі дыбыстардың айырым белгілері;

– өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, қарашай, ногай, түрікмен тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың толық жасалым жүйесі;

– өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, қарашай, ногай, түрікмен тілдеріндегі дыбыстарды жасайтын сөйлеу мүшелерінің орны;

– өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, қарашай, ногай, түрікмен тілдеріндегі орфографияның негізгі ұстанымы (орфографиялық принцип);

<sup>1</sup> Кононов А. Н. Грамматика турецкого языка. — М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1941.

<sup>2</sup> Поливанов Е.Д...

– қазіргі өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, қарашай, ногай. түрікмен тілдеріндегі емленің шешілмеген проблемалары;

– қазіргі өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, қарашай, ногай, түрікмен тілдері әліп билерінің әріптаңбаларындағы жетілдіретін тұстар;

– өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, қарашай, ногай, түрікмен тілдері әліпбииңдегі төл дыбыс және кірме дыбыс әріптері; дыбыс тіркесін таңбалайтын әріп.

Осы сауалдарға толық мәлімет алынған кезде өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, қарашай, ногай, түрікмен тілдерінің әліп билеріндегі сәйкес түсетін әріптер, әртүрлі дыбысты бір әріппен белгілейтін таңбалар, бір фонеманы әртүрлі графемамен белгілейтін әріптер екшеледі. Сөйтіп, айырма кесте жасалады. Түрік тілінің мәліметі бойынша әзербайжан, түрікмен және өзбек, ұйғыр тілдерінің сондай-ақ қазақ, қарақалпақ, башқұрт әрі қырғыз тілінің мәліметтері салыстырылады. Сөйтіп, түркі тілдерінің әліп билеріндегі алшақтықтарды жақындастырудың жолдары қарастырылмақ. Сонда жалпытуркілік әліпби нобайы да жасалады. Және графикалық айырмашылықтарды ұлғайта бермеу үшін латын жазуына әлі өте қоймаған қырғыз, қазақ, татар, қарақалпақ, тілдеріне ортақ жалпытуркілік жазу жүйесінің мүмкіндігі болмак.

Сондай-ақ өзбек, түрік, әзербайжан, татар, қырғыз, башқұрт, қарашай, ногай, түрікмен әдеби тілдерінің орфоэпиялық нормасының занұлылықтары қажет. Ондағы жалпы үн-десім, ерін үн-десім мен тіл үн-десімнің дамуында және ықпал сипатында соңғы уақытта әсіресе сөйлеу тілінің әсерінен орын алған өзгерістер қандай және ол өзгерістерді өз түркі тілдерінен алынатын мәліметтермен салыстыру арқылы жалпытуркілік орфоэпияның өзгеру сипаты кай ағытта деген сауалдардың жауабын аламыз. Оның үстінен түрік және қазақ тілдерінің орфографиялық нормасы мен орфоэпиялық нормасының сәйкес түсетін және түспейтін жақтарын айқындалап, қайшылықтарды көрсету де зерттеудің бір мак-

саты. Дауыстылардың айқын, созылыңқы, өшіңкі, түсіріліп айтылатын тұстарын айқындау жалпытүркілік фонетика үшін маңызды.

Енді бір үлкен мәселе – бұл түркі тілдерінің фонологиялық транскрипциясын қабылдау. Түркі тілдерінің фонологиялық транскрипциясы – түркі текстес елдерге тарайтын журналдар мен газеттердің оқылуын жеңілдетеді; түркі халықтарының тілдерін оқып-үйренуді оңайлатады. Бүгінде біздер, түркі халықтары, екі түрлі графикадағы әліпбиді қолданатындықтан (латын және кирил) және ең сорақысы бір графикада «отырып» әртүрлі құрамда әліпби қабылдағандықтан туыс емес тілдердің «кебін киіп отырмыз». Сондықтан осы мәселені шешу үшін түркі тілдеріне ортақ фонологиялық тіпті кей тұстарда фонетикалық транскрипция жасауды колға алушың қажеттілігі бар. Сонда біз ортақ айтылым бойынша бір-біріміздің жазба дүниелерімізді шамалап болса да түсіне алатын боламыз. Бұл қойылған мақсат түркі фонетикасы мен фонологиясына деген жаңа көзқарастан шыққан. Бізде түркі тілдерін салыстыратын еңбектер бар: Гаджиева Н.З. Серебренников Б.А. Сравнительная историческая грамматика тюркских языков. Синтаксис. (1986); Исследования по сравнительный грамматике тюркских языков (1961); Вопросы грамматики тюркских языков. (1958); Сравнительно историческая грамматика тюркских языков (1988). Ендігі кезекте жалпы тенденцияларды сипаттайтын, ортақтықтарды танытатын зерттеулер қажет.

### 1.5 Түркі жазуы және орфоэпиялық өзгерістер нәтижесі

Түркі тілдерінің арасындағы айырмашылықтар көбейіп, әр тіл өзіндік даму жолын таңдалп отырған сияқты. Оған тілдердің географиялық жағынан жақын орналасуы мен бір экономикалық және саяси кеңістіктеге өмір сүруі, сондай-ак, бастысы, жазба тіл айтарлықтай әсерін тигізіп отыр деп айта аламыз.

Түркі халықтарының арасындағы бауырластық шығыс-тық менталитеттен шығады. Славян халықтарының немесе басқа халықтардың арасында еларалық бауырластық туралы сөз ете алмаймыз. Ондай ұғым да жоқ. Түркі жүртyna ғана (?) тән бұл құндылық тіл тобындағы үндестік (сингармонизм) заңынан да көрінетін тәрізді. Түркі тілдерінде сөздің басқы буыны ерекше мәртебеге ие болған: сөздің алғашқы буыны жуан болса, сөз бірыңғай жуан; сөздің алдыңғы буыны жіңішке болса сөз бірыңғай жіңішке айтылады. Яғни алдыңғы буынға бағынады, ынғайланады, «ұқсауға тырысады», бір-бірімен «тату». Түбір мен қосымша арасындағы дауыссыздар да ықпалдасады. Өзара үндесу, бірыңғай сипат алу алғашқы буыннан соңғы буынға дейін жалғасын табады. Түркі тілдеріндегі үндесімді тек өзге тілден енген сөз, жүрнақ қана бұза алады. Немесе жазба тіл бұзған. Халықтар тарихы туралы да осыны айтуда болады.

Түркі халықтарының зиялы қауымы әр елдің егемендік алғаннан кейінгі тәуелсіздік жылдарында емес, кенестер одағы құрамында болған, бүгінде «жағымсыз» астармен айтылатын заманда тығыз қарым-қатынаста болды. Оған 1973 жылы 11 қазанда құрылған, ССРО FA-ның мүшесе-корреспонденті Н.А.Кононов басқарған Кеңес түркітанушыларының комитеті дәлел. Комитеттің мақсаты – түркологиялық зерттеулерді жетік үйлестіру, түркі халықтарының арасындағы қарым-қатынасты қүшету, шетел түркітанушыларымен қарым-қатынасты жақсарту болды. 35 мүшесі бар комитеттің жұмысына әсіресе А.Н. Кононов, Г.Х. Ахатов, П.А. Азимов, Н.З. Гаджиева, Э.Р. Тенишевтердің сінірген еңбегі айрықша. Комитет «Советская тюркология» атты журнал шығарып тұрды. Қазір бұл орталықтың жұмысын Түркологиялардың ресей комитеті жалғастырып келеді. Төрағасы – ф.ғ.д. И.В. Кормушин. Алайда комитеттің жұмысы тек Ресей түркітанушыларын қамтиды.

2009 жылдың 3 қазанында Әзіrbайжан Республикасының Нахчыван қаласында өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының тоғызыншы Саммитінде КР Президенті Н.Назар-

баев Қазақстанда түркілердің дүниесін зерттейтін халықаралық ғылыми орталық құру туралы ұсыныс жасағаннан кейін 2010 жылы 25 мамырда Астана қаласында Түркі академиясы ашылғаны белгілі. Біздінше, түркітанудағы жаңа зерттеулер осы академияның жұмысында үйлестірілуі мүмкін. Тілшілер түркі тілдерінің тарихынан мәлімет беретін зерттеулердің бір орталықтан акпараттандырылып, жүйеге түсірілгенін қалайды. Алайда бұл арада басты бір мәселе бар. Ол – жазу графикасы. Қазіргі түркі тілдері үш түрлі графиканы – түркі, азербайжан, өзбек тілдері латын графикасын, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ т.б. тілдер кирил жазуын, қытай қазактары, т.б. тілдер диаспорасы араб графикасын қолданады. Латын графикасын қолданатын тілдерде таңба алшақтығы бар, кирил жазуын қолданатын тілдерде әріп саны фонема санымен теңеспейді. Сол себепті түркі халықтары кедергісіз бірінің жазғанын бірі түсінбейді, сондықтан оқымайды. Әсіреке бұдан зиялды қауым көбірек зиян шегіп отыр.

Жалпы, түркі тілдерінің өзіне тән дыбыстарының қатарына [ä], [ö], [ü], [u], [ğ], [ŋ], [ı], [q] фонемалары жатады. Бірақ бұл фонемалардың барлығы бірдей тіл әліп билерінде көрініс таппаған. Осыған орай біз тәмендегідей таптастыру жасап көрдік:

– Әліп билерінде /ә/ әрпі бар, ендеше тілдің фонологиялық жүйесінде <ә> фонемасы бар тілдер: татар, башқұрт, әзербайжан, ұйғыр, қазақ, ногай, қарайым, тува, тофалар, гагаузыз тілдері;

– Әліп билерінде /ә/ әрпі жоқ, бірақ тіл дыбысының фонетикалық түрленімінде [ә] дыбысы бар тілдер: өзбек, түркі, қырғыз, түркімен тілдері;

– Әліп билерінде ә әрпі жоқ, сондай-ак дауысты дыбыстардың қорында да [ә] дыбысы жоқ тілдер: чуваш, қарайым тілдері.

Әзбек, қырғыз, түркі, түркімен тілдеріндегі /ә/ әрпінің жоқтығы XX ғ. басында қабылданған әліп билер салдарынан болды.

– Эліп билерінде /ұ/ әрпі бар, ендеше тілдің фонологиялық жүйесінде <ұ> фонемасы бар тілдер: қазақ, гагаузы тілдері;

– Эліп билерінде /ұ/ әрпі жоқ, бірақ тіл дыбысының фонетикалық түрленімінде [ұ] дыбысы бар тілдер: түрік, ногай, башқұрт, өзбек, қарашай тілі.

– Эліп билерінде /ү/ әрпі бар, ендеше тілдің фонологиялық жүйесінде <ү> фонемасы бар тілдер: қазақ, қарақалпақ, қыргыз, түрікмен, башқұрт, татар тілдері;

– Эліп билерінде /ү/ әрпі жоқ тілдер: өзбек, ұйғыр, алтай тілдері.

– Эліп билерінде /қ/ әрпі бар, ендеше тілдің фонологиялық жүйесінде <қ> фонемасы бар тілдер: қазақ, ногай, қарақалпақ, ұйғыр, шор, қарашай, өзбек, қыргыз, татар тілдері.

– Эліп билерінде /қ/ әрпі жоқ, бірақ тіл дыбысының фонетикалық түрленімінде [қ] дыбысы бар тілдер: түрік, қыргыз тілі.

– түрікмен, гагаузы тілдері.

– [ө] дыбысы фонема ретінде өзбек тілінде жоқ, яғни әліпбіде жоқ.

– <ғ> фонемасы түрік, түрікмен, чуваш тілінде ғана жоқ.

– <i> фонемасы ұйғыр, алтай тілдерінде жоқ.

Жалпы, туыс тілдердің арасындағы өзгешелікте фонетикалық ерекшелік басты рөл атқарады. Сонда қазіргі түркі тілдерінің арасындағы айырмашылық «қолдан жасап алған» әліпби алшақтығы мен әліпбіде бар әріптер негізінде дыбыстаған ауызекі тілдегі өзгешеліктерден туындалған отыр деп ойлаймыз.

2011 жылдың қазан айында, Стамбулға барған іссапарымызда түрік тілінің орфоэпиялық нормасына көніл аударуга тырыстық. Өйткені Қазақстанда тұратындарына 5-10 жыл болған түрік ағайындардың тілінде жергілікті, яғни қазақ немесе орыс тіліне бейімделу бар немесе шетелге келетін көбіне жастар болғандықтан, Қазақстандағы жастар тілі ағылшын жазуы мен айтылуына еліктелген жаңа буын, жас буын тілі болып келеді.

Жоғарыда айтқандай, тілдердің өзгеруі бір географиялық, экономикалық және саяси кеңістікте өмір сүріп, ортақ графи-

каны пайдалануға тікелей байланысты болып барады. Сонда Стамбул мен Мармара университеттері қызметкерлері мен оқытушыларымен пікірлесу барысында түрік тілінің орфоэпиясы үлкен өзгерістің қарсаңында тұр ма деген ойға келдік. Түрік халқының ата, аға буыны түрік тілінің ауызша әдеби тілінің нормасымен сөйлейді. Бұл нормада [ä] [ü] [i] дыбыстары бар. Тек [ä] дыбысы <e> фонемасының вариациясы болып айтылады. Кейде алдынан әнтек [y] косылып дыбыстады. Мысалы: *bilmek*, *ben*, *sen* сөздері жазбадағыдан <e> болып емес, [bilmäk], [bän], [sän] болып естіледі. Сонда, біздің ойымызша, түрік тіліндегі <e> фонемасының бір варианты, үш вариациясы бар. Олар: [ä], [ye], [e] және [ɛ] (транскрипцияда мақсатты түрде әртүрлі графиканың таңбаларын алып отырымыз).

Сол сияқты қысан, қысқа, езулік [i] дыбысы да түрік тілінде бар. Бұл дыбыстың /i/ графемасымен берілгенін жас буын ғана тұра қабылдайды, ал орта буын қысан езулік қылып дыбыстайды. Жас буынның әріптегі дыбыс деп қабылдайтыны барлық түркі халықтарының жастарына тән. Немесе ағылшын айтылымына салып, дыбыстайды. Мысалы, түрік жастарының тілінде [r] дыбысы сөз басында ғана анықтау айтылады, сөз ортасы мен сөз аяғында айтылмайды. Түрік жастарының ауызша тілінде ашық дауыстылардың қысандануы басым, қысқа дыбысталуы, көмекі дыбысталуы басым.

Мармара университетінің жанындағы Түркітану зерттеу институтының қызметкерлеріне түрік тілінің классикалық орфоэпиялық нормасы таңбаланды ма (аға буын тілін қағазға, таспаға түсірудің тілшілер үшін маңызы жоғары ғой) деп сұрағанымызда, тіпті мұндай ойдың болмағандығын айтты. Қысқасы, түрік жастарының ауызша сөзі бізге мүлде жат болып естілсе, орта буын мен аға буынның сөзі біршама түсінікті болды.

Ал өзбек тілінде [ä] дыбысының әліпби таңбасы жоқ, <a> фонемасының вариациясы болып айтылады. Мысалы, *ager*, *gal*, *daftari*, *äsälîm* сияқты көптеген сөздер [äger], [gäl], [däftäri], [äsälîm] болып, жіңішке, тіл алды, езулік болып,

дыбысталады. Сол сияқты /i/ графемасы төрт түрлі дыбысты танбалайды: [и] [seniki], [изни], [ы] [хызматкар], [ү] [margiyon], [э] [sogligэ].

Бұл жағынан РФ құрамына кіретін 63 аз ұлт тілдерінің ішінде орын алғатын солтүстік алтай тілдері – құман, чалқан, туба тілдерінің фонетико-фонологиялық жүйесі жақсы сакталған ба дейміз. Алдымен аталған тілдердің фонетикалық зертеу нысанына жан-жақты алынып, зерттелуі сүйсіндей: *Бичелей К. А. Фарингализация в тувинском языке*. Москва: Изд-во РУДН, 2001. *Дамбыра И. Д. Вокализм каа-хемского говора в сопоставлении с другими говорами и диалектами тувинского языка*. Новосибирск: ИД «Сова», 2005. *Кирсанова Н. А. Консонантизм в языке чалканцев (по экспериментальным данным)*. Новосибирск: Сибирский хронограф, 2003. *Кокорин В. Н. Вокализм в языке чалканцев (по экспериментальным данным)*: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата: Институт языкоznания АН КазССР, 1982. *Петрушова М. Б. Краткая грамматика кумандинского языка*. Новосибирск: НГУ, 2005. *Сарбашева С. Б. Фонологическая система туба-диалекта алтайского языка (в сопоставительном аспекте)*. Новосибирск: Сибирский хронограф, 2004. *Селютина И. Я. Кумандинский консонантизм. Экспериментально-фонетическое исследование*. Новосибирск: Наука, 1983. *Селютина И. Я. Кумандинский вокализм. Экспериментально-фонетическое исследование*. Новосибирск: Сибирский хронограф, 1998. *Селютина И. Я. Фонетические исследования языков Сибири: итоги и перспективы // Языковая ситуация и коммуникативные стратегии обучения*. Новосибирск, 2006. С. 20–36. *Селютина И. Я. Консонантные системы в языках народов Сибири: к проблеме типологии*. Новосибирск: ИД «Сова», 2009. *Селютина И. Я., Шалданова А. А. Южносибирский тюркский вокализм: общность и специфика // Гуманитарные науки в Сибири*. 2003. Вып. 4. С. 104–109.

Алайдабұл тілдерді зерттеуші ғалым И.Я. Селютина: «Изучение специфики диалектов Алтая направлено не на размежевание народов, а, напротив, на их объединение, консоли-

дацию. Разобщение в межэтнических взаимоотношениях не- конструктивно, оно, несомненно, приведёт к деградации малочисленных народов, к окончательной утрате ими своих языков и других составляющих духовной культуры, а в дальнейшем – и к полному исчезновению этносов как таксономических единиц. Практика показывает, что северные алтайцы, находясь в условиях двуязычия, а точнее – трехъязычия, в разговоре с представителями других энических групп Алтая переходят не на алтайский, поскольку не воспринимают его как родной, а на русский язык, что, естественно, не укрепляет позиции алтайского языка как языка межнационального общения народов Республики Алтай» дейді «Түркские языки северного алтая: к проблеме разработки алфавитов» атты мақаласында<sup>1</sup>. Яғни тұтынушылары аз тілдерді тұтынушысы көп тілдің әдеби тіліне бағындырып, сол тілдің әліпбін тұтындыру аз ұлттың құрып кетуіне бастайды дейді. Сөйтіп, зерттеуші алтай тілі әліпбі мен құман, туба тілдері алфавиттерінің арасын салыстырады. Соңғы тілдердің өзіне тән, алайда алтай әдеби тілінің әліпбіндегі жоқ Жәң, Йň, Құ, Fg, ү әріптерінің болуы бұл тілдердің артықшылығын көрсетіп отыр дейді. Яғни алтай тілінде осы әріптер беретін фонетикалық аллофондар болса да, жазба тілде болмаған соң әсіресе жас буынның бұл дыбысты айтпауы занды дейді. Сөйтіп, жана алтай тілінде осы дыбыстар айтылмайды. Тілшік қ дыбысы, тіл ортасы қ дыбысымен айтылатын болады. Сөйтіп, туба, құман тілдерінің әліпбі құрамы дауыстыларды фонематикалық принциппен белгілеп, ал дауыссыздарды фонетико-фонематикалық негізге табан тіреп құрганы белгілі болды. Аз ұлт тілінің әліпбіндегі, сейтіп, тілдің мағына ажырататын фонологиялық құрамы, сондай-ақ сөз просодиясына залалын тигізбеу үшін алынған фонетикалық реңктер де таңбаланған.

<sup>1</sup> Түркі академиясының «Түркі кеңістігі жаһандану жағдайында: саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени ұдерістер» гылыми бағдарламасы аясында «Ортак латын әліпбін түркі тілдеріне ендірудің және таратудын теория-практикалық негізлемесі» тақырыбының есебі колжазбасынан алынды.

Бұдан шығатын қорытынды: барлық түркі тілдерінің әліп-бillerін тілде бар дыбыс негізінде бірдейлестірмесе, енді бір елу жылдықта бір-бірімізді түсінуден қаламыз. Тіпті кеш те қалдық па.

## 1.6 Қазақ тілі орфоэпиясы: тарихи дамуы мен келешек бет-бейнесі

Қазіргі әлемде өмір сүріп жатқан 15 шақты түркі тілдерінің ішінде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алған 6 тілдің біреуі болып табылады. Қазақ тілі Ресей империясы мен Кенестер одағы құрамында болған 130 жыл ішінде тілдік ортасынан айырылды. Бірақ қазақ тілі мемлекеттік мәртебені 57 пайызғана сөйлеушілердің күшімен, тілдік ортаның жартысымен ғана алды. Бұл саяси-әлеуметтік фактор тілдің өз жүйесі мен құрылымына, әсіресе фонетикалық құрамына әсерін тигізбей қоймады. Сондықтан қазақ халқының өкілі ретінде қазақ тілінің дыбыстық құрамы қандай еді, қандай өзгерістерге ұшырады, болашактағы бет-бейнесі қандай болмақ деген мәселелер төнірегінде және қазіргі қазақ айтылымындағы өзгерістерден акпарат бере кеткіміз келеді.

Қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде қыпшақ, оның ішінде ногай, қарақалпақ тілдерімен бірге қыпшақ-ногай тобына жатады<sup>1</sup>. Қазақ сөзінің ресми түрде тарих сахнасына шығуы 20 ғасырдың 30 жылдары саналады, оғанға дейін **киргиз тілі, киригиз-қайсақ** халқы деген атпен аталып жүрді<sup>2</sup>. Бұгінде қазақ тілінде 12 млн қазақ сөйлейді. Әсіресе қалада тұратын қазақ отбасыларының жалғасқан 2 ұрпағы да қазақ тілінде сөйлеуі 90 жылдан бермен қарай, яғни Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан басталады. Сөйтіп, қазақ тілінде орыс тілінің акцентісіз сөйлейтін қазақтар қалада да көбейді.

Жалпы қазақ тілінің тарихына көз жүгіртсек, қазақ тілі үнемі өзге тілдің әсеріне тез шалдығып, тез есін жиып, иммунитетін тез көтеріп алып отырғанын көреміз. Ал тез әсер-

<sup>1</sup> Языки мира...243 б.

<sup>2</sup> Сонда... 243 б.

ленудің себебін іздесек, қазақ халқының білімге, ғылымға, жаңа ақпаратқа құштарлығы ма дейміз. Ислам мәдениеті мен шығыс әдебиетіне еліктегенде, мысалы, араб тілінің әсеріне ұшырады. Сондықтан қазақ тілі 19 ғасырдың II жартысына дейін екі кеңістікте өмір сүрді. Оның бірі – қазақ ауыз әдебитінің үлгілерінен көретініміздей – қазіргі жалпыхалықтық тілдің негізі болып табылған қазақ тілі де, екіншісі – Түркі кеңістігінде XV-XVI ғ. бастап, XIX ғ. екінші жартысына дейін қолданылған, ғалымдар арасында біресе *орта түрік әдебиет тілі* (Н.Сауранбаев), біресе *кітаби тіл* (Ф.Мұсабаев, М.Балақаев), *көне қазақ жазба әдеби тілі* (Әбілқасымов Б.), *кітаби мұсылманша татарша жаргон* (С.Е.Малов), *өзбек тілі* (А.Боровков), *шұбарланған қоспа тіл* (В.В.Радлов), *тілдік дәстүр* (С.Исаев), *ескі қазақ жазба тілі* (Н.Үәлиұлы) деген атпен аталып жүрген ескі қазақ жазба тілі болды<sup>1</sup>. Ол жазба тіл көбінде түркі халықтарына ортақ тіл болды. Проф. Р.Сыздық бұл қазақ тіліне «ертеден Орта Азия түркі халықтарында қалыптасқан эпистолярлық-ресми әдебиеттің тілі, таза шағатай тілі мен татар, қазақ тілдерінің элементтерін араластырып жазған әр алуан жанрдағы нұсқалардың, яғни діни кисса-дастандар, ислам канондарының аудармасы тағы сол сиякты әртүрлі үлгілердің тілі» деген анықтама берген<sup>2</sup>.

Сондықтан бұл тіл қазақ тіл білімінде ең алғаш *жазба тіл* деген ұғымды орнықтырды (бұрын қазақ әдеби тілінде жазба тіл деген ұғым болмайтын). Мысалы, Қазақ совет энциклопедиясында «Жазба тіл – жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік дәстүрі бар тіл. Жазба тілде ауызекі тілде тұтынудан шығып қалған дыбыс, сөз, тіркес, форма сакталады. Көне түркі тайпаларында сөз басында **с**, **ч**, **ж**, **й** дыбыстық вариантарын колданатын бірнеше диалект болғанына қарамай, орхон-енисей жазуы **й** вариантына ие диалект негізінде жасалып, өзге тайпалар үшін ортақ үлгі болды. Мұндай ортақ

<sup>1</sup> Күдеринова К. Қазақ жазуының теориялық негіздері Алматы, 2010. -376 б. 154 б.

<sup>2</sup> Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Арыс, 2004.-288 б.

жазба тіл қызметін ортағасырда түркі тілдерінің онтүстік тобының белгілерін молырақ сақтаған шағатай әдеби тілі, XVIII-XIX ғ. біршама татар жазба әдеби тілі атқарды»<sup>1</sup> деген жолдар бар. Сондай-ақ совет дәуірінде жазылған қазақ тіл білімі еңбектерінің бірінде: «Орта түркі жазба әдеби тілі – сол кезеңдерде бір-біріне әлдеқайда жақын, қазіргі кезде жігі әбден анықталып, жеке-жеке дербес халықтық, ұлттық тілдер дәрежесіне жеткен бұрынғы қарлұқ, оғыз, қыпшақ топтарының құрамындағы түркі туыстас тілдерінің бәріне ортақ тіл болды. Шығармалар тілі қалыптасқан әдеби норманың зандалықтарын сақтады. Ол зандалықтар негізінен оғыз, қарлұқ тілдерінің зандалықтарын қамтыды» дейді<sup>2</sup>. Яғни орхон-енесай түркілерінің тілінде де, ортағасыр түркілерінің тілінде де жазба тіл жалпытүркілік бірегейлікті (идентичность) сақтауға қызмет еткен тіл болды. Және сонысымен бірге әр ұлт тілінен жырақтау жатқан тіл болды.

Өзге лексикалық қор, бөтен грамматикалық құраммен жазылған мәтін барлық түркі жұртына ортақ жазба коммуникацияның рөлін атқарды. Бұл жазба тілмен С.Сараидың «Гүлстаны», Қ.Қосымұлының «Жами-ат тауарих», Әбілғазы Баҳадұрханның «Шежіре-и түркі» шығармалары, Махамбет, Абай шығармаларының Мұрсейіт қолжазбасы, ресми құжат, хат, жарлық, шежіре мәтіндері, алғашқы қазақ газеттері – «Түркістан уәләятының газеті», «Айқап», «Дала уәләятының газеті» жазылды. Бұл тіл бір инвариант фонеманы, соған сай бір инвариант грамматикалық форманы ғана қолданған жазу жүйесі еді. Бұл мәтіндерді әр түркі халқы өзінің ауызша тілінің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, тілті синтаксистік деңгейінде қалыпқа келтіріп, өз сейлеу нормасына сәйкес оқып, түсіністікке кол жеткізіп отырды.

Бұл шығармалар қазіргі қазақ әдеби тілінен алшақтау болғандықтан қазақ әдебиетінің ертедегі нұсқалары ретінде толыққанды қарастырылмай, мекептер мен жоғары оқу орындарында оқытылмай келді. Ескі қазақ жазба тілі кеңес дәуірі

<sup>1</sup> Қазақ совет энциклопедиясы. VI том, Алматы, 1974. –654 б. 214 б.

<sup>2</sup> Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары. Алматы: Гылым, 1987.- 173 б. 62 б.

тұсында негатив баға алғанын, құбыжық тіл, халықтан жоғары тұрған тәбе топ тілі деген атақ алғанын Н.Уәли жазба тілінің емле жүйесінің тым күрделілігімен түсіндіреді. Себебі ол тілдік жүйеде, біріншіден, Қараханид дәуірінен келе жатқан байырғы түркілік сөздер мен тұлғалар, қалың жұртшылық біле бермейтін араб, парсы сөздері және қарапайым сөйлеу тілі элементтері жүрді. Сондықтан халықтың белгілі бір әлеуметтік тобы ғана қолданды, бұқаралық сипат алмады<sup>1</sup>.

Тек проф. С.Исаев бұл тілді жатсыну мәселенің дұрыс шешілуіне кедергі болады деген<sup>2</sup> лікірінен соң, проф. Б.Әбілқасымовтың бұл тілге *қоне қазақ жазба әдеби тілі* деген термин бергеннен кейін осы жазумен жазылған ескерткіштерді қазақ әдеби тілінің мұрасы ретінде қарайтын көзқарастар пайда болды. Оған дәстүр жалғастыры да әсер етті.

XIX ғ. бермен қарай түркі кеңістігінде әр ұлттың егемендігі қүшейгенде бұл жазба дәстүр әр түркі тілінің аузынша сөйлеу элементтерін қабылдап, нормасын демократияландыра бастады<sup>3</sup>. Қазақ әдеби тілінің жазба нормасын қалыптастыруға қызмет етті. Сонда қазақ тіліне жат тіл дегенмен бұл жазба тілді қазіргі қазақ әдеби тілінің негізі болған тіл деп айта аламыз.

Бұған *ескі қазақ жазба тілі* деген терминдік атап берген, біздіңше, негізді атап берген Н.Уәли болды<sup>4</sup>. Бұл тілдің жалпыхалықтық сипат ала бастағанына «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетінің орны ерекше болды. Әсіресе 20 ғ. басындағы көркем әдеби шығармалар тілінде сөйлеу тілінің нормалары айқын көрінді<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> Уәли Н. А.Байтұрсынұлы – ұлттық жазудың негізін калаушы // Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі: тарихы, тағылымы және болашағы. А:Арыс, 2007. – 4106. 33 б.

<sup>2</sup> Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Мектеп, 1989. –192 б.

<sup>3</sup> Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Мектеп, 1989. –192 б. 107 б.

<sup>4</sup> Уәлиұлы Н. А.Байтұрсынұлы және казак жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы: Ғылым, 1999. –566 б. 103 б.

<sup>5</sup> Мамырбекова Г. XVIII-XIX ғғ. араб жазулы казак жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 2006.–130 б.

Осы әдеби тіл мен сөйлеу тілі синтезделген тілде жаңа қазақ тілінің фонологиялық құрамы қалыптасты. Яғни сөздің абсолют басында, бірінші буында **f**, **g** айтылатын болды және ә дыбысы пайда болды<sup>1</sup>. Әйтпесе «V-VIII ғасыр, сондай-ақ орта ғасырлардың алғашқы кезеңіндегі жазбалар тілінен ә фонемасы кездеспейтін»<sup>2</sup>. Ә фонемасының пайда болуымен бірге **ж**, **ш** дыбыстарынан кейін айтылатын жуан дауысты дыбыс жіңішкеруге бейімделді, мысалы, *жәй*, *иәй*. Сондай-ақ қазақ тілінің (басқа да түркі тілдерінің) ежелгі занұлылығы – **к**, **ғ** дауыссыздарының тек жуан дыбыстыларымен тіркес құруы бұзылды. Едәуір сөздер құрамында қ дауыссызы жіңішке дауыстылармен айтылып, қалыптасты: *қате*, *қызмет*<sup>3</sup>. Сонымен қатар кеңестік қазақ грамматикалары дифтонг дыбыс деп қараған *су*, *келу* сөздерінің құрамындағы у дауысын араб жазуын пайдаланған ғасырда жеке фонема ретінде бір әріппен таңбалады (кейін жартылай дауысты деп түсіндірілді). Дифтонг деп танылуы алдынан көмескі болса да бірде **ұ**, бірде **ү** естілуінен. Ал ол хақас тілінде – *сүг*, башқұрт тілінде – *һыу*, қырғыз тілінде – *сүү* болып, мына дыбыс сәйкестігін көрсетеді: *үғ//ыу//үү//ү*<sup>4</sup>. Сонда қазақ тілінде орыс тіліндегідей таза **у**, таза **и** фонемасы жок.

Ал 19 ғ. II жартысына дейін қазақтың ұлы ақыны Абай, Абай Құнанбаев (1845-1903 ж.) қалыптастырыған, бекіткен, нормалаған әдеби тіл негізінен тұнғыш рет қағазға түскен жалпыхалықтық тіл еді. Қазақ тілінің таза бұқаралық сипат алғаны Абай Құнанбаев, Махамбет Өтемісұлы, Дулат Бабатайұлы қалыптастырыған, жазба әдебиет арқылы қалыптастырыған шығармалардан басталады. 1913 жылы «Қазақ» газетіне жарияланған сталиндік репрессияның құрбаны Ахмет Байтұрсынұлының мақаласында мынадай жолдар бар: «1903 жылы қолыма Абай сөзі жазылған дәптер түсті. Оқып карасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Басқалығы сон-

<sup>1</sup> Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Фонетика. Алматы: «Мектеп», 1981. –206 б.

<sup>2</sup> Сонда... 10 б.

<sup>3</sup> Сонда... 6 б.

<sup>4</sup> Сонда... 11 б.

ша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосандап отырасын. Сөзі аз, мағынасы көп, терен. Сондықтан Абай сөзі жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, окушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік<sup>1</sup>. Бұл – жаңа сападағы қазақ тілінің жазба тілге түскендегі, жаңа қазақ тілінің әдеби нормасы басталғандағы көрінісін дәл сипаттап берген шынайы сөз.

ХХ ғ. басында Ахмет Байтұрынұлы ұйымдастырган «Қазақ» газеті келді дүниеге. Бұл ескі жазба тілден ажырай бастаған қазақ тілінің жаңа өмірі болды. Қазақ интеллигенттері жазуды ауызша тілге жакындаатты. Аталған газет халық сөйлеген сөзді бастырды. Бұрынғы тілде қосымшалардың бір ғана ұяң варианты болса, ендігі жерде қазақ тіліндегі сингармонизм заңына сәйкес қосымшалардың 6 варианты да таңбаланатын болды. Сөйтіп, қазақ жазуы фонетикалық жазуға айналды. Алғашқы орфографиялық ереже жасалған 1929 ж. конференцияда тілші-ғалым Е.Омаров морфологиялық принципті халықтың жалпы сауаты көтерілгенде, 5-10 жылдан кейін жүзеге асыруына болады деп, фонетикалық принципті дұрыс көрген.

Сөйтіп, 20 ғ. басында таңдалған емледегі басты фонетика-морфологиялық принцип қазақ тілінің ауызша және жазба жүйесін бір етіп жіберді. Сондықтан тілді зерттеу тек кана жазылған тілді зерттеу болып шықты. Жазылған тіл ауызша тілге ешқашан сәйкес түсे бермейтінін ешкім мойында-мады. Қысқасын айтқанда, қазақ тілін зерттеушілер табиғи емес, жасанды қазақ тілін зерттеді. Қазір де зерттеп журміз. Ол әсіресе, қазақ тілінің фонетикасына қатысты.

Қазақ тілі өзінің грамматикалық құрылышы мен лексикалық корын 15-16 ғғ. нормалап алды десек те, сол дәуірдегі қазақ әдеби тілінің алғашқы дыбыстық нормасы туралы акппарат беретін жазба ескерткіштер жоқ. Тек шығармалары ауызша жеткен, 15-16 ғғ. өмір сүрген ақындардың өлеңдері деген авторлық туындыларды білеміз. Сол дәуірдегі

<sup>1</sup> «Қазақ» газеті 1913. Алматы: Арыс. 2009.- 477 б. 5 б

ауызша әдебиет үлгілерінің тілін зерттеудің жалпы қындығы осында<sup>1</sup>.

Біздің зерттеуге алғып отырған нысанымыз тілдің грамматикалық құрылышының барлығы емес, оның ішінде фонетикалық деңгейі, дәлірек айтсақ орфоэпиялық нормасы. Ал фонетикалық деңгейді зерттеудің қындығы – өткен ғасырлардағы дыбыстық нормадан хабар беретін аудиомәліметтердің жоқтығы екендігі белгілі. Өзге тілдің, әсіресе орыс тілінің әсеріне шалдықпай тұрғандағы дыбыстық ерекшелікті тану тіптен қын. Ал бізге дәл сол қазақы дыбыстық ерекшелікті білу керек. Қазақ даласына бір жағы миссионерлік мақсатпен келген орыс зерттеушілері В.В. Радловтың ел аузынан естіген күйінде қағазға түсірген сөзформалары, Н.И.Ильминскийдің қазақ сөзіне арнаған әліпби құрамы, Ы.Алтынсариннің әліпбийінде келтірілген мысалдар біршама мәлімет бере алады.

Әйткені 20 ғ. басы – қазақ халқының ұлы перзенті А.Байтұрсынұлы айтқандай, мынадай заман болды: «Қалыпты шаруамыз өзгеріліп, қалпымыз да өзгерілейін деп тұр. Қалпымыз өзгеленсе қалай болатынымыз белгісіз, іргеміз тұтас ыдырамай, бірыңғай жатқан халық едік. Енді арамызға бөтендер келіп кірісейін деп тұр»<sup>2</sup>. Иргесі бұзылмаған елдің арасына кірген бөтендер – орыс тілінің үстемдігі кесірінен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі өзгерді.

Қазақ сахараасының шығыс, онтүстік, орталық өлкелерінен жазып алған мәліметтерден шындыққа жақыны В.В. Радловтың топтастыруында: 9 дауысты, 19 дауыссыз тіркелген<sup>3</sup>. Ал қазір 12 дауысты, 25 дауыссыз. Фонемалар санының көбеюі кірме терміндерді жазу үшін алған орыс тілі әріптері (в, ф, ә, щ, х, ч, ң, я, ю, и, ъ, ь) есебінен жүрді. Яғни бұл әріптер тек орыс тілі арқылы енген сөздерде жазылды және айтылды, орыс тілі орфоэпиясы сакталуы міндет болды. Сөйтіп, қазақ тілінің өз фонемаларында жаңа вариациялар пайда бол-

<sup>1</sup> Сыздық Р. Қазак әдеби тілінің тарихы, 60 б.

<sup>2</sup> «Қазақ» газеті 1913...

<sup>3</sup> Хұсайын К. Дыбыс. Магына сөз. Алматы, 2016. 6486. 3396.

ды: а) *газет*, *актив* тәрізді сөздердің тілімізде орнығуы арқылы **а** дыбысының тіл оргасы арқылы дыбысталатын жана бір сапалық вариациясы – а мен ә арасында айтылуы қалыптасты (*Күлаш*, *мінәжат*); (казақ сөзінде к, г дыбыстарымен жуан дауыстар тіркеспейтін) ә) *электр*, *элеватор* сөздерінің айтылуына орай бірінші буындағы е дыбысының вариациясы шықты (кет – *кэт*, *Ербол* – *эрбол*), б) тілімізде ертеден орныққан, г, з дыбысынан басталатын сөздер молайды<sup>1</sup>. Сондай-ақ кирил графикасымен бірге енген *и*, у әріптерін де фонема деп тану біржола бекіді<sup>2</sup>.

Ал қазақтың ұлттық фонетикасында мынадай дыбыстық вариациялар бар:

1. Екі дауыстының, үнді мен дауыстының арасында келген **б** дыбысы екі еріннің сәл жуысусы арқылы айтылады, бірақ **б** әрпі жазылады. *Бұл* – орыс тіліндегі ерін-тіс жуысусы арқылы жасалатын **в** фонемасы емес, түрік тіліндегі ерін-ерін жуысусы арқылы жасалатын **жұмсақ б** вариациясы. Мысалы: *ебедейсіз* – *еб<sup>°</sup>едейсіз*, *сабақ* – *саб<sup>°</sup>ақ*, *қабаган* – *қаб<sup>°</sup>аган*, *абай бол* – *аб<sup>°</sup>ай б<sup>°</sup>ол*, *әбігер болу* – *әб<sup>°</sup>ігер б<sup>°</sup>олуу*, *тәрбие* – *тәрб<sup>°</sup>іє*, *табақ* – *таб<sup>°</sup>ақ*, *жаз бойы* – *жаз<sup>°</sup> б<sup>°</sup>ойы*.

2. **Ш, с** дыбыстарының алдынан келген **п** фонемасы екі еріннің жуысусы арқылы **п** мен **ф**-ның аралығында айтылады: *tence* – *ten<sup>°</sup>ce*, *қапса* – *қap<sup>°</sup>са*, *көпшік* – *kəp<sup>°</sup>шук*, *тапсыр* – *taп<sup>°</sup>сыр*, *тапсір* – *taп<sup>°</sup>сір*, *тонса* – *ton<sup>°</sup>са*.

3. **Ш, с** дыбыстарының алдында **к**, **қ** дыбыстары жұмсарап, өзінің негізгі, яғни *қор*, *қала*, *тапқыр*, *көк*, *тек* деген сияқты сөздерді айтқандағы реңкінен айнып, жуысынқы айтылады. Мысалы: *ақша* – *ақ<sup>°</sup>ша*, *ақ шаңқап* – *ақ<sup>°</sup>шаңқан*, *ақ шағала* – *ақ<sup>°</sup>шағала*, *бақшаң-бақшаң* *ету* – *бақ<sup>°</sup>шаң-бақ<sup>°</sup>шаң<sup>°</sup>етуу*, *көк шәлі* – *кок<sup>°</sup>шәлі*, *көксеу* – *көк<sup>°</sup>сөү<sup>3</sup>*. Қазіргі қазақ жастардың тілінде тоғысынқы қ фонемасын жуысынқы айту жаппай құбылыс болып келеді. Мысалы, *мақта* сөзін *махта* деп айту деген сияқты.

<sup>1</sup> Томанов М. ... 5 б.

<sup>2</sup> Сонда... 20 б.

<sup>3</sup> Құдеринова Қ. Жеке дыбыстардың орфоэпиясы // Қазак тілінің орфоэпиялық анықтагыши А., 2005.

4. <п> фонемасы өзінен кейін айтылған дауысты не үнділердің әсерінен босаң <б> вариациясына айналады: *dən-dəңгелек - дəб-дəңгөлөк*.

5. Қазақ тіліндегі сөздер жалпы алғанда бірынғай жуан, не бірынғай жіңішке айтылады және жазылады да. Бірақ бұл занғылыққа қайшы сөздер де бар. 20 ғ. басындағы жазу нормасымен дәстүрге айналып кеткен *құрмет*, *қошемет*, *кітап*, *құдірет*, *қауесет*, *рақмет* сөздері тіл занғылығына сәйкес *құрмет* не *құрмат*, *кітап* не *қытап*, *құдырат* не *құдірет*, *қауасат* не *қауесет* болып жазылуы және айтылуы керек еді. Олай болмады. Сондықтан жазылуы бойынша оку себебінен тек жуан айтылатын қ фонемасының жіңішке айтылатын вариациясы пайда болды. Проф. Н.Уәли «Бұл жерде алдымен [қ]-ның жіңішке тембрінің пайда болуына әсер ететін тұрткі жайтқа назар аударуға тұра келеді. Сөздің соңғы буындарындағы жіңішке дауыстылар бірінші буындағы дауыстының жіңішке түрленіміне, ал ол өз кезегінде [қ] -ның жіңішке тембрлері реңк алуына әсер етеді. Сөйтіп, *құдірет*, *рақымет* дегендегі [қ] дауыссызы жіңішке [қ'] реңкпен айтылады» дейді<sup>1</sup>. Сол сиякты [қ] дыбысының әдеттегі жіңішке тембрінен басқа жуан тембрі бар.

Енді қазақ тіліндегі қатаандану процесіне келсек.

1. Т-дыбысымен іргелес айтылған **с** дыбысында негізгі, *сай*, *тас* деген сиякты сөздерді айтқандағыдай реңкінен бөтен айтылу сазы пайда болады. Екеуі де тоғысынқы болып табылатын дыбыстар катар келгенде, соңғы **с** айтылады. Мысалы: *сәтсіз* – *сәтсі* ғұз, *отсыз* – *отсі* ұз, *сатса* – *сатсі* а. Бұл **тс** дыбыс реңкін орыс тіліндегі **ч** дыбысымен шатастыруға болмайды<sup>2</sup>.

2. Т-мен іргелес келген **ш**, **ж** дыбыстары өзінің жуысынқы айтылуынан айнып, жабысынқы айтылады. Мысалы: *сатши* – *сатші* ы, *жат жер* – *жатші* ер, *жатжерлік* – *жатші* ерлік. **Тш**, **тж** дыбыс реңкін орыс тіліндегі **ч** дыбысымен шатастыруға мүлде болмайды. Оның үстіне **тш**

<sup>1</sup> Н.Уәлиев Қазақ тілінің орфоэпиялық аныктағышы А., 2005.

<sup>2</sup> Кудеринова Қ. Жеке дыбыстардың орфоэпиясы...

дыбысына қарағанда, тұжырымдағы сәл жуысының көрсетілгенін білген жөн. Әйтпесе сөз мағынасы өзгеріп немесе түсініксіз болып қалады<sup>1</sup>. Жалпы бұл нормалар Қазақ тілінің 2005 жылы шыққан орфоэпиялық сөздігінде көрсетілген<sup>2</sup>.

Бұл айтылу нормасы тек, жоғарыда айтқандай, тек **ш** мен **ж**-ның **т** дыбысымен іргелес жағдайында ғана болады. Ал жергілікті ерекшелікке жататын **ш**→**ч**-ға, **ж**→**дж**-ға айналдырып айту әдеби тіл нормасына жатпайды: *шық* (*чық емес*), *малиши* (*матчи емес*), *шатақ* (*чатақ емес*).

Қазақ тілінде **Ч** дыбысының араб жазуы кезінде, Байтұрсынұлы реформалаган жазу кезінде де әрпі болды. Ол араб әліпбииңдегі **ш** дыбысының таңбасы болмауымен де байланысты. Бірақ кейін латын (1929ж.), кирил (1940ж.) графикасына өткенде **Ч** дыбысының фонемалық қызметі жоқ деп шешілді. Сөйтіп, қазіргі түркі тілдерінің көбінде бар **Ч** фонемасы қазақ тілінде тек диалектіде және диаспора тілінде айтылады, бірақ жазылмайды. Мысалы, ауған, иран, түркіе қазактары тілінде барлық буындарда **Ш** орнына **Ч** дыбысы айтылады (*дегенче, черви, народамчы*)<sup>3</sup>. Бұл иран тілінің әсерінен болуы мүмкін<sup>4</sup>. **Ч**-мен сөйлеу Қазақстанның онтүстік, онтүстік-шығыс аймақтарында да басым. Бұл фонетикалық құбылыс Өзбекстан, Қыргызстан және Түркіменстанмен шекаралас аймақтардағы қазақ тілінде кездеседі<sup>5</sup>. **Ч** дыбысы қазақ тілінде өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдерінің әсерінен пайда болған дейді ғалымдар<sup>6</sup>.

<sup>1</sup> Күдеринова Қ. Жеке дыбыстардың орфоэпиясы...

<sup>2</sup> Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі А., 2005.

<sup>3</sup> Өтебеков Ауған, Иран, Түркія қазактарының тіліндегі кейбір дауыссыз дыбыстарға байланысты ерекшеліктер // Тілдік жүйе және құрылым. А., 1998.

<sup>4</sup> Османалиева Б. Иранские элементы в тюркских языках. Источники формирования тюркских языков в Ср. Азии и Южной Сибири. Фрунзе, 1966.

<sup>5</sup> Өтебеков Ауған... 43 б.

<sup>6</sup> Севорян Э. Материалы по сравнительной фонетике турецкого, азербайджанского и узбекского литературных языков // Сравнительная грамматика тюркских языков М. 1955.

Жалпы қазақ тілінде [й], [л], [ң], [р], [у] үнділері сөздің ұшар басында ілеспе қысанқ дауыстылармен айтылады: [йық] *йық*, [лақ] *лақ*, [рақмет] *рақмет* т.б. Бұл дауыстылардың аталмыш жағдайда магыналық жүктемесі әлсіз болғандықтан, жазуда елене бермейді<sup>1</sup>. Және бұл дыбыстарды жеке дыбыстағанда басқа дауыссыздарды айтқандай, өзінен кейін емес, алдынан қысанды қосып дыбыстаймыз: *ыл*, *ыр*, *ың*, *ый*, *ыу*.

Сол сияқты орман, орын, отын тәрізді сөздердің ұшар басындағы <о> дауыстысының ілеспе дыбыспен бірігіп [у] мен айтылатын [у отан]; *ет*, *ешкі* тәріздес сөздердегі <е>- нің іліспе [їе] түрінде дыбысталатын [ї ешкі, ѡ ет] т.б. түрленімдері бар<sup>2</sup>.

Қазақ тілінің негізгі дыбыстық занұллығы – үндестік заны (сингармонизм заны). Сөздің бірінші буыны жуан болса, соңғы буынға дейін сөз жуан айтылады. Бірінші буын жінішке болса, соңғы буынға дейін сөз жінішке айтылады. Және сөздің бірінші буыны еріндік дауыстымен айтылса, кейінгі буындардағы дауыстылар да, дауыссыздар да еріндікпен айтылады. Сонда қазақ тілінде жуан-еріндік үндесім, жінішке-еріндік үндесім, жуан-езулік үндесім, жінішке-езулік үндесім болып келген. Алайда В.В. Радловтың жинаған материалдарында ерін үндестігі кейде бұзылып, ерін-езу араласып отырады<sup>3</sup>. Бұл 19 г. бірінші жартысындағы қазақ тілінің дыбыстық занұллығында тіл үндесімнің (лингвалды сингармонизм) жетекші рөл атқарғанын, ал ерін үндесімнің (лабиалды сингармонизм) жаппай құбылышқа айналмаганын көрсетеді.

Әлем тілдерінің ішіндегі қазақ тілінің өзіндік орнын тауып, негізгі дыбыстық занұллығын көтерген ғалым проф. Э. Жұнісбек қазақ тілтанымына негіз болып келген үстем тілдер теориясынан арылу арқасында тілдің ақиқат дыбыс құрамы мен жүйесін төл теория тұргысынан анықтаудың

<sup>1</sup> Н.Уәлиев...

<sup>2</sup> Сонда...

<sup>3</sup> Хұсайын К., 345-346 бб.

мүмкін екенін айтқан. Радловтардың жазбаларын шынайы тіл деген. «Фонем ұғымын ендірген ғалымдар І.Кенесбаев, Талипов, Ж.Аралбаев екпінді негізгі, ал ұндесім занұлылығын көп фонетикалық құбылыстардың бірі етті» деп жазады автор<sup>1</sup>.

11 ғасырдағы Махмұт Қашқаридың сөздігінде негізінен екі ұндесім де таңбаланған: *тұбұн – астың тұбі*<sup>2</sup>, *бұрун – мұрын*, *тұтуу – тұтін*<sup>3</sup>, *бұрун – ілгер*, *тұғұн – түйін*<sup>4</sup>, *тұлұн – жүгеннің оң және сол жақтары*<sup>5</sup>, *толұн – толық*, бірақ *букін – әлсіз адам*, *үшіун – үшін*<sup>6</sup>, *үрі – үрлеңі*, *урды – қойды*<sup>7</sup>, сондай-ақ ерін ұндесімі екінші буында ғана таңбаланғаны және үшінші буында да таңбаланғаны бар: *отұрды (кесті, қиұды)*, *өтүрді (тесті)*, *ұшұрды, өшүрді, өтүглуг (өтініши бар)*<sup>8</sup>, *қоуұрлұқ (қонақтық)*. Бұл қазір оғыз, қыпшақ, қарлұқ болып топтастырылып отырған тілдердің өзара айырмашылығын танытады.

Қазақ тілін өзге түркі тілдерінің ішінде ұндесім занұлылығының мұрагері, ұндесім занұлылығын сактап келе жатқан тіл деуге болады. Сондықтан болу керек қазақ тілі туралы айтқан белгілі тұлғалардың сөздерінде, ен алдымен, тілдің тазалығы, өзге тіл әсеріне көп ұшырамағаны туралы айтылады.

Қазақ халқының ұлттық ерекшелігі ретінде бір феномен-ді құбылыс болған және қазір де бар. Ол – эпостық жырларды бірнеше күн бойы тоқтамай, жатқа айта білетін, есте сактау қабілетінің күштілігі. Жыр мақамынан жаңылмау, өлең жолдарының үсті-үстіне түйдектіліп құйыла беруі – осы қазақ тіліндегі ұндесім заңының әсерінен деген де көзкарас бар (А.Фазылжанова).

<sup>1</sup> Ә.Жұнісбек Қазақ фонетикасы. А., 2009. 312б. 3 б.

<sup>2</sup> Махмұт Қашқари Түркі тілдерінің сөздігі А.: «Хант», 1997. -590 б. 459 б.

<sup>3</sup> Махмұт Қашқари...460 б.

<sup>4</sup> Сонда... 460 б.

<sup>5</sup> Сонда... 461 б.

<sup>6</sup> Сонда... 106 б.

<sup>7</sup> Сонда... 196 б.

<sup>8</sup> Махмұт Қашқари, 183 б.

Сөздің бірынғай айтылуы эстетикалық жағынан жағымды әсер береді. Кедергісіз қабылдатады. Оны мақал-мәтелдердің күрамынан да байқай аламыз: *төгіз тоңқылдақ, бір шілдекілдек, жер-жебіріне жету*. Үндесім арқылы сөзді үзіп алмау, сөз ағымын тұтастыру, сейтіп, келесі ой түйдегін, сөз ұйқасын шакыру, ұмыттырмауга болады деген ойдамыз. Өйткені ғалымдар (В. В. Радлов, Бодуэн де Куртенэ, Қ.Жұбанов) анықтағандай, сингармонизмнің түбір мен қосымшаны қатырып ұстап тұратын («цемент») қызметі<sup>1</sup>, сөзжасауыштық қызметі негізгі.

Қ.Жұбанов 20ғ. басында үндесімді бүтін сөзге емес, түбірдің соңғы буыны мен қосымшасының арасына қажетті қатырғы деп анықтаған: «В этом, действительно присущем ему смысле, сингармонизм не опасен и не реакционен, а необходим. Он опасен в той научно неверной формулировке, которую дали Байтурсынов, Досмухamedов и др. и которая гласит, что «согласование звуков происходит не только между основой и аффиксами, а и внутри основы, так что всяческое казахское слово бывает целиком твердое, либо целиком мягкое». Это не научно, следовательно, не верно, потому что основы давно утратили внутреннюю агармонизацию (бывшую некогда тоже необходимой), как это видно из звукового оформления слов: қайте-мін – «что буду делать», бірақ – «однако», әпербақан – «нахал», мінтаздай – «без недостатков» и пр. и пр. Это же говорит за то, что условием разрушения сингармонизма в казахских основах послужил самый способ казахского словообразования путем словосложения (все приведенные слова первично состоят из двух слов), т.е. внутреннее «спонтанное» развитие самого казахского языка, а не наплыв иноязычных слов, как полагает К.Юдахин и многие другие, видящие в историческом развитии языков троцкистскую формулу развития путем внешнего насилия. Так как сами казахские основы допускают сочетание твердых и мягких звуков, т.е. сами они не знают агармонизации, то распространение закона агармонизации на основу

<sup>1</sup> В.Радлов...

международных слов нельзя квалифицировать как «подчинение закону сингармонизма», как допускает т.Аманжолов; здесь следует видеть насилие над сингармонизмом, насилие над законами казахского языка, в конечном счете насилие над казахским языком. Борясь с различными искажениями в применении закона сингармонизма прежде всего следует разобраться, уяснить себе в чем тут дело, иначе вполне возможно «вместе с водой выплеснуть и ребенка». Впрочем, кажущееся созвучие казахских основ происходит от того, что большей частью казахские корни односложны, а все остальные – суффиксы, если не живые, то мертвые, и как суффиксы – подчинены звукам односложной основы»<sup>1</sup>.

Проф. Қ.Жұбановтың бұл пікірі сингармонизм құбылысы туралы кейінгі көзқарастардың, әсіресе үндесім құбылысына қарағанда екпіннің қызметін алдыңғы орынға шығарған акцентті фонетика бағытының пайда болуына айтарлықтай әсер еткен. Сөйтіп, қазақ тіл білімінде европоцентристік көзқарас орнығып, акцентті фонология бағыты қүшейген.

Ал жазуға түспеген лабиалды сингармонизм тек орфоэпиялық сөздіктерде берілді. Оқулықтар ерін үндестігі өте сирек екенін кесіп айтты<sup>2</sup>. «Екінші буында о дыбысының айтылмауы – ерін үндестігінің әлсіздігін көрсетеді» деді<sup>3</sup>.

**Ерін үндесімі** – бірінші буындағы ерін дауыстылардың әсерінен (о, ө, ү, ұ) екінші-үшінші буындағы езуліктердің (ы, і, е) еріндікке айналып, ұқсап, жуықтап айтылуы. Қазақ тіліндегі ерін үндестігі қырғыз, алтай, тува тілдеріндегідей жаппай қамтитын құбылыс емес екені белгілі. Сондықтан ерін үндестігі жазба тілде көрініс таппаған. Қазақ тіліндегі ерін үндестігі – 2-3 буынға дейін сакталатын, ары қарай сөз

<sup>1</sup> К.Жұбанов Редакторские примечания Х.Жубанова к двум статьям С.Аманжолова «О языке перевода классиков М-Л» и «Элементы флексивности в казахском языке», опубликованных в трудах Казахстанского научно-исследовательского института национальной культуры, кн. I, Алматы-Москва 1935 год. // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 2010

<sup>2</sup> I.Кенесбаев Қазақ тіл білімінің мәселелері Алматы: Арыс, 2008. -600 б. 395 б.

<sup>3</sup> Сонда... 360 б.

неше буыннан тұрса да сонында езулікпен айтылатын құбылыс. Ерін үндестігінің 2-3 буынға дейін анық естілетін, айтылатын тұсы ашық буын жағдайында. Мысалы: *көбелек – көбөлөк, құбылыс – құблұс, сүйініш – сүйнүс, бөдене – бөдөнө, бұрылыс – бұрлұс, бұлініс – бұлнүс, көпене – көпөнө, күйініш – күйнүс, құйылтыс – құйлұс*.

Жалпы, ерін дауыстыларын еріндік реңкінің құштісінен әлсізіне қарай орналастырсақ, былай болады: **ө, о, ү, ұ**. «Ашықтан қысанға қарай а, ә, о, ө, е (ә), ы, і, ұ, ү, и, у; езуден ерінге қарай и, а, ә, ы, і, е, (ә), о, ө, ұ, ү, у<sup>1</sup>.

Сондықтан [ө] дыбысы үшінші бітеу буында сирек айтылады да, ашық буынды жоғарыдағы түбір сөздерден басқа жағдайда, мысалы, түбір мен жалғау жағдайында үшінші буын [ә] болып дыбысталады. Болмаса өзінен еріндігі әлсіз [ү] болып айтылады. Мысалы: *көркемдік – көркемдүк, өзенге – өзөңге, көркемдеу – көркемдеу*.

Тіліміздегі ерін үндестігінің жаппай қамтитын құбылыс емес екенін жалғаулар арқылы білуге болады. Жалғаулар қатарында ө-мен келетін еріндік вариантар жоқтың қасы. Сондықтан сөз ашық буынды болса да, үшінші буындағы жалғау езулікпен айтылады. Мысалы: *тәбеле – тәбеле, тәпеле – тәпеле<sup>2</sup>*. Ерін үндестігінің **бұл нормасы әдеби норма болып табылады**. Кейбір, әсіресе Қазақстанның шығыс аймағында ерін үндесімі 4-5 буынға дейін айтылады. Бірақ ерін үндесімінің 3-буынға дейін айтылатын нормасы қазіргі жастардың тілінде мүлде жоғалып бара жатыр деуге болады. Бұл қатарда қала жастары бірінші орында тұр. Орта буын өмірден кеткенде қазақ тіліндегі ерін үндесімі де езуден кететін сияқты.

Бүгінде ықшамдау құбылысы, яғни дауысты дыбыстың бірінің тұсіріліп, сусып, көмексі айтылуы көбірек және занұнды құбылыс. Мысалы: *алты атар - алт'атар, екі ағайынды – ек'агайынды, төргі үй – төрг'үй, қараауыз - қар'ауыз, саптыаяқ – сапт'айақ*. (Мұндағы ' (апостроф) дыбыстың тұсірілуін білдіреді).

<sup>1</sup> Кенесбаев И. Қазақ тіл білімінің мәселелері... 360 б.

<sup>2</sup> Күдеринова К. Жеке дыбыстардың орфоэпиясы...

Сөйтіп, біз мұнда қазіргі қазақ дыбыстық сөзіндегі айтылымдарды түгендеуге тырыстық. Бұл айтылым ұлгілері 2005 ж. проф. Ә.Жұнісбектің бастамасымен және редакторлығымен жарық көрген «Қазақ тілі орфоэпиялық сөздігінен», проф. Н.Уәлидің «Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері» (1993ж.) атты диссертациялық зерттеуі негізінде қорытылды.

Сонда 19 ғ. бірінші жартысына дейін қазақ тіліндегі ұнделсім зандылығы тіл және ерін ұнделстігі түрінде болды. Тілдегі ұнделсім алдымен кірме сөздер және біріккен сөздер арқылы бұзылды. Сондай-ақ кірме жүрнектар бұзып келеді (хана, паз, қор, кер). 19 ғ. басында қазақ халқының ұлы перзенті А.Байтұрсынұлы қолданыстағы араб жазуына реформа жасады. Қазақ тілінің фонологиялық құрамын анықтады. Таңбаланатын дыбыстардың санын анықтады. Негізгі дыбыска, инвариант фонемаларға ғана әріп арнады: 24 әріп, 1 дәйекшеден тұратын қазақтың тұнғыш әліпбі мен емлесін жасады. Бұндағы негізгі мақсат қазақ тілінің төл дыбыстық табигатын ғасырлар бойында, өзге халықтармен араласатын заман ішінде сақтап қалу еді. А.Байтұрсынұлының өз сөзімен айтсақ: «Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттар ғана тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы һеш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлттына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашипас қамын ойлаганда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда һәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып, жоғалуға ықтимал»<sup>1</sup>. 21 ғ. қазақ тілінің жоғалмауына латын графикасына көшу арқылы, орфоэпиялық нормага нұқсан келтірмейтін жазу жүйесін жасау арқылы қол жеткізе аламыз ба деген ойдамыз.

<sup>1</sup> «Қазақ» газеті... 20 б.

## 1.7 Түркі тілдері дауыстыларының салыстырмалы сипаты және екпін туралы

Тұыс тілдер арасындағы айырма негізінен дауыстылардан көрінеді және дауыстылардың алмасуы арқылы туыстыры көрінеді. Сондықтан біз тәменде түркі тілдері дауыстыларының салыстырмасын беруге тырыстық. Кеңес дәуірі кезеңіндегі ғылыми әдебиеттер мәліметі бойынша, түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстар саны 8-11 аралығында<sup>1</sup>. Олар: **а, ё, ә, е, о, Ѻ, ى, ї, і, у (ы)**.

Бұл, ерине, әліпбидегі әріп санына байланысты алынғаны, сондай-ақ орыс тілі арқылы енген сөздерді жазу үшін алынған түпнұсқа принципімен жазылатын сөздерге арналған орыс тілінен енген әріптердің есебінен де болып отырганы белгілі. Түркі тілдері өзара фонетикалық жағынан дауыстылардың жуан-жіңішкелігіне емес, ашық-қысан, ерін-езу және созылыңқы-қысқа дыбысталуына қарай айырылатын сияқты. Сондықтан тәменде белгілі түркітанушы ғалым М. Томановтың зерттеу нәтижелері бойынша түркі тілдеріндегі дауыстылардың салыстырмалы сипатын береміз<sup>2</sup>.

**Түркі тілдеріндегі ашық, қысан дауыстылар.** Түркі тілдерінде ашық-қысан дауыстылардың саны әр тілде әртүрлі. Сонда ашық дауыстылармен сөйлейтін тілдер мен қысан және жартылай ашық дауыстылармен сөйлейтін тілдердің дыбысталады. Башқұрт пен татар тілі, сондай-ақ өзбек, саха, шор, тыва, чуваш тілдері қысан дыбысталады. Қазақ тілінде түбірде айтылатын о дыбысы, өзбек тілінде у болып келеді. Басқа тілдер [о] -мен айтатын сөздерде татар мен башқұрт тілі [у] түрінде дыбыстайды: үл, йүк, уқ. Тува, саха тілдерінде басқа тілдерде **а** айтылатын орында қысан **ы** айтылады (З-кесте).

<sup>1</sup> Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы: «Мектеп», 1981.- 206 б.

<sup>2</sup> Сонда.

қазақ тілінде	саха, тыва тілінде
жат	сыт, чыт
қарын	хырын
жарық	чырық
ай	ыл
қалың	қылтын

Чуваш тілінде а дыбысы қысқа және қысан дыбысталауды.

Әзербайжан тілі ашық, қырғыз тілі мен қазақ тілі ашық және жартылай ашық дыбысталатын тілдер болып саналады.

Дауыстылары 2-ге ғана, ашық және қысан болып жіктелетін тілдерге саха, алтай, тува, қырғыз, қарашибай тілдері жатады. Бұл тілдерде дауыстылар саны тен, 4-тен 8-ге дейін.

Дауыстылар 3 топқа ашық, жартылай ашық, қысан болып жіктелетін тілдерге әзіrbайжан, қарақалпак, башқұрт, татар, чуваш, қазақ, хақас тілдері жатады. Дауыстылар саны сондықтан 9-11 арасында. Оғыз тобында жартылай ашық айтылатын ә дыбысы бар. Сонда түркі тілдерінде <a>, <ә>-<e> фонемасы → <a>-<ә>, <e>-<ә> гиперфонемаларына ажыратылған. Ашық дауысталу тілдің алғашқы даму кезінде, кейін қысан, жартылай қысан дыбысталу пайда болған. Ашық-қысан дыбысталу басында мағына ажыратпаған, кейін ажырата бастаған.

Татар, башқұрт, чуваш тілдерінде жартылай қысан дыбысталатын і, ё, і дауыстылары бар.

Е фонемасы – көне түркі тіліндегі ә дыбысының е мен ә-ге дифференцияланаған түрі. Көне түркідегі осы дыбыс кейінгі тілдерде ә, ә, е, и дыбыстарына сәйкес келеді: кәл, кел, гил. Қазақ және қарақалпақ тілдерінде е дыбысы сөз басында дифтонг түрінде дыбысталады. Бұл дыбыстың ерекше көрінісі татар, башқұрт, хақас тілінде кездеседі. Яғни ә, и-ге айналып дыбысталады (4-кесте).

Тілдер	сөздер
қазақ	етек
әзербайжан	әтәк
Үйгыр	этәк
Өзбек	этак
Татар	итәк
башқұрт	итәк
Хакас	идәк
Алтай	әлек
Құмық	этек

Ашық дыбысталудың қысандауы ерін дауыстылардан да көрінеді. Түркі тілдерінде басқы буында [o] – [y] – [ψ] дыбыс сәйкестігі бар. Мысалы: қол, хол, күл.

Өзбек тілінде сондай-ақ басқа тілдердегі о дыбысына сәйкес келетін, бірақ олардан қысан айтылатын о дауыстысы бар, у мен о дыбысының арасында айтылатындықтан өзбек жазуы оны у түрінде таңбалаған: *үжар – ажар, үймақ – ою, үйламоқ – ойламақ*.

Татар, башқұрт тілдерінде де о дыбысы қысан айтылатын у дыбысы болып қалыптасқан.

Татар, башқұрт тілдерінде ө дыбысының орнына у дыбысы айтылады: үрнәк (өрнек), үзем (өзім), үзәк (өзек), үткән (өткен), үтенеч (өтініш), үсемлек (өсімдік), күп (көп), чұп (шөп), чұл (шөл), күл (көл).

Бірақ кейде керісінше басқа тілдерде ү дыбысталатын орында татар тілінде ө дыбысталады: өс (үсті), өстәл (үстел), гөл (гүл), көн (күн), төн (түн), көз (күз). Бұл дыбыстың орнына жінішке айтылатын у дыбысы сәйкес келеді: *үлік* (өлік), *үлчам* (өлшем), *узга* (өзге). Өзбек тілінің қыпшақ диалектісінде ө дыбысы айтылады.

Көне түркі жазуында <ψ/y>, <o> фонемаларына бір таңба, <γ> және <ө> фонемаларына ортақ бір таңба берілгені – түркі тілдеріндегі сөз мағынасының ажыратылмауынан таңбаланған деп білеміз. Қазақ, қарақалпақ, ногай, құмық, карашай тілдерінде ө дыбысы сөз басында дифтонгі болып алдынан жінішке, қысан дауысты қосылып айтылады.

**Түркі тілдеріндегі ерін, езу дауыстылары.** Түркі тілдеріндегі ерін, езу дауыстылар мен езу дауысталардың арасында мынадай сәйкестік бар (5-кесте):

5-кесте. Ерін/езу дауыстылар

еріндік	O	ö	û-u	ü
езулік	A	ä-e-ə	u	i/î

Көне түркі жазуында <a> - <e> фонемалары бір таңбамен, <o> - <u>, <ö>-< ü > фонемалары ортақ таңбамен берілген<sup>1</sup>.

Бірақ ауытқышылық бар: өзбек (6-кестеге қараңыз) және татар мен башқұрт тілінде а езулігі біршама еріндікпен айтылады. Дегенмен татар тілінде айқын, башқұрт тілінде әлсіз.

6-кесте. Ерінмен айтылатын езуліктер

қазак және басқа тілдерде	өзбек тілінде
at	Ot
ata	Ota
балта	Болта
бас	Бош
tamaқ	Томақ

Айқын езу емес дауысты мен еріндікпен айтальтын а фонемасы сөз мағынасын ажыратады. Чуваш тілінде а фонемасы o, у фонемасына айналған. Қора (сын есім), қара (етістік). Ал жалпытүркілік а дыбысы чuvаш тілінде туыс атаулар мен өзге тілден енген сөздердің құрамында айтылады. Anna (ana), atta (ata), қажсақ (қасық).

Басқа тілдерге қарағанда татар мен башқұрт тілдерінде а дыбысы жуанырақ айтылады: oa түрінде.

Ерін дауысты езу дауысты болып айтылатын тіл де бар, ол – чuvаш тілі (7-кесте). Мысалы,

<sup>1</sup> Күдеринова К Казак жазуының теориялық нег...

<b>Басқа тілдер</b>	<b>Чуваш тілі</b>
<i>Мойын</i>	<i>Мый</i>
<i>Бұлт</i>	<i>Пелет</i>
<i>Бугін</i>	<i>Петем</i>
<i>Күміс</i>	<i>Кемел</i>
<i>Жұмыртқа</i>	<i>Дымыртқа</i>
<i>Бұзату</i>	<i>Пызо</i>
<i>Жұлдыз</i>	<i>Чылты</i>
<i>Бұл</i>	<i>Былым</i>

Түркі тілдеріндегі о дыбысы қысқа және қысан әйтылады, ерін кейін қарай көбірек жиырылып, ауыз қуысы тар ашылады. Бұл сипат барлық тілдерде бірдей бола бермейді. Ол әсіресе соңғы буындағы о дыбысына байланысты.

**Түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстылар.** Дауыстылардың созылыңқы айтылуы алтай, қырғыз, гагаузы, түрікмен, тува, хақас, шор, саха тілдерінде бар.

Алғашқы созылыңқы дыбысы бар тілдерге – саха, түрікмен тілдері жатады. Саха тілінде созылыңқы дыбыс жіңінен дауыстылардың созылыңқы айтылуы алтай, қырғыз, гагаузы, түрікмен, тува, хақас, шор, саха тілдерінде бар.

8-кесте. Созылыңқылықты салыстыру

<b>басқа тілдерде</b>	<b>саха тілінде</b>
<i>тас</i>	<i>таас</i>
<i>су</i>	<i>үү</i>
<i>ұлы</i>	<i>үлүү</i>
<i>ұл</i>	<i>үол</i>
<i>тұра</i>	<i>тұорға</i>
<i>тұр</i>	<i>тұүр</i>
<i>тұн</i>	<i>тұүн</i>

Саха тілінде созылыңқылар түбірде ғана емес, қосымша құрамында да қолданылады: *қалып*, *сурүаачы* (жазушы), *біләәччи* (*білгіш*), *кустаагар* (*құстай*), *агалаах* (*әкелі*).

Ал түрікмен тіліндегі созылыңқылық бірдей дыбысталатын сөздерді мағыналық жағынан ажырату үшін қолданылады. *Ақ* (сын есім мен етістікті), *аз* (сын есім мен етістікті),

өт (малдың өті, судан өту). Түрікмен тілінде ә дыбысы созылыңқы айтылады. Бұл тілде созылыңқы дыбыстар араб, парсы сөздерінде қолданылады. Орыс тілінен енген сөздердің екпінді буынындағы дауысты созылыңқы айтылатын болып қалыптасқан: *аптамабыл, апрыл, тилпун, завут*.

Бірақ қазіргі түрікмен тілінде бұл айтылым – нормадан шығып бара жатыр.

Ал алтай, тува, хақас, шор, қырғыз, гагаузыз тілдеріндегі созылыңқылық:

1. дауысты мен дауысты дыбыстың тіркесіндегі өзгерістен;
2. екі дауыстының ұласуынан;
3. буын элизиясы негізінде пайда болғандар.

Бұл тілдердегі созылыңқылық өзге тілдердегі дифтонгіге сәйкес келеді. Сондықтан екінші дәрежелі құбылыс саналады. Мысалы, *<a>* созылыңқы дыбысы *a+f* (у) дыбыс тіркесінен қалыптасқан: *саам – сағам, жаа – жау*. Қырғыз тілінде араб тілінен енген сөздер созылыңқы айтылады: *аадам, аалым.о* созылыңқы дыбысы *o+f* (у) дыбыс тіркесі негізінде қалыптасқан: *меер, тоо, соо, боор, жоо*. У дыбысы **ұқ, ұғ, ұу** дыбыс тіркесінің орнына айтылады. Қырғыз тілінде у/ү дыбыстарының алдынан, басқа тілдердегідей, дауысты селбесіп дыбысталмайды. Бұл тек қырғыз тіліне тән ерекшелік болуы мүмкін.

Қырғыз тіліндегі созылыңқылық барлық қосымша құрамында кездесе бермейді. Олар шартты райда, *ып, іп* көсемшесінің құрамында, жинақтау сан есімдерінде және тұйық етістікте бар. Созылыңқы дауыстылары бар тілдер іргелес емес, сондықтан түркі негіз тілінің құрамында болған деңен көзқарас тудырып отыр. Тарихи даму барысында созылыңқылар қысанданып кетсе, бірде дифтонглердің қалыптасуына негіз болған. Көп тілдерде созылыңқының сақталмауы бас буынның өзгерісімен байланысты. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталған бірінші буын екпінді болады.

**Түркі тілдеріндегі екпін туралы.** Жалпы, екпін дегеніміз сөз ішіндегі бір буынның күшті айтылуы және осы түсірілген дауыс күшінің сөз мағынасын айыратындығы болады.

лып табылады. Екпін қызметі негізінде флективті тілдерде айқын. Флективті тілдерде екпін сөзді дискретті бірлік ретінде айырады, синтагмадағы өзге бірліктерден шегарасын айқындайды және сөз мағынасын айырады. Флективті тілдерде динамикалық екпін суперсегментті қызмет атқарады.

Түркі тілдеріндегі екпіннің үш түрі көрсетілетін: 1) экспираторлы немесе динамикалық екпін; 2) әуезді екпін, дауыс тонының көмегімен ерекшелену; 3) квантативті, дыбыстың созылынқы не қысқа болуына қарай<sup>1</sup>. Түркітануға қатысты барлық әдебиеттерде түркі тілдерінде екпін сөз соңына түседі делінеді<sup>2</sup>.

Түркі тілдеріне экспериментті фонетикалық зерттеу жүргізгенде көп буынды сөздерде екпіннің соңғы буынға түсетіні және қосалқы екпін болатыны, қосалқы екпін сөздің алғашкы буынына түсетіні белгілі болған<sup>3</sup> И.Кунош та түркі тілінде екпін бірінші буынға түседі, ал соңғы буында әуезді екпін байқалады дейді<sup>4</sup>. Сонда сөз аяғы мен сөз басындағы қосалқы екпін сөздің тұтас бір фонетикалық тұтастық еке-

<sup>1</sup> Севорян Э.В. Фонетика турецкого литературного языка. –Москва: Наука, 1955.. 403б.

<sup>2</sup> Кенесбаев С. К вопросу о закономерностях акцентуации в казахском языке. //Вопросы казахской филологии. –Алма-Ата: Наука, 1964. 11-22 с. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1966. -360 б. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. –Москва: Наука, 1984. -484 с. Кенесбаев І.Казак тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Арыс, 2008. -602 б. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. –Казань, 1846. – 115 с. Кононов А.Н. Грамматика турецкого языка. – М.: Восточная литература, 1956. – 565 с. Махмудов М. Словесное ударение в узбекском языке. –Ташкент: ФАН, 1960. Севорян Э.В. Фонетика турецкого литературного языка. –Москва: Наука, 1955. 9. Абдуллаев Ш. Место и природа словесного ударения в современном азербайджанском языке (в свете экспериментальных данных). Автреф. дис...канд.филол.наук. –Баку, 1964. 17-18 с. Ахматов Т. Звуковой строй современного киргизского литературного языка (экспериментально-фонетическое исследование). Фрунзе, 1970. – с. Орусбаев А. Киргизская акцентуация. Фрунзе, 1974. Омарбекұлы С. Қазак тіл білімінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. –312 бет.

<sup>3</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. М.: Наука, 1984. – 484с 408б.

<sup>4</sup> Сонда...403б.

нін айырады дегенге проф. З.М.Базарбаева қазақ тіліндегі сөздердің бәрі бірдей сөйлем ішінде үнемі дербес екпінгे ие бола бермейді, онда ырғакты-сингтагмалық екпін болады деп дамытады<sup>1</sup>. Бұл да алдыңғы айтқандарымыздың нақтылай туследі.

Түркітануда бұл пікірді бұзатын профессор Ә.Жұнісбектің өзіндіктеориясы бар: «...на протяжении десятков лет описание тюркской словесной просодии ничем не отличается от описания индоевропейского словесного ударения... Причиной этого, надо полагать, послужили исследования по тюркской фонетике, в которых ведущей, более того единственной просодической единицей считается словесное ударение... Коммуникативно-интонационную оформленность и логико-экспрессивную выделенность того или иного слога в составе того или иного, якобы изолированного, многосложного слова в составе «скрытого» текста нельзя считать словесным ударением»<sup>2</sup>. Фалым әр тілдер семьясын айқындайтын просодиялық құралдар бар, оның ішінде түркі тілдерінің басты просодикалық заңдылығы үндесім заңы дейді. Дат ғалымы К.Гренбек те түркі тілінде екпін жоқ екенін айтқан<sup>3</sup>.

Үндесім заңдылығы басым тілдерде екпін рөлі болмайды, бейінде сім көбейген тілдерде екпін қүшейеді<sup>4</sup> деген пікір, біздіңше, орынды. Қазіргі өзбек тілінде екпін маңызды суперсегментті қызмет атқара бастады. Өйткені қазіргі өзбек тілін өз түркі тілдерінен үндестік заңының бұзылуы ерекшелеп тұр<sup>5</sup>. Біздің ойымызша, түркі тілдеріндегі екпінді соңғы буында деу – лингво-лабиалды тұтастықта айтылатын сөз ағынын бөлу, сингтагмадағы сөздің шегарасын айқындау қызметімен байланыстыру.

<sup>1</sup> Базарбаева З.М. Казак тілі: интонология, фонология. Алматы, 2008.

<sup>2</sup> Жунисбек А. Введение в сингармоническую фонетику. –Алматы: Арыс, 2009. -109 с. 28-29 бб.

<sup>3</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков...403 б.

<sup>4</sup> Сонда... 439 бет

<sup>5</sup> Махмудов А. Согласные узбекского литературного языка Ташкент: Фан, 1986. -237с. 5 б.

## **1.8 Түркі жазуларындағы фонетикалық құбылыштардың таңбалануы**

Мұнда қысқа түрде түркі фонетикасының өзіне тән басты зандылығы – үндесім, үнем құбылышының, дыбыстық өзгерістердің таңбалануы туралы айтпақтыз.

**Алдымен ерін үндесімінің таңбалануы жайында.** Түркітілдеріндегі үндесім құбылышының әліпби, жазу үнемділігі үшін мүмкіндігі бар екендігін алғаш А.Байтұрсынұлының әліпбі дәлелдеді және осы әліпбиді жоғары бағалаған Н.Ф.Яковлевтің, Е.Д.Поливановтың мақалалары айқыннады. Н.Ф.Яковлев 10 дауыстыны 5 әріппен таңбалауға болатын тілдер деп қазақ, башқұрт, қыргыз, түрікмен тілдерін атаған, себебі сингармонизм осы тілдерде жақсы сақталған деген түркітанушылардың алғашқы съезінде<sup>1</sup>. Және «Для каждого совершенно ясно, что сингармонизм существует в некоторых, и притом в наиболее отсталых языках, а у более передовых, в силу смешения языков, сингармонизм отсутствует»<sup>2</sup> деген. Зерттеушінің «артта қалған тіл» дегеніне локалды тіл, түпнұсқасын сақтаған таза тіл деген өзінің түсініктемесі сәйкес келеді: «Это верно, это прямое следствие того, что они мало подподали под культурные иноязычные влияния, вследствие своей удаленности от культурных влияний»<sup>3</sup>. Ал сол құрылтайда сөз алған Омар Алиев: «Сингармонизм – это уже создание орфографии»<sup>3</sup> деген. Яғни жазу категорияларының ішінде әліпби мен графика мәселесі жазба тілдің қалыптасу кезеңінде қаншалықты дұрыс шешілсе, кейін сөз болатын орфография мәселесі де соншалықты оңай шешімін табады деген сөз. Сонда сингармонизмге негізделген жазу орфография проблемаларын азайтады деген сөз.

Үндесім зандылығына А.Байтұрсынұлы әліпбі негізделді, 1922-1930 жж. латын графикасына негізделген барлық дерлік түркі емлесі сүйенді деуге болады. 1929 ж. 2-4 маусы-

<sup>1</sup> Стенографический отчет...175 б.

<sup>2</sup> Сонда...137 б.

<sup>3</sup> Сонда... 142 б.

мы аралығында Қызылорда қаласында өткен қазақ тілі емле конференциясында Т.Шонанов емленің негізіне ең бірінші дыбыстардың ілгерінді, кейінді ықпалы, тіл дыбыстарының диссимиляциясы және соңында даусты дыбыстардың үндесім алдық деген. Алайда түркі тілдерінің дыбыс қоры акцентті-фонологиялық теория мен сингармонологиялық теория негізінде жарыса анықталғанмен, үндесім заңына табан тіреген жазудан фонемаға (дыбысқа) негізделген латын, одан кейін орыс графикасына көшуіміз тіліміздің басты заңын – үндесім заңын, әсіресе қазақ тілінде, екінші дәрежелі қосалқы құбылыс қатарына таstadtы. Өткен ғасырдың 80 ж. қазақ тіліндегі екпін құбылысының күмәнділігі проф. Ә.Жұнісбектің бұл фонетикалық заңдылыққа басқа қырынан қарауына әкелді. Сонымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіндегі ең кіші бірлік, фонема емес, сингема, яғни сингармоварианттар болды. Сөздегі дыбыстар дауысты, дауыссызына қарамай бірыңғай жуан, не бірыңғай жінішке, не бірыңғай жуан еріндік, не бірыңғай жінішке еріндік екені түркілік фонетика түрғысынан анықталды<sup>1</sup>.

Профессор М.Жүсіпұлы «Сингармонизм – сөздің фонетикалық және фонологиялық бейнесінің просодиялық таңбасы, сөз құрамындағы барлық дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жарты дауысты) қамтиды; сөзді акустикалық және мағыналық жағынан тұра қабылдаудың кепілі... Сингармонизмнің тағы бір коммуникативтік қызметі сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіру. Сөз, сөздің құрамындағы буындардың барлығы бір сингармониялық тембрмен сипатталаады»<sup>2</sup> деп үндесім заңын бір сингармотембрге ұйысқан сөздің бүтіндігі турагы айтты.

Үндесім құбылысының екі түрі – тіл және ерін үндесімінің парапарлығы турагы да осы зерттеулерден кейін ғылыми көпшілік назарына алынды. Десек те бұрынғы кеңестік түркі мемлекеттерінің орга және жоғары мектеп бағдарлама-

<sup>1</sup> Джунисбеков А. Инструментальный анализ гласных // Страй казахского языка. Фонетика. – Алматы: Наука, 1991.

<sup>2</sup> Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және казіргі қазақ тілі фонологиясы. –Алматы: Гылым, 1998. -215 б. 107

ларында үндесімнің тіл және буын түрі деп оқытылып жатқаны жасырын емес. Ерін үндесімнің үндесім қатарына да алынбайтынының бір себебі бұл құбылыстың барлық түркі тілдерінде бірдей көрініс таппайтынында болып отыр. Яғни жазба тілде таңбаланбайтынында. Сондықтан төменде зерттеуші Б.К. Көпбосыновтың «Қазақ тіліндегі үндесім дауыстыларының үндесім белгілері» атты зерттеу мақаласынан мына бір үзіндіні назарларыңызға ұсынуды жөн көреміз: «В.А. Богородицкий түрлі түркі тілдерінің сөз формаларындағы сингармонизм зандалықтарын тұжырымдап шықты. Ол түркі тілдеріне тән сегіз дауысты дыбысқа (о – ö, и – ü, а – ä/e, у(ы)-i) негізделген сегіз тордан тұратын кесте жасады да, көлденен төрт қатарына түбір буынындағы төрт ерін дауыстыны, яғни о – ö (жуан), и – ü (жіңішке); аффикстік вокализмнің екі типіне сәйкес кестені тігінен екіге бөліп, еріндік: а – ä/e (ашық), у-i (қысан) дыбыстарын орналастырды.

В.А. Богородицкий түрлі түркі тілдерінде қосымшалардағы ерін үндестігі біркелкі болмайтынын анықтады. Барлық түркі тілдері қосымшалардағы ерін үндестігін толық қолданулары және аз қолдануларына байланысты белгілі бір шкала бойынан орын алады. Бұл шкала бойынша түркі тілдері төмендегі тәртіппен берілген:

- 1) қыргыз және алтай тілдері,
- 2) қарайым және шор диалектілері,
- 3) қазақ және чулым тілі,
- 4) қызыл және барабин диалектілері,
- 5) хакас диалектілері,
- 6) батыс-сібірлік татарлар диалектілері,
- 7) мещеряк диалектісімен татар тілі және башқұрт тілі,
- 8) қарағас диалектісі және тува тілі,
- 9) Синь-Цзян диалектілері, казіргі үйғыр, өзбек және онтүстік тілдері,
- 10) Көне жазба ескерткіштер.

Сингармонизмді жоғалтуына байланысты өзбек әдеби тілінің де өзіндік ерекшеліктері бар: көптік жалғаудың бір гана *lär* формасы бар (ол өзбек тіліндегі *l* фонемасының жіңішкеруімен байланысты), локальды септіктер – жатыс пен шы-

ғыс – жалғаулары кез келген позицияда тіл арты ашық дауысты *a* дыбысымен, барыс септігі – *gä/-ga* варианттарымен, табыс септік – қысан *у* (*ы*) дыбысымен келеді<sup>1</sup>.

1926ж. құрылтайда сингармонизм солтүстік түркі тілдерінде ғана бар деп анықталған<sup>2</sup>. Сингармонизмді анықтаудың белгісі ретінде қосымшалар вариантының болуы ұсынылған<sup>3</sup>. Сонда түркі сингармонизмін жоғалтқан тілдердің алғашқысы чуваш пен өзбек тілдері болып саналады.

Сонымен ерін үндестігі фонетикалық қана емес, фонологиялық құбылыс ретінде алғашқы қатардағы төрт тілдің жазуында таңбаланады. Ерін үндестігінің бүтін сөзді қамтитынын екінші буында ашық еріндіктің айтылуы мен жазылуына қарап бағалаймыз. Ерін үндестігі қыргыз, алтай тілдерінде қысан дыбыстармен қатар ашық дыбыстарда да айқын көрінеді: **o** дыбысы буын талғамайды, қосымша құрамында да қолданылады. Мысалы, алтай тілінде: *оро* (*орай*), *ойлоо* (*ойлау*), *полот* (*болат*), *сокор* (*соқыр*), *остол* (*үстел*), *оңол* (*оңал*), *озондо* (*азан салу*), *ортоктоши* (*ортат;тас*). Ал тыуа, хакас, саха тілдерінде ерін үндестігі қысан дауыстарды қамтиды<sup>4</sup>.

Сонда ерін үндестігі түркі тілдерінде үш түрлі типте таңбаланады: 1) толық таңбалану, алтай тілінде: *чолмандор*, қыргыз тілінде: *ойгонгону*; *гүлдөр*; башқұрт тілінде: *озонлогоннон* тыуа, хакас (*устуннұ*), саха тілдерінде; 2) жартылай таңбалану: түрік, түрікмен тілінде: *hükümet*, *hürriyet*, 3) таңбаланбау, қазақ тілінде: *тұмсық*, құмымқ тілі: *уыйде*, өзбек тілі: *тулки*.

Жартылай таңбаланатындар қатарына алған түрік тіліндеңі ерін үндестігі тіл үндестігімен бірдей дәрежеде емес. Жұранқтар мен шылауларға дейін қамтитын ерін үндестігі <a>, <e> фонемаларына келгенде «кедергіге ұшырайды». Мысалы, *küpeli*, *hürriyet*, *köfte* деген сөздер мен *köprü* (*көнір*),

<sup>1</sup> [www.rusnauka.com](http://www.rusnauka.com)

<sup>2</sup> Стенографический отчет... 149 б.

<sup>3</sup> Сонда... 175 б.

<sup>4</sup> Батманов И. Фонетическая система современного киргизского языка. Фрунзе, 1946. 93 б; Дыренкова Н.П. Грамматика шорского языка. Ленинград, 1941. 158 б.

*koşı* (жұғіру), *hükümet* (үкімет) сөздерін салыстырсақ, <a>, <e> фонемалары еріндік үндесімді тежейтінің көреміз. Бұл қазақ тілінің орфоэпиялық нормасына сәйкес. Тек қазақ жазуында ерін үндестігі таңбаланбайды, түрік жазуында таңбаланады.

<a>, <e> дыбыстары жоқ қосымшалар мен шылаулар түрік жазба тілінде жуан, жінішке және жуан еріндік, жінішке еріндік болып келеді. Мысалы: *dir* (-dir/-dir/-dur/-dür), *tir* (-tir/ -tir/ -tur/ -tür), *mı* (mı, mı, mu, mü), -ı (-ı, -i, -u, -ü), -*(y)*ı (-*y*ı, -*y*i, -(*y*)u, -(*y*)ü), -*im*(-im, -im, -um, -üm), -*in* (-in, -in, -un, -ün), -*(s)*ı, (-sı, -si, -su, -sü), -*imiz* (-imiz, -imiz, -umuz, -ümüz), *imiz*(-iniz, -iniz, -unuz, -ünüz). Мысалы: *gözlüg-üm*, *kol-im*, *armut-tur, ü-tür*.

Дегенмен түрік тілінде тіл үндестігі – негізгі үндесім заны, аты айтып тұрғандай, виүүк үnlü иуити, ал ерін үндестігі қосалқы, яғни күcük үnlü иуити, сол сиякты түбір мен қосымша аралығындағы ықпалда виүүк ses beneşmesi және күcük ses beneşmesi деп аталады.

Қазақ тілінде де аффикстер еріндік болып айтылады, бірақ жазылмайды: *добым* [добұм], *қолымыз* [қолұмұз], *көрді* [көрдү], *қонды* [қондү], *қолы* [қолу], *жұғірді* [жұғұрдү], *өшірді* [өшүрдү], *куйіміз* [куйұмұз].

Қазақ тілінде қосымшалар мен шылаулардың жінішке, жуан езулік түрі және қатаң, ұяң варианттары ғана жазылады. Бірақ ерін үндестігі түрік тіліндегідей шылауларды да қамти алмайды: *ma*, *me*, *na*, *ne* –niç – төрт түрлі ғана варианты бар. Бұдан түрік тілі ерін үндестігін парадигмадағы сингармонизм ретінде бекіткенін, қазақ тілі синтагмадағы сингармонизм ретінде ғана қабылдайтынын байқаймыз. Бұл да жазба тіл пайда болғаннан кейінгі айырма.

Алайда хақас тіліндегі сингармонизмнің бұзыла бастауы, әсіресе ерін үндесімінің көбірек бұзылуы туралы дерек бар<sup>1</sup>. Н.З. Гаджиева әзербайжан тілі кавказ бен иран тілдері әсерінен бұзылып жатқанын айтады. Бейнедесім тілдерге Н.А.Басқаков ұйғыр, қазақ, карақалпак тілдерін жатқызған.

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков..453 б.

Ерін үндесімі күшті деген қыргыз тілінде де сөз аяғына дейін жуан үндесім сақтала алмайды, жуан езулікке айналады<sup>1</sup>. Тіл үндесімі ерін үндесімінен бұрын пайда болғанын ерін үндесімінің сөз бойындағы аз таралымы дәлелдейді<sup>2</sup>.

**Ауызша тілдегі үнем құбылысының таңбалануы.** Түркі тілдерінде қысанқ дауыстылардың екі түрлі қызметі бар дейміз: бірі сөз мағынасын ажырататын қысанқ ерін, езу дауысты фонема (у, ү, ұ, ы, і) қызметінде, екіншісі дауыссыздар аралығында дүдәмал естілетін, сөз мағынасын ажыратпайтын, таңбаланбаса да сөздің дыбысталуына әсер етпейтін селбеспе қызметінде. Сондықтан дауыстыларды таңбаламаған араб жазуынан таңбалай бастаған латынграфикалы, кирилграфикалы әліпбиге көшкенде жазылуы, жазылмауы көп талқыға түскен әріп осы фонемалардікі болды. Дегенмен түркі тілдері бұл дыбысты үнемдеп жазуды жалғастыра берді. Әйткені жазу принципі дыбыстық деп таңдалып алынған еді. Тек алтай тілі жазуында ғана қысанқ езуліктер түсірілмеді. Тәуелдіктің III жағы қосылғанда басқа барлық дерлік түркі тілдерінде түсіріліп жазылды. Мысалы, башқұрт тілінде: *синаф – синфы, татар тілінде: сыйныф – сыйнфы, башқұрт тілінде: ғилем-ғилми, түрк тілінде: ağız/ağzi, alım/almı, bağır/bağrı, geniz/genzim, beyin/beyniniz, böğür/bögürüne, burun/burnum, oğul/oğlu, devirmek/devrilmek, çevirmek/ çevrilmek, kavurma/kavrulma т.б.*

Ал түрікмен, хақас тілдерінде түбірдің өзінде де түсіріліп жазылады: *халк, мұлк, хақас тілінде: топрак, алгla, килгле, қызық*. Түркі тілдерінде екі дауысты қатар келетін біріккен (*қара аяқ, қараом*) сөздер айтылуы бойынша, дауыстының бірі жұтылып (түсіріліп) жазылатын дәстүр бар еді. Соңғы уақытта қазақ емлесі жазудың тіл тарихын сақтайтын қызметіне басымдық беріп, біріккен сөз сынарларындағы дауыстыларды сақтап жазатын принцип ұстанды: *сарыагаш, алмаагаш*<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков... 439 б.

<sup>2</sup> Сонда... 454 б.

<sup>3</sup> Казак тілі орфографиялық сөздіктері Алматы, 2005, 2007, 2013 жж.

Дауыстылардың позициялық алмасуы қазақ, қарашиб және алтай тілдерінен басқасында әртүрлі таңбаланады: мысалы, түркмен тілінде *фабрик-фабриги*, бірақ *депдер*, мекдеп және *мадда*, *му каддас*, өзбек тілінде *бог (бату)* - *боққа*, *тег (сөре)* – *текка (сөреге)*.

Түркі тілдері дауыссыздарын таптастыруда бір ерекшелік, мысалы, түрк тіліндегі дауыссыздардың екіге, ал қазақ тілінде қатаң, ұян, ұнді болып ұшке бөлінетіндігінде. Бұның себебі түрк тіліндегі дауыссыздар ассимиляциясына байланысты сияқты, яғни қатаңнан аяқталған сөзге қатаңнан басталатын қосымша, ал дауысты мен ұндіден аяқталған сөзге тек ұяннан басталатын қосымша жалғанады: *duvar-dir, fil-dir, komit-dur, tüy-dür, torba-da, kömür-de, tohum-dan, cetvel-den*. Ал қазақ тілінде дауыстыға және [л], [р]дыбыстарына аяқталған сөздерге ұндіден басталатын қосымша жалғанатын үшінші ассимиляция түрі бар. Сонда қазақ тілі мен түрк тілінің арасындағы ұнdestтік заны мен ықпал түрінде лабиалдылық пен ұян, ұндіге байланысты ғана айырмашалық бар деп ойлаймыз.

Түрк тілінің жұмсару үрдісі <t>, <ç> фонемаларынан да көрінеді. Қазақ тілінде [қ], [п], [к] дыбыстарына ғана аяқталған сөзге жалғанған дауыстыдан басталған қосымша осы дыбыстарды ұядататыны сияқты, түрк тілінде тағы екі дыбыс та ұядайды. Бұл тілдің бүкіл айтылымын жұмсартып отырған сыңайлы. Мысалы, p > b, ç > c, t > d, k > ğ: *dolap – dolabi, yargıç – yargıcı, tokat – tokadı, çosuk – çociği*<sup>1</sup>. Қазақ тілінде: *dop* – добым, *kok* – көгім, *baq* – бағым.

Түрк жазуы фонетикалық принципті басты ұстаным ретінде алғаны көптеген орфограммаларды ауызша айттылуына сәйкестендірген. Мысалы, түрк тілінде a,e дауыстысына аяқталған етістік осы шақта болса, **i**, **u**; **i**, **ü**-ге айналады және ол жазылады: *başlıyor, ouyuyor, kaynıyor; diyor, gözlüyor, gelmiyor* сияқты. Бірақ: *başlayan, almayarak, izlenmeyecek* т.б. *Demek, yetek* етістіктері түрленгенде айттылуы бойынша, **i** дыбысы жазылады: *diyen; uiyen, uyiyerek, diye* т.б. Сон-

<sup>1</sup> Yazım Kılavuzu Ankara, 2012. 6-25 б.

дай-ақ араб тілінен енген сөздерде і орнына, айтылуынша, жазылады: *inkılap*, *inkıraz*, *inkita*. Сонымен қатар кірме сөздерде с дыбысының қатаң дыбыспен көрші келуінен қ дыбысына өзгеруі таңбаланады (*ictihad*/ *içtihat*, *ictima* /*içtima*, *mechul*/ *meçhul*).

Парсы тілінен енген -dar жұрнағы айтылуына қарай -tar болып жазылады: *taraftar*, *silahtar*, *emektar*, *minnettar*, *şaraptar* т.б. *Döğmek*, *gögermek*, *oğmak*, *ögmetek*, *söğmek* сөздері *dövmek*, *gövermek*, *ovmak*, *sövmek*, *övmetek* деп жазылуы керек деген пікірлер айтылып келеді<sup>1</sup>.

Түрік жазуында дыбыс үйлесімдері, оның ішінде м-н алмасуы да таңбаланады, *saklambaç*, *dolambaç*, *ambar*, *cambaz*, *çarşamba*, *perçembe*, *pembe*, *çember*, *memba*, *tümbit* сөздері емле бойынша осылай жазылады. Тек біріккен сөздерде н әрпі өзі таңбаланады: *binbaşı*, *onbaşı*, *İstanbul*, *binbir*.

Корыта айтқанда, туыс тілдердің арасын айыратын бүгінгі танда алдымен әліпби құрамы және әліпбидегі әріптегі негізінде сөйлейтін дыбыстық сипат. Сондықтан түркі халықтарына тарайтын баспасөзде жалпытүркілік әліпби қолданудың маңызы бар деп ойлаймыз. Ол үшін тілдердің қыпшак, оғызтілді топқа жатуына қарамастан дыбыстық жүйесін, фонемалар құрамын, инвариант фонема мен оның дыбыс қорын инвентарлау, түгендеу қажеттілігі шығады. Әр тілдің қазіргі қолданыстағы әліпби құрамына назар аудару арқылы сол тілдің инвариант фонемалар санын анықтау, әріп – фонема – дыбыс – вариант, вариация қатынасын жүйелеу керек. Сонда әріптің фонеманы ма, әлде дыбысты ма, болмаса дыбыс тіркесін бе, сондай-ақ кірме-дыбыс әріпті ме немесе дыбыстық мәні жоқ графикалық таңбаны таңбалады ма, осы қызметі айқындалады.

<sup>1</sup> Yaşar Akdoğan Türk dili ve yazılı-sözlü anlatım bilgisi İstanbul, S 49-62.

## **2. ЛАТЫННЕГІЗДІ ТҮРКІ ЖАЗУЛАРЫ**

Бұғынгі түркі тілдерінің саны- 20-дан асады, тұтынушылар мөлшері 150 млн. адамға шамаланады<sup>1</sup>. Түркі тілдері – Алтай тілдері әулетіндегі ең үлкен тіл тобы болып табылады.

Түркі тілдерінің көбінің фонологиясы, морфологиясы және синтаксисі бірдей. Тек чуваш, саха, согдустік сібір тілдері өзгеше сипатқа ие. Түркі тілдері 6 топқа бөлінеді, әр топ тілдері сол тілді білетін адамдар тусінісі алатында жақын. Бұған қоса көршілес өлкелердің шегараларында өте тығыз қатынас салдарынан туған түркі диалектілері бар.

Қазақ, әзіrbайжан, қырғыз, өзбек, түрік және түрікмен тілдері – мемлекеттік тіл мәртебесін алған тілдер. Қазақ тілі 1989 ж. 22 тамызда<sup>2</sup>, қырғыз тілі 1989 ж. 23 қырғызегінде<sup>3</sup>, өзбек тілі 1989 ж. 21 қазанда<sup>4</sup>, қарақалпақ тілі 1989 ж. 1 желтоқсанда<sup>5</sup>, түрікмен тілі 1990 ж.<sup>6</sup>, әзіrbайжан тілі 1992 ж. 22 желтоқсанында<sup>7</sup>, түрік тілі 12 ғасырдан бері Түркия елінің мемлекеттік тілі.

Бұған қоса чуваш, құмық, қарашибай, татар, башқұрт, саха, хакас, тыуа, алтай тілдері жергілікті ресми тіл ретінде қолданылады. Қазіргі түркі халықтарының сан жағына назар аударсақ (9-кесте):

<sup>1</sup> <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

<sup>2</sup> Baq.kz

<sup>3</sup> <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

<sup>4</sup> Uzbekistan.lv

<sup>5</sup> kaa.m.wikipedia.com

<sup>6</sup> www.e-trans.ru,

<sup>7</sup> www.caa.gov.az

№	Тілі	халық саны	орналасқан жері
1	чуваш тілі	1,8 млн.	Ресей
2	карайым тілі		Литва (жоғалуға жакын)
3	кумык тілі	280.000	Ресей (Дагыстан)
4	карашай тілі	250.000	Ресей (Қарашай-Черкес, Кабардин-Балкар)
5	татар тілі	6,5 млн.	Ресей
6	башқұрт тілі	2,2 млн.	Ресей
7	ногай тілі	70.000	Ресей (Солт.Кавказ)
8	каракалпак тілі	400.000	Өзбекстан
9	казак тілі	12 млн.	Қазақстан
10	қыргыз тілі	4,5 млн.	Қыргызстан
11	турік тілі	80 млн.	Түркия
12	гагауз тілі	330.000	Молдова
13	әзіrbайжан тілі	30 млн.	Әзіrbайжан, Иран
14	туркмен тілі	6,8 млн.	Түркменстан
15	өзбек тілі	28 млн.	Өзбекстан
16	үйгир тілі	9 млн.	Қытай (Шыңжан)
17	саха тілі	363.000	Ресей (Сахаия)
18	тува тілі	200.000	Ресей
19	тофа тілі		Ресей , жоғалуға жакын
20	хакас тілі	65.000	Ресей

Осындай қолданушысы бар түркі тілдері үшін бір графика, ұқсас әліпби, негізделген емле ережелері бар жазба тіл жүйесі Кеңес үкіметі құрылғаннан бастап қолға алынды. Ол – «ұлттар достастығың» көрсеткіші ретінде мақсат етілді. Бірақ түркі жүрті бүгінде бір графикамен жазса да, әліпби алшақтығынан тіл алшақтығына бара жатыр. Сондықтан түркі тілдерінің әр кезең басында қабылдаған әліпбіндегі қандай кемшіліктер болды, қандай негізді ұсыныстар қабылданбады, қандай ортақ қағидалар болды, ендігі жерде мәселені қалай шешу керек деген сұраптарға жауап беру үшін түркі тілдерінің графикасы мен орфографиясын жү-

йелеудің өзіндік тарихына көз жүгіртудің қажеттілігі бар деп ойлаймыз. Тұркі тілдері әліпбі мен емлесін ресми түрде графика ауыстыру мен емлеге енгізілген түзетулерге байланысты мынадай кезеңдерге бөлеміз:

*I кезең. Латын графикасы негізінде түркі тілдері әліпбі мен емлесі: алғашқы кезең (1926ж-1938ж.).*

*II кезең. Латын графикасы негізінде түркі тілдері әліпбі мен емлесі: кейінгі кезең (1938-1940жж.).*

*III кезең. Кирил графикасы негізінде түркі тілдері әліпбі мен емлесі*

*IV кезең. Латын графикасы негізінде түркі тілдері әліпбі мен емлесі: қазіргі кезең (1992ж. бері).*

## **2.1 Латыннегізді түркі әліпбі мен емлесі: алғашқы кезең (1926-1938 ж.ж.)**

Түркі халықтарына ортақ жазу үлгісін жасау, ортақ әліпбі проблемасы – қай ғасыр түркітанушыларының болсын ойландырған мәселесі. Ортақ әліпбі, бір графика кенес үкіметі орнаған кезден бастап көзделгенмен, араб графикасында да, латын жазуында да, орыс графикасында да шешімін тауып оңтайластырылған жоқ. Оның себебі – түркі халықтарының бір-бірінен онаша, өзара қарым-қатынассыз алфавит күрү ісіне кірісіп кеткендігі, қорытылған үйлестіру принципі, ортақ келісімсіз, бір-бірінен қол үзген жағдайда әліп билер жасалғандығы болды.

Жалпы XX ғ. басында Кенес Одағы құрамында өмір сүріп жатқан 130 ұлт пен ұлыстың 60-ында ғана жазу болды. Олардың алдында жазуды жетілдірудің мынадай үш жолы тұрды: 1) бұрынғы жазуды жөндеу; 2) латын графикасы на көшу; 3) орыс алфавитін алу<sup>1</sup>. Түркі халықтары бұл үш кезеңді де басынан өткөрді.

Жазу тарихы түркі халықтарының бәріне ортақ: араб графикасы (1929 ж. дейін) → латын графикасы (1940 ж. дейін) → кирил графикасы → латын графикасы.

<sup>1</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР. М. Наука, 1965. – 85 с

Зертгөуімізді түркі тілдерінің латын жазуын қабылдау кезеңінен бастаймыз.

Он ғасырдай түркі жазба мәдениетіне қызмет еткен араб әліпбійінің қыындығы жөнінде түркі оқымыстылар аз айтпап еді. 1922 ж. әзіrbайжан оқымыстысы Ағымалы Оғлы латын әліпбійне көшуді В.Л.Лениннің алдына қояды. Бірақ М.Ахундовты кенес түркітанушылары алғаш латын графикасына ауысады қолдаған ғалым түрінде көрсетеді<sup>1</sup>.

Қазақстанда латын графикасына қайта оралу туралы 2007 жылы мәселе көтерілгенде латын әліпбійінің 20ғ. басындағы тарихын бағамдаған маңызды зерттеулер жасалды. Ұлттық ғылым академиясының бірнеше ғылыми зерттеу институттары – Экономика институты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Философия институты ғалымдары біріккен зерттеу жұмыстары қолға алынды. Қ.Алдажұманов, Қ.Бурханов, С.Смағұловалардың зерттеулері бойынша: «XX ғасырдың бірінші ширегінде Түркия, Иран, Әзербайжан және Орта Азияда араб жазуының ол елдердің тілінің табиғатына сәйкес келмейтіні туралы сөз бола бастаған. ..1908 жылы Түрік парламентінде жана әліпби мәселесі көтеріліп, комиссия құрылды. Алайда комиссияда ауызбірлік болмағандықтан, бір жылдан кейін тарап кеткен. Ал 1919 жылы Бақуде Халық агарту комиссариаты жанынан әліпбиді өзгерту мәселесі бойынша комиссия құрыльып, бір жыл ішінде латын әліпбійн үйрету мәселесін қойды. Бұдан әрі «араб әрпінен латын әрпіне көшу шараларын іске асыруда ұқімет тарапынан арнайы дағындық жұмыстары жүргізілді. 1922 жылы 30 қантарда Бақуде Нариман Нариманұлының ұйымдастыруымен араб жазуын латынға алмастыру мәселесін көтерген түрік оқығандарының жиналышы өтті. Онда 1922 жылы орыс графикасына көшіруге қарсы болған бұқара халықтың наразылығын ескеріп, комитеттөрағасы Н.Нариманов араб жазуын латынға ауыстыру туралы ұсыныс жасады. Ұзақ талқылаулардан ке-

<sup>1</sup> Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуын тарихи тағылымы. А, 2012. – 300 б.16 б.

йін бұл ұсыныс қабыл алғынып, Н.Нариманұлының төрағалығымен жаңа әліпбиге көшуге байланысты арнайы комитет құрылды. Комитет «Жаңа түрік әліпбі» атты кітап шыгарып, мектептерде осы кітаппен оқытуды ұсынды. 1924 жылы Әзірбайжан үкіметі латын әліппесі негізінде құрылған жаңа әліпби шығару туралы декрет қабылдады<sup>1</sup>. Латын әліпбін әзірбайжан тілінен кейін қай түрік қабылдады деңгендегі, башқұрттар 1924 жылы жаңа әліпбиге көшу мәселесін көтергенмен, әліпби жобасын 1928 жылдың 7 мамырындаған бекіткенің көреміз<sup>2</sup>.

Шындығында латын әліпбін қолдану тәжірибесі алдымен саха жазуында басталды. С.А.Новгородов 1917 ж. саха тіліне алғаш латын әліпбін құрды<sup>3</sup>.

Сөйтіп, жазуы енді қалыптасып жатқан түркі тілдерінде латындандыру жұмысы басталып кетті. *Араб жазуына реформа жасаган А.Байтұрсынұлы тек қазақ жазуын емес, түркі халықтарына арналған ортақ графика мен әліпби жүйесін ұсынған еді. Реформаланған қазақтың жаңа жазуы (төте жазу) 1913ж. Стамбулда откен кеңесте түрік, араб, иран жазуына улғи етілді.* «Мұнан бас тартып латын алфавитін қабылдауымызға үйтқы болған Қазақстан емес, Бүкілодақтық оргалық жаңа Алфавит комитеті Ғылми кеңесінің қысымы» деп Қ.Жұбанов ашық айтты. «... Бұл жүйе қазақ тілінің ерекшелігіне әбден лайықты (тегінде жалғыз қазаққа ғана тән деп қарауға болмайды), қазіргі алған жаңа әліпбімізге де өте қолайлы, өйткені араб жазуын таңбалau табиғатына мұның еш қатысы жоқ және дәл сондай-ақ алфавит біткенге бірдей үйлесімді» деді<sup>4</sup>. Ал профессор Е.Д.Поливанов: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году, я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании

<sup>1</sup> Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбі: тарихы, тағылымы және болашағы. А., Арыс, 2007. – 410 б. 31 б.

<sup>2</sup> Әміржанова Н. Қазақстандағы...18 б.

<sup>3</sup> Әбілқасымов Б. Тарих тағылымын ескерсек, Ақықат 1995-№3.

<sup>4</sup> Жұбанов К. Қазақ тілі жоніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б. 22 б.

национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы, как крупным культурным завоеванием»<sup>1</sup> деп баға берді. Осы реформа негізінде басқа түркі халықтары да өз алфавиттерін ретке келтіруді бастап еді.

Бірақ әзіrbайжандар латын графикасын бірінші болып қабылдады. Өйткені 20 ж. алынған санақ бойынша, қалалық әзіrbайжандар басқа түркі халықтарына қараганда көп, ал сауаттылығы аз болған. Әрі әзіrbайжан халқы араб графикасын реформаламай, оның қындықтарын көп тартып келе жатқан еді<sup>2</sup>.

Бұл кезеңді Н.Нұрмақов «бытыранқы әліпби кезеңі» деп атайды»<sup>3</sup>.

**Тақырыпты арнайы зерттеу нысанына алған Н.Әміржанованың монографиясынан мына үзіндіні ұсынамыз.** Өйткені бұл деректер ғылыми ортага жаппай таныс емес: «1924 жылы 11-17 ақпанда Бүкілресей съезіндегі татар-башқұрт білімпаздары латын графикасы негізінде әліпби жүйесін күн тәртібіне қояды. Осы жылдан бастап «Жизнь национальностей» журналында Н.Төрекұловтың «К вопросу о латинском алфавите среди тюрков СССР», Х.Навшировановтың «Почему мы стремимся перейти к латинскому алфавиту» және бұл баяндамаларға қарсы Г.И. Бродо «К замене арабского алфавита латинским» атты мақалалары жарияланады. 1924 жылдың 11, 18, 24 сәуір айларында I Түркологиялық съезге дайындық жұмыстары басталады. Осыған байланысты Ленинград қаласында мәжіліс өтеді. Мәжіліске В.А. Гурко-Кряжин, проф. А.Н. Самойлович, проф. Е.Д. Поливанов, проф. Н.Ф. Яковлев, проф. Л.И. Жирков және ойрат, әзіrbайжан, саха халықтарының өкілдері қатысады. Бұл күндері еткен мәжілістің төрағасы ретінде В.А. Гурко-Кряжин сайланана-

<sup>1</sup> Новая казак-киргизская (Байтурсыновская) орфография. Спорные вопросы Киргизской графики и орфографии. Проф. Е.Д.Поливанов. Санкт-Петербург, 1924.- 8 с.

<sup>2</sup> I Всесоюзный тюркологический съезд 26/II-5/III-1926. Баку, 1926. -426 с. 216 б.

<sup>3</sup> Әміржанова Н. Казақстандағы... 18 б.

ды. Мәжілісте әрбір халық өкілдері өз елінде қолданылып жүрген әліпби жүйесінің кемшін тұстары және терминология мәселелері туралы баяндамалар оқиды. Сонымен қатар отырыста ұйымдастыру, үгіт-насихат жұмыстарына баса на- зар аудырылу керектігі айтылады. 11-18 сәуір аралығында I Түркологиялық құрылтайға мынадай бағдарлама бойынша баяндамалар жасалуға тиіс деп бекітілді: 1-пункт – әліпби мәселесі; 2-пункт – әдеби тіл мәселесі; 3-пункт – ғылыми терминология. Құрылтайдың жалпы бағдарламасын 14 жұмыс күні ішінде түзу керектігі ескеріледі. Профессор Л.И. Жирковқа I Түркологиялық құрылтайға «Арабский шрифт в сравнении с европейскими шрифтами» атты баяндама жасау тапсырылады. 11 сәуір күні өткен мәжілісте профессор А.Н. Самойлович баяндамасында съезге ғылым-білім өкілдері міндетті қатысуын талап етеді: «К участию в съезде должны быть превлечены представители науки и просвещения 1) Азербайджан ССР, 2) Дагестан автон. СССР, 3) Кабард.-Балкар авт. обл., 4) Карабай-Черкеш авт. обл., 5) Кырым авт. ССР, 6) Татар АССР, 7) Башкорт АССР, 8) Чуваш авт. обл., 9) Киргиз АССР, 10) Туркистан АССР, 11) Ойрат авт. обл., 12) Хакас авт. обл., 13) Саха авт. ССР» дей отырып, ғалым Ленинград түркологтары жәнешығыстанушыларды міндетті түрде, са-хатанушы Пекарский, академик Бартольд, Ольденберг және Н.Я.Марр, профессор Владимирцов, Малов, Самойлович және оқытушы Поппе, мәскеулік Н.Төрекұлов, Навширманов, проф. Гордлевский, Поливанов, Н.Ф.Яковлев, Жирков, Дмитриев және т.б. лингвист-туркітанушылар съезге баяндамашы ретінде тартылуы және қатысулары керектігін ес-керtedі<sup>1</sup>.

1924 жылғы қазақ-қырғыз оқымыстырының бас қосқан бірінші съезінен кейін болған I Түркологиялық съезд Қазакстанда әліпби мәселесінің жанданып, көтерілуіне, шешуші бағыт алуына ең бірінші мүмкіндік ретінде саналды. Съезд алғашқыда Мәскеуде өтетін болып, кейін Баку қаласына

<sup>1</sup> К борьбе за новый алфавит. Сб. статьей. Из. Научной Ассоциации Востоковедения при ЦИК СССР. – М., 1926. – 69 с. 19-36.

ауыстырылады. Мұны мынадай мұрағат деректерімен байланыстырамыз. 1924 жылдың сәуір айынан бастап Бүкілодактық Шығыстану ғылыми ассоциациясы (ВНАВ) комиссия мүшелерін тағайындейді. 1925 жылы 17 маусымда сайланған мүшелер Орталық атқару комитеті (ЦИК) Президиумына мынадай хат жібереді: «В виду неоднократных обращений партийных, советских и научных учреждений с предложением созвать всесоюзный тюркологический съезд. Научная Ассоциация Востоковедения СССР просит разрешить таковой в г. Баку с широким представительством от тюркских народов нашего Союза»<sup>1</sup>.

1925 жылы Орталық атқару комитеті (ЦИК) Президиумының председателі Ағамалы-оғлы және оның орынбасары Павловичтің ұсынысы бойынша мынадай қаулы қабылданған: «Разрешить Научной Ассоциации Востоковедения при Президиуме ЦИК-а СССР созвать в декабре 1925 г. в г.Баку Всесоюзный тюркологический съезд без отпуска в сверхсметном порядке средств на расходы, связанные с созывом съезда». 1925 жылы 15 қыркүйекте Ағамалы-оғлының ұсынысымен Мәскеуде мәжіліс өтеді. Мәжілісте мынадай қаулы қабылданған: «Установить, что съезд созывается Научной Ассоциацией Востоковедения Союза ССР совместно с Обществом Изучения Азербайджана на 15/XII с.г. в г. Баку. Вопрос о приглашении иностранных гостей решить положительно, число их будет зависеть от средств организационного комитета по созыву съезда»<sup>2</sup>. Съезге даярлық ретінде көптеген ұлт республикаларында мәжілістер өткізіледі. Әзіrbайжан Республикасы да съезге барынша дайындалып, жаңа әліпбимен басылған бірнеше оқулықтар шығарады, осындай үлken табыстармен I Түркологиялық съезді бірінші Әзіrbайжан халқы, екінші орында терістік Кавказ өлкесінің автономиялық облыстары, үшінші орында Башқұрт және Қыргыз Республикасы қарсы алады»<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> К борьбе за новый алфавит. 9-14 б.

<sup>2</sup> Сонда, 12

<sup>3</sup> Эміржанова Н. Казакстандағы латын графикасының ...

1926 ж. Бақуде өткен түркологиялық конференциядан кейін латын графикасына көшу күшті қарқын алғып кетті.

1930 ж. өткен жаңа әліппешілердің конференциясында түркі халықтарының әліпбін бірдейлестіру туралы мәселе кеңінен қаралады. Әліпбі бірлестірудің негізіне – ұндеңстік заны мен түркі дыбыстарының сәйкестік заны – дұрыс таңдалды.

Түркі әліпбилеріне ортақ мазмұны өзгермейтін әріптер болып: **a, b, d, e, g, q, k, l, m, n, h, o, p, z, s, t, u, v, z, ь, i** – 22 әріп саналды.

Барлық түркі тілдеріне 39 унификацияланған таңба белгіленген-ді, оның 25-і латын әріптері: **a, b, c, d, e, g, f, h, i, j, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, x, y, z** және осы латын жазуына негізделген әр түркі тілдерінің спецификалық дыбыстарына арналған 14 қосымша таңба болды. Профессор К.М. Мусаевтың егер кириллицаға көшкен кезде осы унификацияланған әліпбиді механикалық түрде транслитерация жасағанда, онда қазіргі түркі әліпбилерінде 26-дан 35-39 дейінгі аралықта әріптер саны болар еді<sup>1</sup>, деп өкініш білдіруі, расымен де, түркі әліпбилерінің ішінде өзара барынша үйлескен жазу латын графикасы тұсында болғанын көрсетеді. Және түркі тілдері орфографиясының негізгі ережелері де латын графикасына көшкенде 1927-1939 жж. аралығында жасалды. Бір қазақ-латын әліпбінің құрамына қарап отырып-ак, жалпы латын алфавиті барлық түркі халықтарының төл дыбыстық құрамын дәл беруге келгенін, мәселе тек кірме сөздердің емлесіне қатысты балғанын байқаймыз.

### 2.1.1 Түркітанушылардың I съезінде қойылған мәселелер

1926-1933жж. латын графикасының қолданылуы туралы зерттеу үшін алдымен 1926 жылы Бақу қаласында өткен түркітанушылардың I съезінде қойылған мәселелер туралы мәлімет берген жөн. 1926ж. Бақуде 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында өткен алғашқы Түркологиялық конференцияда

<sup>1</sup> Мусаев К.М. Алфавиты народов ... 7 б.

қолданыстағы араб жазуын реформалаган қазақ, осы бағытты тандаған татар, қырғыз ұлтының өкілдері латын графикасын қабылдаудан бас тартқаны тарихтан белгілі. Құрылтайға қатысқан А.Байтұрсынұлының сипаттағанындай, «Түрікшелердің 1-нші құрылтайы февральдың 26-нда басталып, марттың 6-да жабылды. Түрік нәсілді жұрттардың өкілін жібермегені аз болар. Қалмақтар да адамын жіберген. Бір шеті Стамбул, екінші шеті Қыыр Күншығыстағы Жақыт – сол екі арадағы түрік нәсілді жұрттардың көбінің-ақ өкілдері болды. Бұрын қағаз жүзінде білісу болмаса, көрсіуі жоқ түрік жұрттары бірін-бірі жүзбе-жүз көріп танысты»<sup>1</sup>.

Және ғалым «Түрікше ілімдерден академия мүшелері: Бартольд, Ольденбург, Крымский, толып жатқан жана тағы профессорлар болды. Бөтен мемлекеттерден неміс профессоры Менсель, мажар профессоры Майсереш, анатол түрік профессоры Көперлі-зада мен Құсайын-зада болды» деп анықтайды<sup>2</sup>.

Сонымен қатар, конференцияға К.К. Юдахин, Н.Ф. Яковлев, А.Н. Самойлович, Н.И. Ашмарин, Л.В. Щерба сынды Ресей ғалымдары және Ф. Шараф, Алпаров, А. Байтұрсынұлы, Е. Омаров, Н. Төрекұлов, Т. Шонанұлы, Б. Сүлейұлы, Ә. Байсейітұлы сияқты түркі сұмыстылары барды.

А.Байтұрсынұлының айтуы бойынша, съезде «емле [нің] жалпы негізі туралы Щерба профессор, түрік емлелері туралы татар қалам қайраткери Ибраіым ұлы Әлімжан, әзіrbайжандық Аға-зада, әліпби сыны пән жағынан, іс жағынан Яковлев пен Жирков профессорлар, түрік әліп-билері туралы Мамет-зада, Шарапұлы Әлімжан, Алпарұлы, Төрекұлұлы, Бердіұлы, Омарұлы» баяндама жасаған<sup>3</sup>.

Түркі тілдерінің ішінде латын жазуына көшуді бірінші болып әзіrbайжандар көтерген себебін Н.Ф.Яковлев былай деп көрсетеді: мұнда қалалық әзіrbайжан – 13% болса, халық сауаттылығы 1% ғана болды, бұл татар халқымен

<sup>1</sup> А.Байтұрсынұлы «Жаңа мектеп», 1926, № 7-8, 43-50 бб. / «Ел-шешір» <http://el.kz>

<sup>2</sup> Сонда...

<sup>3</sup> Сонда...

салыстырғанда 25% төмен. Ал қалалық татар халқы 4% еді. Сондай-ақ ғалым жазу дінмен терең байланыста, діні күшті халық жаңа жазуды алмауға тырысады<sup>1</sup> деді. Бұл Е.Д. Поливановтың жоғарыдағы жазуын реформаламаған халық жаңа графикаға әуес келеді, оңай ауысады, ал жазуын жөндеп отырған тіл өзге графиканы құп көрмейді деген сөзімен үндесіп жатты. А.Байтұрсынұлы айтқандай, «Емле тузеу жүзінде түрік жүргіттарының алдағысы қазақ, арттағысы әзірбайжан, анатоли түркі болып шықты. Басқалары соның екі аралығында болды»<sup>2</sup>.

Жынға қатысқан Е.Омаровтың сипаттауынша, «Латынды қабылдаб, қол көтерген сійез мүшелері, күресшілдермен емес, сійезді шақырган кәмійтеттің мүшелері, бір-екеуінен басқасының бәрі де латыншыл болған, жаңа сійезді шақыргандағы мақсатының өзі де латынды қабылдау үшін болған. Сондықтан сійез мүшелерінің дені латыншыл болғаны кереметben емес, амалсыздan болды.

Сійез шақырган кәмитет сійезде айтылған баяндама айтыс сөздерінде де калдырмай басыб шығарамыз деб уәде беріб калған сөзінде тұрса, сійез сөзіндегі бөлек кітаб болыб басылып шығар, мұнда да келер, түрік әрпі мен латын әрпінің дәлелдері қандай болғанын хат танитұн азамат өз көзімен оқыб көрер.

Бірақ латыншыл кәмитет ол сөзінде тұра алар ма, жоқ ба? О жағы күмәнді. Латынға қарсы дәлелдерді елге көрсетпеу үшін, ол кітаб басылмай қалуы да мүмкін.

Сійезге келген әкедемик, көбі бұл мәселе ғылыми жағынан тексерілетін мәселе емес, сайасат мәселесі деп, сөзге кіріспей қалған»<sup>3</sup>.

Н.Ф. Яковлев, Жирков сынды ғалымдар араб жазуы функциясының кемігендігін, жаңа тілдерді жаулап алу бағытынан

<sup>1</sup> I Всесоюзный тюркологический съезд...216 б.

<sup>2</sup> А.Байтұрсынұлы «Жана мектеп» 1926, № 7-8, 43-50 бб. / «Ел-шежіре» <http://el.kz>

<sup>3</sup> Елдес Омарұлы. Бакыу сійезінің латын әрпі туралы қаулысы // XX ғасыр басындағы казак тілі жоніндегі зерттеулер. Алматы: Казығұрт, 2013. – 638. 271 бет.

тайғанын сондықтан жаңа прогресс, техника үшін латын жазуының қолайлылығын айтса, Л.В. Щерба әр халық өз тұрғысынан шешуі, жөн деп, бейтарап позиция ұстады. Араб жазуын жақтаушы F.Шараф – Н.Ф.Яковлев пен Жирков латын графикасын дәріптегенмен, түпкі ойы басқа, олар орыс алғавиті де латын жазуынан кем емес деген мазмұндағы мақалаларын жарияладап жүр дейді. Жалпы, съезде шығып сөйлегендердің дені латын жазуының техникалық артықшылығы (қолға ыңғайлышты, көздің көрүі, техникалық жағы, бас әрібі), араб жазуының кемшілігі (реформаланған араб әліпбійінің түпнұсқадан ауытқуы, ондан солға қарай жазылуы, баспа қындығы, әріптердің танылмауы, бас әріптің жоқтығы) туралы сөз етеді. Араб графикасын жактағандарға (әсіресе, А.Байтұрсынұлына) психологиялық шабуыл жіңінекшелік (жасалады (отырғандар күліп, даурығып, кекетіп, тыңдамауға тырысады), латын графикасын жактағандарды қолпаштап, ұзақ қол шапалақталады. А.Байтұрсынұлы әр ұлт өзінің төл жазуының жетілмей қалғанына басқа халықтың жауп беруі дұрыс емес<sup>1</sup>, әр халық жазуының өз жолы мен деңгейі бар дейді. Орыс графикасын пайдаланып келе жатқан халықтардың латынға көшу себебіне күмәнмен қарайды.

Съезде А.Байтұрсынұлынан басқа сөз алған F. Шараф, Алпаровтар әзіrbайжан жазуы латын графикасының барлық таңбаларын пайдаланып отырған жоқ, бар-жоғы 47-56% -ын ғана қолданады, ол латын жазуы емес, өзгерген латын жазуы, бұл жазудың ғұмыры қыска болады дейді<sup>2</sup>. Дегенмен, дауыс беру нәтижесінде 101 дауыс латын графикасына, 7 дауыс араб графикасына, 9 дауыс қалыс қала отырып, латын жазуы қабылданады.

Құрылтай қарапында латын әліпбійін түзуде түркі тілдеріне ортақ басты мынадай приниптерді ұстану тапсырылды:

### **Графикага қатысты:**

- орыс графикасының әріптерін алмау,
- бірдей дыбыстарға әріп алмау,

<sup>1</sup> I Всесоюзный тюркологический съезд...288 б.

<sup>2</sup> Сонда, 263 б.

- диакритикалық таңба алмау,
- созылыңқы дауыссыздарды белгілемеу,
- қосар әріп алмау,
- жіңішке дауыстыға таңба алмау (А.Байтұрсын әліпбийінің ұстанымы);

*Емле принципіне қатысты:*

- морфологиялық принципті ярпақ-япрақ, торпақ-топрақ деген сияқты сөздердің әдеби вариантын табу үшін ғана пайдалану, негізінде фонетикалық принципті ұстану.

*Жазу мен сөйлеуді жақындастыруға қатысты:*

- емлені дұрыс айту нормасын қалыптастыруға пайдалану.

*Кірме сөздерді орфографиялауга қатысты:*

- кірме сөздерді айтылуы бойынша игеру (орыстар буын жазуы бойынша игерген еді, енді айтылуы бойынша игереді)<sup>1</sup>,
- кірме сөздерді түпнұсқа тілдегі айтылуы бойынша алу (волкан, вулкан емес, маскераd),
- кірме сөздер үшін әріп алмау (мысалы, орыс тілінде f, h, θ, ð болмағандықтан Heine – Гейне, Högo – Гюго болып жазылады)<sup>2</sup>,
- халықаралық сөздердің соңындағы дауыстыны қысқарту: вакансия – ваканс, пианино – пианин, фортепиано – фортепиан,
- кірме сөздерде o әрпі тұрса, [o] дыбысы етіп айту.

Графика мен емле қағидаларына байланысты осындай ұстанымдар жарияланғаннан бір жылдан кейін Бакуде Түркі әліпбilerінің бүкілодақтық орталық комитетінің пленумы болды. Қазақстаннан Н.Төреқұлов, F.Тогжанов, Т.Шонанов, Т.Рысқұлов барады<sup>3</sup>. Онда әсіресе түркі тілдерінің алгашқысы болып өткен әзербайжан әліпбій бойынша унификация жасау керек пе, әлде жаңа әліпбиге әзербайжан графикасын кіріктіру керек пе деген мәселе кеңінен сөз болды<sup>4</sup>.

Негізгі баяндамашылар Бүкілодақтық жаңа түркі әліпбій комитетінің ғылыми кеңесі төрағасы профессор Б. Чобан-

<sup>1</sup> I Всесоюзный тюркологический съезд... 416 б.

<sup>2</sup> Сонда.416 б.

<sup>3</sup> Стенографический отчет ... 9 б.

<sup>4</sup> Сонда...

заде мен Н.Төрекұлов болды. Б.Чобанзадеден кейін сөз алған Н.Төрекұлов профессор Б.Чобанзаденің ССРО құрамындағы барлық түркі тілдеріне унификация жасауды ұсынғанын дұрыс көрмейді, туыстығы жақын тілдерге ғана унификация жасаудың қажеттігін айтады<sup>1</sup>. Мысалы ретінде ғалым араб графикасы негізіндегі қазак, қырғыз, башқұрт, т.б. сингармониялық жазуын алған сияқты. Жалпыхалықтық тілден өзге емле мен графиканы ұстануға тырысадың күні біткенін, «при решении вопросов письменности, необходимо провести самым жестоким образом политику упрощения языка» дейді<sup>2</sup>. Төбе топтан халық тіліне жақындау қажеттігін кояды. Әзербайжан кітаби тілі *селям* деп жазғанмен, *салам* деп оқиды. Әзербайжан кітаби тілін жактаушылар сонда өз тілінде сингармонизм заны бар екенін көреді дейді ғалым. Н.Төрекұлов «әліппешілер комитеті тарихта болмаган қызмет жасап отыр. Стихиялы түрде қабылданған жазуларды жүйелеуді қолға алмақшы<sup>3</sup> деген.

Ғалым әзербайжан тілінен басқа алфавиттерді унификациялау қажеттігін<sup>4</sup> айтып, унификацияланған әліпби ұсынады. Мысалы, латын графикасындағы түркі әліпбилерінде 16 таңба сәйкес келеді, 17 таңба сәйкеспейді. Барлық жобада 1 дыбыс – 1 әріппен таңбаланады, тілде бар дыбысқа әріп алынған. Бірақ әртүрлі. Латын әліпбінде жетпейтін әріптерді орыс жазуынан алған (бұны ұсынған қырғыздар болатын, себебі олар диакритикалық әріптің керек еместігін баса айтқан). Сонымен Н.Төрекұлов және әріптердің фонемасы мен таңбалардың ұсынады. Әріптердің фонемалары таңбаланса, сонда, мысалы, *bas* орфограммасы *бас* деп те, *bash* деп те оқылады. Әр тіл өзінің фонологиялық мазмұнына салып оқиды. Бірақ бұған Б.Чобанзаденің түркі тілдеріне жатпайтын тілдермен де унификация жасауды ұсынуы басқа арнаға ауыстырып жібереді<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> Стенографический отчет, 118 б.

<sup>2</sup> Сонда, 121 б.

<sup>3</sup> Сонда, 79 б.

<sup>4</sup> Сонда, 82 б.

<sup>5</sup> Сонда, 122 б.

Б.Чобанзаде түркі тілдері ішінде бекітілген ресми әліпбілермен қатар, бекітілмеген жеке әліпбілер де бар деп Н.Төреқұловтың унификацияланған жаңа әліпби жобасын құп алмағанан білдіреді.

Жиында түркі тілдері әліпбілеріндегі 17 әріпті ғана унификациялау жөнінде ойласу, Н.Төреқұлов пен әзербайжан әліпбілерін ғана салыстырып, ортақ шешімге келу керектігі қойылды. Түркі тілдеріне арналған ғылыми транскрипция принциптерін ойластыру алға тартылды.

Н.Төреқұловтан кейін сөз алған Л.И.Жирковтің: «Н.Төреқұлов әліпбіні өте салмақты, санасуға тұра келетін әліпби. Әрине, ол әзербайжан қателігі негізінде жасалған<sup>1</sup>. Әттең, кеш. Егер Н.Төреқұлов әліпбі әзербайжан қателігіне дейін айттылса ғой<sup>2</sup>. Н.Төреқұлов алфавитінде жазып көру керек, көптеген мәтіндер жазу керек. Бұл жоқ сияқты. Әзербайжан әліпбіні әлсіз, онда емле де жоқ. Н.Төреқұлов алфавиті де әлсіз, онда мәтін жоқ. Н.Төреқұлов жасаған әліпбимен жазылған мәтін қарашай, қазақ, башқұрт, өзбек тілдеріне қаншалықты түсінікті, осыны білу керек<sup>3</sup>. Енді осы екеуін унификация жасау керек» деген сөзі Н.Төреқұловтың әліпбіндегі ортақ түркі әліпбінің жобасы болғанынан хабар береді.

Өзбекстаннан келген Тыныстанов Самарқандтағы бас қосуда ортаазиядағы түркі тілдері үшін (Түркіменстаннан басқасы) ортақ алфавит ойластырылды дейді. Өзбек тілінде сингармонизм бар дегенге қарсы емеспін дейді<sup>4</sup>. Морфологиялық жағынан унификация жасау (Н.Төреқұлов айтқандай) мүмкін емес деді. Габитов унификациясы шрифт бірдейлестіреміз бе, емле мен грамматиканыны бірдейлестіреміз бе дегенде, біріншісі дұрыс. Яғни, шрифт қана болғаны дұрыс<sup>5</sup> деді. Түркіменстаннан келген Гельдиев: «Дауысты дыбыстарды унификациялау қыын», – деді. Мысалы: түркіменстанда 16 дауысты бар, ал Чобанзаде – 12 дейді. Ол 4 конференция өткіз-

<sup>1</sup> Стенографический отчет ... 121 б.

<sup>2</sup> Сонда, 122 б.

<sup>3</sup> Сонда, 122 б.

<sup>4</sup> Сонда, 123 б.

<sup>5</sup> Сонда, 125 б.

дік, осы конференциялар барлық түркі тілдерінде сингармонизм бар екенін көрсетті деген. Ал бұған Б. Чобанзаде откен мен болашақ туралы емес, қазіргі тілдер түрғысынан келуі керек дейді. Орыс тілі шет сөзін алып, өз заңына бағындырады. Біз унификацияны біржакты шешіп алу үшін келдік. Егер шешілмесе, онда ортаазиялық республикаларға өз жолдарымен кетуге тұра келеді деді.

Башқұртстаннан келген Манатов Н. Төреқұлов z – dz, z – ʐ беруді айтады, ол дыбыс башқұрт тілінде де бар. Бұл екі әріпті түрікмендермен келісіп алу керек. Өзбек *қаш*, қазақ *қаш*, башқұрт *қас* дейді, ч-с-ш дыбыстарына Н. Төреқұлов с әрпін алайық деген. Бірақ әр тілде ш да, с фонемасы да бар ғой дейді автор. Татар тілінде к әрпімен к және ө фонемаларын беруге болады дейді.

Н.Ф. Яковлев Н. Төреқұлов жобасының артықшылығы – кез келген түркі тілді халық ол әліпбимен қиналмай оқып кете алады деп бағалайды<sup>1</sup>. Сөйте тұра, жасаған дүниені бұзбау керек, әзербайжандарға көмектесу керек дейді.

Емле принципі хақында **сальстырмалы-фонетикалық принцип** (Н. Төреқұлов), абсолютті фонетикалық (Әзербайжан) принциптер ұсынылды. Э.Д. Поливанов Н. Төреқұлов этимологиялық принцип туралы айтады дейді. Бірақ оған карсылар көп. Барлық түркі тілдері бір түбірмен жазу мүмкін емес дейді. Ал жалпы бұл өзге ұлт өкіліне түркі тілдерін **бірден менгеріп алуға көмектеседі** делінді.

Жаңа әліппешілердің комитетінде 39 мүше болған, съезге – 20-сы келген. Өзбекстан, Қазақстан, Тәжікстан, Грузия, Нахичевань, Қарақалпақстаннан келмеген. Н. Төреқұловты Қазақстан атынан деп соңынан жеделхат келген<sup>2</sup>. Унификация жасайтын комиссия 2 күн отырған таңғы 06-00-ден түнгі 23-00-ге дейін, 2-күні түнгі сағат 01-ге дейін. Яғни айтыс қызу болған.

Пленумда 14 әріп дауыссыз: в, д, ф, һ, լ, м, н, р, г, с, т, ү, ү, з. 4 дауысты: а, е, о, и – яғни, 18 әріп даусыз қабылданады. ч, дж

<sup>1</sup> Стенографический отчет ... 152 б.

<sup>2</sup> Сонда, 135 б.

дыбыстарының таңбалануы даулы. с- [ç], ç - [дж] белгілейтін болады. Соңғысы сирек қолданылатын әріп болғандықтан алынған. Әзербайжан делегаттары бұған қарсы, өйткені оларда басқа дыбысты береді. г мен ғ фонемаларын беру үшін g және ğ//g ұсынылған. Ғылыми кеңес жобасында 11 дауыс жақтаپ, 4 дауыс қарсы болып, г мен қ таңбалары бекітіліп кеткен<sup>1</sup>.

Бүгінде түркі тілдерін латынға, одан кирилге көшіруде саясаттың ықпалы болды деген пікірге мынадай айтарымыз бар: Латын графикасына көшуді түркі тілдерінен басқа орыс оқымыстылары да қолға алған. Оған А. Луначарскийдің кирил графикасын орыс помещиктері мен буржуаздарының жазуы дегені әсер еткен<sup>2</sup>. Сондықтан 1929 ж. Халық агарту комитеті орыс жазуын латынға көшіретін арнайы комиссия құрған. Ал 1930 ж. Н.Ф. Яковлев бастаған құрам латын әліпбійінің З жобасын дайындаған<sup>3</sup>. Барлық жобада е, я, ю әріптері бар. Кейін түрі ұлттық мазмұны социалистік мемлекет құратын Сталин идеясына латыннан гөрі кирил жақын болғандықтан латыннан көшірілді<sup>4</sup>. Сондықтан латын графикасын қабылдауда орыстандыру саясаты болған жоқ.

Ал жалпы өзге түркі халықтарының латындану тарихына қатысты Н.Әміржанова: «1928 жылдың қаңтар айында Ташкентте жаңа әліпби Бүкілодақтық Орталық комитетінің II пленумы болып, жаңа әліппе мәселесі бойынша істелген жұмыстардың есебі тындалады. II пленумнан кейін қалың бұқараның қалауымен Өзбекстан, Татарстан, Башқұртстан Республикалары жаңа әліпбиді алу туралы декрет қабылдады. Ендігі кезекте Қазақстан мен Қырым Республикалары латын әліпбійіне көшуі керек болды...1928-29 оку жылынан бастап өзбек және татар мектептері толықтай жаңа әліпбиге көшті» дейді<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> Стенографический отчет, 160 б.

<sup>2</sup> Сонда, 115 б.

<sup>3</sup> Сонда, 115 б.

<sup>4</sup> Латын графикасы негізіндегі қазак әліпбійі: тарихы, тағылымы және болашағы А., Арыс, 2007. – 410б.

<sup>5</sup> Әміржанова Н. Қазакстандағы латын жазуының тарихи тағылымы....

Өзге зерттеушілер: «Әзербайжан Орталық кеңес комитеті мен Халық комиссарлар кеңесі 1928 жылдың 1 қазанынан бастап мерзімді басылымдарды жана әліпби негізінде шығарып, мектептердегі жазуды латын әліпбие көшіру мәселесін сөз еткен болатын. Өзбекстанда 1 тамыздан бастап «Қызыл таңба» деген айлық журнал, Түркіменстанда жана әліпбиде «Қызыл жол» деген айлық журнал, Қыргызстанда «Жаңа мәдениет» атты айлық журналдың шығарыла бастады. III пленум шешімдерінен кейін Қазақстанда жаңа әліпбиді на-сихаттау мақсатында Орталық жаңа әліпби комитеті 1929 жылдың қаңтар айынан «Жаршы» журналын шығара бастады. Журналдың редакторлық қызметін Қабылұлы, Тоқ-жігітұлы, Байділдаұлы атқарды. Журнал латын әліпбиең түркі елдерінде енгізілу барысы, осы бағытта жүргізіліп жат-кан жұмыстар, конференциялар мен пленумдар туралы жа-зып, латыншылардың қозғалысының барысын, олардың қол жеткізген нәтижелерін қорытындылап отырды» деген мәлі-мет айтады<sup>1</sup>.

## 2.1.2 Оғызтоптың түркі тілдерінің әліпбilerі

**Түрік жазуы.** М.К. Ататүркке латынға көшу идеясын 1926 жылы Бакуде өткен конференцияға барған Мехмед Фуад Ко-прулу берген. Латын графикасына Мұстафа Кемал Ататүрк мәдениет, білім саласындағы түбекейлі реформаның бірі ретінде кіріседі. 1928 жылы құрамында лингвистер, оқыту-шылар, жазушылар және парламент мүшелері бар «Dil Encümeni» комиссиясын құрып, олардан әсіресе әліпбидің түрік тілінің фонетикалық құрамына сәйкес болуын талап етеді.

1928 жылдың 1 қарашасында М.К. Ататүрк «Жаңа түрік әріптерінің қабылдануы мен қолдануы туралы» заң шығара-ды. Бұл заң бойынша 1929 жылдан бастап мемлекеттік меке-мелер латын әліпбиең өтті. Осы жылдың 1-маусымына дейін

<sup>1</sup> Алдажұманов К., Бурханов К., Смагұлова С, Құдайбергенова А XX г. басындағы кеңестік Kazakhstan мен түркі тілдес халықтардың әліпби ре-формасына тарихи талдау // Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі: тарихы, тағылымы және болашағы. А.: Арыс, 2007.-410 б. 31 б.

ғана қатар қолданылып келген араб графикасына іс қағаздар жүргізуде мұлдем тыйым салынды. Сөйтіп, Түркияда латын әліпбіне өту кезеңі бар-жоғы 1 жылға созылады<sup>1</sup>. Түрік тілінің латынға көшуіне – батыс өркениетіне жақындау және халықтың сауаттылық деңгейінің төмен болуы, яғни мәдени-әлеуметтік сондай-ақ саяси фактор әсер етті. «...Түрік жұрттың өзге түркі халықтарымен бір мәденитте болуды мақсат еткенінен де болды»<sup>2</sup>. Проф. Ертем Рейкін «Біз тек әліпбиде ғана араб дәстүрінен батыс дәстүріне өткен жоқпыз, біз бұл бағытты жүйелі ұстандық, құнтізбемізді де, уақытты өлшеуді де (сағатты), өлшем бірліктерді де, тіпті кейбір атауларды да араб үлгісінен батыс үлгісіне ауыстырудық», – дейді («мәдениет» – «kültür»)<sup>3</sup>.

Түрікәліпбі өзге түркі әліпбилерінің қазіргідей алдында тәжірибесі жоқ кезеңде тыңнан жасаған ұлттық әліпбі балып табылды. Баку съезінде келісілген бір дыбысқа бір таңба принципін қатаң сақтаған, диакритикалық таңба емес, неміс, швед, албан, румын жазуы үлгісіндегі әріпусті белгілері бар әріптерді қолданған. 29 әріптің 8-і дауысты фонеманы таңбалайды: **a, e, i<ы>, i <и>, o, ö<ө>, u<y>, ü<γ>**. Түрік тілінің өзіне тән дауыстылары латын-ағылшын стандартында жоқ **i, ö, ü** таңбаларымен берілді. Сондай-ақ **Ç** [че], **ş** [шэ] әріптері латын әліпбінен тыс алнып отыр, яғни неміс, француз жазуларындағы бұл фонемаларды 2-3 әріп тіркесімен емес, бір таңбамен берді, анық естілмейтін, бірақ созылышылықты немесе [f]-ның көмексік айтылуын **ğ** – әрпі таңбалайды (*fotografi*).

Әліпбиде белгіленбеген, бірақ әріпусті «құстұмсық» (^) белгісімен таңбаланатын, араб және парсы тілінен енген сөздердегі дауыстылардың созылышылығын білдіретін, сон-

<sup>1</sup> Фазылжанова А. Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан Республикалары ұлттық тілдерінің латын графикасы негізіндегі жана әліпбиге көшу тәжірибесі // Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі: тарихы, тагылымы және болашағы А., Арыс, 2007. – 410 б. 139 б.

<sup>2</sup> Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі: тарихы, тагылымы және болашағы А., Арыс, 2007. – 410 б. 105 б. 88 б.

<sup>3</sup> Сонда, 88 б.

дай-ақ g, k, l дауыссыздарының жұмсақ, жінішке айтылуын білдіретін таңбалар қолданылды (*İsyankâr*).

Сөйтіп, түрік әліпбі тілдің өзіндік ерекшелігін білдіретін 6 әріпті енгізген, латын-ағылшын стандартының 23 әрпін гана пайдаланған графика болып табылады. Және латын алфавитінің кейбір әріптерінің мәнін өзгертіп қолданған. Мысалы, латын алфавитіндегі <c>, <k> фонемаларын беретін с әрпін <дж> фонемасына, ж әрпін <ж>, у әрпін <и> фонемасына алған. Алайда тілге тән қ, ң, х дыбыстары таңбаланбаған.

Жаңа жазумен сауаттылық 60%-ға көтерілген. Бұрын жазуы реформаланбаған және халық сауаттылығы төмен тілдерге жаңа әліпбі қабылдау нәтижелі болатынын көптеген тәжірибелер көрсетіп отыр.

Түрік әліпбі кейінгі түркі жазуларына үлгі болды, мысалы, әзербайжан әліпбі осы құрамның үстіне Әә, Qq, Xx әріптерін қосып алса, гагаузы жазуы Ää, Èé, Tt, қазіргі қырым татар жазуы Qq, Ññ таңбаларын алған<sup>1</sup>.

**Латыннегізді алғашқы әзербайжан жазуы.** Араб жазуының қындығы мен кемшіліктері туралы әзербайжанда алғаш рет Мирза Фаталі Ахундов мәселе етіп көтереді. Араб әліпбіне реформа жасаған жобасын<sup>2</sup> Константинопольге «Анджуман-Даниш» қоғамына апарып ұсынады. Жоба қабылданбаған соң араб жазу жүйесіне мұлдем қарсы еуропалық жазу системасына етуді, сөйтіп, өзі 42 әріптен тұратын жана алфавит жобасын ұсынады. Мұнда араб әліпбіндегі барлық таңба мазмұнын сақтайды және үстіне 4 дауысты әріп қосады. Жалпы алғаш латын графикасына етуді қоштағандар Джалил Мамедкулизаде, Гасан-бек Зардаби, Нариман Нариманов және басқалар болды<sup>3</sup>.

1919 жылы жаңа әліпби комиссиясы құрылады. Латынға көшүдің 20ғ. басында солтүстік Кавказ бен Әзербайжанда

<sup>1</sup> ru.wikipedia.org

<sup>2</sup> Мирза Фатали Ахундов и новый тюркский алфавит // Культура и письменность Востока. Б., 1928. С. 58-61.

<sup>3</sup> Советский Азербайджан: мифы и действительность. Баку: Элм, 1987. С. 294.

бастал себебін Н.Төреқұлов мұнай маңайында жұмысшы тобы бар, жаңа әліпбиді енгізу алдымен сол арада женіл болады деп анықтаған<sup>1</sup>.

Сөйтіп, А.Эфендизаденің әліпбі ұсынылып, баспасөзде жарияланады. Ол алғашқы жоба мынадай еді: **a ä b c ç d e ë f g h i j k l m n ö o ö p q ə r s t u v w x y z z'** (дәйекше)<sup>2</sup>. Бұл жобаның кейінгі жобалардан артықшылығы әліпбидегі **ä ç ö** әріптегі түркі әліпбі таңбасына сәйкес болды. Бұл жобада алғаш рет кейінгі түркі жобаларына енген **ə**, **z** таңбалары жасалды.

Елдегі азамат соғысына байланысты тоқтап қалған латын графикасына ауысу мәселесі қайтадан қолға алынып, 1922 жылы жаңа әліпбі құрамы бекіді. 1925 жылдан бастап араб жазуымен қатар қолданыла беруге жарлық шығады. Алғашқы әліпбі мынадай еді: **Aa Bb Cc Çç Dd Ee Әә Ff Gg Əə Ҥҥ Hh Ii Іі Jj Kk Ll Mm Nn Ңң Oo Өө Pp Qq Rr Ss Tt Uu Vv Xx Yy Zz Zz' 3** (апостроф)<sup>3</sup>.

Айырмашылығы ы, н әріптегі үшін **İ İ**, **ңң**, таңбалары жасалған. Алдыңғы әліпбиден айырмашылығы әріппусті қос нүктелер қолданыстан шығып, жоласты таңбаларға ауысқан. Әә, Өө таңбаларын кирил және латын графикасында да бар **e**, **o** таңбаларының өзгерітілген түрімен белгілеу, **ə** таңбасы алғаш осы әзербайжан жазуында қолданыста болғанын көреміз.

Бірақ 1926 жылдан бастап-ақ әліпбиді жетілдіру туралы ұсыныстар айтыла бастайды. Яғни 1926 ж. Баку конференциясы, 1927 ж. алғашқы пленум әзірбайжан әліпбіне өзгерістер әкелді. Сөйтіп, 1933ж. және 1938 жылы өзгерістер енеді. Сонғысында **ңң**, әрпі алынып тасталады. Әліпби құрамы төмендегідей: **Aa Bb Cc Çç Dd Ee Әә Ff Gg Əə Ҥҥ Hh Ii Ь Ь Jj Kk Qq Ll Mm Nn Oo Өө Pp Rr Ss Şş Tt Uu Vv Xx Yy Zz Zz'** (дәйекше)<sup>4</sup>. **İ İ** таңбасы **Ь** болып ауысты. Әліпбиге түркік алфавитінен **Şş** таңбасы алынды.

<sup>1</sup> Стенографический отчет I пленума.

<sup>2</sup> Əbdyllah bēj Əfendi Zadē. Son-Tyrq elifbasw. Baqu, 1919

<sup>3</sup> Агазаде, Ф. Очерк по истории развития движения нового алфавита. Казань, 1928.

<sup>4</sup> Г. Г. Исмаилова К истории азербайджанского алфавита // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР / Н.А. Баскаков. М.: «Наука», 1972. С. 28-40. 28-40 бб.

Әліпби құрамы, 1938 жылғы реформасында да, оғыз тобындағы түркі әліпбіне жуықтатылған жоқ. Тек Çç, Şş таңбалары ортақ болды және әріп мәні де бірдей болды.

**Латыннегізді алғашқы түркімен жазуы.** 1926 жылғы Баку конференциясынан кейін мемлекеттік ғылыми кеңес латын графикасына негізделген жаңа әліпби жобасын жасап, 1927 жылдың басында баспасөз беттеріне жариялай бастады<sup>1</sup>.

Алғашқы әліпби жобасында 40 әріп болды: Aa, Aa aa, Bb, Cc, Çç, Dd, Ee, Әә, Ff, Gg, Өө, Hh, Ii, Ii ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, ң, Oo, Oo oo, Өө өө, Pp, Qq, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Uu uu, Vv, Xx, Yy, Yy uu, Zz, Zz, Ъъ, Ъъ

Яғни мұнда созылыңқы дауыстыларды беретін таңбалар болған еді. 1930 жылы алдымен осы созылыңқы дауыстылар шығарылды, 1934 жылы өң мен q, 1936ж. хәрпі әліпбиден алынып тасталды. Бұл фонемаларды g, k, hәріптері таңбалайтын болды<sup>2</sup>. Сөйтіп, түркімен жазуының әліпбіндегі 30 әріп 9 дауысты, 21 дауыссызды белгіледі: Aa, Bb, Cc, Çç, Dd, Ee, Әә, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, ң, Oo, Өө, Pp, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Uu, Vv, Yy, Zz, Ъъ, Ъъ.

Дауыстылар a (қысқа) – e, a (созылыңқы) – ә, ь – i, u – y[γ], o – ө болып, 5 жұпка жіктеледі. g әрпі [o] фонемасын да, [g] фонемасын да таңбалады. v әрпімен ерін-ерін дауыссыз – [w] фонемасын берді: ve, avlamak, oval, jazuv, okuv. Және кірме сөздердегі [v] дыбысын да таңбалады: vagon[вагон].

ы, i дыбыстары селбесіп естілсе, түсіріліп жазылды: vagt (vagyt емес), renjk (irenjk емес). Басқа позицияларда жазылды<sup>3</sup>. Бұл ұстаным жалпы түркі тілдері орфографиясында негізге алатын орынды бағыт. Өйткені А.Байтұрсынұлы айтқандай,

<sup>1</sup> М. И. Исаев. Языковое строительство в СССР. М.: «Наука», 1979. С. 85-90.- 352 с.

<sup>2</sup> Б.Чарыяров Из истории туркменского алфавита // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. М.: Наука, 1972. С. 149-156.

<sup>3</sup> А.Л.Поцелуевский Правила орфографии туркменского литературного языка. Ашхабад, 1937. – 31б. 10 б.

жазылмаса да айтылатын тұстарға таңбалап, артық күш жұмсаудың қажеті жоқ.

Түрікмен графикасында да 30 жылдардағы барлық түркі жазуларында орыс тілінен енген кірме сөздердегі я, е, ё, ю әріптері дыбыс тіркесіне ажыратылып жазылды: *jacejka*, *oktjabr*, *pulemjot*<sup>1</sup>.

Ал бірге/бөлек жазылатын сөздерге байланысты бір ұғымды білдіретін сөздерді бірге жазуға тырысты: *bilbag*, *bəşatar*, *demirgasъk*. Күшейткіш буынды сын есімдер басқа түркі орфографиясындағыдан дефис арқылы жазылды: *gəm-gək*, *sap-sarъ*, *jam-jaşy*<sup>2</sup>. Бірақ бір ерекшелігі *la*, *-le*, *da-de*, *sana-sene* шылаулары дефис арқылы жазылды: *mende-de bar* мұсраулық шылауы бірге жазылды<sup>3</sup>.

Түрікмен тілі ерін үндесімін басқа түркі тілдеріне қарағанда көбірек сақтап сөйлесе де, жазуда алғашқы екі буыннан артық бұл үндесімді сактамады<sup>4</sup>: *cukur*, *dokuz*, *otuz*, *uzum*, *əkyz*, *byrgyt*, *oldyrmer*, *oturtmak*. Үшінші буында еріндік жазылмады: *olar* (*olor* емес), *gyldyrmek*. Бірақ егер екінші буындағы дауысты созылыңқы болса, онда негізгі инвариант ренк езулік екені белгілі болды: *izъyn*, *otъr*.

Әдеби тілдің нормасын тандауда ашық/қысанқ айтылатын сөз вариантының ашық нұсқасын әдеби деп тапты: *okamat*, *tanamat* (окъ-мак емес), əbergmek, əkitmek, gojbermek.

Сондықтан көмескі естілетін қысандар түсіріліп те жазылды: өтүг – өтгің, оғип – оғыпа.

**Гагауыз жазуы.** Гагаузыздар 1932-1938 жж. Румын құрамына кіргендіктен алғашқы басылған әліпби румын жазуы негізінде болды да, гагауыз әліпбі өзге түркі жүртүмен ортақ латындану кезеңін бастан кешіре алмады. Онда мына сияқты **a**, **â**, **ă**, **b**, **c**, **d**, **e**, **f**, **g**, **h**, **i**, **î**, **j**, **l**, **m**, **n**, **o**, **p**, **r**, **s**, **ş**, **t**, **ť**, **u**, **v**, **z** және **aa**, **ââ**, **ee**, **ea**, **eaea**, **ii**, **ia**, **ăă**, **io**, **ioio**, **iu**, **iui**, **oo**,

<sup>1</sup> А.Л.Поцелуевский Правила орфографии туркменского литературного языка. Ашхабад, 1937. – 316. 13 б.

<sup>2</sup> Сонда, 14 б.

<sup>3</sup> Сонда, 25 б.

<sup>4</sup> Сонда, 15 б.

**uu, ce, sea, ci, cia, cio, ciu, dj** сиякты диграфтар мен тетраграфтар болды<sup>1</sup>.

Түйін: *әзербайжан, түрік, түркімен әліпбилеріндегі ортақ мәнді таңбалар Çç, Şş әріптері болып шықты.*

### 2.1.3 Қышишақтопты түркі тілдерінің әліп билері

Латыннегізді алғашқы қарашай жазуы. Латын әліпбін алдымен кеңестер құрамындағы кавказ халықтары мен мұнайлы өңір халықтары қабылдағаны белгілі. Сондықтан түркі халықтарының ішінде әзербайжан тілінен кейін латын графикасын қабылдаған кавказ түркілері болып табылады. Қарашай әліпбі 1924 жылы И.Абаев, И.Акбаев, У.Алиев, М.Энеев авторлығымен құрастырылды<sup>2</sup> (10-кесте):

10-кесте. Алғашқы қарашай әліпбі

A a	B b	C c	Ç ç	D d	E e	F f	G g	Q q	I i	J j
K k	Q q	L l	M m	N n	ң	O o	Ә ә	P p	R r	S s
Ş ş	T t	Ь ь	U u	V v	Ү ү	X x	Z z	Ҧ Ҧ		

1926 жылы қарашай тілінің өзіне тән дыбыс таңбалары ұқсас әріптердің сонынан тіркеліп, әліпбиге **S s, H h, W w** әріптері енді. **s, w** таңбалары - [ц], [у] дыбыстарын беру

<sup>1</sup> Тукан М.П. Письменность гагаузского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. - М.: Наука, 1972. - С. 59-657

<sup>2</sup> Алиев Умар. Национальный вопрос и национальная культура в Северо-Кавказском kraе (итоги и перспективы). К предстоящему съезду горских народов. -Ростов-н/Д: Севкавкнига, 1926. С. 82.-128 с. А. Х. Сотаев Пути совершенствования и унификации алфавита карачаево-балкарского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. - М.: «Наука», 1972. С. 88-92.

үшін қабылданды<sup>1</sup>. Төменде М.К.Мильтек келтірген солтүстік кавказдағы үш түркі тілінің әліпбилерінің салыстыру кестесі (11-кесте) берілді:

*11-кесте.* Солтүстік кавказдағы үш түркі тілінің әліпбилерінің салыстыру кестесі

қарашай	ноғай	құмық
A	a	a
B	b	b
C	c	c
Ç	-	ç
D	d	d
E	e	e
F	f	f
G	g	g
q	q	q
i	i	i
j	j	j
k	k	k
l	l	l
m	m	m
n	n	n
ŋ	ŋ	ŋ
o	o	o
θ	θ	θ
p	p	p
q	q	q
s	s	s
ʂ	ʂ	ʂ
ʂ'	ʂ'	ʂ'

<sup>1</sup> М.К.Мильтек Вопросы орфографии тюркских языков Северного Кавказа и Дагестана. Кисловодск, 1937. – 776. 8 б.

t	t	t
ь	ь	ь
и	и	и
ү	ү	ү
в	-	-
у	у	у
х	х	х
з (з)	з	з
з (ж)	з (ж)	з (ж)
-	-	h

Әліпбілерде көп айырма жоқ. Тек нөфай тілінде ч әрпінің таңбасы болмағанын көреміз. Қарашай әліпбійнде дауыссыз, ерін-ерін [w] фонемасының жеке таңбасы болған.

**Латыннегізді алғашқы қарақалпақ жазуы.** 1927 жылдың шілде айынан бастап Қарақалпақ облыстық комитетінде Жаңа әліпби жасақтайдын бөлім құрылды. 1928 жылдың шілдесінде К. Аvezov ен С. Маджитовтың құрастыруымен жаңа әліпби жобасы ұсынылды. Бірша ұсыныстар мен талқылаулардан кейін 1928 жылдың аяғында 32 әріптен тұратын мына әліпби жобасы қабылданды: а, в, с, ç, д, е, ә, f, g, h, x, i, ь, j, k, l, m, n, ң, о, ө, p, q, ң, r, s, t, u, v, z, ё. Бас әріп болмады<sup>1</sup>.

1930 жылды «Mijnetkeş Qaraqalpaq» газетіндегі пікір алма-судан кейін әліпбиден с әрпі шығарылып, орнына ș таңбасын қолдану шешілді. 1932 жылдың қырғүйек айындағы қарақалпақ I орфографиялық конференциясында бас әріп таңбасы қабылданып, әліпби тәртібі былай өзгерді: Aa, Bb, Vv, Gg, Dd, Ee, Çç, Zz, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Ff, Xx, Şş, Hh, Өө, Qq, Ңң, Өө, Yy, Ьъ<sup>2</sup>.

**Латыннегізді алғашқы татар жазуы.** 1926 жылды Баку конференциясына қатысқан 131 делегаттың латын әліпбійне

<sup>1</sup> Д. С. Насыров Об усовершенствовании и унификации алфавига каракалпакского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. М.: «Наука», 1972. С. 75-87..

<sup>2</sup> Сонда, 75-87 66.

өтуді жақтаған 101-нен басқасы араб жазуында қала беруді ұсынды. Мұлде қарсы болған 7 дауыс қазақ пен татар ұлтының өкілдері еді. Татар оқымыстысы Галимджан Шараф бастаған 9 делегат (ішінде Г.Алпаров, Н.Хаким, Г.Сагиди, С.Гафуров бар) латын әліпбіне өтуге қарсы болды. Фалымжан Шараф жана латынға көшудің айқын қарсыласы ретінде конференцияда сөз алды. С.Атнаголов нейтрал болды, әр түркі халқы өздері шешсін деді<sup>1</sup>.

Өйткені татар жазба тілінде араб графикасының ресми мәртебесі 14 г. бастап-ақ қүшейген еді<sup>2</sup>. Сол себептен Ресей халықтарының ішінде татар халқының сауаттылығы жоғары болған қадымшы-консерватор татарлар татар даласында латын графикасы қабылданбайды деді, өйткені ол миссионерлердің татар тіліне жасаған транскрипциясына ұқсады. Сондықтан яналифті ұсынғандарды мұсылман дінінен безгендер ретінде қабылдау пайда болды. Түркияның латын жазуына көшуін үлгі етудің қажеті жоқ, өйткені онда сауаттылық аз делінді.

Бақу конференциясынан кейін Яналиф құрылды. Алайда ел зиялышыранан 82 адам қол қойған латын жазуына көшуге қарсылық Сталинге жолданады, бірақ Сталиннің құптамаған жауабынан кейін 14 адам өз сөздерінен айнағанын жазған хат «Красная Татария» газетіне жарияланған<sup>3</sup>.

Сейтіп, татар тілінің ресми әліпбі – латын әліпбі 1927 жылдың 3 маусымында бекиді<sup>4</sup>.

Татар жазуының алғашқы әліпби жобасында 33 әріп, 1 дәйекше болды (12-кесте).

---

<sup>1</sup> Латын графикасы негізіндегі казақ әліпбі: тарихы, тағылымы және болашағы А., Арыс, 2007. – 410б. 105 б.

<sup>2</sup> Сонда, 104 б.

<sup>3</sup> Сонда, 107 б.

<sup>4</sup> Сонда, 109 б.

№	әріп	№	әріп	№	әріп
1	a	11	h	21	P
2	b	12	i	22	Q
3	c	13	j	23	R
4	ç	14	k	24	S
5	d	15	l	25	S
6	e	16	m	26	T
7	ə	17	n	27	U
8	f	18	ŋ	28	V
9	g	19	o	29	Y
10	ø	20	ө	30	z(жіңішке)
				32	z (тіл ортасы ж)
				33	ь

Й фонемасы жіңішке айтылғанда *i* әрпімен, жуан айтылғанда *ıj* әріп тіркесімен белгіленді. Мысалы: атыj, тъjfan. Көріп отырганымыздай, бұл алғашқы әліпбиде **q**, **ø** әріптері де болды. Дәйекше кірме сөздердегі жіңішкелікті білдіру үшін қойылды. Мысалы: *mes'ələ, vol't, kul'tura, ma'maj*. Егер сөзде жіңішке дауыстылар болса, онда дәйекше қойылмады. Мысалы: *Gegel, Ruzvelt*.

Татар тілінде көмескі естілеттің қысаң езуліктер – **ь**, **е** дыбыстары. 20 жылдар бұл езулік таңбалары түсіріліп жазылған еді. Мысалы, түбір мен қосымша аралығында: *filem – filmi, rəsem – rəsmi, ajyr – ajrim, bəjər – bəjrək*, үнділер арасында: *avyl – avlyna, Sadryj, kukrək*<sup>2</sup>.

**ç – ç, s – z, q – ø, x – h** дыбыстарынан кейін жуан езулік – **ј** айтылса да, жіңішке езулік і болып жазылды<sup>3</sup>: *aşı, çinaq, tabioqı*. Су сөзі *suv, ki* сөзікідеп жазылу керек болса да, *si, ki* деп жазылды. Оның себебі татар тілін жіңішкертү, ұяндату бағытын ұстанғаннан, тілдің артикуляциялық сипатынан болса керек. **V** – әрпі [у]дыбысын берді: *devlət, avyl, aşav, səvda*.

<sup>1</sup> Алпаров Г. Правила орфографии татарского литературного языка. Казань, 1934. -25 б.

<sup>2</sup> Сонда, 146.

<sup>3</sup> Сонда, 106.

Егер сөзде *i*, *j* әріптері болса, онда сөз басында [ж] фонемасын /ç/ әрпі таңбалады, болмаса [й] фонемасын *j* әрпімен жазды: *çır*, *çibər*, *çinaq*, *jaz*, *jyl*, *jar*, *jylga*. Бірақ *çaza*, *çan*, *çanvart.c.c.* сөздер бар<sup>1</sup>.

Қыпшақ тобындағы өзге түркі тілдерімен салыстырғанда әліпбиде *f* әрпі болды, Орыс тілі арқылы кірген сөздер орыс орфографиясына сай жазылды: *Leningrad*, *sklad*, *miting*, *losung*, *Vasiljeva*. Бірақ *v* әрпі → айтылуына сәйкес **Ф** дыбысы болып жазылды: *ustaf*, *afior*, *Ivanof*. Және **я**, **е** әріптеріне аяқталатын сөздер **иә**, **ие** әріп тіркестерімен жазылды: *Anglia*, *Japonia*.

Бірге/бөлек жазылатын сөздерден жер-су аттары (*Aqidel*, *Alabiqa*), атальнымдар (*qultamqa*, өсросстақ), ұстеулер (*qajber*, *bersekən*), қыскарған сөздер (*kolxoz*, *eşfak*) бірге жазылды<sup>2</sup>.

**Латыннегізді алғашқы ноғай жазуы.** Ноғай жазуының 1928 жылғы әліпбіндегі 28 әріп болды: *a*, *b*, *ç*, *d*, *e*, *ə*, *g*, *ŋ*, *i*, *k*, *l*, *m*, *n*, *ŋ*, *o*, *ə*, *p*, *r*, *q*, *s*, *ʃ*, *t*, *u*, *y*, *j*, *ь*, *z*, *v*. Әліпбиді жасаган орта мектептің мұғалімі еді. 1931 жылы 6 әріп енді (*C* с, *İ*, *ı*, *F* f, *H* h, *X* x, *Z* z). Оның 4-үі (*C* с, *F* f, *H* h, *Z* z) кірме сөздерді жазу үшін алынған. 1935 жылы әліпбиден *Ç* ç, *Ə* ə, *Ss*, *İ*, *ı*, *Z* z әріптері шығарылады. Кейін *h* әрпі де шығарылды. Үәрпінің орнына *i*; *ə* әрпінің қызметін *a* (тек əг сөзі *er* деп жазылатын болды); *h* қызметін – *x*; *ç*(дж) таңбасын – сөз басында *j* әрпі, ал басқа позицияда *z* әрпі таңбалады. *Ç* [дж] араб тілі сөздерінде ғана жазылатын еді. Соңдай-ақ *q* мен *ŋ* әріптерін де шығаруды және *w* таңбасын әліпбиге алушы ұсынған пікірлер болды. Бірақ қабылданбады. Соңында 1936 жылы ноғай әліпбіи мына құрамнан тұрды (13-кесте):

<sup>1</sup> Алпаров Г. Правила орфографии татарского литературного языка. Казань, 1934. 13 б.

<sup>2</sup> Соңда, – 25 б. 17 б.

№	әріп	№	әріп	№	әріп
1	a	10	ь (ый)	20	p
2	b	11	i	21	q
3	c	12	j	22	r
4	s;	13	k	23	s
5	d	14	l	24	ş
6	e	15	m	25	t
7	f	16	n	26	u
8	g	17	ŋ	27	v
9	ə	18	o	28	y
		19	ө	39	z (жіңішке)
				30	z (тіл ортасы ж)
				31	x

**Латыннегізді алғашқы қазақ жазуы.** 1927-1928 жж. «Енбекші қазақ», «Лениншіл жас», «Тілші» газеттеріндегі жаңа латын әліпбінің жобасы, сол графикамен басылған тақырыптар жарияланады. Ең алғаш жарияланған латын әліпбінің жобасында 24 әріп, 1 дәйекше болды (яғни төте жазудың жүйесінен ажырамады). Олар: a, b, c, d, e, h, g, j, i, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, y, z және <sup>2</sup>. Мұндағы h - <f>, y - <u>-<ü> фонемаларын таңбалады. Кейінгі жоба<sup>3</sup> <f> - q, <ы>, <i> - ъ етіп берді. Z – таңбасысызыз жазылып, дәйекше ^ – таңбасымен ауыстырылады. 1927 жылы (24.04) Мәскеуде өткен қазақстандық студенттердің жалпы жиналысында жасаған баяндамасында Н. Төреқұлов жазуды ауыстыруға әлі ерте, оған он жыл керек дегенмен<sup>4</sup>, латын жазуына көшу басы ашық мәселе болғаннан кейін, өзінің авторлығымен әліпбі жобасын жасайды. Ол Е.Д. Поливанов енбегінде «Аслат’а» деп аталған<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> С.А. Калмыкова Алфавит ногайского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. – М.: Наука, 1972. 118-125 бб.

<sup>2</sup> Тілші, 17.09.27.

<sup>3</sup> Лениншіл жас, 30.11.28.

<sup>4</sup> Из резолюции общего собрания студентов-казахстанцев г. Москвы по докладу о латинизации казахского алфавита // Культурное строительство в Казахстане. Алма-Ата, 1965-564 с. 55б.

<sup>5</sup> Поливанов Е.Д. Проекты латинизации турецких письменностей СССР. К тюркологическому съезду II-1926, Ташкент, 1926-16 с.

Н.Төрекұловтың әліпбииңде 28 әріп, бір дәйекше болды: а <a>, е <e>, і <ы>, <i>, о <o>, <ө>, у <ұ>, <ү>, р <п>, в <б>, м <м>, ф <ф>, w <y>, т <т>, ғ <ғ>, д <д>, с <с>, з <з>, ә <ш>, ж <ж>, н <н>, л <л>, р <p>, ү <й>, к <к>, г <г>, қ <қ>, х <х>, һ <һ>, ң <ң>, ә <ә>, ‘

Әліпбиде <ф>, <x>, <һ>, <қ>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының әрпі бар. Ал <ә> фонемасы басқа жұп дауыстылардан бөлек, латын графикасында жоқ таңбамен белгіленеді, бұл әзіrbайжан әліпбииңе сәйкескестендірілгеннен шықкан.

Н.Төрекұловтан кейін Х.Досмұхамедұлы латын графикасын қолдамаса да, қызмет бабының ыңғайымен, саналы түрде жаңа әліпбиге көшуді ұсынып, латын әліпбииңің жобасын жасады. Бірақ науқан түрінде емес, қазір қолданып отырған әліпби мен емлені жетілдіріп, жаңа графикаға біртіндеп өтуді ойластырады. «Қолданбасақ та латын харіфтерін біз де тілімізге үйлестіріп көру керек. Тез арада, әсіресе әкімшілік әдіспен көшіру мәдениет ісі үшін залалды һәм саяси тұргыдан да байыпты емес»<sup>1</sup> дейді.

Х.Досмұхамедұлы әліпбииңде 14 әріп латын алфавитіне сәйкес алынады да, апостроф (') пен дәйекше ауыстырылады: а, б, д, е, г, і, ж, к, і, м, н, ө, о, р, ұ, с, sh (ш), т, ү, у, з, қ', һ, ch (ш), tsh (ч), ф, қ, г', ң'. Әліпбиде <ч>, <ф>, <ң>, <ш> сияқты орыс тілі дыбыстарына таңба арналған, <q>, <g>, <ң> фонемалары қ', ғ', ң' арқылы белгіленеді. Бірақ аталған әліпбиде апостроф жіңішкелікті екінші мәрте көрсететін кезі бар: 'k'өr –көr, сондай-ақ басқа функцияда да (ң'<ң>) жумсалды. Шет тіл дыбыстарына қосар таңба алынды да, бұл I түркітанушылардың құрылтайында қабылданған қаулыға сәйкес келмеді. Байқап отырғанымыздай, бір қазақ жазуының өзінде түркі тілдеріне ұсынылған ортақ қағидаттан ауытқытын бірнеше жоба болған. Оның бірі ретінде 1928 жылы желтоқсанда Қызылорда конференциясында жаңа түркі әліпбiiимен үйлестірілмеген мына алфавиттің қабылдан-

<sup>1</sup> Мектептегі А. Қазак жазуының касиеті мен қасіреті // Казак слі. 1995.20.10.

ғанын айтуға болады: a, d, g, k, p, s, v, b, c, j(ж), e, n, к, q, t, b, (дәйекше), l, ɔj, i (и), m, o, р, u, z қабылданды<sup>1</sup>.

Бірақ 1929 жылы қазақ жазуының араб әліпбінен латын графикасына түпкілікті көшкенін хабарлайтын «Жаңа алфавит туралы қаулы» шықты. Мұндағы әліпбиде 29 әріп болады (14-кесте).

*14-кесте.* 1929 ж. латын графикасына негізделген қазақ әліпбі

Р №	Әріп	фонема	№	әріп	фонема
1	a	<a>	16	в	<ö>
2	ь	<ы>	17	д	<д>
3	о	<o>	18	г	<г>
4	и	<y>	19	ң	<ғ>
5	е	<e>	20	з	<з>
6	ә	<ə>	21	ң	<ж>
7	і	<j>	22	һ	<һ>
8	ө	<ө>	23	м	<м>
9	ү	<ү>	24	н	<н>
10	р	<п>	25	ң	<ң>
11	т	<т>	26	ү	<ү>
12	к	<к>	27	л	<л>
13	қ	<қ>	28	ң	<р>
14	с	<c>	29	ј	<й>
15	ң	<ш>			

Әліпбиде қазақ тілінің өзіне тән 9 дауыстысы мен 20 дауыссыз фонемасына әріп арналды. <қ>, <ғ>, <ң>, <р> дыбыстарының жеке таңбасы болды. ь <ы> таңбасы орыс алфавитінен алынды, օj <f>, ѡ <ж>, ң <ң> таңбалары диакритикалы болды және одағайларда ғана колданылатын шығыс кірме сөздерінде жазылатын h <h> дыбысының әрпі бар. Алфавитте бұдан басқа кірме сөздерде кездесетін әріп қатары болған жок.

**1929 жылы Қызылордада откен орфографиялық конференция.** Жаңа жазудың графикасы мен орфографиясы және емле принциптерін айқындау және қазақ тілі емле ережесін талқылау, қабылдау үшін 1929 жылы 2-4 маусым аралы-

<sup>1</sup> Алфавит октябряя. Итоги введения нового алфавита среди народов РСФСР. М, Л34. – 159.

ғында Қызылордада ғылыми орфографиялық конференция шақырылады. Конференцияға Мәскеу, Ташкен, Қызылорда, Орынбор, Ленинград, Алматы қалаларынан келген 17 делегат қатысты. Олар: Атпайұлы Абат, Байділдәүлі Абдрахман, Вундцетель Николай Эдуардович, Шонанұлы Телжан, Шмид Николай Эдуардович, Жандосұлы Ораз, Жамбураұлы, Жұбанұлы Құдайберген, Юдахин Константин Кузьмич, Омарұлы Елдес, Поливанов Евгений Дмитриевич, Кеменгерұлы Қошке, Қабылұлы Ильяс, Сыддықұлы Әміржан, Тәттібайұлы Қазыкен, Тілепбергенұлы Жиенғали, Тоқтабайұлы Иса. Және Қызылорда оқытушылар курсының барлық оқытушылары мен студенттері қатынасты<sup>1</sup>.

Қазақ орфографиясына қатысты алғашқы ғылыми конференция туралы әдебиеттерде, оқулықтар мен оку құралдарында мәлімет көп беріле бермейтіндіктен және латын графикасына негізделген қазақ жазуы зерттеуіміздің арнайы нысаны да болғанын ескеріп, конференция көтерген негізгі мәселелер мен ұсныстытарға шолу бере кеткенді жөн көрдік.

Алдымен, емле принципі туралы конференцияда мынадай ұсныстытар болды.

#### *Орфографияда ұстанатын принцип туралы:*

– Емле фонетикалық принципке құрылады. «Наш фонетический принцип – не принцип фонетической академической транскрипции. Мы понимаем под словам фонетическим принципом передачу без искажения смысла слова, звуков нашей речи». «Но и там, где мы применяем морфологический принцип, под этот принцип подводим фонетическое объяснение, ибо по нашим наблюдением нет такого пункта в нашем правописании и не должно быть такого места в нашем языке, которой возможно было бы объяснить фонетически»<sup>2</sup> (Т.Шонанұлы).

– қазақ тілінде диалект болмағандықтан морфологиялық принциптің қажеті жоқ (Т. Шонанұлы, К. Юдахин, Е. Омарұлы);

<sup>1</sup> Әміржанова Н. Қазакстандағы....298 б.

<sup>2</sup> Стенографический отчет научно-орфографической комиссии созданной 2-4.06. 1929 г. научно-методическим советом НКП и ЦКИА. Қызылорда, 1930.—482с.

– түбірді фонетикалық, қосымшаны морфологиялық принциппен жазуды тіл табиғаты қалайды, бірақ морфологиялық жазуды 15-20 жылдан кейін енгізу (Е.Омаров)<sup>1</sup>;

– шет сөзін тұпнұсқа принципімен жазып, өз тіліміздің дыбыстық құндағында (Н.Уәлиұлының термині) оку (Е.Омаров);

– құрлы, қой, қана сөздерін морфологиялық принциппен жазу (Е.Омаров)<sup>2</sup>, (К.Кеменгеров)<sup>3</sup>;

– гана, гой, ма, корі шылауларын фонетикалық принциппен жазу (Е.Омаров)<sup>4</sup>;

### *Eriň ұндеңстігі туралы:*

– барлық түркі тілдерінде палатал ұндеңсім жетекші, сондықтан емлеге осы ұндеңсімді негіз ету (Т.Шонанұлы).

– ерін ұндеңсімі бұдан 50-60 жыл бұрын құшті болса (В.В.Радлов), бүгінде құрып барады (Т.Шонанұлы, Әлібаев) // ерін ұндеңсімі мүлде құрығаны ғылыми түрде дәлелденген жоқ, сондықтан ойласу керек (К.Юдахин); // еріндіктерді бірінші буыннан артық жазбау // ерін ұндеңсімінің күші қазақ тілінде II буынға дейін сақталуы тиіс және солай жазылуы қажет (К.Кеменгерұлы).

– ерін ұндеңстігін сақтау тиімсіз, бірақ шет сөздерді игергенде екінші буынға да жазу (Е.Омаров) // кірме сөздердің соңғы буынныңдағы еріндікті алдыңғы буынға шығарып жазу (*висмут-вұстит*) (Т.Шонанұлы).

### *Қысан өзуліктердің емлесі туралы:*

– сөз аяғындағы ы, і өзуліктері қосымша жалғағанда түсірілсе, түбірде де жазбау (Т.Шонанұлы);

– қысан өзуліктерді мүлде таңбаламау: *млтқтү* (А.Байділдин, Әлібаев<sup>5</sup>; // қысандарды барлық позицияда таңбалап отыру (Э.Д.Поливанов)<sup>6</sup>.

<sup>1</sup> Стенографический отчет научно-орфографической комиссии созданной 2-4.06. 1929 г. 61 б.

<sup>2</sup> Сонда,... 27 б.

<sup>3</sup> Сонда, 72 б.

<sup>4</sup> Сонда, 115 б.

<sup>5</sup> Сонда, 82 б.

<sup>6</sup> Сонда, 103 б.

### *Позициялық алмасуды таңбалалу туралы:*

- емледе ілгерінді ықпалды ғана белгілеу (Т.Шонанұлы);
- түбір мен қосымша аралығында **п-б**, **қ-ғ**, **к-г**, **п-у** өзгерісін белгілеу<sup>1</sup> (Т.Шонанұлы);
- аталған позициядағы **и-м**, **и-и** өзгерісін жазуда белгілемеу (Т.Шонанұлы).

### *Бірге/бөлек таңбалалауга байланысты:*

- қосымшаларды бірге жазу, ал жартылай қосымшаларды бөлек жазу: «тілдің еркін дамуы үшін түбір мен жартылай қосымшаның бірге жазылмауын назарға алуымыз керек»<sup>2</sup>;
- -шы жүрнағын (*барсаиши*) түбірмен бірге жазу (К.Кеменгеров)<sup>3</sup>;
- тілтұтынушы санасында бөлек сөз болып табылмайтын күрделі сөздерді бірге жазу<sup>4</sup> (Т.Шонанұлы);
- бейіндес біріккен сөздерді дефиспен жазу (Алибаев)<sup>5</sup>;

### *Жеке әріттердің емлесіне қатысты:*

- **ж**, **ш**, **й** дыбыстарының жіңішкериі (*шәй*, *жәй*, *тійін*) тілде бар болса, оның емлесін айқындау<sup>6</sup> (Т.Шонанұлы);
- **ш**, **ж**, **й** дыбыстарының аралығындағы [a]-[ə] дүдемалдығын қосымшаның жуан жалғанатынына қарап, *a* ретінде таңбалалу<sup>7</sup>(Т.Шонанұлы); өйткені <**ж**>, <**ш**>, <**й**>-лардың жіңішкериі диалектке байланысты болуы мүмкін (К.Юдахин)<sup>8</sup>;
- **и** әрпін әліпбиге алмау: *қаһарман* сияқты сөздерді *қарман* деп жазу (К.Кеменгеров, Тоқтайұлы И.).

<sup>1</sup> Стенографический отчет научно-орфографической комиссии, 14 б.

<sup>2</sup> Сонда, 18 б.

<sup>3</sup> Сонда, 72 б.

<sup>4</sup> Сонда, 20 б.

<sup>5</sup> Сонда, 80 б.

<sup>6</sup> Сонда, 18 б.

<sup>7</sup> Сонда, 21 б.

<sup>8</sup> Сонда, 37 б.

<sup>9</sup> Сонда, 72 б.

## *Kірме сөздердің емлесі туралы:*

- шет сөздерді қазақ тілінің дыбыстық зандылығына икемдеп жазу, игеру тәсілдеріне қазан төңкерісіне дейінгі дыбыстық өзгерістерді алу (Т.Шонанұлы)<sup>1</sup>;
- шет сөздерді морфологиялық принцип арқылы игеру; өйткені кірме сөздердің «тасқыны» оларды өте аз уақытта табиғи түрде игеруге мүмкіндік бермейді (К.Кеменгерұлы);
- шет сөздердегі <ц>-ны-[ш] етіп игеру, себебі *шіркеу-церковь* болып игерілген, <в>-ны дауысты аралығында [у], сөз басында [б], тұйық буында [п] етіп игеру, ер адам фамилиясының соңын [п], әйел адам фамилиясының соңын [уа] етіп жазу (Е.Омаров)<sup>2</sup>. «А это значит, что мы от иностранных слов берем основу, имеющую материальное значение, с подчинением всех морфологических и других наращений этой основы свойствам казыязыка» (Т.Шонанұлы)<sup>3</sup>;
- өзге тіл фамилиясын түпнұсқада жазу (К.Юдахин),
- өзге тіл фамилияларын икемдеп жазу (Е.Омаров)<sup>4</sup>;
- орыс тіліндегі <г>-ны ж әрпімен беру дұрыс емес (К.Юдахин);
- орыс тілінің айтылуын шет тіл сөздерінде сактау (К.Юдахин);
- кірме сөздерді өзгертпей жазу, бұрынғы игеріліп жазылған сөздерді түпнұсқа тұрпатымен жазу (Байділдин)<sup>5</sup>.
- сөз басында г, ғ, ч, у, й әріптерін таңбаламау, кірме сөздерде не түсіріп жазу, не қатаң беру (Е.Омаров)<sup>6</sup>;
- шет сөздерді қазақ тілінің фонетикалық заңына сәйкес игеру, мысалы, *космос-костыс*, *газ-газ*, *смола-спала* (Е.Омаров);
- жазуға дейінгі кірме сөздер мен жазу қалыптасқаннан кейінгі кірме сөздерді екі түрлі принциппен жазу, мысалы, *жасыратия*, бірақ *география*, *геология* (К.Юдахин)<sup>7</sup>;

<sup>1</sup> Стенографический отчет, 74 б.

<sup>2</sup> Сонда, 125 б.

<sup>3</sup> Сонда, 23 б.

<sup>4</sup> Сонда, 76-90 бб.

<sup>5</sup> Сонда, 69 б.

<sup>6</sup> Сонда, 80 б.

<sup>7</sup> Сонда, 121 б.

– шет сөздерді орыс тілі арқылы алмау, *европа-evropъ* (европы) деп жазу (Е.Омаров);

– шет сөздері халық тілінде қалай игеріліп жатқанын зерттеу үшін материал жинау (К.Юдахин).

Сөйтіп, конференцияда көтерілген мәселелердің ішінде кірме сөздердің емлесі үлкен қыындық тудырды. Комиссия мүшелері ортақ пікірге келе алмай екіге бөлінді. Е.Омаров, Қ.Кеменгеров, Т.Шонанов бастаған топ терминдерді игеріп жазуды ұсынды, екінші топ (К.Жұбанов, Байділдин, Әлібаев) терминдерді орыс тілі емлесіне жақындастып жазуды жақтады.

Қабылданған емле ережелерінің ескертуінде мынадай өзгеріс болды: «Применяя фонетический и морфологические принципы казахском языке в правописание иностранных слов, нужно избегать искажения основы иностранных слов, имеющее материальное значение без особой на то надобности» (Т.Шонанов)<sup>1</sup>. Бірақ Е.Омаров ережеге мынадай пункттің енуін қалайды: «для выяснения характерного применения вышеизложенных принципов к орфографии иностранных слов ориентироваться на европейские слова, непосредственно воспринятые живым народным языком с русским, а потом на слова перешедшие с арабского и персидского»<sup>2</sup>. Комиссия мүшелерінің көбі бұл пікірді құптамайды.

Бұл ұсыныс-пікірлерден қазақ графикасы мен орфографиясының негізгі ережелерінің алғашқы нұсқасы сөз болып отырған емле конференциясында (1929 ж.) жасалғанын көреміз. Және басқа түркі халықтары да өз тілдеріндегі емле ережелерінің негізді дайындалғаны осы латын графикасы кезінде екенін айтып отыр.

**Сөйтіп, қазақ жазуының алғашқы емле ережесінде мына мәселелер айқындалды:**

– жазудың негізгі ұстанымы (фонематикалық);

– халықаралық сөздердің тілдің дыбыстық зандаудығына сай игеріліп, әліпбидегі әріп шегінде таңбалануы: оның ішін-

<sup>1</sup> Стенографический отчет научно-орфографической комиссии, 119 б.

<sup>2</sup> Соңда, 119б.

де мысалы, қазақ тілінде <ф> → [п] / *panar*, <г> → [г'], [ғ] *ǵaz*, *ǵybirne*, еуропа жазуларындағы **ch** тіркесін, орыс жазуындағы <х>, араб тіліндегі <h> дыбысын **q**, **к** әрпімен таңбалау: *tiqtar*, *teknij'ke*, *kəkine*, <ц> → с, <ч> → [ш], <щ> → [ш] дыбысы етіп игеру және таңбалау: *əpeser*, *sek*, *birkencik*; <й> → [ж], ю → [жұ], я → [жә], [же] етіп игеру және таңбалау: *ямы* – *сатвъ*, *яцик* – *сәск*, *япония* – *сарап*, *еврей* – *сәbrej*, *юсуф* – *cysip*; <в> → [у] және [п] етіп игеру және таңбалау: *samavrъn*, *məskəv*, *barcav*, *sergejip*; 2-буында ерін дауыстылары бар шет сөздерін еріндікті 1-буынға шығарып заңдастыру: *truba-turba*, *доктор-doktъr*;

– этимологиясы күнгірт түбір мен қосымшаны фонетикалық принциппен (айтылуынша) жазу (*куңgej*, *соңqa*),

– шылау сөздерді қосымшалармен бірдей естілуінше таңбалау;

– түбір сонындағы қысан өзуліктерді қысан буынды қосымша жалғанғанда түсіріп таңбалау (*тигъn* – *тирнъ*);

– дауысты дыбыстардың дүдемалдығын қосымша жалғау арқылы анықтау (*kitap* – *kitarqa*).

**Латыннегізді алғашқы қыргыз жазуы.** Қыргыз жазуының 1925 жылғы реформаланған әліпбійнде 24 әріп, 1 кыбачи болған<sup>1</sup>. Оны Ишенаали Арабаев А.Байтұрсынұлы алфавиті негізінде жасаған.

1926-1928жж. әліпби құрамында да **ө**, **ү**, **и** фонемалары үшін қыбачы белгісі (дәйекше) болды. Кейін кірме сөздерді түпнұсқа принципімен жазу үшін әліпбиден бұл белгі шығарылып, әріп саны 24-тен 31-ге жеткен<sup>2</sup> (15-кесте).

<sup>1</sup> С.Кудайбергенов Орфография киргизского языка // Орфография тюркских литературных языков СССР. М.: Наука, 1973. - 301 с. 141 б.

<sup>2</sup> Новый алфавит и орфография киргизского языка Фергана. 1940. 47 б.

A a	B b	C c	Ç ç	D d	E e	F f	G g	Q q	H h	I i
J j	K k	L l	M m	N n	Д д	O o	Ө ө	P p	Q q	R r
S s	Ş ş	T t	U u	V v	X x	Y y	Z z	Ь ъ		

Әліпбиде f әрпі болған. Алғашқы орфографиялық ережені 1934 жылы К. Тыныстонов жасаған. Бұл қазіргі қырғыз орфографиясының негізі болып саналады<sup>2</sup>. 1938 жылы К. Бакеев, И. Батманов, У. Бактыбаевтар авторлығымен «Жаңа қырғыз орфографиясы» шығып, әліпбиге Z (орыс тілінен енген сөздерде [ж] әрпін таңбалуа үшін) таңбасы қабылданып, h әрпі алынып тасталады.

**Латыннегізді алғашқы өзбек жазуы.** Өзбек әліпбінің алғашқы жобасының кейінгі жобаларынан артықшылығы дауыстыны белгілейтін 9 әрпі болғандығы болды. Өйткені сол жылдарда сингармонизм құбылысын қаншалықты жазуда таңбалуа туралы үлкен пікірталастар жүрген еді. Дұрыс талқылау нәтижесінде әліпбиде 9 дауысты дыбыстың таңбасы болды. 32 әрпі өзбек тілінің фонологиялық құрамын толық белгілейтін еді.

1929 ж. Самарканда қаласында өткен емле конференциясында 34 таңбадан тұратын жаңа өзбек әліпбі мұнақтарын қабылданды (16-кесте).

16-кесте. Алғашкы өзбек әліпбі<sup>3</sup>

A a	B b	C c	Ç ç	D d	E e	Ә ә	F f	G g	Q q	H h	I i
J j	K k	L l	M m	N n	Д д	O o	Ө ө	P p	Q q	R r	S s
Ş ş	T t	U u	V v	X x	Y y	Z z	Z z	Ь ъ	‘		

<sup>1</sup> Кудайбергенов С. Совершенствование и унификация алфавита киргизского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. - М.: Наука, 1972. - С. 93-98.

<sup>2</sup> Садыралиева Г. Қыргыз орфографиясының калыптанышы жана өнүгүш этаптары. Бишкек, 2009. ФК. Автореферат. – 6 б.

<sup>3</sup> Ибрагимов С. Узбекский алфавит и вопросы его совершенствования // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. М.: Наука, 1972. - С. 157-173.

Алайда араб графикасындағы өзбек әліпбіне реформа жасауда да ерекше еңбек сінірген Е.Д. Поливанов 1934 жылы да өзбек әдеби тілінің негізіне сингармонизм заны бұзылған Ташкен, Самарқан, Ферғана диалектілерін алуды ұсынып<sup>1</sup>, нәтижесінде әліпбиден ө, ү, ь әріптері шығарылады, ә эрпінің қызметі тарылады.

Сөйтіп, әліпбиде 22 дауыссыз әрпі мен 6 дауысты әрпі: а, ә, о, и, і, е<sup>2</sup> қалады. [ұ], [ү] дыбыстары үшін ү әрпі, [ө], [о] дыбыстары үшін [і], [ы], [і] дыбыстары үшін і әрпі алынған. Сөйтіп, иран тілі әсеріне көп ұшыраған ташкент говоры әдеби тілдің нормасын бұзып, өзбек тілі үлкен өзгеріске тап болды. Тілдері [ө], [ү], [і] дыбыстары жоғала бастады. Түзетуге Н.Ф. Яковлев пен А.Н. Самойлов та қатысты. 9 дауыстыны 6 әріппен берудің қындығы араб графикасы кезеңінен айтылса да, өзбек жазуы тілдің сингармонизм занын қолдан бұзган алғашқы түркі жазуының бірі болды.

1937 жылы А.К. Боровковтың ұйымдастыруымен өзбек тілінің жаңа әліпбі құрастырылады. Ол мынадай құрамда еді: a, b, v, g, d, e, z, z, i, j, k, l, m, n, å, o, p, r, s, t, u, f, x, c, ş, ç, q, ə, h, x<sup>3</sup>. Бірақ бұл реформа жүзеге аса алмады: кирил жазуына көшу басталды.

## 2.2 Латыннегізді түркі әліпбі мен емлесі: кейінгі кезең

Жалпы, латын жазуына көшу Орта Азия түркі халықтарында, әсіресе татар халқы мен қазақ даласында бірауыздан қолдау тапқан жоқ. Оның бір тілдік емес себебін F.Тоғжановтың мына сөзінен байқаймыз: 1926 жылы Қазақстанда

<sup>1</sup> Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР. – М.: Наука, – 225 с. 77 б.

<sup>2</sup> Сонда, 78 б.

<sup>3</sup> Ибрагимов С. Узбекский алфавит и вопросы его совершенствования // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. – М.: Наука, 1972.- С. 157-173 бб.

6503000 адам өмір сүрді, оның 3713400 қазактар еді<sup>1</sup>. Араб графикасын жақтаушылар басқару, баспа орындарында көп қызметте болды. Сондықтан Бакуде өткен съезге де осы топ барды. Татар жұрты мен Қазақстаннан барған делегация осы съезде ең керігартпашил топ болды. Арабшылдар Бакуде Қазақстан атынан сөйлемді, бірақ шын Қазақстан Н.Төре-құлов сөзінде еді дейді<sup>2</sup>.

Сондықтан осы елдерде латынға көшіру процесі өте баяу, жай өрбіді. 1928 жылы 18-23 желтоқсан аралығында Қазанды жаңа түркі әліпбійнің бүкілодақтық орталық комитетінің III пленумы шақырылады. Қазақстаннан С.Ж.Асфендияров, О.Жандосов, Н. Нұрмаков, Т.Шонанұлы, Тоғжанов, Т.Рысқұлов сынды білімпаздар қатынасады. Пленумда негізінен латынәліпбійнә көшу баяулығы, әзіrbайжан жазуы қабылданған әліпби негізінде өзге түркі халықтарының әліпбійн бірдейлестіру, жазу тарихындағы сол дәүірді мұрағат ретінде сақтау, бас әріп мәселесі, емле принципі, фонетикалық пен морфологиялық принципті қатар ұстау деген мәселелер көтеріледі. Латын графикасына көшкен әзербайжан жазуы тәжірибесін басшылыққа алу мәселесі де көбірек айтыла бастады.

Н.Ф. Яковлев унификацияның графикалық, фонетикалық, орфографиялық түрлері болады. Негізгі бірлестіру фонетикалық болып табылады, ол әр таңбаның ортақ дыбыстық мағынасы болу деген сөз деді. О.Жандосов Қазақстан латын жазуына көшуді кешеуілдетіп отырса да, бірлестіру жағынан Әзіrbайжаннан алда түр, бірлестіру негізіне бір жазуды алу деген дұрыс емес, өйткенде әр халық өз жазуының дұрыстығын дәлелдейді. Толық унификация жасау мүмкін емес, ол үшін дауыссыздарды да бірлестіру керек деді автор, және Қазақстанда ескі арабшылдардың күні таяды дегенді былай білдірді: «было время, когда казахский крестьянин по поводу любого вопроса, имеющего большое общественное значение».

<sup>1</sup> Алфавит октябряя. Итоги введения нового алфавита среди народов РСФСР. М,Л34. – 159. 60 б.

<sup>2</sup> Сонда, 63 б.

ние, спрашивал, что скажут Букейханов и Байтурсынов. Это два толпа казахского прошлого, казахского национализма, смесь патриархальных предрассудков с буржуазно-националистическими представлениями<sup>1</sup>.

Қазақстанда латын жазуына біржола өтудің бәсек жүруінен жаңа алфавиттің бүкілодақтық орталық комитетінің IV пленумы Алматыда өтті (1930 жылы 6 мамыр). Пленумға С.Асфендияров, Т.Шонанұлы, Қ.Жұбанов, Шәрібаев қатынасады. Пленум мүшелері Қазақстанның жаңа алфавитке салғырт көзқарасы азаймай отыр дейді (8-11 жасқа дейінгі балалардың 20%-ы ғана мектепке тартылған).

Пленумда бас әріп мәселесі (С.Асфендияров қазақ жазуы бас әріпті алмайды, алса қызметін азайтып алады, жалпы бас әріп ағылшын, француз емлесінде де бірыңғай принципе сүйенбейді деді<sup>2</sup>); графемалардың психотехникасы (Шор жазу психологиясы Германия, Америкада жақсы зерттелген, сонда қазіргі жазу жолынан шығып тұрған таңбалар бас әріп, нүктө, үтірлер көзге бірден анық көретіні анықталған дейді), фонетикалық унификация мәселесі сөз болды Қ.Жұбанов пленумның мақсаты бір жазуды негіз етіп анықтау болмау керек, ешбір жазу басқа тілдің жазуымен ынғайласа алмайды, әзіrbайжандр *q*, *k* әріптерінің мағынасын өзгертіп жіберді десе, профессор Самойлович қазақ жазуы <ш>-ны *с*-мен берді, себебі, *с* – унификацияланған әліпбиде <ч>-ны береді деді; Қ.Жұбанов бір-біріне саяси, экономикалық, мәдени жақындығы бар тілдер бір унификация жасау керек, жаппай бірлестіру болмайтын іс деді. Пленум қаулысы Қазақстандағы сауаттылықты тағы 15%-ға көбейту, 1930 жылдың қазанында жаңа әліпбиге көшуді түбегейлі аяқтау, Қырғызстан, Қазақстан, Дағыстан жазуы бас әріпті қабылдау керектігін бекітеді<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Стенографический отчет третьего пленума всесоюзного центрального комитета нового тюркского алфавита заседавшего в Казани, от 18-23/XII-1928. Казань, 1928.-227 с. 192 б.

<sup>2</sup> Стенографический отчет IV пленума ВЦКН алфавита пр. в Алматы, ВЦКНА, 1931.- 261 с. 180 б.

<sup>3</sup> Сонда, 259 б.

1939 жылды Кеңестер құрамындағы 72 халықтың тілінде жазу болды. Әрине, дені латын графикасы негізінде. Түркі тілдері жазуларында 30 ж. бастап-ақ жазуды жетілдіру айтылғаны белгілі. 1933 ж. 15-19 ақпан аралығында жаңа әліпбидің бүкілодақтық орталық комитетінің I пленумы болды. Онда негізгі баяндамашы болған А.А-Пальмбахтың «Принципы построения национальной орфографии» атты 1929 жылдан осы кезге дейін әліпбілі латынға ауысқан тілдерді зерттей отырып, енді татар, қазақ, өзбек орфографияларын стандарттау ұсынылған еді. 1930 ж. түркмен, башқұрт тілінің емле кодексі жасалып, 1932 ж. қарақалпақ тілінің орфографиясы жасалды.

Түркі халықтарының өз жазуының емле ережелерін жасақтаған тұнғыш графикасы – латын жазуы болғандықтан, 2-3 жыл өтпей-ақ жазуды жетілдіру, реформалау мәселесін көтерілуі заңды еді. 1926-1932 жж. аралығында қабылданған әліпбилер өзара үйлестірусіз, әр тіл фонетикалық принципті негізге ала отырып жасалды. Әрі барлық түркі тілдері үшін бұл жазулар тілдің өз фонетикалық заңдылығынан шығарыла отырып, түзілген төл әліпбилері болғандықтан алдымен әр тілдің фонетикалық жүйесін түгендеп алу мақсат етілді. Алғашқы тәжірибе олқылықсыз болмайтыны белгілі. Оның бір себебін Н.Ф. Яковлев айтқандай, алфавитті ғалымдар емес, жергілікті ұлттық практиктер жасағаннан да<sup>1</sup>.

Сондықтан 1932 жылдардан бастап барлық түркі тілдері жазуларында әліпбиге толықтыру, емлеке түзетулер енгізіле бастады.

Сондықтан біз бұл тараушада латын графикасына негізделген түркі әліпбилері мен емлесіне жасалған өзгерістерге тоқталамыз.

**Қазақ жазуы.** 1933 жылдан бастап емлені өзгертуге байланысты ұсыныстар беріле бастағанда қазақ жазуындағы алғашқы реформалық жобаны Қ.Жұбанов берген. Ғалым ұсынған әліпбиде 24 әріп, бір дәйекші болды. Яғни өзі жақтаған Байтұрсын жазуының әліпбін қалпына келтіруді ұсынды.

<sup>1</sup> Стенографический отчет I пленума ... 87 б.

Әліпбидегі графема мен фонеманың қатынасы мына тұрғыда: *a* $\langle a \rangle$ - $\langle a' \rangle$ , *b* $\langle b \rangle$ - $\langle b' \rangle$ , *c* $\langle \text{ш} \rangle$ - $\langle \text{ш}' \rangle$ , *k* $\langle \text{к} \rangle$ , *q* $\langle \text{қ} \rangle$ , *l* $\langle \text{л} \rangle$ - $\langle \text{л}' \rangle$ , *r* $\langle \text{р} \rangle$ - $\langle \text{р}' \rangle$ , *s* $\langle \text{с} \rangle$ - $\langle \text{с}' \rangle$ , *m* $\langle \text{м} \rangle$ - $\langle \text{м}' \rangle$ , *d* $\langle \text{д} \rangle$ - $\langle \text{д}' \rangle$ , *n* $\langle \text{н} \rangle$ - $\langle \text{н}' \rangle$ , *t* $\langle \text{т} \rangle$ - $\langle \text{т}' \rangle$ , *e* $\langle \text{е} \rangle$ - $\langle \text{е}' \rangle$ , *η* $\langle \text{ң} \rangle$ - $\langle \text{ң}' \rangle$ , *u* $\langle \text{ү} \rangle$ - $\langle \text{ү}' \rangle$ , *y* $\langle \text{ү} \rangle$ - $\langle \text{ү}' \rangle$ , *h* $\langle \text{һ} \rangle$ - $\langle \text{һ}' \rangle$ , *o* $\langle \text{ө} \rangle$ - $\langle \text{ө}' \rangle$ , *z* $\langle \text{з} \rangle$ - $\langle \text{з}' \rangle$ , *i* $\langle \text{ы} \rangle$ - $\langle \text{и} \rangle$ , *p* $\langle \text{п} \rangle$ - $\langle \text{п}' \rangle$ <sup>1</sup>.

Қ.Жұбанов **f**, **h**, **x** әріптері кірме сөздерде ғана емес, Оңтүстік Қазақстан қазақтарының тілінде бар дыбыс және келешекте тілдің термин (1934) сөздермен баю мүмкіншілігін ескерсек, бұл әріптерден бас тарта алмаймыз және **өзге түркі халықтарының әліпбіймен бірдейлестіру үшін** бұл үш әріпті әліпбиге енгізу керек дейді<sup>2</sup>. *Pravda*, *avarie*, *výmpel*, *fabrik*, *fakt* сөздерін **b**, **p** әріптерімен таңбалаудың қыындығын көреді. Ал *gireməron*, *Meknijke*, *Qarkop*, *sabet* сөздерінің әртүрлі орфограммаланып кететінін байқайды.

1936 жылы «**h** әрпі әліпбиде болғанмен, қазақ сөздерінде ұшырап жарымайды, тек одағайларда кездеседі» деп<sup>3</sup>, әліпби құрамынан **ө**, **ә**, **j** (**й**) және **c** таңбаларын шығаруды ұсынады, **h** әрпін **f** фонемасына беруді ұсынады<sup>4</sup>. Ал **j**-ді **i** дауысты дыбыс әрпімен, **v**-ны **u**-мен беруге болады дейді [32, 507]. Сөздің жіңішкелігіне дәйекшеден басқа **i**, **k**, **g** әріптері де қаракшы (маркер) бола алатынын көрсетеді<sup>5</sup>. Сонда Қ.Жұбановтың әліпби құрамынан алғып тастауға болады деген таңбалары мыналар болды: **ө**, **ә**, **j**, **f**, **v**. Және **ұ**, **ү**, **ый**, **ий** қосар таңбаларының орнына бір таңба алуды, дәйекше қызметін пайдалануды ұсынады<sup>6</sup>. Сөз болып отырған қазақ латын графикасының кемшілігі деп, «**сызылған**» **ө**, «**құйрықты**» **С**, **ң**, «**аударылған**» **e** (**ә**), «**созылған**» **g** (**q**), «**белі сыйылған**» **z** таңбаларын атайды. Сөйтіп, «Т.о. вместо прежних 13 букв по значению и 17 букв по числу знаков оставляются

<sup>1</sup> Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Фылым, 1999.-581 б.

<sup>2</sup> Сонда, 510 б.

<sup>3</sup> Сонда, 195 б.

<sup>4</sup> Сонда, 504 б.

<sup>5</sup> Сонда, 504 б.

<sup>6</sup> Сонда, 507 б.

7 букв, 7 знаков»<sup>1</sup> дейді. «Сыз, сіз дегенде ы, і әріптері сөз дыбысталуының ғана жуандығы мен жінішкелігін көрсету үшін тұрган жоқ, ол бүтін буынның жуан-жінішкелігін көрсетуге қойылған қарақшы»<sup>2</sup>. «Жазуда буын сайын бір дыбыстың жуан-жінішкелігін айырып таңбалаганда, әр буынның дауысты дыбысының ғана жуан жінішкелігін айырып таңбалаймыз. Әрқайсысына екі әріп алып әурелемей-ақ, буын-буынның ғана жуандығын я жінішкелігін айыртқандай бірақ белгі қоятын болсақ, әрпіміздің санын бүгіндегімізден де азайтып 26-ға түсіруге болар еді»<sup>3</sup> деді (17-кесте). Бұл – А.Байтұрсынұлы әліпбійнің жүйесін латын графикасында жанғыртқаны.

Ал кірме сөздердің жазғанда орыс тіліндегі түбірін сактап, қосымшаны қазақ тілде жалғауды, сондай-ақ туынды кірме сөздердің жүрнағын қазақ тілінде беруге болатынын ескертті (*федерировать-федерациялау*).

17 кесте. К.Жұбановтың латын жазуына енгізген өзгерісі

1929 ж. латын жазуы	К.Жұбанов ұсынысы	1929 ж. латын жазуы	К.Жұбанов ұсынысы
a <a>	a<a><ә>	o <o>	o <o><ө>
ә <ә>	—	ө <ө>	—
b <б>	b<б>	p <п>	p <п>
c <ш>	c <ш>	r <p>	r <p>
q <ф>	h <ф>	s <c>	s <c>
d <д>	d <д>	t <r>	t <r>
e <е>	e <е>	u <ү>	ү <ү><γ>
g <г>	g <г>	y <γ>	—
—	f <ф>	z <з>	z <з>
i <i>	i <й><и>	v <в>	v <в>
h <х>	—	j <й>	і <і>
k <қ>	k <қ>	ь <ы>	ь <ы>
l <л>	l <л>	č <ж>	č <ж>
m <м>	m <m>	Uy	—
n <н>	n <n>	Yy	—
<ң>	ŋ <ң>	bj	—
q <қ>	q <қ>	Iy	—

<sup>1</sup> Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, Алматы: Ғылым, 1999. 521 б.

<sup>2</sup> Сонда, 204 б.

<sup>3</sup> Сонда, 205 б.

Қазақ орфографиясындағы жазылуы қындық тудыратын сөздердің емлесі туралы ғалымның айтқан сыны қазақ жазуы тарихының бір этюдің құрайтындықтан, автор еңбегіне сілтеме жасауды жөн көреміз. Мысалы, Қ.Жұбанов орфография ережелері «термин сөздерді ғана емес, төл сөздердің де дұрыс жазылуына кедергі келтіріп келді»<sup>1</sup>. «Әсіресе *асра*, *ру*, *кобрек*, *қойны*, *аулы*, *шаруа* сөздерінің бірде *ы*-мен, бірде *ы*-сыз жазылуына өзі жол берді»<sup>2</sup> деді. Сондай-ақ мына сөздердің бірнеше вариантта жазылуына мүмкіндік жасады дейді: *ғана* / *ғәне* / *ғәне*, *ішкім* / *ешкім*, *шіймай* / *шыймай* / *шызыбай*, *кервіш* / *керпіш* / *кірпіш*, *бійбастақ* / *бейбастақ* / *бійбастақ* / *бейбастақ*, *жәнтик* / *жәндік*, *шынара* / *шинара* / *шиң-ара* / *ишиң-ара* / *ишинара*. Сол сияқты құрделі біріккен сөздерді жазылуы да әртүрлі болды дейді ғалым: *жарғанат* / *жар қанат*, *қолгабыс* / *қол қабыс*, *жарымес* / *жәрмес*, *ійін ағаш* / *ійінәғаш*, *жаздығуні* / *жаздықуні* / *жаздықун* / *жаздықун*, *жазғы тұр* / *жазғытурым* / *жазытур* / *жазытурым*, *баражатыр* / *баратыр* / *барат*<sup>3</sup>.

1929 жылы емледе тек кірме сөздердің жазылуында ала-құлалық бар, ал төл сөздердің емлесі мінсіз деген пікірлердің дұрыс еместігін осы мысалдардан да көруге болады дейді ғалым. Емле ережесінің аз болуы емленің жақсылығын емес, кемшілігін көрсетеді. Ал кірме сөздердің емлесі туралы қазақша жазушылар «шет тілдерден кіретін сөздердің емлесі қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиясының осы күнгі зандарынша болу керек деп, бір әуре болады. Аса бір керек жерлерде ғана болмаса, жаңа сөздердің түбірін бұзбай жазу керек» деп екі әуре болады<sup>4</sup> дейді.

Сондай-ақ *ғөрі/көрі* шылауының *ғөрі* вариантын кодификациялау керек. Өйткені ол үнемі шығыс жалғауынан кейін қолданылады<sup>5</sup> деді ғалым:

<sup>1</sup> Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999.-581 б. 54 б.

<sup>2</sup> Сонда, 515 б.

<sup>3</sup> Сонда, 515 б.

<sup>4</sup> Сонда, 338 б.

<sup>5</sup> Сонда, 503 б.

1935 жылы қосымшаларды бірге жазуды, шылауларды (*ма, ме*) бөлек жазуды ескертеді<sup>1</sup>. Сондай-ақ да, *де-нің* қосымша болғанда сөз түбірімен бірге, шылау болғанда бөлек жазылатынын айырады. Ал мен, *бен*, *сөздерін* шылау, қосымша екенін айыру қындығынан бөлек жазуды жөн деп табады. Қос сөздерді дефиспен, тек *аптақ*, *көкпеңбек* сөздерін бірге, ал қолма-қол сияқты қосар сөздердің алдыңғы екі сынарын бірге жазуды ұсынады<sup>2</sup>. Сөйтіп, **бүгінгі емле кодификациясының түпнегізі Қ.Жұбанов тұжырымдамаларынан шыққанын көреміз.**

Әліпби мен емлені өзгертуге байланысты екінші ұсыныс С.Аманжолов тарапынан шықты. Автор 1933 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне жариялаган мақаласында жаңа әліпби комитетінің түркі тілдері дыбыстық ерекшеліктерін ескермей, әліпбиденә, ү, з, ө әріптерін шығаруды ұсынуы, сондай-ақ <к>-ны к-мен, <ғ>-ны ғ-мен беруін дұрыс емес дейді.

Автор <ғ> дыбысын х әрпімен беруді ұсынады, қысандарды түсіріп жазуды қолдамайды. Қосар дыбыс әріптерін бір әріппен беруді ұсынады. <ый>, <ий> дыбыс тіркесінде j таңбасы дауыссыз <й>- ді де беретін болсын деген пікір айтады: *saj* (*сай*), *jaqnj* (*ягни*). Ал [ұ], [ү] тіркесіміне u таңбасын лайық көреді. Сонда V-<y>, <ұ>, <ү> беретін болады дейді.

Әліппе мен емлеге қатысты өзгеріс С.Жиенбаевтың тарапынан да ұсынылған. Автор қысан езуліктерді үнемдеп жазу қажет, мысалы, *сталин*, *склад*, *рғыз*, қтын деп жазу *рығыз*, қытын деп қате оқитын қауіп тудырмайды дейді. Қазақ тілінің жалғамалы сипаты қосымша жалғағанда, қопармалы тілге айналып кетпейді, қрғз (*қырғыз*) дегенде түсіріп, қрғызы дегенде түбір тұрпатын өзгерту дұрыс емес дейді ғалым. Сондай-ақ автор дауыстылардың тек жуан түрін алуды а, ө, у дыбыстарын сөз ішіндегі i, ү, е әріптеріне қарап окуды, ал бір буынды жінішке дауыстылы сөздерге дәйекше қоюды

<sup>1</sup> Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөн-гі зерт-р. Алматы: Фылым, 1999, 177 б.

<sup>2</sup> Сонда, 177 б.

ұсынады. Фалымның есептеуінше, қазақ тілінде <ә>-мен-23, <ө>-мен-18, <ү>-мен 19 сөз басталады<sup>1</sup>.

Алайда ұсынылған бұл жобалар, әсіресе Қ.Жұбановтың дәйекше қызметін пайдаланған әліпбі, 1934 жылы жоғары комитетте қолдау тапқандай болсада, 1938 жылы қабылданбай қалады<sup>2</sup>. Бірақ **uv** (үү) мен **uy** (үү) қосар әріп орнына бір ғана **u** жазылатын болды: *uagyt-* *iagyt*, *uqyq-* *iqq*, *uvede-iæde*, *kelyv-kelu*, *quvus-qivs*. Бұл әріптің емлесінде мынадай ескерту болды: у деген сөзді бір әріппен (**u**), *tuy* (*tyv*), *suy* (*suy*) сияқты сөздерді екі әріппен (*tu*, *su*) беру ынғайсыз, әрі сөз мағынасын айыруға кедергі келтіретіндіктен (*tu* сөзімен *tju* одағайын) қосар әріппен беріледі.

Сол сияқты **ъj** (ый), **ij** (ий) қосар дыбыстарының орнына бір ғана **i** таңбасы алынған соң, <**i**> фонемасы /j/ әрпімен таңбаланатын болды, мысалы: *tjl* (*mil*), *zjl* (*zil*). Бұл орфограмманың да **тый**, **сый** сөздерінде бұрынғы емле сақтаратыны туралы ескерту болды<sup>3</sup>.

1938 жылы «Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы» қаулыдан соң әліпбиге **f** (ф), **x** (х), **v** (в) әріптері енді. <**ы**> -ь, <**y**>-и, <**i**>- j, <**v**>-v, <**ү**>- ў, <**ү**>-у, <**ф**>-f-мен берілді, **ю**-иц, **я**-иа тіркесімен, ал үү және үү тіркесі бір ғана **u** таңбасымен, және ый, ий тіркесі бір ғана **i** әрпімен таңбаланатын болды. Әліпбиде **e** (ио), **щ**, **ч**, **ш**, **ъ**, **ь**, **э**, **ю**, **я** таңбалары болмады<sup>4</sup>.

Қысан өзуліктердің таңбалары (**ъ**, **j**) мазмұнға ие болып тұрса, жазылуы керек делінді. Бірақ бұл – емле ала-құлалығын тудырды: *torraq*, *rycad*, *tjrek*, *kylem*, *bras*, *brai* сөздерін *әркім өзінше таңбалады*. Сондай-ақ түбірдің соңғы буынында <**ы**>, <**i**> дыбыстары естілетін сөздерге тәуелдік жалғауы қосылғанда, қысан өзуліктер түсіп қалса, түбірде жа-

<sup>1</sup> Жиенбайұлы С. Әліппе мен емленін кейбір мәселелері туралы// Социалистік Қазақстан. 6.04. 1935.

<sup>2</sup> Әліппе мен емледегі жаналықтар жобасы// Социалистік Қазақстан. 14.06.1934.

<sup>3</sup> Академик Н.Сауранбаевтың еңбектері. I том. Алматы, 2000.-400 б. 17 б.

<sup>4</sup> Қазақ тілі әліппесінің жаңа емлесінің ережелері // Лениншіл жас 10. 07. 1939. 149 б.

зылмайды, ал түсірілмесе тұбірде жазылуы керек делінді. Мысалы, *көрк*, себебі *көркім*; *көрік*, себебі, *көрігі* (ұстанын)<sup>1</sup>.

Сейтіп, қазақ тілінің дыбыстық негізінен шығарылған алғашқы емле ережесі 1929ж. латын графикасымен бірге қабылданды. Онда орфографияның негізгі ұстанымы анықталып, шеттілдік сөздер қазақ тілі төл сөздерінің жазылу принципіне сай таңбаланды. Қазіргі емлеміздегі негізгі орфограммалар сол 1929ж. емле ережелерінде айқындалды. Графика латын алфавитінің барлық әріптерін пайдаланды. Бірақ [ый], [ий], [ұу], [үү]косар дыбыстарының бір әріппен таңбалануы бұл графикада қабылданған жок.

Латын графикасындағы соңғы өзгеріс проф. С.Аманжолов негіздеген – «Қазақ тілі емле ережелерінде» көрсетілді. Онда латын жазуындағы кемшіліктер деп мыналар көрсетілген еді<sup>2</sup>:

- 1) 1929 ж. әліпбиде *x, f, u* таңбаларының болмауы;
- 2) *и, у* таңбаларының жоқтығы, соның салдарынан *мисси-сипи, миссури сияқты* сөздердің *mijssijisijprij, mijssyvrrij* деп 6, 7 әріптің орнына, 13-9 әріпке дейін жазылу;
- 3) Фонетикалық принциптің ұсталынуы;
- 4) Қазақ тілінің төл сөздерінде екінші-үшінші буындарда ерін дауыстылары жазылмағандықтан кірме сөздердің әртүрлі орфограммалануы (*кило-келі, динамо-динамы, бюро-бюра*);
- 5) Сөз ішінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді деп, *зоология, биология, театр* сөздерінің *зологыйа, быиалогыйа, тыиатыр* болып таңбалануы;
- 6) Қатаң-ұян дыбыс тіркесімі болмайды, сондықтан жазылмайды делініп, *аптаномыйа, Бекполат, апсалұут* сияқты фонетикалық орфограммалардың көбеюі.

Ал үндесім занұлылығы туралы С. Аманжолов: «Қазақ тілінің сингармонизм занына бағынатындығы бұлай тұрсын, қазактың ежелгі сөздерінің талайы дыбыс жүйелі принципке бағынбайтын еді. Мысалы: *tuz+cь, ag+cь, bas+cь, gel+bau*,

<sup>1</sup> Академик Н.Сауранбаевтың еңбектері. I том. 24 б.

<sup>2</sup> Аманжолов С. Орыс графикасына негізделген қазактың жана алфавиті мен орфографиясы. Алматы, 1940.–30 б.

*gъzmet+ker, gazdь+gun*<sup>1</sup> деп, емлені тілдің дыбыстық занда-лығынан шығарудың мүмкіндігі жоқ дейді:

Сөйтіп, емле ережелеріне мынадай өзгерістер ендірілетін болды деген:

– емленің негізі – морфологиялық принцип, тұбір морфологиялық, қосымша фонетикалық принциппен жазылады (*çitъstъj*),

– тұбірлері сақталған біріккен сөздер, кірікпей жазылады да, қосымшасы фонетикалық принциппен жазылады;

– кірме сөздер ішінәра болмаса, морфологиялық принциппен тұпнұска тұрпатын сақтап жазылады, қосымша фонетикалық принцип бойынша жалғанады<sup>2</sup>,

– қазақ тіліне ауызша жолмен еніп, игерілген географиялық атаулар, ұғым атаулар қалыптанған түрінде жазылады: *əzbek, roïz, sjiez, nəl, ağıs, yiel, yien*,

– екі немесе одан көп дауыссыз дыбысқа аяқталған кірме сөздерге қосымша жалғанғанда, соңғы дауыссыз түсіп қала-ды, қосымша сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *Bekturatqa, metaldъj*,

– кірме сөздердегі еріндік дауыстылар таңбасы соңғы буында да жазылады (*komsomol, kino*),

– кірме сөздердің аяғында *в*, *ð*, *г* әріптері таңбаланады (*leningrat, aktip* емес);

– <ү> дыбысы *û* таңбасы *арқылы*, <i> фонемасы *j* әрпі арқылы таңбаланады: *vûl, tjl*;

– екі дауысты дыбыс таңбасы тіркесе береді (*zoologia, çuadъ*);

– әліпбиге *x, f, v* әріптері алынады;

– қосар *ый, ий, ўу, үу* дыбыстары *i*, и таңбалары арқылы беріледі;

– әліпбиде 32 әріп болады;

– кірме сөздерде айтылатын *ə, e, u* дыбыстарының орнына, сөз мағынасы бұзылмаса, *a* әрпі жазылады (*artel, organ, brigada*);

<sup>1</sup> Аманжолов С. Орыс графикасына негізделген казактың жаңа алфавиті мен орфографиясы. Алматы, 1940. 12 б.

<sup>2</sup> Сонда, 12 б.

- екінші, үшінші буындарға дейін [ə] дыбысы айтылатын сөздердің тек бірінші буынында ә-әрпін жазу: *kəmilaǵa*;
- соңғы буындарда естілген *o*, *u*, *y* дыбыстарының орнына *e*, *ø*, *j* әрпін жазу: *kyrek*, *qılyń*, *bygjn*;
- тұбір мен қосымша жігіндегі [*n-б*], [*қ-ә*], [*қ-з*] дыбыстарының алмасуын таңбалau: *tabadь*, *kəgerdь*, *aǵadь*;
- сөз басындағы қысан өзуліктер мағынаға әсер етпеген жағдайда таңбаланбайды: *rai*, *lai*, *ckaf*.
- бірақ *jnј*, *ъza*, *jri*, *ъdьs*, *jl*, *jz*<sup>1</sup> сөздерінде жазылады;
- екі буын аралығындағы мағынаға әсер етпейтін қысан өзуліктер таңбаланбайды: *axmet*, *magna*, *caırъn*, *caprag*, *kəkrek*;
- соңғы буындағы қысан өзуліктер тұбір тұлғасында да, тәуелді жалғау тұлғасында да жазылмайды: *mylk-mylkjm*, *xalq-xalqъt*;
- одагай сөздерде екі дауыссыз әрпі қатар жазыла береді: *qarq-qarq*;
- соңғы буындағы қысан өзулігі бар сөздерге тәуелдік жалғау жалғанғанда сөз аяғындағы қатаң ұяңдал, қысан өзуліктер түсірілмейтін болса, тұбірде де таңбаланады: *tyljk-tylgi*, *kərjk-kərjgj*<sup>2</sup>;
- *i*, *u* әріптерінің жуан-жінішкелігін тұбір не қосымшаның үндесуі арқылы ажырату;
- жуан-жінішке пары бар сөздердің жінішкесінде дыбыс кұрамын ажыратып таңбалau: *i-i*, *tui-tu*<sup>3</sup>;
- кірме сөздердегі ь белгісін ә, ө әріптері арқылы беру: *elbət*, *vəlt*;
- ю әрпін *iu* әріп тіркесімен беру: *iubilei*, *soiuz*;
- барлық дауыссыз дыбыстардан соң келген ю әрпін и таңбасымен беру: *revolutsia*, *budget*, бірақ *bıuro*, *tiuk* деген сөздерді *iu*-мен жазу;
- кірме сөздердегі я әрпін *ia* тіркесі арқылы беру: *ximia*, *ispania*, *koreia*, *ideia*, *ialta*, ал дауыссыздан соң жінішке естілсе, ә арқылы беру (*Alaska*, *məta*);

<sup>1</sup> Аманжолов С. Орыс графикасына негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы. Алматы, 1940.-30 б. 15 б.

<sup>2</sup> Сонда, 16 б.

<sup>3</sup> Сонда, 17 б.

- ё әрпі **io** арқылы беріледі;
- с дыбысынан басқа дауыссыз дыбыстардан соң келген ё әрпі **ө** әрпімен беріледі: *aktør, mantør, katøl*,
- ц әрпі сөз басында және дауыссыз дыбыстан соң келсе **s**-мен беріледі: *sitat, aksia*, ал сөз аяғында және дауысты дыбыстан соң келсе, **тс** арқылы беріледі: *protsent*;
- щ әрпі сөз ішінде және дауысты дыбыстан соң қос сс (шш) әрпімен, ал дауыссыз дыбыстан соң және сөз басы мен аяғында **c**-мен (ш-мен) беріледі: *cedrin*.

Сонымен, бұл жобада 32 әріп болады. Олар: а <a>, в <б>, в <в>, г <г>, д <д>, е <е>, ң <ж>, з <з>, і <й>, ж <и>, к <к>, і <л>, м <м>, н <н>, о <о>, р <п>, ғ <р>, с <с>, т <т>, ү <ү>, ф <ф>, х <х>, қ <ғ>, қ <қ>, ш <ш>, ә <ә>, һ <һ>, ң <ң>, ө <ө>, ў <ѱ>, у <ѱ>, ь <ы>.

Ұсыныс-жобаға байланысты М. Балақаев *j<i>* таңбасы сөздің барлық буынында келгендіктен таңбалап, ә, у, ө әріптері сирек жазылатындықтан жінішкелік белгісін пайдалана-йық деген еді<sup>1</sup>, А. Ысқақов бұған жінішкелік белгі орыс тілінде тек жінішке дауыссыздарды белгілейді деп қарсылық білдіреді<sup>2</sup>.

Сонда қазіргі казак орфографиясындағы негізгі ережелер мен ұстанған қағидаттар 30 жылдардағы реформалар негізінде жүзеге асқанын көреміз.

**Қырғыз жазуы.** Латынға ауысу қысқа мерзім ішінде, түркі тілдері әлі өзіне тән негізгі дыбыстық құрамын анықтап үлгермеген кезенде жүргендіктен қазақ жазуы тәрізді басқа жазуларда да әліпби мен емлеке түзетулер енгізіле бастады. Оның бірі – қырғыз әліпбі. Қырғыз жазуына 1938 жылы жасалған реформада 31 әріп болды (18-кесте):

<sup>1</sup> Балакаев М. Жаңа әліппе мен емле проекті туралы // Социалистік Қазақстан. 24. 08. 1939.

<sup>2</sup> Ысқақов А. Жаңа әліппе проект жайындағы кейбір пікірлер жөнінде // Социалистік Қазақстан 3. 08. 1940.

а	в	С	ç	д	е	ф	г	ø	и	ј	к	л	м	н	ң
о	ө	Р	q	г	с	ş	т	у	ү	х	ү	з	з	ь	

Н дыбысы аліпбиге ендірілмеді. Зз әрпі қабылданды. Кірме сөздер орыс орфографиясы бойынша жазылды: *kolhoz, sojuz, komitet*. Щ әрпі šc, ц әрпі tc тіркесі арқылы берілді: *Шукин – šcukin, цеткин – tsetkin*<sup>1</sup>. Кірме сөздерге қырғыз тілі қосымшасын жалғағанда і әрпін селбеспе қызметте жұмсады: *Omskinin, aktynың, neftiniң, faktoryda*.

Бірге, бөлек таңбалануға байланысты қырғыз емлесінде жалқы есімдердің 4-үі ғана (*Qaraqol, Qarasuu, Qarabalta, Atbaş*) бірге жазылды, қалған есімдер дефис арқылы (*Galal-Abad*) жазылды. Ал жалпы есімдерден тек 2 сөз ғана бірге (*çolbaşы, by tkylsojuzduq*), қалғандары бөлек жазылды: *temir çol, beş, çyldyq, bel boo* т.б.

Күшейткіш буынды сын есімдер бірге жазылды: *sapsarъ, appaq, qyrqыzъl, etip* етістігі сілтеу етістігінен кейін бірге де, бөлек те жазыла берді: *anъ etip – antip, oşonu etip – oşentip, eken, ele* көмекші сөздерімен келген bъ сұраулық шылауы бірге жазылды: *barbeken, atpeken, atpele, Asanbele*<sup>2</sup>.

Қысаң езуліктер тәуелдік жалғауы жалғағанда түсіріліп те, түсірілмей де жазылуы нормаға айналды: *kijit – kijimi – kijti, ajyl – ajylъ, ajlъ*.

е әрпі [je] дыбыс тіркесі арқылы беріледі: *Kijev, Jevropa*.

К әрпімен q, к фонемалары; г әрпімен ғ, ғ фонемалары таңбалану осы латын графикасы тұсында басталды: *kol* [qol], *chygyi* [chygyش].

**Әзербайжан жазуы.** Әзге түркі тілдерінің алды болып қабылдаған әзербайжан жазуы 1938 жылғы реформасында мынадай түзетулер енгізді (19-кесте):

<sup>1</sup> Новая орфография киргизского языка Фрунзе, 1938.- 15 с. 5 б.

<sup>2</sup> Сонда, 6 б.

a	b	c	ç	d	e	ə	f	ø	g	h	х	ı	i	z	q	k	l	m	n	ң	o	ө	R	s	з	t	у	u	v	j	z	
a	b	ç	c	d	e	ə	f	g	ø	h	х	ъ	i	z	k	q	l	m	n	ң	o	ө	p	R	s	ş	t	u	y	v	j	z

**Қарақалпақ жазуы.** Латыннегізді қарақалпақ әліпбііне өзгерістер енгізу туралы ұсыныс 1935 жылдың маусым айында Төрткілде өткен Тіл білімінің II конференциясында айтылды. Онда әліпбиден Әә, Өө және Үү әріптерін шығару ұсынылды. Алайда бұл ұсыныс кейінге қалдырылды. 1938 жылдың қазан айында Төртіулде өткен III орфографиялық конференцияда алфавитке Үйәрпі енгізілді және кейбір әріптердің фонетикалық мазмұны өзгерді. Сонында әліпбі құрамыбылай болып бекіді: Aa, Bb, Vv, Gg, Dd, Ee, Çç, Zz, Ii, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo ,Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Ff, Xx, Şş, Ҳҳ, Әә, Өө, Hh, Qq, ӮӮ, Yy, Үү, Jj, Ъъ'.

Жазуды жетілдірудің 30 жылдардағы тәжірибесіне баға беру үшін түркі тілдеріне тән фонемалардың қатарын көрсетейік, олар:

- жіңішке, ашық еріндік ő дауыстысы
- жіңішке, қысан еріндік ū дауыстысы
- жіңішке, ашық езулік ä дауыстысы
- жуан, қысан, езулік ы дауыстысы
- жіңішке, қысан, езулік i дауыстысы
- тіл арты, ұян f дауыссызы
- тіл арты, қатаң k дауыссызы
- тіл арты, мұрынжолды, ұнді n дауыссызы;

Және түркі тілдерінің кейбіріне тән фонемалары мыналар:

- жуан, қысан еріндік u дауыстысы – қазақ тілінде
- ашық, жуан еріндік ä дауыстысы – өзбек тілінде
- тісаралық ç дауыссызы
- жабысынқы, жайылма, тіл ұшы дж дауыссызы;
- тісаралық z дауыссызы – башқұрт тілінде.

<sup>1</sup> Насыров С. Об усовершенствовании и унификации алфавита карақалпакского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. - М.:«Наука», 1972.- С. 75-87.

Бұл фонемалар латын графикасы таңбаларымен қалай таңбаланды, қай әріпті қандай фонема үшін қабылдады және қай әрінтердің мазмұн межесі өзгерді деген сауалдарға жауап іздеп, осы тақырыпты нысан етіп, бірнеше жыл зерттеу жүргізген, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Назира Әміржанованаң «Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы» атты 2012 жылы жарық көрген монографиясынан үзінді келтіреміз:

**a** – барлық түркі тілдерінде дауысты [a] фонемасын берген, алайда а) әзіrbайжан тілінде орыс тіліндегі [a] дыбысына жақын; ә) өзбек тілінде еріндік [a] реңкін; б) қарақалпақ тілінде сөз басында қысандау ['a] вариациясын таңбалады.

**в** – барлық әліпбилерде ерін-ерін ұяң дыбысты таңбалады, алтай тілінде сөз басында қатаңданып естіледі.

**с** – жайылма жуысынды ұяңда, [ž] аффрикатын да білдірді.

**d** – [d] дыбысын таңбалады, алтай тілінде сөз басында қатаң [t] реңкін, сөз ортасында [d] дыбысына сәйкес келді.

**ð** – бұл графема тек башқұрт тілінің фрикативті төл дыбысын бейнелеу үшін қолданған. Ағылшын тіліндегі th [š] жақын. Түрікмен тілінде мұндай дыбыс диалектіде кездеседі.

**e** – барлық әліпбиде бірдей [e] мағынасында қолданды.

**ә** – қазак, әзіrbайжан, татар, башқұрт, түрікмен, ұйғыр, қарақалпақ әліпбилерінде қолданылды. Ал [ә] дауысты дыбысын әліпбилерінде таңбаламаған тілдерге түрік, түрікмен, өзбек, саха, қырғыз тілдері жатады.

**f** – әліпбилердің көпшілігінде интернационалдық сөздерді таңбалau үшін қолданылды.

**g** – барлық әліпбилерде [g]фонемасынберді.

**q** – әліпбилердің көпшілігінде тілшік-таңдай, қатаң фонеманы берген, тек түрікмен және алтай тілдерінде [ʃ] арқылы таңбаланған.

**h** – 12 әліпбиде тілшік, көмей дауыссызды білдіру үшін алынды.

**i** – барлық әліпбилерде болды. Бірақ 1 әртүрлі мазмұнда жұмсалды. Мысалы, әзіrbайжан, қарашай, татар, түрікмен,

түрік, қыргыз әліп билерінде [и] дыбысын, қарақалпақ, қазақ, ногай әліп билерінде қысан [і] дыбысын білдіру үшін жұмсалды.

« – тек хакас әліпбиінде ашық, қысқа [і] дыбысын беру үшін жұмсалған. Ноғай әліпбиінде де бұл таңба алғашында қолданылып, кейін ығыстырылған. Қазақ тіліндегі [і] дыбысына сәйкес келеді.

**j** – барлық әліп билерде дауыссыз [j] мағынасында жұмсалған.

**k** – 17 әліпбиде [қ] мағынасында жұмсалды, әзіrbайжан тілінде тіл ортасы, түрікмен, алтай, хакас тілдеріндегі арты, таңдай дауыссыз [q] дыбысына жақын.

**l** – барлық түркі әліп билерінде [l] және [і] таңбасы арқылы берілді.

**m** – [m] таңбасы арқылы таңбаланды.

**n** – [n] фонемасын берді.

**ŋ** – барлық түркі тілдес әліп билерінде [ŋ] тіл арты, үндіні береді, ал әзіrbайжан және түрік әліпбиінде жоқ.

**o** – көпшілік әліп билерде ашық еріндік, жуан дауысты [o] дыбысына сәйкес алынды. Татар және башқұрт әліп билерінде қысан, жуан еріндік[ç] дыбысына сәйкесті. Қазақ, ногай, қарақалпақ тілдерінде сөз ортасында [o], сөз басында дифтонгоид [ºo] болып естіледі.

**ө** – ашық жінішке еріндікті таңбалады, тек өзбек әліпбиінде [ø] дыбысы о таңбасы арқылы таңбаланған.

**p** – барлық әліп билерде [p] мағынасында қолданылады.

**q** – түрікмен, түрік, алтай және хакас әліп билерінде бұл таңба қолданылмады, **к** таңбасы арқылы берілді, қалған әліп билерде тіл арты, таңдай дауыссыз дыбыс. Ал саха әліпбиінде тіл **x** графемасы арқылы берілген.

**r** – барлық әліп билерде [r] діріл, үндіні берді.

**s** – барлық әліп билерде жиылма жуысынқы қатан [s] дыбысын берді, тек түрікмен тіліндегі диалект сөздерде тісаралық [ş] дыбысын берді.

**ş** – қарашай, құмық, ногай әліп билерінде [s] дыбысын беру үшін қолданды. Қарашай, құмық тілдерінде бұл дыбыс қосар ts дыбысына ұқсас болып келеді.

**t** – барлық әліпбilerde [t] фонемасын берді.

**u** – дауысты дыбыс ретінде әзіrbайжан, қарапай, қырғыз, түрік тілінде [u] дыбысын, ал ногай, қазак, қарақалпақ тілінде қысқа жуан, қысан өріндікке [ü] сәйкес келеді.

**v** – көпшілік әліпбilerde ерін-ерін [w] (у) дыбысына сәйкес, ал әзіrbайжан тілінде ерін-тіс [v] дыбысына ұқсас айтылады.

**w** – қарапай әліпбийнде дауыссыз, ерін-ерін үндіні берді.

**x** – 1938 жылға дейін қазак және саха тілдерінен басқа барлық әліпбilerde болды. Кейін кірме сөздерді таңбалau үшін әліпбиге енді.

**y** – өзбек тілінен басқа әліпбilersde дауысты [ü] дыбысын берді. Әзіrbайжан, түрік, қарапай, құмық тілінде неміс тіліндегі [ü] дыбысына ұқсас; ал қазак, қарақалпақ тілдерінде жінішке, қысан, еріндік болып айтылады.

**z** – қазак, қарақалпақ әліпбilersde бұл таңба болмады.

**ъ** – жуан, езулік, қысан ы фонемасын таңбалau үшін қолданды.

‘ (дәйекше) – әзіrbайжан, қарапай, ногай, құмық, татар, башқұрт әліпбilersinde болды, ал кейбір тілдерде сөзді жінішкертү үшін қолданылған<sup>1</sup>. Сонымен, латын әліпбийнің үстіне алынған таңбалар мынадай: «казак – ң, ә, Ң, ө, ң, ь; түрікмен – ң, ә, ң, ө, §, ң; ь, ‘ (дәйекше); әзіrbайжан – ң, ә, Ң, ө, ң, ь, ‘ (дәйекше); татар – ң, ә, Ң, ө, ң, §, ң; ь, ‘ (дәйекше); башқұрт – ද, ә, Ң, ө, ң, §, ң; ь; құмық – ң, Ң, ө, ң, §, ң; ь, ‘ (дәйекше), қарақалпақ – ң, ә, Ң, ө, ң, §, ң, ь, ‘ (дәйекше); ногай – Ң, ө, ң, §, ң; ь, ‘ (дәйекше); қырғыз – ң, Ң, ө, ң, §, ң; ь, ‘ (дәйекше); алтай – ң, ө, ң, §, ң; ь, ‘ (дәйекше); қарапай – ң, Ң, ө, ң, §, ң; ь, ‘ (дәйекше); өзбек – ң, ң, ң, §, ң; ь, ‘ (дәйекше); ұйғыр – ң, ә, ң, ң, ө, §, ң; ь, ‘ (дәйекше); саха – ң, ң, ң, ө, §, ң; ь, ‘ (дәйекше)<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Әміржанова Н. Қазакстандағы латын жазуының тарихи тагылымы // Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012 – 300 б. 40-41 бб.

<sup>2</sup> Сонда, 37 б.

## **3. КИРИЛНЕГІЗДІ ТҮРКІ ЖАЗУЛАРЫ**

### **3.1 Кирилнегізді түркі жазуларының алғашқы легі: әліпби, емле**

Қазіргі түркі тілдерінің ішінде бұрынғы кеңес одағы құрамында болған түркі халықтарының арасында өзара ұғым ортақтастығы, термин ортақтастығы, синтаксисиک ерекшеліктердің ортақтығы болғандықтан бірін-бірі түсінуде біршама женілдік бар. Алайда бұл женілдікті қындастып отырған тағы да жазу, әліпбидің әртүрлілігі. Сондықтан келесі тарапушаларда біз кирил графикасына негізделген түркі жазуларының әліпби құрамы мен ұстанған орфография ережелері мен заңдылықтарына тоқталамыз.

Түркі жазуларының орыс графикасына көшуінің бірнеше себебі болды: 1) өзге идеология мен саясат ұстанған Түркия мемлекеті мен кеңестер одағындағы түркі халықтарының арасында кедергі жасау; 2) араб және латын графикасына негізделген қазақ жазуының негізін қалаған қайраткерлердің «халық жауы» болуы; 3) бір мемлекет (ССРО), ортақ астана (Мәскеу) астындағы халықтардың ортақ мемлекеттік жазуы болуы керектігі (орыс тілі мен жазуы); 4) термин сөздердің орыс тілі арқылы игерілуі; 5) жазу емлесіндегі ала-құлалық т.б.

1926 ж. I түркітанушылардың съезінде де, 1929 ж. емле конференциясында да қатынасқан орыс ғалымдары әр халық өз жазуын өз мүмкіндіктері тұрғысынан шешуі керек деп, бейтарап позиция ұстанғанмен, термин сөздерді орыс тілі арқылы игерген жөн (К.Юдахин), орыс жазуының да латын графикасынан кемістігі жоқ (Н.Ф. Яковлев, Жирков),

фонетикалық принципке сақтықпен қаруа керек (Л.В. Щерба) деген ішінара, іріткі ойлары, сондай-ақ түркі оқымыстыларының да ортақ жазу – орыс жазуына көшкен дұрыс, терминдер орыс тілі нұсқасынша жазылу керек (С.Аманжолов) деген көзқарастары, сөйтіп, ақырында орыс графикасына көше бастауымызға себеп болды.

Н.Төрекұловтың 1927 жылғы-ақ сөзінен Э.Д. Поливановтың алтай, ойрат, шор, хақас, Сібір түріктерінің орыс графикасы мен алфавит жасағанын білдік<sup>1</sup>. Бірақ Э.Д. Поливанов *тир* (*bır*), *пиир* (*бер*) дегендеге бір әріп (и)-мен екі түрлі мазмұнды берудің қыындығын айтқан, яғни тілдің фонемалық сипаттың ескерген.

ССРО құрамындағы халықтардың 18-і түркі тілінде сөйлемді, оның 5-і одақтас республика, 8-і автономды, 5-і автономды облыс болды<sup>2</sup>.

Кирил графикасын қабылдаудың алғашқы жылдарынан-ақ түркі тілдерінің ұлттық ерекшеліктері туралы сөздер азайды. Оның есесіне орыс тілінің мәртебесін сақтап отыру ескерілді. Мысалы, Н.Ф.Яковлев «Основы орфографии // Революция и письменность» деген еңбегінде: «орфография должна отражать минимум живых языковых особенностей, тот именно их минимум который должен быть выражен самым простым способом» дегені кейбір тілдерде (өзбек) дауыстылар таңбасының азаюына себеп болған. Ал кейін К.М.Мусаев кирил графикасын қолданған түркі тілдерінің емлесіне төл сөздердің фана емес, орыс тілінен енген сөздердің де жазылуына женіл болсын деген талап қойды. Сондықтан бұл кезеңді кирилше жазу деп аламыз ба, әлде орыс алфавиті негізіндегі жазу деп аламыз ба? деген занды сұрап та туады. Кеңестік түркі тілдері қабылдаған барлық алфавит құрамы алдымен орыс алфавитінің құрамынан тұратын еді де, тілдердің өзіне тән дыбыстарының таңбасы сонына тіркелетін еді.

Алдымен, электронды көздерді пайдаланып, орыс алфавитінің тарихынан аздаған мәлімет беріп кетсек. Орыс алфа-

<sup>1</sup> Стенографический отчет I пленума

<sup>2</sup> Сонда, 8 б.

виті 33 әріптен тұратын болып 1918ж. ғана белгіленген еді, ал ресми түрде тек 1942 жылы бекітілген<sup>1</sup>.

I Петр реформасына дейін орыс алфавиті мынадай тұрпатта болған: А, Б, В, Г, Д, Е (Є вариантымен бірге, қазіргі әнің орнына), Ж, С, З, И ([j] дыбысын беретін й вариантымен бірге, алайда жеке әріп болп саналмаған), І, К, Л, М, Н, О (бірі тар, екіншісі кен түрде екі орфографиялық варианты болды), П, Р, С, Т, У (бұның да екі түрлі кесіні болды Ӑ;Ӯ), Ф, Х, Ӧ (бұл әріптің де екі түрлі жазылсы болды: тар, кен), Ц, Ч, Ш, Щ, Ъ, Ы, Ъ, Ю, Я (кейде екі әріп, кейде бір әріп болып табылатын екі жазылсы болды), Ӭ, Ӯ, Ө, Ӯ.

I Петрдің 1708-1711 жж. жасаған реформасынан кейін әліпбиденКси (Ӭ), Пси (Ӯ), Омега (Ӧ), Ферт (Ф) пен фита (Ө), Ижица (Ӯ) (I әрпіне алмасты, кейін И әрпіне) таңбалары шығарылды. И әрпі де шығарылған еді, кейін қолданылатын орны өзгеріліп, қайта қабылданды. і әрпіне катысты, егер дауысты алдында қос нұктемен, дауыссыз алдында бір нұктемен жазылатын болып қабылданды, тек 1738 жылы ғана барлық жерде бірнүктеліболатын болды. Кейін 1917-1918 жж. реформада бұл әріп әліпбиден шығарылды. Й әрпі де алынып тасталды да, 1735 жылы қайта қабылданды, бірақ 20ғ. басына дейін жеке әріп ретінде мойындалмаған. З мен С әріптері де шығарылды, бірақ артынан Sәрпі қайта алынып, 1735 жылы қайыра алынып тасталды. Э әрпі ресми түрде 1708ж. бекіді. Ё әрпі тек 20ғ. басында ғана басылу міндетті болды. Әріпсті таңбалар алынып тасталды, Й әрпі де осы кезде алынды. Санды жазатын қосар әріптер алынды. 1917ж. алфавит 35 таңбадан тұрды, шындығында 37 әріптен тұратын еді. Олар: А, Б, В, Г, Д, Е, (Ё жеке әріп болмады), Ж, З, И, (Й жеке әріп болмады), І, К, Л, М, Н, О, П, Р, С, Т, У, Ф, Х, Ц, Ч, Ш, Щ, Ъ, Ы, Ъ, є, ѿ, Я, Ө, Ӯ, Ӯ.

*Енді осы алфавитті қабылдаган түркі жазуларына отейік. Мұнда түркі жазуларының орыс алфавитін қабылдаган жылдары бойынша орналастырылды.*

<sup>1</sup> Народный комиссариат просвещения РСФСР. Приказ от 24 декабря 1942 г. № 1825 «О применении буквы «Ӷ» в русском правописании»

<sup>2</sup> <https://ru.wikipedia.org/wiki>

Түркі тілдерінің ішінде кирилл әліпбі бірінші ендірілген тіл – бұл саха жазуы.

**Саха жазуының әліпбі мен әмлесі.** Кириллге негізделген саха жазуының әліпбін академик О.Н. Бетлинг 1851 жылы жасады<sup>1</sup>. 1919 жылға дейін арнайы жазуы болмаған Саха ияның «Батлинговский» атанған орыс әрпіне негізделген жазуы бар еді. 1919 жылы саха студенті мерзімді басылым бетіне латын жазуы негізінде саха әліпбінің жобасын жарияладап, халық талқысына ұсынады. Ол кең қолдау тауып, барлық мектептер мен жоғарғы оку орындары осы әліпбі негізінде оқыта бастады. 1921 жылы Саха автономиялық республикасы жарияланғаннан кейін Новгородов үлгісіндегі латын әліпбі мемлекеттік әліпбі ретінде қабылданды<sup>2</sup> (20-кесте).

20-кесте. Саха әліпбі

А а	Б б	В в	Г г	҃ ҃	Д д	҆ ҆	Е е	Ё ё	Ж ж
З з	И и	Й й	К к	Л л	М м	Ң ң	Ҥ ҥ	Ңь ңь	О о
Ө ө	П п	Р р	С с	Ҥ ҥ	Т т	Ү ү	Ұ ұ	Ф ф	Х х
Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ь ь	Ы ы	Җ Җ	Э э	Ю ю	Я я

a, b, c, d, e, g, ҃, h, i, ie, j, j, k, l, Ӆ, m, n, ng, nj, Ӭ, oe, p, q, r, s, t, Ӯ, ша, u, ио, w, y, з<sup>3</sup>. Бұл жазу фонетикалық жазу болды. Кейін бұл жазуға қарсы пікірлер бой көрсетті. Сөйтіп, 1924 жылы саха жазуы морфологиялық принципке көшірілді<sup>4</sup>. Кейін де реформалар жиі жүргізілді: 1940 ж., 1950 ж., 1953 ж., соңғы түзету 1955 жылы жасалды. Бірақ 1962 жылы тағы ре-

<sup>1</sup> Петров Н. Орфография сахаского языка // Орфография тюркских литературных языков СССР. М., 1973. 285 б.

<sup>2</sup> Латын графикасы негізіндегі..., 29 б.

<sup>3</sup> Ионов В. М., С. А. Новгородов. Сахаск: Областная типография, 1917. – 44 с.

<sup>4</sup> Н.Е.Петров Орфография сахаского языка

форма жасауға ұсыныс айтылып, қазіргі алфавит 1963 жылды соңғы рет жөнделген нұсқасымен бекіді. Онда орыс алфавитінің үстіне саха тілінің өзіне тән 5 фонемасының таңбасы (ң, ң, ө, һ, ү), екі диграф (дь, нь), 4 дифтонг (уо, ыа, иә, үә) қолданылады. Сонда әллібидегі әріптердің реті мен мазмұны мынадай: а, б, в, г, ң (f), д, дь (ч), е, ө, ж, з, и, й, к, л, м, н, ң (ң), нь (жіңішке н), о, ә, р, ր, с, һ, т, у, ү (ү), ф, х, ц, ч, ш, щ, ь, ы, ъ, э, ю, я

Саха тілінде *j* – мұрынжолды дыбыс бар, бірақ осы формада белгіленбеді<sup>1</sup>.

Саха емлесі фонетикалық принципке негізделген. Түбір морфема мен қосымша морфема аралығындағы кейінді ықпал да жазуда белгіленеді. Мысалы, *аан*, *ааммыт*, *аанга*; *депутат*, *депутакка*, *депутаптыт*. Тек сөз арасындағы кейінді ықпал белгіленбейді: *масчыт* (*древосек*) [*маччыт*]. Морфологиялық принцип көне түбірді сақтау үшін ғана ішінара қолданылады<sup>2</sup>.

Кірме сөздер айтылуы бойынша жазылады. Мысалы, «Кыым» газетінде *газ* сөзі 19 рет саха тілінің айтылуы бойынша, 8 рет орыс тілі емлесі бойынша жазылыпты<sup>3</sup>.

Орыс тілінен енген *мотуор* (*мотор*), *хассыыр* (*кассир*), *туочука* (*точка*), *гааз* (*газ*), *суоппар* (*иофер*), *сибидиэнъэ* (*сведение*), *сиэртибә* (*жертва*), *хаарты* (*карты*) деген сияқты сөздер орыс орфограмма түрінде сөздіктерде кодификацияланған<sup>4</sup>.

Жалпы саха тілі орфографиясында қатаң норма жоқ. Жазу емлесіне аса мән берілмейтінін кірме сөздердің біресе орыс орфографиясымен, бірде саха орфографиясымен жазыла беретінінен<sup>5</sup>, күрделі сөздерді бірге де, бөлек те жазуға болатынан, емле ережелерінде арнайы түсіндірмелердің аздығынан көруге болады<sup>6</sup>.

<sup>1</sup> Н.Е.Петров Орфография сахаского языка, 294 б.

<sup>2</sup> Сонда, 290 б.

<sup>3</sup> Сонда, 294 б.

<sup>4</sup> Сонда, 294 б.

<sup>5</sup> Сонда, 294 б.

<sup>6</sup> Правила сахаской орфографии Сахаск, 1955. – 50 б.

Енді кірме сөздерді орыс орфографиясымен жазуға ұсыныс айтылып жүр<sup>1</sup>.

**Гагауыз жазуының әліпбі мен емлесі.** Гагауыз тілінің XX ғ. басына дейін жазуы болмаған. Зерттеуші В.А.Мошков XIX ғ. соңында гагауыз тіліндегі мәтіндерді түркологиялық әліпбімен жинаққа шығарған<sup>2</sup>. Бұл әліпбі кириллицаға негізделді және мына әріптерден тұрды: а, б, в, г, д, е, ж, з, ј, і, к, л, м, н, о, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, ы, ү, ӡ, ı, ī, ā, ē, ī, ū, ū, ö, ū, ÿ, ä, ā. Жұмсақ дыбыстар әріп үсті нұктемен белгіленді. 1957 жылға дейін ұлт оқытушысы М. Чакирдың кирилге және латынға негізделген алфавиттері болды. 1957 ж. 30 шілдеде кирилге негізделген алфавит қабылданды. Орыс алфавитінің үстіне **аь, оъ, уъ, дж** диграфтары алынды. Алайда сол жылдың аяғында бұл әріптер **ä, ö, ū** таңбаларымен алмастырылды. 1968 ж. әліпбіге **ж** әрпі енді (21-кесте).

21-кесте. Кирил-гагауыз әліпбі<sup>3</sup>

А а	Ä ä	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж	Җ ж
З з	И и	Й й	К к	Л л	М м	Н н	О о	Ö ö	П п
Р р	С с	Т т	Ү ү	Ү ү	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш
Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Ә ә	Ю ю	Я я			

**Чуваш жазуының әліпбі мен емлесі.** Чуваш тілі араб, латын графикасын емес, 1872 жылы орыс графикасына негізделген 25 әріптен тұратын кирил әліпбін қолданған алғашқы түркі жазуы. Авторы – И.Я. Яковлев болды<sup>4</sup>. Онда 17 орыс әліпбі әріптерінің үстіне (**а, в, е, и, й, к, л, м, н, п, р, с, т, у, х, ш, ы**) 8 чуваш тілінің өзіне тән дыбыстарын таңбалайтын әріптер қосылған (**ä, ё, ū, t<sup>2</sup>, н, ī, л**).

<sup>1</sup> Н.Е. Петров Орфография сахаского языка

<sup>2</sup> Мошков В.А. Гагаузские тексты. Известия Общества археологии, истории и этнографии. Казань, 1895-1896. Т. XIII, вып. II.

<sup>3</sup> Колца Е.К. Орфография гагаузского языка // Орфографии тюркских литературных языков СССР. М.: Наука, 1973. С. 91-102.

<sup>4</sup> Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР. – М.: Наука, – 225 с.

Чуваш тілінің төл сөздері фонетикалық принциппен, орыс тілінен енген сөздер түпнұсқа принципімен жазылады<sup>1</sup>. 1919 ж. бұл екі түрлі жазудың қыындығын түзету үшін кірме сөздерді де дыбыстық жағынан «сындырып», фонетикалық принциппен жазу ұсынылады. Алайда 1924 ж. орыс тілінің әсері күшейеді<sup>2</sup>.

1926 ж. чuvаш тілінің орфографиялық сөздігі жарық көріп, 1933 ж. жазуга реформа жасалады. Онда б, г, д, ж, з, ц әріптері енгізіледі. *Чуваш сөздері орыс тілі емлесімен жазыла бастайды.*

Қазіргі чuvаш әліпбіндегі 37 әріп бар, 10 әріп (о, ё, ө, ү, ү, ң, ң, ң, ң, ң) тек кірме сөздерде қолданылады, 4 әріп (ă, є, ў, ç) тек чuvаш тіліндегі сөздерде қолданылады<sup>3</sup>. Яғни чuvаш тілінің өзіне тән дыбыстарын таңбалайтын 8 әріп (ä, ё, ў, t', н, һ, ç, л) екі есеге қысқарды.

**Хақас жазуының әліпбі мен емлесі.** Хақас әліпбі алдымен кирил негізінде жасалды. 1925 жылы ойрот, хақас, шор тілдеріне ортақ алфавит үлгісі сөз бола бастайды. Үлгі ретінде ойрот жазуын алмақшы болады. Осы себепті әліпбиден ſ, k және Ы әріптері шығарылады. Нәтижесінде мынадай әліпби құрамы белгіленді: Аа, Бб, Гг, Дд, Зз, Ии, Кк, Лл, Мм, Нн, Оо, Пп, Рр, Сс, Тт, Уу, Хх, Чч, Ыы, Ј ј, Йў, ӦӦ, Ҥҥ, Ӣӣ, Ээ. Орыс тілінен енген сөздер үшін Вв, Ее, ЖЖ, Фф, Цц, Шш, Щщ, Юю, Яя, ъ таңбалары қабылданды. Әліпбиде i, r фонемаларының таңбасы, созылыңқы дыбыстардың әрпі болмады<sup>4</sup>. Алайда 1929 ж. өзге түркі тілдері тәрізді хақас тілі де латын графикасына өтті. Көп ұзамай 1939 ж. қайыра орыс әліпбін қабылдады. Кирилнегізді хақас әліпбіндегі тілдің өзіне тән дыбыстарын белгілейтін мына әріптер болды: i, нъ, ё, ў, жоласты ч (бұл дыбысқа дж, чь таңбалары ұсынылған) және ә. Созылыңқы дауыстыны екі әріппен белгіледі.

<sup>1</sup> Опыт совершенствования алфавитов..., 93 б.

<sup>2</sup> Сонда, 94 б.

<sup>3</sup> Сонда.

<sup>4</sup> Чанков Д.И. Создание и усовершенствование хакасского алфавита // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. М.: Наука, 1972. С. 183-189.

Дауыстылар: *a, u, o, y, ы, э, i, ё, ў* әріптерімен, дауыссыздар: *п, ф, т, с, ң, ө, з, н, л, р, б, в, ш, ч, ж, жоласты* *ч, тіл ортасы* *г, тіл арты* *г және тілшік* *г, нъ және комей* *нъ, й, к, х* болды. [у], [ү] фонемалары үшін бір таңба у әрпі алышынды<sup>1</sup>.

<b>А а</b>	<b>Б б</b>	<b>В в</b>	<b>Г г</b>	<b>Ғ ғ</b>	<b>Д д</b>	<b>Е е</b>	<b>Ё ё</b>
<b>Ж ж</b>	<b>З з</b>	<b>И и</b>	<b>Й й</b>	<b>І і</b>	<b>К к</b>	<b>Л л</b>	<b>М м</b>
<b>Н н</b>	<b>Ң ң</b>	<b>О о</b>	<b>Ӧ Ӧ</b>	<b>П п</b>	<b>Р р</b>	<b>С с</b>	<b>Т т</b>
<b>Ү ү</b>	<b>Ү ү</b>	<b>Ф ф</b>	<b>Х х</b>	<b>Ц ц</b>	<b>Ч ч</b>	<b>Җ җ</b>	<b>Ш ш</b>
<b>Щ щ</b>	<b>Ң Ң</b>	<b>Ы ы</b>	<b>Ь ь</b>	<b>Ә ә</b>	<b>Ю ю</b>	<b>Я я<sup>2</sup></b>	

Қысан өзуліктердің орфографиясында барлық позицияда белгілеу (Баскаков) және анық естілген кезде ғана белгілеу (Дмитриев) деген екі ұстанымның соңғысына басымдық берілді<sup>3</sup>. Сондықтан басқа түркі тілдеріне қарағанда хақас тілінде қысан өзуліктер жиі түсіріліп жазылды: *агрин, агринарак, азра, сүбрек, тобрах, учра, хро, мойын-мойны*<sup>4</sup>.

Ерін үндестігі түбірдің соңғы буынына дейін таңбаланды, ал бірақ қосымшаларда жазылмады: *узун, уйгу, хузурух* (*құйрық*)

*Я, е, ю* әріптері басқа түркі тілдері сияқты төл сөздердегі дыбыс тіркестерінде де таңбаланды: *туюх, таях, тоенъ*<sup>5</sup>.

Хакас емлесінің *тагы бір ерекшелігі – ф, ң, ҹ, в, ж* әріптері төл сөздерде де жазылған.

Орыс тілінен енген терминдерге хақас тілінің жүрнағы жалғанғанда тілдегі *т → д-ға, қ → г-ға, с → з-ға* ұяңдайды: *бак – багы, комсомолец – комсомолезы*.

Ал [к] мен [х] дыбысынан аяқталған сөзге тәуелдіктің III жағы жалғанғанда к әрпі түсіріледі: *кирек – кире (киреги)*<sup>6</sup>.

<sup>1</sup> Орфография хакасского литературного языка Абакан, 1947. 17 б.

<sup>2</sup> Д. И. Чанков Создание и усовершенствование хакасского алфавита

<sup>3</sup> Орфография хакасского литературного языка Абакан, 1947. 17 б.

<sup>4</sup> Сонда, 21 б.

<sup>5</sup> Сонда.

<sup>6</sup> Сонда, 26 б.

Сөздерді бірге/бөлек жазуда салаласа байланысқан тіркесті дефиспен, сабактаса байланысқан изафеттік тіркесті бөлек жазуды қалыптастырыған, яғни бірге жазуды қолдамаған: *Хара талай* (Қаратеніз), *тәг карагады*, *тәг сымы*, *хая оды*. Дегенмен басқа түркі тілдерінде бөлек жазылатын тіркестер бірге жазылды: *күнөрте* (*кунортасы*), *харахус*, *таскөмір*, *алабуга*, *анымчог* (*саубол*), *харасуг* (*бұлақ*).

Біздіңше, хақас тіліндегі есімдіктер орыс тілінен аударылған күйде жұмсалады: *хайда да* (*где-то*), *ниме-де* (*что-то*). Өйткені басқа түркі тілдерінде белгісіздік есімдіктерінің мұндай жасалу үлгісі жоқ.

**Латын графикалы тәжірибеден өткен түркі жазуларының барлығына тән ортақтық:** ұлттық әліпбилердің қосамжарлығы, яғни алдымен орыс әліпбиінің 33 әрпі, сонынан түркі тілдерінің өзіне тән әріптегін тіркеу барлық әліпбиге тән белгі болды. Және бір алғашқы әліпбилердің ерекшелігі тілдің өзіне тән фонемалары үшін әріп тіркесін қолданғандығы.

**Ноғай жазуының әліпбиі мен емлесі.** Ноғай әліпбі 1928 жылғы латын графикасындағы 28 әріптен (а, б, с, д, е, ә, г, ғ, і, к, լ, м, н, օ, ө, р, ғ, қ, ս, ʂ, ҭ, ҭ, ү, ј, ь, ʐ, ү) 1938 жылы кирил графикасына көшкенде орыс әліпбиінің е әрпінен басқасын түгел қабылдады: а, б, в, ғ, ғъ, д, ә, ж, ӡ, и, Ғ, к, қъ, լ, ң, ңъ, օ, ң, ր, ң, ҭ, ҭ, ү, ң, ңъ, ы, ь, ь, ә, ю, я.

Ноғай тілі фонологиялық жүйесіндегі <ғ>, <қ>, <ң> фонемалары өзге түркі тілдерінің графикалық жүйесінде жоқ таңба – әріп тіркесімен берілді: ғъ, қъ, ңъ. Және соны <ө>, <ү> фонемаларын беретін օъ, үъ диграфтарымен толықты. 1944 жылы ғъ, қъ әріптегі әліпбиден шығарылды. Ал 1950 жылы <ә> фонемасын беретін аъ диграфы және ё әріп енгізілді (22-кесте).

А а	Аь аь	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж	З з	И и	Й й	К к
Л л	М м	Н н	Нъ нъ	О о	Оъ оъ	П п	Р р	С с	Т т	У у	Уъ уъ	Ф ф
Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я		

**ө, ү** дыбыстарын беру үшін сөз сонына жіңішкелік белгісі тіркелді: **бөль /bö'l/, күнъ /kœn/**. Артынан бұл дыбыстар қосар таңбамен берілетін болды. 1944 жылы **Гъ гъ, Къ къ** қосар таңбалары алынып тасталды. Орнына 1960 ж. алфавитке **Аь аь** және **Ё ё** таңбасы кірді.

Дауысты фонемалардың жіңішкелігі жіңішкелік белгісімен белгіленсе, дауыссыз фонеманың өзіндік ерекшелігі айыру белгісімен белгіленді. Бұл қырғыз әліпбіндегі дауысты маркерлігі арқылы дауыссызды оқу әдісіне сай келді. Әліпбиге 9 дауысты фонеманың да таңбасын алу арқылы (а – аь, о – оъ, у – уъ, ы – и, е) дауыссыз фонемалардың белгіленуін үнемеді. Мәтіндегі **к, г** әрпінің <k> - <k>, <f> - <r> дыбысының қайсысы екенін сөз күрамында кездесетін дауыстылардың таңбасы арқылы оқыды. Сонда 9 дауысты фонема 9 әріппен, 21 төл дауыссыз фонема – 18 әріппен таңбаланды.

Бірақ графикадағы бір әріптің төл сөздер мен орыс тілінен енген сөздерде екі түрлі дыбысты таңбалауы қындық тудырды. Мысалы, **и** әрпі – орыс сөздеріндегі **и** әрпін де, төл сөздердегі <i> фонемасын да берді (*ири, бир*), сондықтан [мінез] дегенді **мынез**, [біздікі] сөзін **быздықы** деп жазып қою жиі кездесті<sup>2</sup>.

У әрпімен – **ұ, ү**, у фонемалары (*урлық, усту, урок, карув*); в әрпімен у ерін-ерін жуысынқы төл дауыссыз бен орыс тілінен енген сөздердегі **в** дыбысы таңбаланды (*ава, вагон*). Бірақ бұл графика кейінгі башқұрт тілінде [q], [Ч], [w], [i] дыбыстарының жоғала бастауына негіз болды.

<sup>1</sup> Калмыкова С.А. Алфавит ногайского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. М.: Наука, 1972. С. 118-125

<sup>2</sup> Калмыкова С. Орфография ногайского языка // Орфография тюркских литературных языков СССР. М., 1973. 179 б.

Тіл үндестігі жалпы ногай тілі төл сөздерінде жазылды, *кәтеби*, *кайтып* сияқты кірме сөздер мен кірікken сөздерде сақталмайды.

Ал ерін үндестігі бұйғуын сияқты сөздерде болмаса, жалпы белгіленбейді. Өйткені **ө**, **о**, **и**, **ү** бұрын барлық буында жазыла берсе, кейінгі орфографияда бірінші буынмен ғана шектелген еді<sup>1</sup>.

Бірге/бөлек жазуға байланысты белгіні екпіннен ізdedі, яғни екі сыңарда да екпін болса бөлек жазылды: *сары май – шырак май; кайын ана*.

**Қарашай жазуының әліпбі мен емлесі.** Орыс алфавитін қарашай тілі өзге түркі тілдерінен ерте, кавказ халықтарының регионына жүргізілген саясатпен бірге, 1937 ж. қабылдады. Әліпбиде 37 әріп болды. Къ, гъ, нъ, дж құранды әріптерді алғаш енгізген осы қарашай жазуы еді<sup>2</sup>. 1961 ж. бұл әліпбиді тиімсіз деп тауып, 40 әріптен тұратын реформаланған жоба ұсынылды. Онда құранды әріптер алынып тасталды.

Әліпбі құрамы: а, б, в, г, ғ, д, е, ё, ө, ж, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, п, р, с, т, у, ү, ф, х, ц, ч, ш, щ, ъ, ы, ь, э, ю, я<sup>3</sup>. Дауыстының таңбасы – 8, олар: а, е, ө, о, ү, у, ы. Тек <ә> дауыстысы жоқ. Тілдің өзіне тән дауыссыздар таңбасы – 5, олар: ғ, қ, ж, ң, х. Сонда қазіргі қазақ әліпбінен тек ә әрпінің жоқтығымен ғана өзгешеленген еді.

Алайда 1964 ж. бұрынғы әліпбі құрамы қайта қабылданады (23-кесте).

23-кесте. Қарашай әліпбі<sup>4</sup>

А а	Б б	В в	Г г	Гъ гъ	Д д	Дж дж	Е е	Ё ё	Ж ж
З з	И и	Й й	К к	Къ къ	Л л	М м	Н н	Нг нг	О о
П п	Р р	С с	Т т	У у	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш
Щ щ	ъ	ы	ь	Э э	Ю ю	Я я			

<sup>1</sup> Калмыкова С. Орфография ногайского..., 179 б.

<sup>2</sup> Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР. – М.: Наука, – 225 с.

<sup>3</sup> Сонда, 36 б.

<sup>4</sup> Қарақай-малкъар тилни орфографиясы. Ставрополь: Ставрополь китаб издательство, 1964. С. 4.- 35 с.

Дауыстылар: о-ё [θ]  
у-ю [γ]  
а – е  
ы – и [i]

<ғ>, <қ>, <ң>, <ж> дауыссыздары әріп тіркесімен беріле-  
ді: **гъ, къ, нг.**

Сондықтан графикада мынадай кемшіліктер орын алды:

1) *ө* әрпі болмағандықтан ё әрпінің бірнеше мағынасы болды:

|ё| =>[θ] ёс, ёгюз, төл сөздер жат ренқпен дыбысталада бас-  
тады;

=>[jo] кюey

=> [ё] орыс сөздерінде

2) *ү* әрпі болмағандықтан [γ] дыбысын |ю| әрпі берді, сонда  
|ю| =>[γ] кют, кюн<sup>1</sup> төл сөздер жат ренқпен дыбыс-  
талды;

=>[ju] тою (тойы), бою (бойы), аюню (аюды)

=>[ju] кірме сөздерде: юра, юбияр

=>[ju] кірме сөздерде жіңішке дыбысталуды: жю-  
ри, парашют

Сейтіп, қарашай тіліндегі сөздердің түбірі өзгеріп жатты<sup>2</sup>.

3) Профессор К.Мусаев ў әрпі дауыссыз [w] фонемасын таңбалағанда, [u] мен [w]-дың айырмасы анық көрінетін еді дейді. Енді |у| әрпі әрі дауысты [u] фонемасын, әрі дауыссыз [w] фонемасын беріп қындық тудырып отыр: *къуууун тохтаммагъанда*.

4) бұғінде къ, гъ, нг, дж әріп тіркестерінен бір кітаптың ішінде 40 бет артық жазылады екен<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Щерба Л.В.

<sup>2</sup> Опыт совершенствования алфавитов... 109 б.

<sup>3</sup> Опыт совершенствования алфавитов... 111 б.

### 3.2 Кирилнегізді түркі жазуларының кейінгі легі: әліпби, емле

**Татар жазуының әліпбі мен емлесі.** Латын графикасы жұмысшы табының жазудағы қажеттілігін өтей алмады де-ген желеумен татар жазуы 3 ай ішінде кирил графикасына ауысты<sup>1</sup>.

Сөйтіп, кирил графикасын татар жазуы 1939 жылы 38 әріппен қабылдаған. Бірақ түзету туралы ұсыныс 1950 жылдардан бастап шықты. М. Фазлуллин татар тілінің өзіне тән фонемаларын әріп диакритикасымен емес, таңба тіркесімен беруді ұсынған: аь, жъ, нъ, оь, уь, хъ<sup>2</sup>. Бірақ көпшілік бұл графемаларды қолайсыз деп тауып, ө, ə, ү, һ, ј, ң әріптерін енгізді<sup>3</sup>. Бұл әріптер 1997 жылға дейін орыс алфавитінің соңына тіркелген еді. 1997 жылдан бастап әліпби мына тәртіппен реттелді: Аа, Әә, Бб, Вв, Гг, Дд, Ее, Ёё, Жж, Жж, Зз, Ии, Йй, Кк, Лл, Мм, Нн, ң, Оо, Өө, Пп, Рр, Сс, Тт, Уу, Үү, Фф, Хх, һ, Цц, Чч, Шш, Щщ, ъ, Ыы, ь, Ээ, Юю, Яя<sup>4</sup>:

Әліпбиде 40 әріп бар. Тілдің фонологиялық жүйесіндегі қ, ғ, w фонемаларының әліпбиде таңбасы болмады. 1961 жылы өзге түркі тілдерімен бірдейлестіріп, әліпбиге қ, ғ әріптерін енгізгенмен кейін қайта алышып тасталды. Егер қ дыбысы тек жуан, қ дыбысы тек жіңішке дауыстылармен ғана айтылатын болса, онда қыындық жоқ еді дейді ғалымдар. Бірақ қазір қәрендәши, қәләм, қоғаз, камзул, калош деп айтыла береді<sup>5</sup>. Сондай-ақ у дауыссызының орнына в қолданылады: давул, кавын, тавык.

Сондықтан орфоэпияда бөгде реңктер пайда болды: ф, э, е әріптері төл сөздерде де жазылды: керфек (*kirpik*), эссе (*ыссы*). Е әрпі [йы], [йе] дыбыс тіркестерін таңбалайды: ел – [йыл], ефек – [йефек], яшь – [йаш]. Сондықтан татар тілі ор-

<sup>1</sup> Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі... 109 б.

<sup>2</sup> Татар альбаби теленень алфавиты хъям орфографиясе // Казан, 1938

<sup>3</sup> Курбатов Х. Орфография татарского языка // Орфография тюркских литературных языков СССР. М: Наука, 1973. – 301. 185 б.

<sup>4</sup> Хальфин, Сагит. Азбука татарского языка. - М., 1978. - 52 с.

<sup>5</sup> Курбатов Х. Орфография татарского языка...

фографиясын жетілдіру үшін **иә, иү, йы, йе** әріп тіркестерін енгізу ұсынылған<sup>1</sup> іүкә (*жуке*), **йырақ** (*жырақ*).

Татар тілі орфографиясы фонематикалық принципті түбірге қатысты да, қосымшаға қатысты да ұстанады. Мысалы, <л>- тұлғалы аффикс айтылуда [н]-мен дыбысталады. Мысалы: *утынлық* [*утыннық*], *буранлы көн* [*буранны көн*].

Орфографиядағы дифференциация принципі сөздердің бірге/бөлек жазылуына көмектеседі: *ақ сақал* – *ақсақал*, *өч почмак* – *өчпочмак*. Графикалық принцип кірме сөздерді жазуда қолданады: *колхоз, аппарат, т.б.*

Х. Курбатов татар тілі фамилиялары тілдің орфоэпиялық нормасына сай жазылу керек дейді, мысалы: *Фәрит Мирғәлим улы Жәләлиев*<sup>2</sup>.

Татар орфографиясында сөздердің бірге/бөлек жазылуы шешіле қоймагандықтан көбіне орыс тілі орфографиясына негізделеді. Дегенмен мынадай өлшемдер ұсынылған:

1. Егер екі сынардың алғашқысы соңғысының материалын білдірсе, олар бөлек жазылады<sup>3</sup>.

2. Егер шыққан тегін білдірсе, онда соңғы изафет жұрнақ түсіріліп бірге жазылады. Мысалы, *агач йорт* (*агаш үй*) бөлек таңбаланса, *жир+жиләг(i)* – *жиржиләк*, *алмаагач* бірге жазылған.

3. Сынар аралығындағы **кы, ке, ғы, ге** аффикстері түсірілсе, бірге жазылады: *өске+корма* – *өскорма* (*надстройка*).

4. Екі сынар мағынасы бірігіп, ортақ мағына берсе, бірге жазылады: *аккош (аққу)*<sup>4</sup>

**Қазақ жазуының әліпбі мен емлесі.** Қазақ жазуының кирилге негізделген алғашқы әліпби жобасында (1939 ж. 10-тамыз) 40 әріп болды, ал әліпби тәртібі төмендегідей: **а, ә, б, в, г, д, е, ж, з, и, ү, і, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, ү, ў, ყ, ф, х, қ, ғ, ң, ч, ш, щ, ҭ, ы, ь, ә, ю, я**<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> Курбатов Х. Орфография татарского языка., 186 б.

<sup>2</sup> Сонда, 188 б.

<sup>3</sup> Курбатов Х. Орфография татарского языка... 189 б.

<sup>4</sup> Сонда, 189 б.

<sup>5</sup> Қазақ тілі әліппесінін жаңа емлесінің ережелері // Лениншіл жас 10. 07. 1939. 149 б.

Мұнда дауысты дыбыстар (*ә*, *ө*, *ұ*, *ү*) орыс әліпбіндегі жуан дауыстылармен (*a*, *o*, *u*)*-и*, *й* жінішке дауыссыздармен, *ы* әрпі жуандық белгісімен қатар келген. Ал қазақ тіліндегі <*қ*>, <*F*> фонемаларының таңбасы *х*-әрпінен кейін орналасқан. Сөйтіп, мұнда 1940 ж. қабылданған әліпби құрамына қарағанда ілгерілеу болды.

Ал графикасында мынадай ерекшеліктер болды: біріншіден, дауысты дыбыстардың таңбасы ретінде 14 әріп көрсетілді: *a*, *o*, *u*, *e*, *ы*, *и*, *ә*, *ө*, *i*, *ұ*, *ү*, *я*, *ю*, *э*. Әліпбиде *ё* әрпі болмады, ол әріп кездескен сөз *ө*-мен белгіленді: *слёт* – *слөт*; *e*, *ө*, *ә*, *ү*, *i* әріптері сөзді жінішкертетіндіктен, бұлар жазылған сөзде *ь* және *я* белгісі қойылмады; *ы*, *і* әріптері сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда, *я* буын аралығында жазылмайды делінді: *смагұл*, *рет*, *ахмет*; *я* әрпі сөз басында, дауысты дыбыстан соң, қатандық, жұмсақтық (*ъ*, *і*) белгілерінен кейін жазылатын болды: *Яков*, *химия*, *аяғы*, *таяу*, *мия*. Мына мәселелер ескерту ретінде берілді: орыс тілінен енген сөздерде дауыссыздан кейінгі *я* әрпі *ә* әрпімен белгіленді (*Колә*, *желәбов*, *трансләция*).*ю* әрпі түбір ішінде жазылады да (*қою*, *аю*), түбір мен жұрнақ ішінде *йу* тіркесі арқылы беріледі (*қойу*, *сойу*). Әліпбиде *h* әрпі болмағандықтан, оның қызметін *ә*, *а*, *х* таңбалары атқарды: *қаарман* (*қанаарман*), *гауәр* (*гауһар*), *ah* (*ax*)<sup>1</sup>.

Бір жылдан кейін 1940 ж. 30-тамызда жаңа алфавит жөніндегі ғылыми конференция 41 таңбадан тұратын жаңа әліпби туралы жоба ұсынды. Мұнда *h* әрпі әліпбиге енгізілді және <*ұ*> фонемасы ү таңбасымен берілді (24-кесте)<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Аманжолов С. Орыс графикасына негізделген қазактың жаңа алфавиті мен орфографиясы. Алматы, 1940.–30 б.

<sup>2</sup> Сонда, 25 б.

24-кесте. 1940 ж. кирил графикасы мен 1938 ж. латын графикасының арасындағы айырмашылық кесте

латын граф.	орыс граф.	әріп мәні
а	а	а
в	б	б
в	в	в
г	г	г
д	д	д
е	е	е
ж	ж	ж
з	з	з
и	и	и
й	й	й
к	к	к
л	л	л
м	м	м
н	н	н
о	о	о
п	п	п
р	р	р
с	с	с
т	т	т
у	у	у
ф	ф	ф
х	х	х
-	ц	ц
-	ч	ч
с	ш	ш
-	щ	щ
-	ъ	ъ
ь	ы	ы
-	ъ	ъ
-	э	э
-	ю	ю
-	я	я
і	і	і
қ	к	к
ң	н	н
ғ	ғ	ф
ү	ү	ү
Ӯ	Ӯ	Ӯ
ө	ө	ө
ә	ә	ә
һ	һ	һ

Алфавит жобасының соңғысына жетекшілік еткен С.Аманжолов жобаны талқылауда ә әрпін қазақ тіліндегі **е** дыбысының орнына қолдануды, ә әрпін екінші буындарға да жаза беруді, я әрпін қолдануды азайтуды, мысалы, түбір мен жұрнақ позициясына жазбауды, ыәрпін тек орыс сөздеріндеған жазып, қазақ тіліндегі **<ы>** үшін басқа таңба алуды ұсынған пікірлердің болғанын және оларға негізді дәлелдер бар екенін айтады. я, ю әріптерін қызметі арқылы жазу үнемділігіне қол жеткіземіз дейді. Автор ъ таңбасын қазақ тіліндегі жер-су атаулары адам есімдерінде қолдануды мақұл көреді<sup>1</sup>.

Ш. Сарыбаев қырғыз графикасындағыдай **к** әрпімен **<к>**, **<к>** дыбыстарын **г** әрпімен **<ғ>-<г>** дыбыстарын белгілеп, іргелес келген дауыстының жуан-жіңішкелігіне орай **<к>**, **<ғ>**, **<к>**, **<г>** екенін айыруды ұсынды. Сондай-ақ қараашай графикасындағыдай **<к> - къ**, **<ғ> - ғъ** деп алайық деген де, тіпті **<к> - қ**, **<ғ> - ғ** деп алу жазу жылдамдығына кедергі, сондықтан **q**, **g** таңбасын қалдырайық деген де пікірлер болады. А. Ысқақов ә әрпінің мәнін **е** әрпі де бере алады, сондықтан әліпбиге ә-нің қажеті жоқ деп табады<sup>2</sup>. Ал М. Балақаев керісінше ә әрпін сөздің бас буынында жазайық, сонда тек **ч**, **ц**, **ъ** әріптері ғана орыс сөздерінде кездеседі де, қалған әріптер ортақ болады дейді<sup>3</sup>.

Сөйтіп, осындай талқылаулардан соң, жаңа әліпби 1940 ж. 11-желтоқсанында түбебейлі бекиді. Әліпби тәртібіндегі қазақ тілінің төл дыбыстары жұмсалу жиілігіне сәйкес, **і**, **қ**, **ң**, **ғ**, **у**, **ө**, **ә**, **һ** болып реттеледі. Бірінші орыс алфавитінің әріптері, сонынан қазақ тіл әріптері тіркеледі. Әріп атауы **вә**, **бә** деп, орыс алфавитіндегідей белгіленеді. Әліпбидің жоғарыдағыдай берілуі оның қосалқы қызметі (санау, инвентарлау) үшін қолайлы делінді. Графика мен ауызша сөз

<sup>1</sup> Аманжолов С. Орыс графикасына негізделген қазактың жаңа алфавиті мен орфографиясы. Алматы, 1940.

<sup>2</sup> Балақаев М. Жаңа әліппе мен емле проектісі туралы // Социалистік Қазакстан. 24. 08. 1939.

<sup>3</sup> Сонда.

екі басқа, бір-біріне сәйкес келмейді деген пікірлер де осы кезден шыға бастайды<sup>1</sup>.

Жазылған сөздегі әріп пен дыбыс арасында айырма қай кезде де болады, сондыктан 1940 ж. емледе қабылданбай қалған ый, ій тіркестері орнына и жазу; түбір мен қосымша аралығына ю, я әріптерін салу (кию, боя), я әрпімен [я], [йэ], [ә], ю әрпімен [йу], [йүү], [ү] дыбыс тіркестерін беру<sup>2</sup> сияқты пікірлер айтылады.

Кірме сөздерде қосар дауыссызға аяқталған сөзге қосымша жалғанғанда бір дауыссыз түсірілмеді: *класс/классқа*. Дыбыстық құрамы игерілген кірме сөздер айтылуынша жазылды: *газет, самауыр, қамыт, сиез, доза*. Араб-парсы тілінен енген сөздердің ортақ әдеби вариантын орфографиялық сөздіктен қарап, жазу керек делінді, себебі сөз мағынасы дифференцияланып, жазуда айқындала бастады: *гаскер – войска, әскер – армеец, гылым – мәлім*. Біріккен жалқы есімдер кіріктіріліп те (*Талдықорған, Қожакелді*), кіріктірілмей де (*Амангелді, Қазанғап*) жазылатыны көрсетілді.

Және қысан өзуліктердің емле қындығын азайту үшін *магна, рет* сияқты сөздердегідей анық естілмейтін позицияда *ы, і* әріптерін түсіріп, қалған позицияда тәуелдік жалғауы жалғанғанда да, түсірілмегені жөн деді<sup>3</sup>.

М. Балақаев сөз бірігіп жазылу үшін сөздің екі сынары да атая тұлғада тұру керек және олар изафеттің III түрі болмасы керек деді. Ал фразеологиялық тіркестердің барлық түрі бөлек жазылуы уәжді<sup>4</sup>.

Осы әліпби жобасының негізінде 1941 ж. С. Аманжолов, С. Баишев, Ф. Бұзырбаев, С. Кенесбаев, Н. Сауранбаевтардың ұжымдық авторлығымен алғашқы емле сөздің жарық көре-

<sup>1</sup> Кенесбаев С. Қазак тілінің орыс графикасына негізделген жана алғавиті мен орфографиясы туралы // Лениншіл жас 31.12. 1940.

<sup>2</sup> Балақаев М. й, ый, я, ю әріптерінің колданылуы // Социалистік Қазақстан. 16. 01. 1941.

<sup>3</sup> Балақаев М. Орфографияға енетін өзгерістер // Социалистік Қазақстан 5. 10. 1940.

<sup>4</sup> Балақаев М. Біріккен сөздердің емлесі туралы // Социалистік Қазақстан 5. 01. 1940.

ді. Онда мынадай өзгешеліктер болды: а) *ы*, *i* әріптері түсірілді: *жыйлыс*, *құрлыс*, *бұйрық*, *ұрлық*, *топрақ*, *жапрақ*, *көкрем*, ә) жалқы есімдерде [йы] тіркесі үшін *и* (*Баир*, *Raiss*), жалпы есімдерде *йы* жазылды: *айыл*, *кейін*, б) кірме сөздерде *я* әрпінің алдынан *и* (*тияла*, *тияз*, *зияиі*), ал қазақ сөздерінде *ы* жазылады: *қыялы*, *сыяқты*, *тыянақты*, в) *йы*, *йи*-ға аяқталған сөзге көсемшениң йжүрнағы қосылса, *и* әрпі жазылады (*байыйды* емес, *баиды*).

Сөздікке а) жер-су аттары б) біріккен, қысқарған, кірме сөздер в) терминдер г) кісі есімдері д) жазылуы қын сөздер кірді<sup>1</sup>.

Қазіргі орфограммадан өзгеше мына сөздер біріктіріліп жазылды: *алааяқ*, *алакөлеңке*, *антатқан*, *антүрган*, *асық-жілік*, *ататек*, *атсалысу*, *атшаптырым*, *атышулы*, *атқора*, *ауажайылу*, *ауылшаруашылық*, *аҳрет*, *ахуал*, *ашішек*, *аяқ-кілім*, *аяқтұзақ*, *бақайқұлық*, *бейнетхор*, *бейтілауыз*, *белку-рек*, *белорақ*, *боссөз*, *бытра*, *бытранқы*, *біркүні*, *бірнәрсе*, *бұрнагықун*<sup>2</sup>, *дарқан*, *дастарқан*, *диқан*, *емізік* (еміздік емес), *етбетінен* (еттептінен емес), *жалахор*, *жандік*, *жапрақ* (жапырақ емес), *жетіата*, *жыйлыс* (жиналыс емес), *жыйырма*, *кеңпейіл*, *күретамыр*, *көжекатық*, *көзбайлау*, *махлұқ*, *магна*, *мұраб*, *мұқыят*, *мұғалім*, *нахақ*<sup>3</sup>, *суд* (сот емес), *тә-бигат*, *тәбиги*, *хажет*, *хата*, *хатер*, *хайін*, *хиял*, *хиянат*, *хұдды*, *хұрмет*, *інкілім*, *қаблет*, *гібрат*, *ұйқтаяу*, *өкмет*.

Жалпы, 1938 ж., 1939 ж., 1940 ж. ұсынылған әліпби жобаларында қосар ый, ій әріптерін бір таңбамен беру ұсынылып, қолдау тапқанмен, *и* әрпінің емлесі әлі де айқындалмаған еді. Мысалы, М.Балақаев 1940 ж. орфографияда тек 4 параграфта «что и пишется во всех словах как мягкий гласный, в других случаях (13 параграф) – буква *и* пишется для обозначения звуков *ый* (*йық*, *иса*), в третьих случаях, правда без специального пункта правил *и* употребляется для обозначе-

<sup>1</sup> Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1941.-123 б. Құрастырушылар: Аманжолов С., Баишев С., Бұзырбаев Ф., Кенесбаев С., Сауранбаев Н.

<sup>2</sup> Сонда, 30 б.

<sup>3</sup> Сонда, 72 б.

ния звуков [и] [й] (ки, жи)» делінгенін айтады. Сондықтан и әрпінің емлесін жүйелеуді ұсынады. Мысалы, жінішке сингармотембрде бір әріппен (ки); жуан сингармотембрде екі таңбамен беру (қый).

Біріккен сөздердің орфограммасына проф. М.Балақаев «бір зат, бір ұғымның мағынасын беретін сөз» деп анықтама берілген соң *ауажайыту, басқатыру* сияқты тіркестердің де бірге жазылып кеткенін, ал *аяқ киім, темір жол* анықталғыш-анықтағыш қатынастағы сөз екенін айтады.

Kісі аттарының фонетикалық принциппен жазылуы уәжді деп табады, сондай-ақ *жарыя – жәрия – жария, қайтып – кәйтіп* деген сөздердің әдеби вариантын анықтау емле сөздігінің құзырына тиеді дейді<sup>1</sup>.

Жалпы, орыс графикасының қабылдану, емле ережелерін жетілдіру тарихына барсақ, жазуды қазақ тілі табиғатының тұрғысынан (М. Балақаев) және орыс тілі табиғатына жақыннатып, бағындырып жазу тұрғысынан ұсынатын (С. Аманжолов) екі бағыттың болғанын көреміз. М. Балақаев қазақ орфографиясының 40 ж. қындықтары ретінде мыналарды көрсетті: күрделі сөздер емлесі, *и, ы, і* әріпперінің емлесі, *қ-х* әріпперінің емлесі, *ә* әрпінің жазылуы, термин сөздердің қосымшалануы, жалпы есімдерінің жазылуы<sup>2</sup>. Бұл қындықтар қазіргі қазақ орфографиясының да проблемалары болып табылады.

М. Балақаев *h* әрпін *х*-мен беруге, *k*, *f* фонемаларын *г*, *к* әріпперімен таңбалауга болады деген ұсыныс айтты. Ал *оғ, үг, қ-ға* аяқталған сөздерге жінішке қосымша жалғауды (*полктик, педагогке*)екі сыңардан құралған біріккен сөздер жігіндегі *к/ғ*, *к/г* алмасуын таңбалауды ұсынды<sup>3</sup>.

Біріккен сөздердің емлесін орыс тіліндегі баламасының жазылуына қарап анықтаудың қателігін айтады. Және қазак

<sup>1</sup> Балакаев М. Емледегі кейбір кемшіліктер туралы // Социалистік Қазакстан. 8. 08. 1945.

<sup>2</sup> Балакаев М. Вопросы казахской графики и орфографии // Вестник АН КазССР. №12. 1951. 76 б.

<sup>3</sup> Сонда, 78 б.

әліпби жүйесінің тәртібіне, оны қабылдаған үкімет қаулысына наразылығын білдіреді<sup>1</sup>.

ҒА-ның Тіл, әдебиет институтында (1952 III) осы ұсыныстар талқыланған жиналыс қаулысы әліпбиден һ әрпін алып тастауды, әліпби тәртібін өзгертуді, ый, ій, ұу, үү қосарын и, у таңбаларымен беруді ұсынады<sup>2</sup>.

Бірақ С. Аманжолов керісінше, қазақ әліпбийн өзгерту «қазақ тілі дыбыстарына арналған әріптердің керексізі бар ма», «алфавит сиқын бұзып тұрганы жоқ па»; «орыс әріптері толық қолданылып жүр ме» деген бағытта жүруі керек дейді. Автордың ойынша, ә әрпінің қызметін я әрпі де атқара алады (*Кулғи, сірія, Жамия*); қ, ғ-ге аяқталған термин сөздерге соңғы буынның жуандығына байланысты жуан қосымша жалғану, біріккен сөздерді кіріктіріп жазбау, аққөңіл, асырасіттеу сияқты сөздерді бірге жазу уәжді. Сондай-ақ С. Аманжолов әліпби тәртібін өзгертуге қарсы болды. Галым әріп ретін өзгерту алфавиттің қосалқы – нөмірлеу – қызметіне кедергі болады деді. Және ый, ій қосар дыбыстарын бір таңбамен беру морфологиялық принципе сай емес, сөздің айтылуы мен жазылуын алшақтады деді. қ, ғ-ге біткен орыс сөздеріне жіңішке қосымша жалғау орыс тіліндегі сөздердің айтылуын бұзады деді<sup>3</sup>.

Соңғы ұсыныс ескеріліп, һ әрпі әліпбиде қалдырылсын деген пікір<sup>4</sup>, бірінші буыннан басқа буынға ә әрпін жазбау, орыс тілінен енген сөздердің соңғы буынына қарап, қосымша жалғау сияқты пікірлер тұрақтана бастайды<sup>5</sup>.

Ал ұ таңбасын ұ таңбасымен ауыстыру туралы ұсыныс<sup>6</sup> 1951 ж. 15 тамызында ресми түрде қабылданады (ұ – ұ).

<sup>1</sup> Балакаев М. Вопросы казахской графики..., 72 б.

<sup>2</sup> Баскаков Н. А. Дискуссия в Казахстане о литературном языке, графике и орфографии // Вопросы языкоznания. М., 1952. №4. 132 б.

<sup>3</sup> Аманжолов С. Қазақ алфавиті мен орфографиясының кейбір мәселелері жөнінде // Социалистік Қазақстан 30. 03. 1957.

<sup>4</sup> Барманқұлов К. ы, і емлесі жайында // Қазақстан мұғалімі. 9. 05. 1953.

<sup>5</sup> Орфография ережелері туралы // Қазақстан мұғалімі. 4. 04. 1953.

<sup>6</sup> Аманжолов С. Қазақ тілінің кейбір мәселелері // Социалистік Қазақстан. 13.12.1949.; Жолаев Н. Қазақ тілінің емлесін жақсарту жөнінде кейбір пікірлер // Социалистік Қазақстан. 10. 01. 1950.

<sup>7</sup> Қазақ алфавиті ұ әрпінің таңбасын өзгерту туралы // Социалистік Қазақстан. 24. 07. 1951.

1957 ж. емле ережесін қабылдағанға дейін қазақ жазуының тарихында бірнеше ұсыныс болған. Оның алдыңғысы 1939 ж. әліпби жобасы, 1940 ж. емле жобалары болса, кирил графикасына негізделген қазақ жазуының алфавиті мен орфография ережелері 1953 ж. 28 ақпанда «Қазақстан мұғалімі» газетінде ұсыныс ретінде жарияланды. Әлібиде 40 әріп рет санымен белгіленді, ә әрпі *e* таңбасынан кейін орналастырса да, әлібидің рет санына алынбады. Ал *h* әрпі алфавитте болмады. Әлібедегі әріп реті қазіргі әліпби тәртібімен бірдей. Емле ережесінің алғашқы нұсқасы осы 1953 ж. емле жобасы болып табылатындықтан ереженің 1953 ж. нұсқасы мен қазіргі нұсқасының арасындағы өзгешеліктерге назар аударайық (25-кесте).

*25-кесте.* Емле ережесінің 1953 ж. нұсқасы мен қазіргі нұсқасының арасындағы өзгешеліктер

1953 ж. нұсқасы	2005 ж. нұсқасы
а, е, о әріптері сөздің барлық буынында жазылады	а, е, ы, і әріптері сөздің барлық буынында жазылады
ә, ө, ү, ұ әріптері кінә, күмән, күә, мазмұн, мақұл сөздерінде соңғы буындарда жазылады.	ә, ө, ү, ұ әріптері кінә, күмән, күә, мазмұн, мақұл сөздерінде соңғы буындарда жазылады.
ый тіркесі тый, сый сөздерінде жазылады, бұл сөздерге қосымша жалғанғанда жалаң и жазылады (сильқ, сиымды, тиылу)	ый тіркесі тый, сый сөздерімен туынды сөздерде де жазылады (сыйлық, сыйымды, тыылыу).
я, ю әріптерінен бұрыны, і әріптері жазылмайды, тый, сый сөздері тұйық рай түлғасында тыю, сыю болып жазылады.	я, ю әріптерінен бұрыны, і әріптері жазылмайды, тый, сый сөздері тұйық рай түлғасында тыю, сыю болып жазылады.

Халық, ауыл, әріп, ауыз т.б. сөздеріне тәуелдік жалғауы жалғанғанда соңғы буында ы, і әріптері жазылмайды.	Халық, ауыл, әріп, ауыз т.б. сөздеріне тәуелдік жалғауы жалғанғанда соңғы буында ы, і әріптері жазылмайды.
Йы дыбысына біткен сөзге й жүрнагы жалғанғанда й и болып жазылады (байиды).	Йы дыбысына біткен сөзге й жүрнагы жалғанғанда й и болып жазылады (байиды).
Х әрпі халы, хат, қахарман, гаухар, ухлеу сөздерінде жазылады.	Х әрпі халы, хат т.б. сөздерде жазылады. қахарман, гаухар, ухлеу сөздері һ әрпімен жазылады.
Алдыңғысы соңғысын анықтайтын екі зат есім бөлек жазылады.	Анықтаушы-анықталушы қатынастан ажырап, бір заттың атаяу болып кеткен сөздер бірге жазылады (асқасық, иіссабын).
Екі сөзден біріккен кейбір кісі есімдері айтылуынша жазылады (Жанғазы)	Екі сөзден біріккен кейбір кісі есімдері айтылуынша жазылады (Жанғазы)
Пен, кер, кеш, нікі, паз, кор, хана, стан жүрнектары түбірдің жуан-жінішкелігіне қарамай осы тұрпатта жалғанады.	Мұндай ескерту жок.
К, г дыбыстарына аяқталған термин сөзге қосымша жінішке жалғанады.	Бұл ереже 1983 ж. емле өзгерісінде қабылданды.
Цифрмен жазылған реттік сан есімнен кейін дефис койылады (1952-жыл, 19-ғасыр)	Мұндай пункт жоқ.

**Әзербайжан жазуының әліпбі мен емлесі.** Кирил графикасына негізделген әзербайжан әліпбінің бірнеше жобасы болды, біріншісі: Аа, Бб, Вв, Гг, ҔҔ, ҔҔ, Ее, Әә, Жж, Зз, Ии, Йй, Кк, Ққ, Лл, Мм, Нн, Оо, Өө, Пп, Рр, Сс, Тт, Уу, Үү, Фф, Хх, Һһ, Чч, ҔҔ, Шш, Ыы, ' (дәйекше)<sup>1</sup> құрамынан тұрды.

Енді бір жобада: Аа, Бб, Вв, Гг, Gg, Ыы, Щщ, Іі, Јј, Кк, Лл, Мм, Нн, Оо, Өө, Пп, Рр, Сс, Тт, Үү, Үү, Фф, Хх, Чч, Шш, Ыы, ' (дәйекше)<sup>2</sup> к, ў әрпі алынып тасталды, қ әрпі косылды.

Соңында мына әліпбі қабылданды: Аа, Бб, Вв, Гг, Ff, Дд, Ее, Әә, Жж, Зз, Ии, Йй, Кк, Ққ, Лл, Мм, Нн, Оо, Өө, Пп, Рр, Сс, Тт, Уу, Үү, Фф, Хх, Һһ, Цц, Чч, ҘҘ, Шш, Ыы, Ээ, Юю, Яя, ' (апостроф)

Көпшілік ішінде **щ**, **ң**, **ы**, **е**, **ю**, **я** әріптерін әліпбиден алғы тастауды, /ц/-ны /тс/, /ш/-ны-/шч/, /е/-ны-/иел/, /ю/-ды /йу/, /я/-ны /йа/, /к/-ны /к/, /ғ/-ны /ғ/, /х/-ны /һ/-мен беруді ұсынушылар болды. Сондықтан 1947 жылы алфавиттен Цц әрпі алғынып тасталды. 1958 жылы Ээ, Юю, Яя әріптері ығыстырылды, ал Йй әрпі Йj-мен ауыстырылды. Сөйтіп, алфавит құрамы мынадай мазмұнда болды: **а, б, в, г, ғ, д, е, ә, ж, з, и, ј, к, қ, л, м, н, о, ө, п, р, с, т, у, ү, ф, х, һ, ч, ҹ, ш, ы**<sup>3</sup>. Бұл әліпби ресми түрде 90 жылдырдың аяғына дейін қолданыста болды. Қазір Ресей аумағындағы әзербайжан жазуында қолданылады.

**Башқұрт жазуының әліпбі мен емлесі.** Кирил алфавитінің 33 әрпінің үстіне башқұрт тілінің өзіне тән дыбыстырын белгілеу үшін 9 әріп алынды. Олар: Ff, Kк, тіс аралық 3з, Сç, мұрынжолды Нң, көмей Hh; тілалды ашық Әә, еріндік Өө және Үү әріптері.

Сонда кирил графикасына негізделген башқұрт әліпбі мына құрамнан тұрды: А а Б б В в Г г F f Д д З з Е е Ё ё Ж ж З з И и Й й К к К к Л л М м Н н Н н О о Ө ө П п Р р С с Ҫ ҫ Т т У у Ү ү Ф ф Х х Һ һ Ц ц Ч ч Ш ш Щ щ Ъ ъ Ы ы Ь ь Э Ә ә Ю ю Я я

<sup>1</sup> Өдөбийжат орчезти 23.05.1939

<sup>2</sup> Өдәбийят газети 22.08.1939

<sup>3</sup> Гиляревский Р. С., Гривнин В. С. Определитель языков мира по письменности. М.: Наука, 1964. С. 47.

Башқұрт жазуы, негізінен, фонетикалық жазу, әрі ерін үндестігін таңбалайтын жазу. Сондықтан орыс тілінен енген кірме сөздердің жазылуына қатысты да осы пікірлер айтылды. Мысалы, *жюри*, *такси*, *шоссе*, *ателье* сөздеріндегі соңғы дауысты дыбыс – башқұрт тіліндегі жіңішке дауыссызға қарағанда жуандай, тіл арты дыбыс. Сондықтан бұл сөздерге қосымшаның жіңішке вариантын жалғамау; сол сияқты *калий*, *юшией*, *командир*, *министр*, *социализм*, сөздеріне де жіңішке вариантын аффиксті жалғамау, бұл сингармонизм заңын бұзады деген пікірлер жиі айттылды. Сөйлеу тілінде де бұл сөздерге жуан қосымша жалғанады. Осы сипатты жазуда да таңбалай керектігі айттылды. Және *галим*, *тарих*, *тахип* сөздері тіл арты дыбысталады: [ғалыйм], [тарыйх], [тахыйыр] сондықтан жуан қосымшаларды қабылдайды деді ғалымдар<sup>1</sup>.

**Өзбек жазуының әліпбі мен емлесі.** Кирил жазуын қабылдаған өзбек әліпбінде 1929 ж. латын жазуындағыдан 6 дауысты дыбыс таңбасы болды. Бұған латын графикасына көшердегі Е.Д. Поливановтың әдеби тіл негізіне сингармонизм заңы бұзылған Ташкен, Самарқан, Ферғана диалектілерін алуды ұсынғаны себеп болмай қалған жоқ<sup>2</sup>. Сондықтан кирилнегізді өзбек әліпбі орыс алфавитінің үстіне ў, қ, ғ, ҳ әріптерін алды. Сөйтіп, ирандалып кеткен ташкент сөйленісі түпкілікті түрде өзбек әдеби тілінің негізіне алынды. Мына алфавит құрамы бекіді: а, б, в, г, д, е, е, ж, з, и, й, қ, л, м, н, о, п, р, с, т, у, ф, ҳ, ҇, ҈, ҉, Ҋ, ю, я, қ, ғ, ў, ҳ<sup>34</sup>

Алғашқы жобада Нн, ҇ч, Өө, Ққ, Z z, Ҳҳ және дәйекше бар еді.

<sup>1</sup> Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР. – М.: Наука, – 225 с.

<sup>2</sup> Сонда, 77 б.

<sup>3</sup> Сонда, 78 б.

<sup>4</sup> Ибрагимов С. Узбекский алфавит и вопросы его совершенствования // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. М.: Наука, 1972. С. 157-173.

Кирил-өзбек әліпбійнің ерекшелігі – орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылу үшін алынған ё, ю, я әріптері өзбек тілінің төл сөздерінде де жазылып, айтылды: ёлғиз, ёши, ёмон; юлдуз, юрак; яинин, яиши,

ә әрпінің алынып тасталғаны окуда қындық келтіргені туралы мәлімет бар<sup>1</sup>.

Сонда өзбек тілінің өзге түркі тілдерімен салыстырғандағы негізгі фонологиялық сипаты – сингармонизм заңдылығының жоқтығын немесе әлсірегендігін кирил графикасына негізделген әліпби құрамы таңбаланған. Өзбек тілінде осы әліпби жалпытүркілік [o] мен [ö] дыбыстарын бір ғана [o] фонемасына, [u] мен [ü] дыбыстарын бір ғана [u] фонемасына және [i] мен [î] бір ғана жінішке [i] фонемасына телиді.

Көпшілік ішінде щ, ц, ы, е, ю, я әріптерін әліпбиден шығаруды, /ц/-ны /тс/, /щ/-ны /шч/, /е/-ны -/иэ/, /ю/-ды /йу/, /я/-ны/я/ әріп тіркестерімен беруді ұсынушылар болды. Және сондай-ақ екі фонеманы бір әріппен белгілейтін қатарды көбейтіп, /к/-ны/к/, /f/-ны/г/, /х/-ны/һ/-мен беруді ұсынған пікірлер бар<sup>2</sup>.

Әліпбиге қатысты мынадай кемшіліктер мен ұсыныстар айтылды:

- <a> фонемасының әрпімен берілуі, *Kосmos, одал, от(am), том (tam), том – tam, I том* сөздерінде мағына ажыратудағы киындықтан Ā, â деген сияқты еріндік дыбыс таңбасын алуға мәжбүр болу<sup>3</sup>;

- <н> фонемасының нг әріп тіркесімен берілуі (кейде н дыбысына аяқталған түбірге барыс септігі жалғанғанда [н] болып оқылды: *танга-таңа*);

- и әрпінің үш дыбысты қатар беруі (*и-<ы>, <i>, <й>*);

- ё әрпінің болмауы, мысалы, *була* сөзін *бала* және *болө* деп те окуға болатыны.

<sup>1</sup> Ибрагимов С. С. Орфография узбекского языка // Орфография тюркских литературных языков 218 б.

<sup>2</sup> Сонда, 219 б..

<sup>3</sup> Сонда, 225 б.

- ә, ң, һ әріптерінің жоқтығынан әліпбиге ң, ә, һ әріптерін алу: *мәнә*, *Анә*, *атә*<sup>1</sup>; дегенмен бұл әріптерінің жоқтығы қиындық тудырмайды деген де көзқарас қалыптасып қалды<sup>2</sup>.

- я, ю, е таңбаларының орнына йо, йа, йу әріп тіркестерін пайдалану<sup>3</sup>.

- [ж][дж] фонемаларының ж әрпімен ғана берілуі («жыр» мағынасындағы *жисир* сөзі *жисир* (масло) сөзімен бірдей жазылды);

Өзбек жазуындаерін үндестігі таңбаланады, яғни бірінші буында у әрпі жазылғанына байланысты екінші буында да жазылады: *құрум*, *дукур-дукур*, *тузум*. Бірақ өзбек графикасы фонологиялық принципті ұстайтынын тәмендегі әріптер арқылы көрсетті:

и – [i] бир, билак, билим

[и] муҳит, дин, мудир<sup>4</sup>

[ы] қиши, дир, тигиз

[ый] посилк, вишка

у – [y] уч, бутун

[ү] қувур, турмуш

[ү] сурат, намуна

ў - [ə] ўт, [əт], тұт [təş]

[о] ўт, [ot], тұк [toq]

Ә - [э] эл, этик

электр

о [ə] от [əт], көр [qər], нон [nən]

[о] колонна<sup>5</sup>

Бірге/бөлек жазылатын сөздердің емлесіне қатысты бір екпінмен айтылатын фонетикалық белгісі бар, анықтайтын-анықталатын қатынастағы сөздер мен географиялық атаулар бірге жазылды. Сонымен бірге *аро*, *умун (общий)* бутун,

<sup>1</sup> Ибрагимов С.С. Орфография узбекского языка... 226 б.

<sup>2</sup> Сонда, 228 б.

<sup>3</sup> Сонда, 226 б.

<sup>4</sup> Сонда, 226 б.

<sup>5</sup> Сонда, 227 б.

узоро, халқаро аффиксойдтарымен келетін сөздер бірге жазылды<sup>1</sup>.

Кирил әліпбіндегі өзбек жазуының емле қағидалары 1956 жылы 14 сәуірде 72 тармақ, 5 бап көлемінде жарияланған<sup>2</sup>.

**Түркімен жазуының әліпбі мен емлесі.** Кирил графикасына негізделген түркімен әліпбіндегі 38 әріп болды. Орыс алфавитінің үстіне |ж|, |ө|, |ү|, |ә|, |ң| таңбаларын алды (26-кесте)<sup>3</sup>.

26-кесте. Түркімен әліпбі<sup>4</sup>,

А а	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж	Ҙ ж	З з
И и	Й ий	К к	Л л	М м	Н н	Ң ң	О о	Ө ө	П п
Р р	С с	Т т	Ү ү	Ү ү	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш
Щ щ	Җ Җ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ә ә	Ю ю	Я я		

Емледе мынадай ұсыныстар болды: ауызша тіл мен жазба тілді жақыннату, созылыңқы дауыстыларға әріп арнау (30 жылдары екі әріппен берілген еді, алайда ол орфограмма қыындантып жіберген); еріндіктерді бірінші буында ғана жазу, бөлек таңбалануға басымдық беру.

Кірме сөздерді орыс орфографиясы бойынша емес, түркімен тіліндегі дыбысталуы бойынша жазу<sup>6</sup>. я, ю, ё, ң, щ, ь, ҭ әріптерінің бас артықтығы, әліпбиден шығарылу қажеттігі айтылған. Йабы сөзі – яби деп жазылған<sup>7</sup>. Б әрпі тоғысынқы [б] дыбысын да, жуысынқы [б] дыбысын да берді. В әрпі [w] дыбысын да: *ватан*, *совук*, *сайлав*, [ф] дыбысын да берді: *Оразов*. Ал г әрпі төрт түрлі дыбысты берді: [f] гар, [g] гел, [f шұғыл] сығыр, [g шұғыл]. Е әрпі дауыссыз-

<sup>1</sup> Ибрагимов С.С. Орфография узбекского языка, 227 б.

<sup>2</sup> Умуркулов Б.М.Хозирги үзбек тили. Термиз-2012.

<sup>3</sup> Чарыяров Из истории туркменского алфавита // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР.- М.: Наука, 1972. -С. 149-156.

<sup>4</sup> Б.Чарыяров Орфография туркменского языка // Орфография тюркских литературных языков СССР. М., 1973. 189б.

<sup>5</sup> Г.Азимов Орфография туркменского языка Ашхабад, 1959. – 38 б.

<sup>6</sup> Б.Чарыяров Орфография туркменского языка, 190 б.

<sup>7</sup> Сонда, 190 б,

дан кейін [э]сен, гөле, басқа позицияда ие дыбыс тіркесін берді: еди, елменек, сөер. Ё әрпі йо дыбыс тіркесін ёл (жол), ёк (жок), ж әрпі тек орыс тілінен енген сөздердеған, ал дж дыбысын беретін әріп ж үбюдж ет, жаз сияқты сөздерде, и әрпімен созылыңқы <и> да, қысқа <й> да берілді. я, ё, ю, э әріптерімен дыбыс тіркестері таңбаланды. К әрпі <к> мен <к>фонемаларын береді: токай, элек. Ч әрпі барлық позицияда жазыла береді: чой, ачар. Э әрпі төл сөздер басында жазылды: эрик, эл.<sup>1</sup>.

Үндесім заңы төл сөздерде таңбаланады: ши – шиле – шилетен – шилейәрди, окив – окувчи – окувчилар.

Түркмен тіліндегі созылыңқы дауыстылар белгіленбеді. Бұл даулы мәселе болды. 1930 ж. латын графикасындағы жазуда 2 әріп созылыңқы дыбысты таңбалап, кейін алынып тасталған еді.

Қысаң езуліктеп түсіріліп жазылды: ағыз – ағзи, ғөрун-мек – ғөрнер<sup>2</sup>, оғул – оғли, эрин – эрни, асыл – аслы, ылым – ылмы, екары – екарда, илері – илерде.

Бірақ д, з дыбыстарынан кейін түсірілмеді: әділен, язылан.

Дауыссыз дыбыс пен р дыбысының тіркесіндегі қысандар түсірілді: топрак, гудрот, титретек, эшрет, сомромок. Оның себебі – р дыбысының үнді болуы, салдырдан ғөрі дауыстың көбірек естілуінен болса керек. Сондай-ақ дауыссыз дыбыстан кейін келетін л дыбысы аралығында да таңбаланбады: хыклатак, патлатак, хаашлатак<sup>3</sup>.

Дауыссыздан аяқталған екі буынды сөзде ерін үндестігі сақталды: орун, огул, учук. Ашық буынды сөздерде езулік жазылды: улы, уки, оли. Бірақ: улы – улумсы, укы – укучыл, оғыл – оғлум болып, дауыссыздан басталған қосымша жалғанғанда еріндік сақталды<sup>4</sup>.

Сондай-ақ егер бірінші буында созылыңқы еріндік болса, екінші буында да еріндік таңбаланды: одун, онлук. Еріндік

<sup>1</sup> Г.Азимов Орфография туркменского языка, 15 б.

<sup>2</sup> Сонда, 17 б.

<sup>3</sup> Сонда, 20 б.

<sup>4</sup> Сонда, 20 б.

вариант пен езулік вариант жарыспа қолданған жағдайда жазуда еріндік түріне басымдық берілді<sup>1</sup>: мұкдор, мұсұр. Қазіргі түрімен орфографиясында ашық еріндіктер – ө, о бірінші буындаған жазылады: орак, бурав. Қысаң еріндіктер екінші буынға дейін жазылады: дурмуш, өмүрмек.

Жуан/жіңішке варианты сөздерде жіңішке варианты жазу ұсынылды<sup>2</sup>: *адым/әдим, тыз / тиз*.

Бірге // бөлек жазылуға байланысты мынаны айтуға болады:

- жалқы есімдердің изафеттің I типінен басқасының барлығы бірге жазылды;
- біріктіріліп жазылған сөздердегі екі дауысты түсірілмей жазылды: *Көнеүргенч*.

– Бір екпінмен айтылған және фонетикалық өзгеріске түскен сөздер бірге жазылды: *екегапан*.

– Бір сыңары ауыспалы мағынада жұмсалса бірге таңбланды: *бирнеме, бирсхалы, бирнече*.

– Ара сыңарымен келгендер бірге жазылды: *халқара, милдетара, факультетара*;

– дурубермек, гюбермек, гөрүбермек, алибермек, гидибермек сияқты құрама етістіктер бірге жазылды<sup>3</sup>.

– Екі сыңар аралығындағы дауысты дыбыс түсірілді: *алтатар, екелли* (екеэллик)

– Ёл, кәды сөздерімен келгенде сыңарлар бөлек жазылды: *демир ёл, отлы ел, палав кәды*

– Құрделі сан есімдер бөлек жазылды;

Ортақ екпінге бағынған, сыңарлары фонетикалық өзгеріске түскен құрделі сөздер бірге жазылсын деген ереже болғанмен оны айқындау қыынға соқты<sup>4</sup>: *гүнебекөр*.

Күшейткіш буынды сөздер дефиспен жазылды: тәп-тәзе.<sup>56</sup>

<sup>1</sup> Г. Азимов Орфография туркменского языка..., 25 б.

<sup>2</sup> Сонда, 26 б.

<sup>3</sup> Сонда, 27 б.

<sup>4</sup> Сонда, 21 б.

<sup>5</sup> Сонда, 21 б.

<sup>6</sup> Б. Чарыяров Орфография туркменского языка, 190 б.

Қарақалпақ жазуының әліпбі мен емлесі. 1940 жылы К.Убайдуллаев, К.Аимбетов және Н.Давкараевтар кирилнегізді жаңа қарақалпақ әліпбінің жобасын жасады. Бұл Қарақалпақ АССР Жоғарғы советінің Президиумы жарғысымен 1940 жылдың 18 шілдесінде бекіді<sup>1</sup>. Жаңа әліпбіде 35 әріп болды: Аа, Бб, Вв, Гг, Дд, Ее, Жж, Зз, Ии, Йй, Кк, Лл, Мм, Нн, Оо, Пп, Рр, Сс, Тт, Уу, Фф, Хх, Цц, Чч, Шш, Щщ, Ъъ, Ыы, Ъъ, Ээ, Юю, Яя, Фф, Ққ, Ҳҳ. Бұл алфавиттің үлкен кемшілігі – қарақалпақ тілінің өзіне тән /æ/, /œ/, /у/, /ŋ/, /w/ дыбыстарына арналған таңбаның болмауы. /æ/, /œ/, /у/ фонемалары бар сөздер а, о, у әріптерінен кейінгі дауыссызға жіңішкелік белгісін тіркестіру арқылы берілді: таң (таң), созь (сөз), жунь (жұн). /ŋ/ фонемасы нғ әріп тіркесімен жазылды<sup>2</sup>. Әліпби орыс алфавитінің сонына өзіне тән үш әріпті (қ, ғ, ҳ) тіркеуімен ерекшеленді.

Осы кемшіліктер қарақалпақ әліпбінің құрамы мен емле мәселелерін қайта қарастыра әкеліп, 1954 жылдың қыркүйегінде Нұкісте шақырылған ғылыми-техникалық конференцияда ұлт ғалымдары мен Өзбекстан Тіл және әдебиет институтының ғалымдарының ұсынуымен жаңа әліпби мен емле ережесі қабылданған еді. Жаңа алфавит 1957 жылдың 28 ақпанында бекітілді. Бірақ бұл жоба 1960 жылы ғана қолданысқа енді. Жаңа жобада Ә э, Ә ё, Ң н, Ө ө, Ү ү, Ү ў әріптері еніп, әліпби тәртібі өзгерді (27-кесте).

27-кесте. Қарақалпақ әліпбі

А а	Ә ә	Б б	В в	Г г	Ғ ғ	Д д	Е е	҃ ё	Ж ж	З з
И и	Й и	К к	Қ қ	Л л	М м	Н н	Ң ң	О о	Ө ө	П п
Р р	С с	Т т	Ү ү	Ұ ұ	Ү ү	Ф ф	Х х	Ҳ ҳ	Ц ц	Ч ч
Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я			

<sup>1</sup> Насыров Д. Орфография каракалпакского языка // Орфографии тюркских литературных языков СССР. М.: «Наука», 1973. С. 117-130.

<sup>2</sup> Насыров Д. Об усовершенствовании и унификации алфавита каракалпакского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. М.: «Наука», 1972. С. 75-87.

1963-1964 жж. емлеке өзгеріс енгізу туралы тағы пікірлер бой көтерді, оның бастысы ғалымдар мен оқытушылардан құралған арнайы комиссияның әліпбиден ү және ңәріптерін алып тастауды ұсынуы болды. Алайда көшіліктен бұл ұсыныс қолдау таппады<sup>1</sup>. Сөйтіп, жоғарыдағы әліпби құрамы әлі күнге дейін баспалар мен мемлекеттік мекемелерде қолданылады<sup>2</sup>.

**Қырғыз жазуының әліпбі мен емлесі.** Қырғыз әліпбінің басқа түркі тілдері тәрізді, алдымен, орыс алфавитінің 33 әрпінің сонынан 3 әріп тіркеді: **ө, ү, ң.** 1941 жылдың 12 қырғызегіндегі мына құрамда әліпби тәртібі белгіленді:

А а Б б В в Г г Д д Е е Ё ё Ж ж З з И и Й й К к  
Л л М м Н н Ң ң О о Ө ө П п Р р С с Т т Ү ү Ү ү  
Ф ф Х х Ц ц Ч ч Ш ш Щ щ Ъ ъ Ы ы Ъ ъ Э э Ю ю Я я

Әліпбидің кемшіліктерінің бірі ретінде тілшік қатаң қалады. Алайда қырғыз тіліндегі үндесім заны бойынша бұл бір фонеманың жуан және жіңішке реңктері ғана болып саналады.

Э әрпі <e> фонемасын белгіледі: *экен, эки, <ə>, <i>, <ы>* фонемаларына әріп болмады<sup>3</sup>. Әліпбиге өзгеріс енгізуге байланысты ұсыныстар мынадай болды:

1. <q>, <ø>, <ç> фонемаларын беретін әріптер енгізу.
2. *й+о, й+е* дыбыс тіркестерін *e, ю, я* әріптерімен танбаламау. Сонда *коен, аяқ, тиет, кеңеет* деген сияқты сөздерді *койон, айок, тийет, кеңеїет* деп дыбыстық құрамын ажыратып жазуға болады<sup>4</sup>. Сөздерді бірге немесе бөлек жазуда 1938 ж. ережені қайталады. Жалпы, қырғыз орфографиясында бөлек жазуға басымдық берілді. Әрине, басқа түркі

<sup>1</sup> Д.С. Насыров Орфография каракалпакского языка // Орфографии тюркских литературных языков СССР. М.: «Наука», 1973. -С. 117-130.

<sup>2</sup> Каракалпакстан Республикасы Министрлер Кенеси (каа). сайт Совета Министров Республики Каракалпакстан.

<sup>3</sup> С.Кудайбергенов Орфография киргизского языка...

<sup>4</sup> Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР. -М.: Наука, - 225 с.

тілдеріндегідей, бірінші сынарының мағынасы көмескіленсе бірге жазылды: *кызылгат*, *қарагат*, *сөөлжом*, *котогат*<sup>1</sup>.

Күрделі етістіктің 2 түрі де норма саналды: *бара жатат* – *баратат*; *жазып жатат* – *жазыпратат*.

Қос дауыссыз дыбысқа аяқталған кірме сөздерге қырғыз тілінің қосымшасын жалғауда қысаң езуліктер дәнекер ретінде қолданылмады, мысалы, *нефтьке* (*нефтыіге емес*)<sup>2</sup>,<sup>3</sup>. Сөздердің бірге не бөлек не дефиспен жазылуы сияқты, сондай-ақ бас әріппен жазылу сияқты дыбыстық емес графикалық белгілерді қырғыз жазуы оңай шешті: мекеме аттарындағы әр сынар бас әріппен таңбаланды. Бұл емледегі ала-құлақты азайтты, мысалы, *Қыргыз Мемлекеттік Университеті*<sup>4</sup>. Жер-су аттары дефис арқылы жазылды; күшейткіш буынды сын есімдер бірге жазылды: *катара*, *сансары*.

Алайда бұл «оңай» орфографиядан да бас тартатын ұсыныстар шықты. Сондықтан мекеме аттарының барлық сынары бас әріппен жазылуы сақтала бермеді. Бірінші сынарын гана бас әріппен жазуды ұсынған пікірлер болды<sup>5</sup>.

Қыргыз жазуының алғашқы орфографиялық сөздігі 1938 ж. Т.Актанов, З.Байжиев, К.Бакеевтердің құрастыруымен 5000 сөздің емлесін көрсетті. Екінші сөздік 1942 ж. М.Ш. Богданова, Х.Карасаевтың құрастыруымен 7000 сөзді қамтыды. Сөздіктің алдыңғыдан айырмашылығы сөздер емлесін топтастырып беруінде. Олар а) орыс тілінен енген сөздердің емлесі; ә) дефиспен жазылатын сөздердің емлесі; б) *л*, *н*, *п*, *р* әріптерінен басталған сөздердің емлесі; в) *в*, *ж*, *з*, *ф*, *х* дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша жалғау тәртібі; г) *й* дыбысынан аяқталатын сөздерге қосымша жалғау тәртібі. III орфографиялық сөздік 1956 ж. Х.Карасаев, Ю.Яншансиннің құрастыруымен түзілді<sup>6</sup>.

<sup>1</sup> Опыт совершенствования алфавитов..., 194 б.

<sup>2</sup> С.Кудайбергенов Орфография киргизского языка // Орфографии тюркских литературных языков СССР. – М.: Наука, 1973. С. 140-144.

<sup>3</sup> Сонда, 140 б.

<sup>4</sup> Сонда, 149 б.

<sup>5</sup> Сонда, 150 б.

<sup>6</sup> Сонда.

Ұйғыр жазуының әліпбіні мен емлесі. Ұйғыр жазуының әліпбіндегі 41 әріп бар. 33 орыс әрпінің үстінен ұйғыр тілінің өзіне тән дыбыстарын беру үшін 8 қосымша әріп алғып отыр. Олар: **қ, ң, ғ, ү, ө, ә, һ, ж<sup>1</sup>**. 60 ж. дейін соңғылары орыс алфавитінен кейін орналасқан еді. Ұйғыр алфавиті түркі халықтарының соңын ала бере, 1947 ж. ғана орыс графикасына көшті.

А а Б б В в Г г F f Д д Е е І і Ә ә Ж ж  
Ж ж З з И и Й й К к Қ қ Л л М м Н н Ң ң  
О о Ө ө П п Р р С с Т т Ү ү Ү ү Ф ф Х х  
Ц ц Ч ч Ш ш Щ щ Ъ ъ Ы ы Ъ ъ Э э Ю ю Я я

Бұл әліпбиді жетілдіріп алуға, өзгелердің тәжірибелерінен үйренуге айтарлықтай көмектесті. Атап айтқанда, ұйғыр әліпбіндегі түркі тілдері әліп билерінде жоқ, өзге таңба алынбаған; әріп тіркесінен тұратын таңба жоқ, екі фонеманы бір әріппен беру жоқ (қыргыз жазуында к –[қ] мен [қ], ғ – [f],[ғ] береді)<sup>2</sup>.

Алайда [r] дыбысы келетін сөздерді орфограммалау қажеттілігі бар: қарға [қага], карчига [қачига], оғақ [орғақ], өдәк [өрдәк] «үйрек»<sup>3</sup>.

28-кесте. Оғыз тобындағы тілдердің өзіне тән фонемаларын танбалаудағы кирил тәжірибесі

№	фоне- ма	түрік	әзіrbай- жан	гагауз	қырым татар	түрік- мен	өзбек
1	ғ	ğ	ғ	-	ғ	ғ	-
2	дж	с	ж	ж	ж	ж	-
3	к	к	к	-	к	-	к
4	ң	-	-	-	ң	ң	-
5	ө	ö	ө	ö	ө	ө	-
6	ç	ç	ч	ч	-	-	ч
7	ү	ü	-	ү	-	ү	-
8	ұ	у	у	у	у	у	ў
9	ҳ	h	h	-	-	-	ҳ
10	і	i	-	-	-	-	-
11	ә	-	ә	ä	-	ә	-

<sup>1</sup> Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР. –М.: Наука, –225 с.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Сонда.

29-кесте. Қыпшақ тобындағы тілдердің  
өзіне тән фонемаларын таңбалаудың кирил тәжірибесі<sup>1</sup>

№	Фонема	Казак	Башқұрт	Татар	Қаракалп	Ногай	Күмік	Карашай	Ахас	карайым
1	F	F	-	Г	-	F	Гъ	Гъ	-	F
2	ДЖ	-	-	Ж	-	ДЖ	-	-	-	-
3	К	К	-	К	-	Къ	Къ	-	-	-
4	Ң	Ң	НЬ	Ң	Ң	Ң	ҢГ	ҢГ	Ң	Ң
5	Ө	Ө	ОЬ	Ө	Ө	Ө	-	ОЬ	Ө	Ө
6	Ҫ	Ч	Ч	Ч	Ч	Ҫ	Ч	-	Ч	Ч
7	Ү	Ү	УР	Ү	Ү	Ү	-	УР	Ү	-
8	Ұ	Ұ	У	Ӯ	У	У	У	У	У	Ӯ
9	Х	-	-	Х	-	-	-	-	-	-
10	И	И	-	-	-	-	-	-	-	И
11	Ә	Ә	АЬ	Ә	Ә	Ә	-	-	-	-

30-кесте. Мемлекеттік және жергілікті тіл болып табылатын  
туркі тілдерінің өздеріне тән фонемаларының таңбалануын  
салыстыру кестесі

Фонема	Казак	Башқұрт	Татар	Қыркүйек	Түркмен	Казак	Башқұрт	Татар	Қыркүйек	Казак
Ә	-	-	-	ä	ә	ә	ә	ә	ә	ә
Ү	ү	-	Ү	Ү	Ү	Ү	Ү	Ү	Ү	к
Ұ	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Қ	-	Қ	Қ	-	Қ	(қ)	-	қ	-	қ
Ң	-	ҢГ	Ң	Ң	Ң	Ң	-	ң	ҢЬ	-
Ө	ö	-	Ө	Ө	Ө	Ө	Ө	Ө	ОЬ	Ө
F	-	F	F	-	F	F	F	F	Гъ	-

Көріп отырғанымыздай, түркі тілдерінің өздерінеген фонемалары бәрі бірдей төл әліп билерінде көрініс таппаған. Көрініс тапқандарының өзі әртүрлі әріптермен бейнеленген, мысалы, ә фонемасы аь – ә, ң фонемасы ңг-ңь – ң деген сияқты.

<sup>1</sup> Мусаев К. Алфавит... 32-33 бб.

## **4. ЛАТЫННЕГІЗДІ ТҮРКІ ЖАЗУЛАРЫ: ЖАҢА КЕЗЕҢ**

### **4.1 Түркі тілдері жазуын бірlestіру мен жетілдіру мәселелері**

Латын графикасы тұсында 1932 ж. көтерілген түркі тілдері емлесін жетілдіру мәселесін 1936 ж. басталған кирилшеге ауысу процесі басып кетті де, енді 1959 ж. Мәскеуде Е.И. Убрайтованың бастамасымен қайта көтеріледі. Өйткені кирил графикасымен өте аз уақыт ішінде 20 алфавит жасалған еді. Тарих тезінде олар асығыстықтың салдарын көрсетіп отырды. Оның үстіне, біздінше, тілдің ұлттық фонетикалық ерекшелігіне бойламаған өзге ұлт өкілдері – орыс лингвистерінің көмегімен де түркі халықтарының біразына әліпби жасалғаны анық.

Сондықтан кирил негізінде жасалған әліпбилерді сөз еткендегі «жетілдіру», «унификациялау» сияқты сөздер жиі айтылады.

Жалпы, латын жазуы жұмысшы табының, интернационализмнің символында болса, латыннан кирилге көшудің саяси астары болды делінеді<sup>1</sup>. Ал енді бір позитив ой латыннан кирилге көшірудің себебі түркі тілдеріне арналған унификацияланған алфавит асасу қажеттілігінен шықты дейді<sup>2</sup>.

**УНИФИКАЦИЯ** дегеніміз қолданыстағы алфавиттерді бір жүйеге келтіру, ұксас фонемаларға бір таңба алу, әр тілдің өзіне тән дыбыстарына өзге түркі тілдері әліпбилеріндегі өзіндік дыбысқа алынған әріпке ұксас немесе сәйкес әріп белгілеу.

<sup>1</sup> Латын графикасы негізіндегі қазак әліпби...95 б

<sup>2</sup> Сонда. 95 б.

Түркі тілдерінің әліпбій жасауда негізінен мынадай принциптер негізге алынып еді:

а) әр тілдің әліпбіи тілдің синхронды күйіндегі фонема құрамын ғана таңбалуы тиіс;

ә) әр фонема бір ғана таңбамен таңбалануы тиіс, тіпті болмаған жағдайда әріп тіркесімен таңбаланады;

б) әр әріп бір ғана фонеманың таңбасы болуы тиіс;

в) дыбыс тіркесін беретін орыс алфавитінен алынған әріптердің қажеттілігі бар ма деген мәселені тереңінен ойлану<sup>1</sup>.

80 жылдары К.Мусаевтың бастамасымен түркі алфавиттері мен орфографиясын жетілдіру, бір стандартталған жүйеге салу, кемшіліктерін өзге алфавит негізінде түзету деген мәселелер жолға қойылады, нәтижесінде бірнеше құнды еңбектер жарыққа шықты. Онда жетілдіру мен унификациялауды біргіндеп, ретімен жүзеге асыру деген баса айтылады. Әр мәселені өз ішінде және өзге тілмен сәйкестендіре отырып қарастырып алғаннан кейін ғана ресми түрде бекіту ұсынылады. К.М. Мусаевтың Мәскеу қаласынан шығарған «Алфавиты языков народов СССР (1965), «Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков народов СССР» (1982), «Языки и письменность народов Евразии» (1993), «Орфография тюркских литературных языков СССР» кітаптарында түркі тілдерінің әліпбіи мен емлесін унификациялауды жүйелі түрде жүзеге асыру қажеттілігі айтылған.

1966 ж. I түркітанушылар съезінің 40 жылдығына орай жасалған конференцияда К. Мусаев осы мәселеге арнайы тоқталады.

Жалпы түркі тілдері орфографиясы мен графикасы тура-лы жүйелі зерттеулер бірден-бір кеңестік ғалым – профессор К.М. Мусаевтың қаламынан туып отырғандықтан біз автордың осы көзқарастарына көбірек көніл аудардық. Сондай-ақ, Н.А. Басқаковтың пікірлері мен ұсыныстарын на-зарға алдық.

Түркі тілдерінің әліпбій жасауда жоғарыдағы принциптер аталғанмен кирил алфавитін қабылдағанда а) фонемалар

<sup>1</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР... 29 б.

әріп тіркесімен беріле берді; ә) әліпбиде тілдің өзіне тән фо-  
немаларына сәйкес әріптер болмады; б) орыс әліпбіндегі  
әріптер ұлт тіліндегі фонеманы беруге қолданылды<sup>1</sup>. Араб  
жазуында әріп жетпесе, кирил жазуында әріп артық болды.

Осы қағидалар тұргысынан келгенде **унификацияны қа-  
жет ететін тілдердің** қатары мынау дейді профессор К.Му-  
саев:

1) Ноғай мен құмық әліпбилерінде [ä], [ü], [ö] дыбыстары  
аь, оь, уь әріп тіркестерімен беріледі. Оларды басқа алфавит-  
терде қабылданған ә, ө, ү/ү әріптерімен таңбалауға болады.

2) Қарашай-балқар жазуында орыс тілінің ё, ю әріптері  
[o], [y], [ø], [γ] дыбыстарын береді. Бұл фонемаларға басқа  
әліпбилердегі ә, ү, ө графемаларын алуға болады.

3) Татар, башқұрт алфавиттеріндегі [i] фонемасын беретін  
/e/ әрпінің орнына /i/ таңбасын қолдану керек.

4) Татар, башқұрт әліпбіндегі [ü], [ı] дыбыстарын басқа  
қызыметтегі /o/, /ø/ таңбалайды, сондықтан бір әріпке бір ды-  
быс қағидасына сәйкес, аталған фонемаларға басқа алфавит-  
терде бар у, ү әріптерін қолдануға болады.

5) Барлық тіл алфавиттері үшін мынадай ортақ таңбаларды  
алу: [ŋ] дыбысы үшін /n/ әрпін, [γ] дыбысы үшін /f/ әрпін,  
[дж] дыбысы үшін /ж/ әрпін; [q] дыбысы үшін /k/ әрпін; [j]  
дыбысы үшін /й/ әрпін; [w] дыбысы үшін /ў/ әрпін алу;

6) /я/, /ю/, /е/ әріптерінің дыбыстық құрамын ажыратып  
жазу; бұл сөздердің морфемдік құрамын айқындауға септігін  
тигізеді<sup>2</sup>. Автор **-ие, -яа, -йо** тіркестерін бір әріппен беруге  
карсы<sup>3</sup>.

Профессор егер кириллицаға көшкен кезде латын жазуын-  
да унификацияланған әліпбиді механикалық түрде трансли-  
терация жасағанда, онда қазіргі түркі әліпбилерінде 26-дан  
35-39 дейінгі ғана аралықта әріптер саны болар еді<sup>4</sup> дейді.  
Өкінішке орай, үйлестіру принциптерінсіз, ортақ келісүсіз,

<sup>1</sup> Мусаев К. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфави-  
тов и орфографии современных тюркских языков... 35 б.

<sup>2</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР... 30 б.

<sup>3</sup> Мусаев К. Достижения и проблемы... 34 б.

<sup>4</sup> Сонда, 7 б.

бір-бірінен қол үзген жағдайда жасалған әліп билерде «имеют между собой много расхождений – для обозначения некоторых одинаковых звуков в разных языках принятые различные знаки, в ряде языков для обозначения двух или нескольких звуков и даже сочетаний звуков использован один знак»<sup>1</sup>. Егер кезінде латын әліпбі барлық түркі тілі үшін 39 таңбамен шектелсе, кириллицаға келгенде барлық әліпбіде 74 таңба болды. Ал дыбыс саны – 39<sup>2</sup>.

Орыс жазуына көшкенде 21 таңба латын алфавитінен транслитерация жасалды. **Я, е, ю, е, и** – сияқты қосар дыбысты таңбалайтын әріптер түркі әліп билерінің біріне енді, біріне енбеді. Әліпбидегі ала-құлалық емледегі негізгі принципті ортақ анықтап алмаудан да шықты. Мысалы, бір бағыт фонетикалық принципті, бір бағыт жазуда тек фонеманы таңбалау керек деп тапты.

К.Мусаев орыс әліпбіндегі барлық таңбаларды қабылдамай, **я, е, э, ю** әріптерінің орнына **иа, иэ, ио, иу** қосар әріптерін жазуға, бірдей фонема үшін ортақ әріп алуды ұйымдасуға, **щ, ц, ь, ъ** әріптерін қабылдамауға, әр әліпбидегі <ң> фонемасын беретін **и, иг, нь, нъ** таңбаларының орнына **ң** таңбасын ғана, ал <ү> фонемасын беретін **у, уъ, ю/у** таңбаларының орнына **ү** таңбасын ғана қабылдауға болатын еді дейді, және ұсынады.

Сонда 10-11 дауысты, 29 дауыссыз әрпі бар мынадай ортақ әліпби шығар еді дейді ғалым<sup>3</sup>: **а, э, е, ы, и, і, о, ө, у, ү, б, в, г, ғ, д, дъ, ж, ж, з, з, й, к, қ, л, м, н, н, п, р, с, с, т, у, ф, х, (һ), ч, ш, ъ, ц (тс), щ (шч)**.

Автордың ұсынған әліпбінен қазақ әліпбінің екі-ак әріп таңбасында айырма бар. Ол: /у/-мен <ү>-ны, /х/-мен [h]-ны белгілеу және **я, ю, е, ь** әріптерінің жоқтығы. Жалпы, басқа түркі халықтарының жазуына қарағанда қазіргі қазақ графикасы тілдегі барлық фонемаларының таңбасы бар, белгілі дәрежеде жетілген әліпби ретінде мойындалғаны рас.

<sup>1</sup> Мусаев К. М. Алфавиты языков народов СССР... 7 б.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Сонда.

Сонда түркі жазуларының ішінде тілдегі фонемаларды толық белгілемейтін әліп билерге:

- қыргыз жазуын,
- өзбек жазуын жатқызамыз.

Мысалы, орыс графикасына негізделген қыргыз әліп-биінде 36 әріп болды. Оның үшеуі қыргыз тілінің төл фонемаларының таңбалары болды да (*ң*, *ө*, *ү*), ал *к* (*қ*, *қ*), *г* (*ғ*, *ғ*), *ж* (*ж*, *ж*), *е* (*э*, *е*) таңбалары екі фонеманы беретін, қос мәнді әріптер болды. «*к*, *ғ* употребляется для обозначения двух фонем, имеющих три варианта по твердости и мягкости: 1) глубокозаднеязычные [къ], [ѓъ]: *култу* (замок), *тамга* (буква); 2) заднеязычные [к], [ѓ]: *клуб*, *газета*; 3) среднеязычные *кулет*, *тейгет*[к], [ѓ]<sup>1</sup>»<sup>2</sup>.

Ж әрпімен қыргыз тілінде тіл арты <ж> (жол, жайлар) және кірме сөздердегі <ж> (жанна) белгіленді. *Н*, *ә*, *і*, *ұ* таңбалары әліпбиде болмады. Сонымен, қыргыз әліпбиін жетілдіру үшін *к*, *ғ*, *ұ* әріптерін енгізу; и әрпінің емлесін бірізді ету керек делінді: *айұу* (аю емес), *койон* (коен емес), *айоосуз* (аесуз емес)<sup>3</sup>.

Ал өзбек жазуындағы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында тиісті түзетулер, өзгерістерді ұсынған пікірлер 90 жылға дейін төмендегідей болып келді:

- 1) әліпбиден *е*, *ё*, *я*, *ю*, *ң*, *ь*, *ү*, *қ*, *ҳ* әріптерін алып тастау;
- 2) көрінше әліпбиге *ә*, *һ*, *ң*, *и*, *ү*, *қ*, *ң* әріптерін енгізу;
- 3) сингармонизм заңдылығын қалпына келтіретін дауыстылар таңбаларын енгізу, олар: *а*, *ә*, *и*, *օ*, *ө*, *ү*, *җ*, *ဇ*, *һ* және дәйекше<sup>4</sup>.
- 4) *я*, *ю*, *е*, *ё* әріптерін дыбыс тіркесімен жазу.
- 5) *х* әрпін → *һ* таңбасымен алмастыру.
- 6) *Kicі* есімдеріндегі сөз басындағы *г* әрпінің орнына → *һ* әрпін жазу *Hamlet*, *Henri*, *Herzen*.
- 7) о әрпін *а* фонемасына, а әрпін → *ә* фонемасына, нг әрпінің орнына → *ң* әрпін қолдану;

<sup>1</sup> Бодуэн де Куртенэ И.А..

<sup>2</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР... 96 б.

<sup>3</sup> Сонда, 96 б.

<sup>4</sup> Сонда, 80 б.

Ал татар әліпбі мен графикасында мынадай өзіндік ерекшеліктері болды. Төл дыбыстық ерекшелікті көрсететін 6 әріп (ә, ө, ү, ж, ң, һ) болды. Жуан төрт дауыстының (а, օ, у, ы) таңбасы маркерлік қызмет атқарды. Олар көбіне қ, ғ әріптерінің жуан екенін білдіреді. Мысалы, *каләм*, *хакыйкать*, *қазағ*, *гомер*, *шагыйрь*, *фигыль*.

Әрі **a, օ, у, ы** әріптері көпмәнді әріп қатарына жатты. Мысалы:

**ә** әріп → еріндік [å] (*арба*) мен езулік (*урал*) [a]-ны,  
**ө** әріп → жіңішке [ó] мен жуан [o]-ны (бұл кірме сөздерде),  
**ү** әріп → [u] және [w],  
**ү** әріп → [y] мен [w],

**ә** әріп → сөз басында [e]-ні (әлемтә [елемтә]), аслаут буын соңында [ээ]тәэмін [тәмин], кірме сөздердегі [э]-ні (әлектр, поэзия)<sup>1</sup>.

**е** әріп → [и] дыбысын ([житен]), кірме сөздерде жуан [e] дыбысын (*тема, трест*), және [иы] дыбысын: *ел* [иыл], *еш* [иыш], *каен* [қайын], *уен* [уын], *быел* [быйыл], сондай-ақ [ие] дыбысын: *беек* [бейек], *чае* [чәйе] [31, 130б.] берген. Ал ү әрпінен кейін [è] жіңішке тіл алдыны береді: *килуе* [келуі], *биюе* [биүі].

Сондай-ақ **и, я, ю** таңбалары да көпмәнді болғаны белгілі. Атап айтқанда:

**и** әріп → [и] (*ил, ирек*), және [ый] (*сый, тыйнак*) дыбыстарын;

**ю** әріп → [иу] (*юл, юрган*), [иү] ([иүкә]-юқа, *кию-*[киү]), [ү] (*революция*) дыбыстарын;

**я** таңбасы → [яа] (*ял, яца*), [йә] (*яшел* [йәшел], *янәшә* [*йәнәшә*]) дыбыс тіркесін таңбалады.

Ал **вәрпі** → татар тіліндегі ерін-ерін дауыссызды [w] ([waқыт]), [wәзир] және орыс тілінен енген сөздерде [в] фонемасын ([вокзал]) берді./в/ әрпін <w>орнына қолдану, **қ, ғ** таңбаларының жоқтығы татар тілі орфоэпиялық нормасын бұзды<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР..., 130 б.

<sup>2</sup> Сонда, 126 б.

Сонымен, 34 әріп барлық 18 түркітілдес халықтардың әліпбииңде болды. Тек әр тілдегі мәні көбейді, өзгерді.

Мысалы, *a* әрпі әзіrbайжан әліпбииңде орыс тілінің <a> фонемасын, өзбек алфавитінде лабиалды [å]-ны, қарақалпақ жазуында жіңішке ['a]-ны берді.

/h/ әрпі 12 әліпбиде ғана болды. Қарашай, ногай, алтай, шор, хақас тілі әліпбилерінде болмады.

/n/ әрпі әзіrbайжан әліпбииңде болмады.

/i/ әрпі қарақалпақ, қазақ, ногай әліпбилерінде ғана <i> фонемасын таңбалады, басқа әліпбилерде <и> фонемасын берді.

/ø/ әрпі тек өзбек тілінде болмады<sup>1</sup>.

Қазақ, қарақалпақ әліпбииңен /э/ әрпін алып тастауды ұсынған пікірлер болды. Себебі ә әрпі сирек қолданылады және араб, парсы тілінен енген сөздерді белгілеуде ғана кепек делінді.

Жалпы түркі тілдері әліпбилерінде жеке дыбыстық ерекшеліктерді бейнелейтін барлығы 33 таңба болыпты. Бірақ бұл алшактықты 10 әріппен ғана бірдейлестіруге болатын еді дейді проф. К.М.Мұсаев. Олар: ө, ү, ә, ы, і, ғ, қ, ң, ҳ. Яғни, жоғарыда көрсетілгенде гідей, қазақ әліпбииңде төрт фонема 4 таңбамен берілген (қ, қ, ғ, ғ) әріптер татар, қырғыз, түркімен әліпбииңде екі таңбамен ғана (/қ/, /ғ/), қарашай, құмық тілдерінде қ, қъ, ғ, ғъ әріп тіркестерімен таңбalandы.

Сонымен, кирил графикасына негізделген түркі тілдерінің әліпбилерінде 38-42 әріп саны болды. Ең көп әрпі бар тілдер башқұрт тілі (42 әріп), қазақ тілі (42 әріп), қарақалпақ тілі (41 әріп) әліпбилері болды. Түркі әліпбилері орыс алфавитінің үстіне 5-9 арасында қосымша таңба алды. Ендеше тілдер арасындағы айырмашылық осы 9 әріптің айналасында болуы тиіс еді. Бірақ айырмашылық 33 таңбага дейін барды.

Қолданыстағы кирил графикасының жетілдіретін тұстарын алғашқылардың бірі болып қойған – башқұрт тілінің жанашырлары.

<sup>1</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР... 219 б.

Башқұрт әліпбіндегі /в/ әрпі → екі фонеманы: ерін-ерін <w> дыбысы мен орыс тіліндегі ерін-тіс <в> дыбысын;  
<w> фонемасы → в, у, ү әріптерімен,  
<e> фонемасы → сөз басында э, басқа позицияларды е әрпімен берілді.

<o>, <ы>, <w>, <j> фонемаларының әріптері болған жоқ<sup>1</sup>. Сөйтіп, башқұрт орфографиясының фонематикалық принципі бұзылды дейді<sup>2</sup>.

Алфавит жетілдіру жұмыстары үйлестіру мәселесін алға қояды. К.Мұсаев барлық түркі тілдеріндегі бірдей фонемалардың әріптік таңбаларын бірлестірудің қажеттігін айтады. Жалпытуркілік комиссия құрылуын көтереді. Автор башқұрт жазуы екіге, орыс және башқұрт тіліне бөлініп отыр. Башқұрт сөздерінің жазылуы орыс орфографиясының тұғырынан шығып отыр, сондықтан башқұрт тілінің сөз құрамы бұзылып барады<sup>3</sup> деді. Мысалы, орыс тілінен енген сөздерге башқұрт тілінің қосымшасы сөздің сөнғы буынына қарай жалғанады.

Н.А. Басқаков «Не всегда происходило взаимное обогащение опытом при решении основных вопросов литературных языков. Между тем алфавиты призваны сближать родственные языки, а не служить средством их разъединения» деген<sup>4</sup>. Фалымның унификация жасауда ә, ө, ү немесе ä, ö, ü таңбаларын ортақ етуді<sup>5</sup>; [ʒ] – ж, [γ] – з, [ɳ] – н, [q] – к, [j] – й, [w] – ў таңбаларын алуды; я, ю, ё әріптерінің орнына ий, ый, йы, йа, йо, йу, йе әріп тіркестерімен жазуды ұсынғаны құптарлық<sup>6</sup>.

Фалым қазақ, татар, башқұрт тілдерінде [j], [w] фонемаларын белгілеуде киындық бар. Сондықтан дауыссыз <w> фонемасының әріптерінде оның орнына жазылады.

<sup>1</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР..., 42 б.

<sup>2</sup> Сонда, 42 б.

<sup>3</sup> Сонда, 43 б.

<sup>4</sup> Басқаков Н.А. Проблема совершенствования и унификации алфавитов тюркских литературных языков народов СССР//Проблемы современной тюркологии. А: Наука, 1980. – 428. 57 б.

<sup>5</sup> Сонда, 58 б.

<sup>6</sup> Сонда.

немасын ү таңбасымен, ал <ұ> фонемасын у әрпімен, і фонемасын и әрпімен таңбалауды ұсынады, сонда и – ы; ү – у; й – ү сәйкестігі болады дейді: қойуұ, кийүү, қуұлауа<sup>1</sup>. Біздіңше, бұл жаңа әліпби құрастыруда назарға алатын пікір. Галымның и – әрпімен [i] таңбалауда, [i] және [u] фонемалары қатар бар тілдерде болмайды дегені көрегендік. Мысалы, татар, башқұрт, хақас тілдерінде бұл екі фонема болып табылады.

Галым сондай-ақ, татар тілінде йылан(елан емес), йыл (ел емес), үігіт(егет емес), түркмен тіліндейуваши (юваши емес), башқұрт тілінде йоушан (юшан емес) болып жазылуы керек еді дейді.

Туыстығы алыс тілдердің де әліпбіне унификация жасар едік деген автор.

Сонда ә, ө, ү, ж, ұ, й, қ, ң әріптері ортақ болар еді деп, көбіне казақ графикасындағы таңбаларды көрсеткен.

Сонымен, біздің ойымызша, кирилнегізді түркі жазуларын бірлестіруге жоғарыда ғалымдар көрсеткен жобада мүмкіндік бар еді.

#### 4.2 Түркі тілдері орфографиясына қатысты ортак ұстанымдар және емле проблемалары

Откен ғасырлар түркі тілдері үшін әр елдің өзін ұлт ретінде дәлелдеу, мойындану сипатында көрінсе, ендігі кезең өзара мойындалған елдердің интеграцияларға баруы, бір-бірімен санасуы, одактасуы дәрежесіне ұласуда. Сондықтан бајнамамыз бүгінгі ақпараттар заманы әліпби мен графика және орфография принциптері мен нормалары арқылы аралары алашақтап кеткен түркі тілдерінің ортақ емле ұстанымы қандай болуы керек деген мәселеге арналмақшы.

ХХ ғасырдың басынан бері түркі тілдері орфографиясының маңызды мәселелері ретінде мыналар қаралып келеді: 1) емледегі басты ұстаным (принцип), 2) белгілі бір графемалардың белгіленуі, 3) фонетикалық құбылыстардың белгілену шегі; 4) созылыңқы дауыстылардың емлесі; 5) күрделі сөздердің жазылуы; 6) кірме сөздердің емлесі.

<sup>1</sup> Басқаков Н.А. Проблема совершенствования..., 59 б.

Жалпы, түркі тілдері емле ұстанымын таңдауында мынадай тарих бар. XVII-XIX ғғ. түркі кеңістігінде қолданылған орта түркі әдеби тілі – жалпыхалықтық тілден жырақтау төбетоп тілі, төбетоп жазуы болғаны белгілі. Кейін жазу демократиялана бастағанда ауызша тіл жазба тілге жақындай түсті. Сөйтіп, сөз айтылуына сәйкес таңбалана бастады.

Жаңа әліппешілердің алғашқы пленумында Н.Төрекұлов барлық түркі тілдері фонетикалық принциппен жазады деген<sup>1</sup>.

1926 жылғы Баку конференциясында да түркі жазуы үшін фонетикалық принцип<sup>2</sup>негізгі деп алғаш айтылды. Т.Шонанұлы анықтағандай, «Фонетикалық принцип – фонетикалық транскрипция емес. Біздің түсінігіздегі фонетикалық принцип сөз мағынасын дәл беретін дыбысты таңбалайтын принцип болып табылады»<sup>3</sup> деп, сөз мағынасына әсер ететін дыбыстық өзгерістер ғана таңбаланатын қазіргі фонематикалық принцип болжанды.

Ғылым тарихы үшін алғашқы пікірлердің қай-қайсысы да құнды деп ойлаймыз. Сондықтан осы конференциядағы Е.Омаровтың түбірді фонетикалық, қосымшаны морфологиялық принциппен жазуды тіл табиғаты қалайды, сондықтан халық сауаты артқан 15-20 жылдан кейін морфологиялық принципке оралуға болады деген сөзі де назар аудартты<sup>4</sup>.

Шет сөздерге қатысты түпнұсқа принцип ұстану, бірақ орфоэпиясын тіліміздің дыбыстық құндағында (Н.Уәлиұлының термині) оку деген Е.Омаровтың ұсынысы да бүгінгі түркі тілдерінің емлесіндегі қалыс қалып қойған ұстаным деп ойлаймыз<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> Стенографический отчет I пленума ВЦКНТА (Баку, 3-7/VI, 27). М, 1927.- 175 б. 79 б.

<sup>2</sup> М.К. Милых Вопросы орфографии тюркских языков Северного Кавказа и Дагестана. Кисловодск, 1937. – 77 б.

<sup>3</sup> Стенографический отчет научно-орфографической комиссии созданной 2-4.06. 1929 г. научно-методическим советом НКП и ЦКИКА. Кзылорда, 1930.–482 с.

<sup>4</sup> Сонда, 27 б.

<sup>5</sup> Құдеринова К. Казак жазуының теориялық негіздері Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010.-269 б. 97 б.

1924 ж. 12-18 маусымында Орынбор қаласында өткен А.Байтұрсынұлы, Ә.Бекейханұлы, Е.Омаров, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрекұлов, Т.Шонанұлы қатынасқан «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» қазақ орфографиясының негізгі принципі дыбыс жүйесінше, сондыктан қап-қабы, доп-добы сөздеріндегі <б-п> дыбысының асылы (қазіргі терминге салса, фонеманың инвариантты) <п> емес, <б> фонемасы, ал желт-желті, серт-серті дегендегі дыбыстың асылы <п> фонемасы, бірақ қазақ емлесі дыбыс жүйесінше б-п, қ-ғ өзгерісін таңбалайды деп анықталады<sup>1</sup>.

Сонда Кеңес құрамында болған кезеңдегі түркі тілдері орфографиясы морфологиялық принципке сүйенеді деген сөз – орыс емлесінің ұстанымын көшіру ғана болып шығады.

Осы жыында бүгінге дейін дау болып жүрген ерін үндестігінің орны да шешілген. Мысалы, емлеге қатысты баяндама жасаған Е.Омаров қару, келу сөздері қарұу, келү емес, қарыу, келіу, қарууы, келіу деп жазылатынын олардың қа-рыу, ке-ли-уі болып буындалатынынан іздеу керек дейді. Автор «қазақ тілі түркі тілдерінен жігі ашылып, ұ дыбысы ы-мен айтылатын болған. Бұл қазақ тілінде өзер кімен болған өзгеріс» дейді<sup>2</sup>. Сонда түркі тілдері емлесінің ұстанымы дыбысты таңбалайтын фонетикалық емес, фонеманы таңбалайтын фонематикалық принцип екені айқындалады.

Мұндай білім қазақ оқымыстыларына А.Байтұрсынұлының ғылыми жетекшілігімен келген дейміз. Оған дәлел ретінде А.Байтұрсынұлының жазудың негізі екеу (таңба негізді және әріп негізді), ал жүйесі төртеу (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп көрсетуін<sup>3</sup> кеңестік жазу теориясына дейін айтылған ілім деп аламыз. Кейін Л.В. Зиндер жазудың тегін семасиографиялық немесе идеографиялық және фонографиялық деп бөледі<sup>4</sup>.

Ал ғалымның таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле деген таптастыру-

<sup>1</sup> Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. Алматы. 2005.—144 б. 25 б.

<sup>2</sup> Сонда, 63 б.

<sup>3</sup> Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. —414 б. 361 б.

<sup>4</sup> Зиндер Л.В. Очертк общей теории письма. Л.: Наука, 1987. —111 с. 52 б.

лары орыс тілі терминологиясындағы тарихи принцип, эти-  
мологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық  
принцип атауларының қазақ тіліндегі балама атаулары, дә-  
лірек айтқанда, қазақ лингвистикасының терминдері.

Л.В. Щерба этимологиялық принцип деген морфеманы  
сақтап жазу, яғни морфологиялық принцип, бұл бір жағынан  
тарихи принципке жақын деген<sup>1</sup>. Сонда таңба жүйелі емле  
(А.Б.) – тарихи принцип (Л.В.Зиндер), тарих жүйелі (А.Б.) –  
этимологиялық принцип (Л.В.Зиндер), туыс жүйелі (А.Б.) –  
морфологиялық (Л.В.Зиндер) принцип болып сәйкеседі.

Түркі жазуларының алғашқы кезеңі емле принципін ай-  
қындалап алу қыындығымен өлшенді десек, бұл міндетті А.Бай-  
тұрсынұлы «туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің  
де түкпіріне қиналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып  
беретін» төмендегі ұсыныстар арқылы шешкен:

1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз онша айтылғандағы  
естілуінше жазылу.
2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.
3. Үйлестікпен дүдемал естілетін болған дыбыстар айқын  
орындардағы естілуінше жазылу.
4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.
5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз – бәрі де  
қосарлық белгімен жазылу.
6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жа-  
ғы – жалғау ережесінше болады.
7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу.
8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу<sup>2</sup>.

Бұл «полагаю, что практически для тюркских народов са-  
мое правильное было бы – комбинация фонетического и эти-  
мологического принципов, комбинация в каждом отдельном  
случае своеобразная и разная, ибо правил общих тут никак  
нельзя дать» деген Л.В. Щербаның сөзімен үндеседі<sup>3</sup>. Және  
бүгінгі емлемізді айқындаған фонематикалық принциппен  
сай келеді.

<sup>1</sup> Щерба Л.В. Теория русского письма. Л.: Наука, 1983. –134 с. 104 б.

<sup>2</sup> Байтұрсынұлы А. Емле туралы // КРБЖФМФАХабарлары. 2000, №3.

<sup>3</sup> Стенogr. отчет научно-орфографической комиссии созданной... 50 б.

Ал 40 ж. бастап фонетика, орфографияға қатысты оқулық, емле сөздіктерінде түркі тілдері орфографиясының негізгі ұстанымы морфологиялық, яғни сөз естілуінше емес, түбір тұлғасы сақталып жазылады деген пікір орнықкан болатын. Түйіндей айтқанда, түркі тілдері емлесінің басты ұстанымы 1924-1929 жж. аралығында фонетико-морфологиялық деп, айқындала бастайды да, 1940ж. бермен қарайғы кирил жазуына ауысқан тұстан морфологиялық принцип болып, орыс орфографиясының ұстанымын қайталайды.

Саяси егемендік алған түркі халықтары 90 жылдардан кеін енді орыс тілінің экспансиясынан кетуді, ұлттық ғылым мен білімді, мәдениетті жаңғыртуды, ұлт білімпаздарының еңбектеріне жүгінуді қолға алады.

Осы орайда қазақ орфографиясының негізгі принципі, морфологиялық емес, фонематикалық екенін алғаш дәйектеген проф. Н. Уәли қазақ емлесінің негізгі ұстанымын белгілі бір фонеманың дыбыс түрленімдері ішінен фонетикалық ортаға негұрлым тәуелсіз түрін жазу болып табылады деп анықтады<sup>1</sup>.

Сөйтіп, әлді позициядағы дыбыс тіркесімдері жазуға біршама сәйкес екендігі, әлсіз позиция әлді позициядағы тұрпатымен тексеріліп, негізгі реңкі айқындалатыны қазіргі қазақ емлесінің бастыәдіс-тәсілдеріне жатады. Бұл әдісті кезінде А. Байтұрсынұлы: «Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. ... Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді. ... емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік<sup>2</sup> деген болатын.

Сөйтіп, түркі тілдері емлесінің басты ұстанымы – фонематикалық болуы керек екендігі осылай анықталады.

<sup>1</sup> Уалиев Н. Қазак графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы. 1993.-162 б. 72 б.

<sup>2</sup> Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. 382 б.

«Хасыл кәләм менің ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу, естілген дыбыстың әрпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху я ғылым сарф жо-лыменен ыспат етілсін»<sup>1</sup> деген тағы А.Байтұрсынұлы. Сондықтан ғалым бірінші әліпбиді жөндеу керек, әліпбі жөн-делмесе емледе ала-құлалық басталады. Ал «әліпбі деген асылына адам ақылы жетпейтін нәрсе емес. Әліпбиде бірден мәдениет түрінің тәбе басына шығарып жіберетін адам білмestей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс»<sup>2</sup> деп санады.

Бұрынғы араб графикасынан қалған жазу емлесі қосым-шалардың барлық түркі халықтарына ортақ бір ғана вариантын (инварианттын) жазып, әр халық өз тілінің ауызша жүйесімен әрқалай оқып жүрсе, ол жергілікті ерекшелігі көп бір тіл ішіндегі әдеби норманың жазылуды сияқты болды. Ендігі жерде әр ұлттың дербес жазу-сызыу болған күнде «туысша» жазу принципін сақтаудың қажеті жоқ екенін сезген А. Байтұрсынұлы: «Түркі халықтары сөз төркінімен емес, халықтың сөйлеу тілімен санасуы керек »<sup>3</sup> деді. Сондықтан «Көптік лар-ды қалған вариантарының орнына жазу, қараймын, сөйлеймін деген соң бараймын болмаса, малдай, малда деген соң малындаі, малында деп, болмаса маллар, нанлар, атлар деп неге жазбаймыз дегенмен бірдей»<sup>4</sup> деп, тіл қа-тынастарын бір денгейде қарастыру керектігін айтады. Ал ғалымның «Сауаты ашылған адам жазылған, я басылған сөзді әрпіне қарап оқымайды, бүтін тұрган сүгретін танып оқиды. Таныс адамды көргенде мынау пәленше, анау түгенше деген сияқты әр сөзді тұрпатына қарап танып айтады»<sup>5</sup> дегенін тілдің таңбалық сипатын жазуға да қолдану керек, ауызша тілдің өзгерістеріне сай жазу емлесін өзгертудің перспекти-васы жоқ деп түсінеміз.

<sup>1</sup> Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. –414 б. 382 б.

<sup>2</sup> Сонда, 400 б.

<sup>3</sup> Сонда, 401 б.

<sup>4</sup> Сонда 418 б. 396 б.

<sup>5</sup> Сонда, 412 б.

Бұл ойлар қазақ ғылымының алғашқы профессоры К.Жұбанов пайымдауларымен үндес. К.Жұбанов «Бізде (яғни түркі тілдерінде) морфологиялық принцип пен фонетикалық принцип арасында флексивті тілдердегідей үлкен айырмашылық болмау керек, бір түбірдің бірнеше формасы болуы мүмкін емес» деп, түбір морфологиялық, қосымша фонетикалық принциппен жазылсын деген ұстанымды айқындаиды<sup>1</sup>. Е.Омаровтың кейінгі қазақ емлесі үшін ұсынған қосымшалардың ортақ формасын жазып, түркі халықтарының жазуларын унификациялап аламыз деген пікіріне абайлап қарau керек екендігін айтқан<sup>2</sup>, емлені тілдің сол кездегі қалпынан ғана шығаруды дұрыс санайды. Яғни қазіргі қазақ жазуының басты ұстанымы нақтылана бастайды.

Қазақ жазуындағы фонетикалық принцип туралы айта кетсек. Жазу алғашында дыбыс түрленімдерінің бәрі көрініс табады деген жалған түсінік тудырды. Бұл өсіресе төл жазуы мен әліпбиі бар немесе жаңа графика негізінде төл әліпбиін жаңадан түзген тілдерде көбірек байқалады. Оған көне түркі жазуындағы дауыссыздардың таңбасын, болмаса 30-40 жылдардағы кавказ тілдерінде жасалған әріп саны 60-қа дейін барған әліпбилерді мысалға келтірсе болады. Тілдегі фонемалардың вариантыны мен вариацияларына да әріп арналған графикадағы фонетикалық принцип көп тілдерде әліпби құрамының шектеулілігінен аса алмады да, емледегі сөз айтылуына жуықтатып, әліпби мүмкіндігін пайдаланып жазатын фонетикалық принцип деген ұғымға тіреледі. «Принцип пен жазу» деген терминдердің осы мағынада жарыса жүретіні де, бір жағынан сондықтан. Сейтіп, кез келген жазудың алғашқы түзілу жылдарында сөз айтылуына жуықтатылып, фонетикалық принциппен жазылады. Бірақ фонетикалық жазу процесі басталғаннан-ақ, емледегі қайшылық та, ала-құлалық та нашар коммуникация да басталады. Өйткені Ж.Пиаже айтқандай, «біз білетін нәрсемізді ғана көреді екенбіз». Сондықтан сөздердің кандай өзгеріс-

<sup>1</sup> Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б. 498 б.

<sup>2</sup> Сонда, 501 б.

термен айтылса да, тұрақты тұрпаты, танымал формасы болу жазу коммуникациясын женілдететіні белгілі болды.

Орыс орфографиясының маманы Р.И. Осипов жалпы жаудың фонетикалық бағыттан фонематикалық бағытқа алмасқаның былай көрсеткен: I кезеңде фонетикалық, дәстүрлі, символды принциптердің араласуы; II – фонетикалық принциптің басымдығы, сондай-ақ дәстүрлі мен символдық принциптердің қолданылуы; III кезең морфологиялық принциптің айқындалуы, сондай-ақ дәстүрлі, символдық принциптің сақталуы; IV – морфологиялық принцип жетекшілігі және дәстүрлі, символды принциптің сақталуы, сондай-ақ фонетикалық принциптің қолданылуы; V – морфологиялық принциптің басымдығы. Дәстүрлі, символдық, фонетикалық принциптің араласуы<sup>1</sup>. Яғни ортақ сурет-таңба түбірлер арқылы жазба коммуникация стандарттары анықталғанда бастайды. Сейтіп, ең бірінші ұғымның негізі, толық мағыналы сез-түбірдің – өзгермей жазылуы тәртіпке түседі.

Қазак жазуындағы фонетикалық принциптің К.Жұбанов зерттеуінде қалай анықталғанын зерделеген Н.Ұәлиев бұл принцип қалай айтылса, солай жазылады деген ультрафонетикалық құбылысты менземейді, фонетикалық принциппен жазады деген тұстар фонеманың позициялық түрленімі емес негізгі реңкі таңбаланады деген фонематикалық принципке сай келеді дегенді айтқан<sup>2</sup>. Яғни түркі тілдерінің барлығында ұстанған фонетикалық принцип мазмұны оындағы еді.

Қазак тілінің ұлттық әліпбі мен графикасы қаланғаннан бастап (төте жазудан) түбір морфологиялық, қосымша фонетикалық принциппен жазылатын болды деп анықталды. Сейтіп, қосымшаның морфологиялық принциппен (инвариант принципімен) жазылатын ережесі демократиялана түсті. Бірақ қосымша фонетикалық принциппен жазылса, көптіктің *лор, дөр төр, ілік септіктің иұң, иұң, дұң, тұң, дұң, жіктіктердің -д-м (бараң, барад)* сияқты тағы басқа түрленімдері де

<sup>1</sup> Осипов Б.И. Основные этапы русского письма // Язык и письмо. Волгоград, 1988-131 с. 4 б.

<sup>2</sup> Ұәлиев Н. Қазак графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері...

неге жазуда белгіленбеді? Бұл Н. Үәлиұлы анықтағандай, позициялық түрленім емес, инвариант қосымшалардың өзі таңбаланған фонематикалық принциптің мысалы ма? 1940 ж. С. Аманжолов тілдегі сингармонизм заңының күштілігінен, біз әлі де фонетикалық жазуға бейім боларымыз анық деген екен (ғалым, әрине, фонематикалық принцип туралы айтып отыр).

Фонетикалықпринцип қазіргі қазақ жазуында:

- а) кейбір жалқы есімдердің жазылуында (*Ботағөз, Аманжелді*)<sup>1</sup>;
- ә) қосымшалардың жазылуында<sup>2</sup>;
  - б) п, к, қ дыбыстарының ұяңдауында;
  - в) кірікken сөздерде;
  - г) орыс тілінен ауызша тіл арқылы игерілген сөздерде<sup>3</sup> жазылады.

1963 ж. емле сөздігінде фонетикалық принциппен түбірі өзгертіліп мынадай сөздер заңдастырылады: *ада-гуде, азгана, айғолек, айғабак, айғай, ақылғой, алагеуім, алагөбе, алагулік, алаганизық, атаңгасар, алдыңғуні, алдыңғы, алмагайып, алтау, жетеу, арагідік, астыңғы, әнеугұні, бейғап, жедегабыл, жаздығуні, жамбас, жоңқа, жегежат, жедегабыл, желгабыз, жоңқа, жыңғыл, келсан, көгал, көгершін, көгілжім, көгіс, күздігүні, қарагаш, қараспан, қолғабыс, қолғап*. Мұнда сынар мағынасының көмексіленуіне сәйкес айтылуынша жазылғандар (*ада-гуде, алагеуім*. т.б.), позициялық алмасу таңбаланғандар да (*айғолек, айғабак*), кірігу процесінің нәтижесі де (*көгершін, жедегабыл*) бар.

Осы бағытпен қазақ орфографиясы сөздігінің 1978 жылғы, 1988 жылғы басылымы фонетикалық принциппен жазылатын сөздерді молайтып, үнемі сынға ұшырап отырған. Қазақ тілшілерінің ішінде де С. Мырзабеков, Б. Қалиев, Ә. Жұнісбек, С.Бизақов, А. Тасымов сынды ғалымдар сөз айтылуына барынша жақын жазылуы керек; жазуда да сингармонизм за-

<sup>1</sup> Қазақ совет энциклопедиясы. VI том, Алматы, 1974. –654 б. 304 б.

<sup>2</sup> Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1963. –575 б. 6 б

<sup>3</sup> Сыздық Р. Емле және тыныс белгілері. Алматы: Рауан, 1996. –288 б. 8 б.

ңы сақталуы тиіс; *kiman*, *қазір*, *қабір*, *қадім*, *дүбәра*, *мұкәм-мал* сөздері бірынғай жінішке, не бірынғай жуан таңбалану керек<sup>1</sup>; түбір мен қосымшадағы, біріккен сөз сыңарларындағы **к**, **қ**, **п**, **с**, **т**, **ж**, **з**, **и** дыбыстарын айтылуына қарай ұяндатып берген орынды (С.Мырзабек) дейді. Тіпті қазақ жазуының әліпби ауыстыру кезеңіне сәйкес емлені де осы фонетикалық ынғайға ауыстыратын кез келді деген пікірлер бар<sup>2</sup>.

Жалпы, бұл бағыттағы ғалымдар жазу ауызша тілдің көшірмесі емес екенін андамай отыр. Жазудың демократиялануы, көпке түсінікті, рационалдылығы деген мәселе жазба тілдің алғашқы кезеңдеріне тән, бірақ жазу қызметі мен коммуникация жасау жүйесі қалыптасып, жазу дәстүрі пайда бола бастағанда оны даму ынғайында өзгерте беру жазу мәдениетімізді танытпайды.

Қазақ емле сөздігінің 2000 ж. төртінші басылымы және 2013 ж. жылғы жаңа басылымы *шегара*, *қыргүйек*, *көгеніс*, *көгем*, *сарауру* сөздерін фонетикалық принциппен жазды. Мұндағы принцип тек бір мақсатты **к/f**, **к/g** ұяндатып жазу бағытын көздеді (ауызша айтылымдағы ерін үндестігі қосалқы денгейдегі заңдылық деп қаралады, мысалы, *қыргүйек*, *көгеніс*, *көгем* емес). Әдетте, сынарлар арасындағы фонетикалық кірігу бір сынардың магына көмексіленуінен туындаитын еді. Мысалы, *алаганизық*, *ада-гүде*, *айғөлек*, *айғай*, *алагеуім*, *алагәбе*, *жегежат*, *еҗегабыл*, *алмагайып*, *жедегабыл* деген сөздердің гөбө, геуім, жег, габыл, гайып сынарлары – бүгінде жеке қолданыста жоқ сөздер. Ал жоғарыдағы көрсетілген сөздер кірігу процесінің мұндай заңдылығына жауап бермейді. Сондықтан жалпы, біздің ойымызша, фонетикалық принцип жазудың алғашқы кезеңіне тән ұстаным болуы тиіс. Ал емле ережелері қалыптасып, жүртшылық оған дағдыланып қалғанда енді жазуды ауызша тілге икемдеп отырудың уәжі бола қоймайды.

<sup>1</sup> Мырзабеков С. Қазақ орфографиясының арнаулы курсы бойынша методикалық нұсқаулар. Алматы: Қаз. Унив. 1991.- 39 б.

<sup>2</sup> Тасымов А. Қазақ тілі емлесінің қалыптасуы хакында // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1993. №10, 11, 12.

Өзбек емлесінде қосымшалар негізінде фонетикалық принциппен жазылады делінеді: *уроққа, қишилоққа; уйга, ійлга, акамга, бизга, юқорига, ёзға, таңтышга; юрдир, урдир, күлдир, ёндир, ёздир, чиздир, үтказдир, ютқаздир; кестир, келтир, юбортири, чоптири; элакка, тұккани, эккунча, йұлаккача, эккан; чопиққа, юмшоққина, чиққан, чиққунча, қишилоққача, чиққин; барғга, педагогга, бугга, сиғгунча, сиғгудек*<sup>1</sup>. Алайда ишга, мактабга, чапга, ошга, боңга, үқишга сияқты сөздер -ка нұсқасымен айтылса да, жазуда -га қосымшасы арқылы жазылады. Үстене -гач, -гунча, -гани, -гудек нұсқаларымен ғана, есімше -ган формасымен ғана, яғни үйлесім заңдылығының жалғанады. Бұл орфограмманы морфологиялық жазу қағидасы деп түсіндіреді. Дәл осы сияқты жазу басқа қосымшаларда көрініс табады: *күпдан, шидан, чапдан, матабдан* сөздері -тан қосымшасымен айтылса да, жазуда -дан жалғауымен жазылады. Сол сияқты *үқитди, әнитди, чопди* сөздерінде -ти айтылғанмен, -ди жалғауы жазылады.

Жалпы, өзбек емлесінде шағатай жазуынан қалған қосымшалардың морфологиялық принциппен жазылуы қазіргі жазба әдеби тілде әлі сақталады<sup>2</sup>.

Ал әзербайжан орфографиясында дәстүрлі-тариҳи принцип басым болды. Өйткені араб тілінен енген сөздерді түпнұсқаға жақындастып жазуға басымдық беріліп еді.

Тариҳи принципті, тілдің тариҳи дамуын басшылыққа алу, әліпбиде тіл тарихында бар дыбыстарды белгілеуді – татар тілі мамандары да қойды. Мысалы, **у, ы, и** сөздің алғашқы буындарында ашық, кейінгі буындарында қысан және екпінсіз айтылуы жазуда таңбаланбағандықтан қындықтар туып отыр дейді ғалымдар<sup>3</sup>. Дұрыс жазылмай отырған сөздерге *егерме* (*иегерме*), *екъ* (*иык*), *еру* (*иыру*) тәрізді сөздер жатады.

Тариҳи (ғ) дыбысы қазіргі татар тіліндегі [w] дыбысына сәйкес, алайда емледе ол в әрпімен таңбаланып кеткен. Соңда мына сөздер қате жазылады: *авыр* (*ауыр*), *авыз* (*ауыз*), *баяыр* (*бауыр*).

<sup>1</sup> Умуркулов Б.Хозирги ўзбек тили. Термиз, 2012. 9-10 бб.

<sup>2</sup> Б.У.Умуркулов Хозирги ўзбек тили. Термиз-2012. 9-10 бб.

<sup>3</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР. М. Наука, 1965. – 85 с. 55 б.

Татар тілінде [қ], [ғ] фонемалары бар. Ол тарихи тұрғыда да, қазіргі татар тілінде де айтылады. Сондықтан жазу аталаған фонемалардың болуын қажет етеді: қазақ-казак, орган-орган, уакыт-вакыт, уәкіл-вәкіл сөздерінің дұрыс жазылғаны алдыңғы сынар болар еді дейді ғалымдар.

Қазіргі татар емлесінде окушылар тарапынан кететін типтік қателер мыналар екен: «1) ә, е хәрефләрен бутау: *тамле, бәрәңге, исәнме, дүшәмбе, сишаңбә, чәршәмбе, яшелчә, белән, пешерәм*; 2) е урынына ә язу: *бүген, кичен, ишер, ишек, жәимеш, түгел, ничек, сигез, песи*; 3) ә урынына э(е) язу: *ничә, кичә, шәк, чишәк, жишиләк, шимбә, үлән, иртән, ишәк*; 4) о-ө хәрефләренен беренче ижектә генә язылғанын белмәү: *болын, колын, борын, соры, солы, орлық, оныт, болыт, төлке, көлке, көзге, бөтен, сөлге, боре, чөгендер*; 5) сүз башында йо-йө күшүлмаларын дөрес язмау: *йорт, йокы, йомшақ, йолдыз, йөз, йөзә, йөри, йөзем, йөзек*; 6) н, ж, һ, х, ч һәм в тартыкларында хата жиберү: *бәрәңге, зәңгәр, жинү, жиңел, яңа, яңғыр; жишлик, жәимеш, жиңің, жәйі, жәлемла, Жәмилә; һәм, һәр, шәһәр, һич, һөнәр, һаман, һүш китү; хат, хезмәт, рөхсәт, рәхәт, рахмәт, халық, яхши; чәй, чәч, чәчәк, чишик, чыришы, чана, чаңғы; авыл, тавык, тавыш, ватык, Вафа, Вәли*<sup>1</sup>. Яғни қателер фонетикалық принциппен жазудың қолайлылығынан шыққан. Қазіргі татар жазуында фонетикалық принцип негізгі болып табылады да, морфологиялық және тарихи-дәстүрлі принцип қосалқы. Сондықтан басқа тілдерде [ж] айтылатын сөздерде татар тілінде кейде [й] қолданылады. Мысалы: *йүрек (жүрек), йолдыз, йомшақ, йолку*. Сонымен қатар [ж] әрпі де қолданылады: *жеп (жіп), жылы, жәра*. Бұл татар тіліндегі бұлгарлық және қыпшақтық ерекшеліктерді және орталық пен батыс диалектісінің әдеби тілде қатар көрініс табуын көрсетеді.

Осыған байланысты К. Мусаев түркі тілдеріндегі дыбыс алмасуларды бір әріппен таңбалauға болады<sup>2</sup>, өйткені олар

<sup>1</sup> <http://tatar.com.ru/orfo.php>.

<sup>2</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР. М. Наука, 1965. – 85 с. 21 б.

сөз мағынасын айырмайды, фонемалық қызмет атқармайды (*баш/бас. уш/уч*) деген.

Ғалым емледегі тарихи және морфологиялық принципті *өй-өе, жәй-жәя, бай-баеды, баю – байу* деген сияқты орфограммалар бұздады деп, яшь, юқа, *аерым* сөздерін *йәши, йүкә, айырым* түрінде жазуды<sup>1</sup> ұсынған.

Ал түрік емлесінің кеңес түріктерінің емлесінен айтартықтай өзгешелігі бар. Алдымен түрік емлесі – барлық түркі тілдері сияқты 20 ғ. 20 жылдарында басшылыққа алған фонетикалық принципті дәстүрге айналдырган жазу. Түрік емлесінде *kaynana, kaynata, nasıl, niçin, pasatesi, sütlaç* сияқты біраз сөздер айтылуына қарай таңбаланады. Түрік тілінде фонетикалық принцип қосымшалардың ғана емес, шылаулар мен көмекші сөздердің жазылуында да ұсталады. Мысалы, *ile* көмекші сөзі негізгі сөзбен кірігіп жазылады: *oltayla (olta ile), nesneyle (nesne ile), kapıyla (kapı ile), bekçiyle (bekçi ile), boruyla (boru ile), süngüyle (süngü ile); kitabıyla (kitabı ile), babasıyla (babası ile), konusuyla (konusu ile), gözüyle (gözü ile), sürüsüyle (sürüsü ile)* және *kitapla (kitap ile), kardeşle (kardeş ile), başla (baş ile), odumla (odun ile), tütünle (tütün ile), üzümle (üzüm ile)*

імек көмекші етістігі де кірігіп жазылады: *alılmış (alır mı), solgundu (solgun idi), akarsa (akar ise), yapraklaşmış (yaprak imiş), atmışsa (atmiş ise), çocukmuş (çocuk imiş)* және *bakıcıydı (bakıcı idi), sonraymış (sonra imiş), yalancıymış (yalancı imiş), ağaçlıymış (ağaççı imiş), oduncuydu (oduncu idi), birinciymiş (birinci imiş)*<sup>2</sup>.

Морфологиялық принцип қосымшалардың бір вариантта жазылуын талап етеді. Ендеше түркі тілдерінің ішінде морфологиялық принциппен жазатын башқұрт жазуы: [құннер] деп айтады, *құннер* деп жазады.

Корыта айтқанда, түркі жазуларында жеке сөздерге – фонематикалық, тубір мен қосымша және шылау аралығына – фонетикалық принцип, сөз тіркестерінің емлесіне – морфологиялық және фонематикалық принцип қолданылады.

<sup>1</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков..., 57 б.

<sup>2</sup> Akdoğan Yaşar. Türk dili ve yazılı-sözlü anlatım bilgisi. İstanbul, S 15.

Жазу категорияларының ішінде әліпби мен графика жана әліпби қабылдаған кезеңде уәжді шешіліп алған жағдайдаған, жазу реформасы, емле проблемасы шыға бермейді. Түркі жазуларының барлығына ортақ орфография проблемалары:

- а) бірге және бөлек жазылатын сөздердің емлесі;
- ә) бас әріп емлесі;
- б) ә әрпінің 2-3 буында жазылуы;
- в) қысан өзуліктердің орфограммасы болып табылады.

### **4.3. Түркі орфографиясындағы бірге/болек жазу мәселесі**

Түркі тілдерінің орфографиясында әлі күнге дейін шешілмеген ең өзекті мәселе – ол сөздердің бөлек, бірге және дефиспен жазылуы болып табылады. Оның себебі бірге, бөлек жазу – дыбысталған сөзді әріп тізбегіне кодтайтын жоғарыдағы емледен мұлде басқа, лексикалық бүтінге ұғымдық бүтіндік немесе ұғымдық бөлшек сәйкеспейтін тіл тұтынуышы санасымен байланысты айрықша жазу тәртібі. Сонымен қоса бірге, бөлек жазу – лексикадағы, оның ары жағында семантикадағы семалық процестерді мағыналық жылжу, аусу, кенею, тарылуды, лексикалық валенттілікті көрсететін, мазмұн межеде болатын өте баяу процестерді бейнелейтін түрпат меже. «При соединении значений целое оказывается не просто больше суммы его частей, а порой качественно чем-то иным. Или во всяком случае не равно ему (кстати это одна из особенностей человеческого восприятия, работы нашего мозга по опознанию образов)»<sup>1</sup>. Міне, осындай себептер негізінен қай тілдің жазуында да бірге, бөлек жазу проблемасы бар.

Ауызша тіл үздіксіз, күнделікті сөйленісте жазба тілдегі үтір, нүктелі үтір, нүктеге дейінгі лексикалық бірлік бір деммен, бір интонемамен айтыла береді. Біз екі тілді де менгергендейтін, ауызша тілдің үздіксіздігін аңғармаймыз да. Ал

<sup>1</sup> Макаев Э.А. Язык древнейших рунических надписей. М., 2002. –156 с.

ежелгі жазба мәтіннің сөзге, тіпті сөйлемге емес, мағыналық бөліктерге ғана бөлінгеніне, көне түркі жазуының тұтас жазылып, ара-арасына ғана таңбалар салынғанына қарасақ, алғашқы жазуда мағыналық бірліктердің тұтаса жазылғанын көреміз. Жазба коммуникация жетекшілік сипат алған сайын, жазуды женілдету ең алдымен сөз бірліктердің арасын ажыратада беруде көрінді. Бұл көздің ерекшеленіп тұрган мағыналы бөлшектердің тұтас қарман көруіне және бөлшектердің тұтастықтарды аттап оқуына ыңғайлы болды. Сөйтіп, мәтінге босаралық салу мағынаға назар аударуды талап етті. Мағына дегендеге толық мағыналы сөз де, жалғаулардың грамматикалық мағынасы да есепке алынды. Мысалға араб жазуын тұтынған түркі тілдері емлесі аффикстердің бөлек берілүмен ерекшеленген. Кезінде 1929ж. емле конференциясында Т.Шонанұлы: «Бүкіл түркі халықтарының жазуында біріккен сөз емлесі қындық тудырып отыр. Оған түбір мен қосымшаны да бір-бірінен ажыратып берген араб жазуы кінәлі. Ендігі жерде тірі, өлі қосымшалардың бәрін бірге жазуымыз керек»<sup>1</sup> деген.

Араб жазулы мәтіндер, жалпы алғанда, босаралықпен жазу бағытын ұстанды. Ол, бір жағынан, орфографияға байланысты емес, тілдің даму бағыты, сөзжасам тәсілі, сөздік құрамның баю жолдарына да байланысты. Мысалы, тілдің коммуникативтік қызметі артып, стильдік тармақтары жетілсе, адам санасына бейнеленген заттар мен құбылыстар, ұғымдар тасқыны толастамай сөзжасам тәсілдерінің барлық потенциалды мүмкіндіктері ашылса, лексика-семантикалық, синтетикалық сөзжасам тәсілдеріне қарағанда аналитикалық тәсіл алдыңғы орынға шығатыны белгілі. Сондықтан да бірге, бөлек жазу қындығы көне түркі жазуы емес, араб жазуы емес, әсіреле ғылыми-техникалық прогресс нәтижелері мен идеологиялық төнкерістер тасқынының заманында – Х ғасыр ішінде шықты.

Сөздердің бөлек жазылуын қазақ орфографиясында алғаш дәйектеген проф. Р.Сызық болса, түркі жазуларының ішін-

<sup>1</sup> 1929 ж. 2-4/VI емле-ғылыми конференцияның стенографиялық есебі. Қызылорда, 1930. – 134 б.

де алғаш рет біріккен сөздердің формалды белгілерін екшеген, бірге жазылудың уәжін коннотат-денотат теориясына негізделген – профессор Н.Уәлиұлы<sup>1</sup>.

Жалпы түркі тілдерінде сөздердің бірге, бөлек таңбалалу киындығының бірнеше себебі бар. Оның бірі – сөздердің сөз тіркесі мен құрама сөз, құрделі сөз және біріккен сөз «аралық деңгейінде» ұзак жүруі; екінші – бірге, бөлек таңбалауды мағыналық белгілерге қарап анықтау. Үшінші, әр сөз табының әртүрлі принциппен жазылуына қатысты. Мысалы, орыс тілінде сын есім семантикалық принципке, құрделі зат есім формалды принципке сүйенген<sup>2</sup>. Формалды принципке сүйенетін орфограммалар көбіне емледегі бірізділікті ұстайды. Сондықтан бүгінде тіл-тілдің қайсысында да осы принципті жетілдіруге күш салынып келеді. «Теоретической и практической точки зрения более целесообразным представляется ставить написание сложных слов в зависимость только от формально-грамматического принципа»<sup>3</sup>. Жалпы орыс тіл білімінде 60-70 жж. бұл проблемага қатысты жарық көрген мақалалардың саны мен көтерген мәселелері түркі тілдеріне үлгі боларлық. Мысалы, Н.А. Еськованың «О некоторых «каверзах» дефиса», Г.И.Миськович, Л.К. Чельцованаң «К вопросу об орографии новых слов»; «К вопросу о правописании сложных прилагательных», Е.И. Голанованаң «Слитное и дефисное написание препозитивных морфем в современном русском языке», Г.П. Бондарчук, А.М. Комковтың «Об упорядочении правописания географических названий», Б.А.Старостинның «Некоторые тенденции и перспективы в передаче и орографии заимствемых собственных имён» т.б.

Араб жазуы кезінде А.Байтұрсынұлы бірынғай жуан не жінішке айттылған, бір зат не ұғым атауын бірге жазуды, ал үндесім заңына бағынбайтын сөздердің бір зат атауы болға-

<sup>1</sup> Уәлиев Н. Казак графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері.... 120 б.

<sup>2</sup> Букчина Б.З., Калакуцкая Л.П. Лингвистические основания орфографического оформления сложных слов // Нерешенные вопросы русского правописания М:Наука, 1974. -- 303 с. 7 б.

<sup>3</sup> Сонда, 12 б.

нына қарамастан дефис арқылы жазуды ұсынған еді<sup>1</sup>. Бұл емлеке біраз жеңілдік әкелген еді. Кейін 1929 жылы латын жазуына көшкенде Е.Омаров, Қ.Кеменгерұлы т.б. сөздерді бірге жазуды қалыптастыра бастады. Орыс жазуына да көшкенде 1941 жылғы алғашқы емле сөздігінде біріккен сөздердің қатары көп болды<sup>2</sup>. Бүгінгі орфографияда бөлек таңбаланып келе жатқан сөздер бірге жазылды. Бірақ 1953 жылы алғашқы қазақ орфографиясының негізгі емле ережелері қабылданған тұстан бастап және 1963 жылы жарық көрген тоłyқ орфографиялық сөздіктен бері сөздерді бөлек жазу үрдісі күшейді. БАҚ-та бірге таңбаланып жүрген сөздер сыйна алынды.

Алайда емле сөздігінің келесі басылымдарда бірге жазылатын сөздер көбейе берді. Олар мынадай әдістермен бірікті. Қазақ тілінде осы кезге дейін формалды белгі арқылы сөздердің бөлек/бірге жазылуын анықтайдын әдіс болмаған еді. Оны ұсынған проф. Н.Уәлидің кеңесімен біріктіретін әдісті ұластыруыштар мен құрастыруыштар деген екі топка жіктеген едік<sup>3</sup>. Сонда қазак жазуында мына жұрнақтар ұластыруыштар болып табылады: **лық, -қыш, -ар, -қы, -лар, -лы**. Яғни осы жұрнақтармен келген сөздерді жазарман автоматты түрде бірге жаза алады. Ал **хана** (40), **ара** (21), **аралық** (19), **басы** (10), **құмар** (33), **тану** (23) және **хат** (14), **қап** (17), **белгі**, **гүл** (41), **бау** (19), **шөп** (68), **акы** (15), **жай** (17), **жегі** (19), **тікен** (17), **жапырақ** (25), **тамыр** (13) сөздері қазақ емлесінде құрастыруыштар болып табылады. Сөйтіп, бүгінде біздер осы сынарлармен келген сөздерді автоматты түрде бірге жаза аламыз. Ендеше қазақ орфографиясы емледе кол жеткізген осы негіздерді өзге түркі тілдеріне ұсына алады. Ал шешімін таба қоймаған басқа қындықтарды шешуде туыстас түркі тілдерінің емлесіне қол созуға бармыз. Сонда біз туыс халықтар мәдениетіндегі жазба коммуникацияның бірегейленуіне осы ғасырда кол жеткіземіз.

<sup>1</sup> Уәлиев Н. Қазак графикасы мен орфографиясының ....

<sup>2</sup> Құдеринова Қ. Қазак жазуының теориялық....

<sup>3</sup> Құдеринова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. Алматы, 2005. -146 б.

А.Байтұрсынұлы бірге, бөлек жазу проблемасын графикалық тұрғыдан шешті. 1929-1938 ж. латын жазуы сыңарлары кірікken сөзді фонетикалық принциппен жазды да, сөйлеуші санасында бір ұғым болып табылатын, сыңарлары кірікпеген сөзді бірге жазуды ұсынды. Логикалық жағынан дұрыс болғанмен, сөйлеуші санасындағы ұғымдың бірлік тілдік бірлікке барлық уақытта сәйкесе бермейді. Бір ұғымды білдіретін тіркесті атауларды жаппай біріктіруге тілдік бірліктердің грамматикалық мүмкіндіктері жете бермеді. Оның үстіне фразеологиялық, идиомалық тіркестердің негізгі сипаты – компоненттерінің бөлек таңбаланатыны тұрақталды.

Түркі тілдерінің қай-қайсысында сөздерді бөлек таңбалау 70-жылдардан бермен қарай қатаң нормага айнала бастанды. Тәжірибеде бірге таңбаланып жүрген құрама сөздер сынға алынып, жазу мәдениетінің төмендігі ретінде көрсетілді. Терминдер мен бұрыннан бірге жазылуы қалыптанған атау сөздер болмаса, әсіресе изафеттік тіркестердің, анықталатын анықтайтын қатынастағы тіркестердің бөлек жазылуы қатаң норма болды. Бірақ әсіресе қазақ емле сөздігінін әр басылымына жасалған ішінара өзгерістер, емле ережесіне енгізілген түзетулер, негізінен, бұрын босаралықпен жазылған сөздерді біріктіру есебінен жүрді.

Орфографиялық сөздіктің 2000 жылғы басылымы проф. Р.Сыздықтың ұсынуымен біріккен сөз қатарын молайтты. Аффиксоид деңгейіне жете алмаған стандарт құрастыруыштермен бірге стандарт префикссоидтар да екшелді. Мысалы: *ақ, қара, қой, көк, төс, туғе* т.б. сияқты алдыңғы сыңардың қайталануы арқылы жасалған ан, құс, өсімдік атаулары бірге жазылды. Бұл орфограмманы жүргіштылық теріс көрген жоқ, керісінше, *ақ аю, қоңыр аю* сияқты зоологиялық атауларды да осы қатарға қосуды ұсынды. Проф. Б.Қалиев 70 ж. А.Жиенбаеваның бинарлы атау теориясына сүйеніп, тұр атуының бөлек жазылғанын дұрыс деді<sup>1</sup>. Егер мұндай уәжге негіздесек, онда *көкжұтан, көлбака* сөздерін бөлек таңбалауға тиістіміз. Сондықтан, Н.Уәлиұлының пікірінше, сөздер-

<sup>1</sup> Калиұлы Б. Казақ тілі орфографиялық сөздігінің соңғы басылымы жайында // Тілтаным, 2003.

дің, әсіресе термин сөздердің орфограммасы ғылыми-терминдік мағынаға емес, жалпы лексикалық мағынаға табан тіреуі керек. Жиі қолданылатын бір денотаттың атавы бірге жазылуы тиіс.

Емле сөздігінің 2000 ж. басылымы бойынша қазақ тіліндең біріккен сөздердің мынадай типтері бар: **-лық**, **-ыш**, **-ар**, **-қы**, **-лар** ұластыруыштары арқылы біріккендер; **хана** (40), **ара** (21), **аралық** (19), **басы** (10), **құмар** (33), **тану** (23) аффиксоид құрастыруыштар арқылы біріккендер (жақша ішіне біріккен сөз саны алынған); **хат** (14), **қап** (17), **белгі**, **гүл** (41), **бау** (19), **шөп** (68), **акы** (15), **жай** (17), **жегі** (19), **тікен** (17), **жапырақ** (25), **тамыр** (13) арқылы біріккен сөздер. Бұлар емле сөздіктерінде көрсетіліп келеді. Сондай-ақ біздің авторлығымызben 2005 жылы жарық көрген «Бірге және белек жазылатын сөздердің орфографиясы» деген атты монографиямызда негізделген. Ортақ денотативтері және формалды белгісі бар біріккен сөздерден басқа бір көлемді топ сынар мағынасындағы семалардың өзгерісі арқылы біріккен сөздер бар екені белгілі.

Жоғарыдағы ұластыруыштар құрделі сөз сынарларының бірге таңбалануынан хабар (сигнал) беруі тиіс. Тілімізде мұндағы сыртқы белгілері жоқ бірге жазылатын сөздер бар. Бірақ екі сынары да зат есімнен тұратын, алдыңғысы анықтайтын, соңғысы анықталатын осындай құрама сөздердің жазылуы үлкен қындық тудырады. *Ат қора, агаи соқа, мойын омыртқа, азу тіс, агаи аяқ, агаи төсек* сияқты сөздер «ат тұратын қора», «агаштан жасалған соқа», «мойынның омыртқасы», «азудағы тіс», «агаштан жасалған аяқ» деген ұғымдық «теркініне» оңай ажырайтындықтан, танықтықтан гөрі (С.Мырзабектің термині) анықтық қатынасты «ұнататын» қазақ жазуында белек таңбаланып келді. Осы мәселеге байланысты алдыңғы зерттеуімізде қазақ тілі емлесіндегі үлкен қындық – құрамы экстраграфикалық мәнділікпен  $D_2D_1$ ,  $D_1D_1$ ,  $K_1D_1$  қатынастағы құрама сөздер екені айтылды<sup>1</sup>. Өйткені соңғы сынары экстраграфикалық мәнділік-

<sup>1</sup> Күдеринова К. Бірге және белек жазылатын сөздердің орфографиясы. Алматы, 2005.-146 б.; К.Күдеринова Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы, 2010.- 269 б.

пен  $D_1$  қатынаста болатын сөздер негізінен бөлек жазылатын еді. Алайда емле сөздігінің 2000ж. басылымында *атбұрақ, аюбадам, бақоға, басқиім, белагаш, бозшымшақ, таусарымсақ, шұбаркөбелек, ақшагала, арамишитыр, іссапар* тәрізді  $D_2D_1$ ,  $D_1D_1$  қатынастағы сөздердің бірге жазылуы заңдастырылған. Оның басты себебі бір денотативтің тілдің тұтас таңбасы бола алудың болды. *Теміржол, басқиім, асүй, сиясауыт, куретамыр, іницијім, сұржылан, сиыржоңышқа, өгізөлең* және т.с.с. біріккен сөз синтаксистік тұрғыда қандай жол, қандай жоңышқа? деген сұраққа нақты жауап беріп тұрса да, таным тұрғысынан бұл сұрақты қажетсінбейді: тілді тұтынушы санаудың тұтас бейненің тұтас таңбасы қалыптасқан. Осыған байланысты проф. Р.Сыздықтың емле сөздігіне енгізген өсімдік, аң-құс атауына қатысты түзетуін қазақ жазуы тарихындағы осы процесті көрсеткен ілгері жылжу деп бағалаймыз<sup>1</sup>.

Жазу тарихының кезеңдеріне көз жүгіртсек, қазақ орфографиясы басқа түркі тілдеріне қарағанда сөздерді бірге, бөлек таңбалауда алғашқы ұстанымдарына оралуды ерте бастаған тіл. Мысалы, алғашқы емле сөздігі бірге жазылатын сөздердің көптігімен ерекшеленді (1941, 1948). Кейін фразеологиялық тіркестер мен изафеттік тіркестер бөлек жазылуы тиіс деген ұстаныммен бөлек жазылатын сөз қатары молайды (1963). Келесі кодификациялау сатысында біріккен сөз сөз қатары тағы тарыла түсті (1978). Осы арада жазба тіл теориясы (ереже, емле сөздігі) мен практикасы (окулық, баспасөз) арасында қайшылық туып, қазақ емлесінің үлкен бір қындығы деп сөздердің бірге, бөлек жазылуы аталды. Сөйтіп, емле сөздігінің соңғы басылымдарында (1988, 2000) алдыңғы кодификациялауда жіберілген «қателіктердің» орнын толтыру бағытында жұмыс жүргізілді. Қ.Күдеринованаң кандидаттық диссертациясы, негізінен, 1988, 2000 ж. емле сөздігінде кодификацияланған бірге және бөлек жазылатын сөздердің типтері мен өзіндік белгілерін, сөзайналым процесіндегі біріккен сөз орнын айқындауды мақсат етті<sup>2</sup>. Енді сон-

<sup>1</sup> Сыздық Р. Қазак тілі аныктагышы Астана, 2000

<sup>2</sup> Күдеринова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. Алматы, 2005.—146 б.

дағы сараланған белгілерді басшылыққа ала отырып, сыңарлары  $D_2D_1$ ,  $D_1D_1$  қатынастағы құрама сөздердің жазылуына қатысты мынаны айтқымыз келеді.

Жалпы түркі тілдерінің жазуында, түркітануда сөздерді бірге таңбалаудан, бірге жазып қоюдан «қашатын», «корқатын», «мәдениетсіздікке санайтын» көзқарас бар. Ол неден, қайдан басталды және бірге жазу неге сауатсыздық болып табылуы тиіс деген сауал ойландырады.

Біздің ойымызша, ол ең алдымен түркі тілдерінің жалғамалық сипатына байланысты сияқты. Лексикалық бірліктің 4-5 буыннан, 10-13 әріптен аспауы көздің оқу қабілеті мен қолдың жазу техникасына сай болып көрінеді, көздің сөзді тұтас «суретке түсіріп» алып, санаға сигнал жібергенде лексема мазмұны оңай қабылданады. Сондықтан, мысалы, құрама сөздің сыңары бір буынды болса, ол бір деммен айтылып, бірге жазылуға бейім болды. Алайда, көбіне, дәл сол сыңар орнына 3-4 буынды басқа сыңары бар біріккен сөз болса, ол бөлек жазылғандықтан алдыңғысы да бөлек таңбалану керек делінді. Екінші, түркі тілдеріне тән изафеттік тіркестер бөлек таңбалану керек деген қағида болды. Ол изафеттің I, II түрінен III-түрінің дамитының және айырмашылығын көрсету үшін қажет болды. Осылан орай, өсімдік, ан, құс бинарлы атауларының туыс аты ортақ денотатив, түр аты ерекше бір белгіні көрсететін сигнификатив болып келді де, атаулардың айырмашылғын көрсету үшін тірек компонент өрісіне байладап, атауды бөлек таңбалау тиімді көрінді. Осы негізде бөлек жазу, өсімдік ан-құс атауларына ғана байланысты емес, материалды мәдениет лексикасының бәріне қатысты. Сөйтіп, денотативті ортақ (тірек) компонент өзін анықтайтын сыңардан бөлек таңбалауды қажет етті. Үшінші, жалпы тіл білімінде тұрақты тіркестер ажыратылып таңбаланады деген қағида болды. Ол коннотатив мағыналы сөздердің экспрессивтік қызметін күшешту үшін қолданылған еді және ауыспалы мағыналы сөз денотатив мағыналы сөзге қосымша, поэтикалық, эмоциялық мән-мағына үстеп тұру үшін ғана пайда болды. Коннотатив мағынадан ғана тұратын

зат, не ұғым атауы болмайды деген көзқарас басым еді. Мысалы, *ам салысты, ақ көңіл* т.б. фразеологизмдерінің тұра мәғыналы вариантыны жоқ. Ендеше бұлар неге жеке сөздік бірлік бола алмайды? Осы орайда қазақ тіліндегі лексикалық бірліктерді лексикографиялаудың принциптерін көрсеткен еңбегінде М.Малбақовтың өзге тілдерде (түрік, ағылшын тілдеріндегі) бөлек жазылатын атаулық тіркестердің сөздік реестріне алынатынын және қазақ тілінде де бөлек жазылатын күрделі сөздердің жеке сөздік мақалаға ие болу уақыты жеткендігін айтуды, сондай-ақ күрделі етістіктердің, құранды, аналитикалық формантты етістіктердің сөздік реестріне алынуы туралы пікірі өте орынды деп ойлаймыз<sup>1</sup>.

Оның үстіне тілдің шығуы алдымен эмоцияны, әсерленуді таңбалумен байланысты. Онда коннотатив сөз тілде бар денотатив сөздің реңкін ашу үшін ғана қызмет етеді деген ұғым ескірген болып шығады. Төртінші, түркі тілдеріндегі біріккен сөздер орыс тіліндегі жазылуына қарап анықталды. Мысалы, орыс тілінде *головной убор* бөлек жазылғандықтан қазақ тілінде де *бас киім* бөлек таңбаланды. Бесінші, кейбір құрама сөздерді біріктіргенде сөз құрамы танылмай, буынға бөліну өзгеріп кететін болды. Мысалы, *ақ аю, ақ от* сияқты сөздер біріккен сөздің барлық белгілеріне ие болып тұрса да, *ақаю, ақот* деп жазуға келмеді. Міне, осындай себептер түркі тілдеріндегі біріккен сөз қатарын шектеп отырды. Дегенмен, түркі тілдерінің әсіресе қазақ тілінің емле сөздіктерінде әлі де болса бірге таңбалануға «сұранып» тұрған сөз қатары бар дейміз.

Алдымен сынарлары  $D_2D_1$  не  $D_1D_1$  қатынастағы бір зат не құбылыстың атауы болатын моделге мына топ жатады: *агашсоқа, агашикүрек, киізүй, жеруй, агаштабақ, агаштөсек, агашиүй, азутіс, ақаю, ақжаталақ, ақот* т.с.с.

Жалпы, сөздің бөлек, бірге таңбалануын тілдік бірліктің құрылымдық (статикалық) калпы мен жұмсалымдық (динамикалық) орнын қарастыру керек сияқты. Орфографиялық сөздік

<sup>1</sup> Малбаков М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. Алматы: «Ғылым», 2002.– 368 б. 171-173 бб.

реестрі мен ұясында қамтылған бірліктер жалаң единица ретінде өзін-өзі анықтау үшін бөлек таңбалалуды қажетсінеді. Ол, әсіресе бір денотатқа байлаулы шектеулі тіркестердің орфограммасын кодификациялағанда айқын көрінеді. Мысалы, *азу тіс*, *курек тіс*, *бет сүйек*, *бас сүйек*, *жас сүйек* деген статикалық сипаттағы бірліктер бөлек таңбалану арқылы өзара ерекшеліктері бар «тіс», «сүйек» айырмашылықтарын көрсетеді. Ал аталған тіркестер сөйлем ішінде, динамикада жұмсалғанда тұтас тілдік таңба ретінде жұмсалады. Міне, сондықтан емле сөздігі бөлек нормалаган сөздер көбіне жұмсалымдық қызметте таңбасы өзгеріп (бірге жазылып), кайшылық туады. Н.Уәлиұлы тілдік, орфографиялық дискреттілікті функционалды дискреттілікке салып, шастастырып келдік пе деген ой айтады<sup>1</sup>. Мысалы, *иіс сабын* сөзінің лингвистикалық түрғыдан анықтағыш-анықталғыш қатынаста тұруын емледе де сынарларының жеке таңбалануын қажетсінеді д.с. Бірақ тілдік дискреттілік пен жұмсалымдағы сөздің дискреттілігі сәйкес келмейді.

Қазақ тілінде бір денотатқа байлаулы тіркес саны ұшеуден көп болса, бөлек жазу бағыты қүшейіп отырған. Мысалы, *бет сүйек*, *жас сүйек*, *бас сүйек*, *жасамбас сүйек*; *ат қора*, *сиыр қора*, *қой қора*, *бұзау қора*, *түйе қора т.б.* Ал тірек сөзі ортақ құрама сөздер аз болса, біріктіріліп жазылған. Біздің ойымызша, бір денотаттың атауы болатын, «аталым дәрежесіне жеткен», «сөзжасам процесіне араласатын»<sup>2</sup> тілдік санада тұтас бейнеленген, синтагмалық контексте емес, парадигмалық жүйеде дайын тұратын құрама сөздер бірге жазылуы тиіс. Б.Қасым бүгінгі қазақ тіл білімінің міндеті құрделі сөздің номинациялық негізін анықтап, осы топтың сөздік дәрежеге жеткенін белгілеу болу тиіс деген. Ол үшін формалды жақтан бөлек таңбаланып жүрген құрделі сөздерді біріктіріп жазу қажеттілігін айтады автор. Зерттеушінің 6 мынға жуық құрделі зат есімдерді қамтыған

<sup>1</sup> Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Алматы, 2007. Ф.ғ.д. ғылыми дәр. алу үшін жаз. дисс. колж.

<sup>2</sup> Қасым Б. Құрделі зат есімдер сөздігі. Алматы, 1999. – 110 б.

сөздігінде біріккен сөздің үлес салмағы да сондықтан жоғары<sup>1</sup>.

Жазу тәжірибесінде ұғымдық тұтастыққа жетпеген, тілдік сана тұтас бірлік ретінде танымайтын сөздерді де бірге жазып қою кездеседі. Функционалды өрісте универбтелу күшінеді, босаралық азайып, құранды тіркестер біріктіріледі. 1941 ж., 1948 ж. емле сөздіктеріне қарағанда 1963 ж. емле сөздігі сөздердің бірігуіне шек қойды. Біріккен сөздің негізгі белгісі етіп, сынарларының мағына көмекіленуін, бір сынарының мағына көмекіленуін және сынарлары арасында анықталғыш-анықтағыш қатынастың болмауын алғанмен жазу тәжірибесінде сөздердің бірге жазылу бағыты бұрынғыдан да күшіне берді.

Л.В. Щерба тіл мен сөйлеудің негізгі бірлігі ретінде сөзді: «Словам мы назовем часть предложения, которую мы можем не изменяя значения, употребить самостоятельно, т.е. в виде отдельного предложения»<sup>2</sup> деп анықтай отырып, *белый платок* екі сөз, *белый медведь*, *железная дорога*, *обицая тетрадь* – бір сөз деген. Себебі, ғалымның ойынша, синтагма дайын күйде болмайды, мәтінді құрастыруда, ойда ұйымдасады. Ал сөз тіркесі – дайын материал, потенциалды сөз, тіпті сөз деді. Ғалым олардың екі типін көрсеткен: I) семантикалық толық сөздер – *белый медведь*, *белая мука*, II) біріншісі толық мағыналы, екіншісі «формалды» сөзден тұрады: *бить в толстовке, делать уборку*<sup>3</sup>.

Фразеология теориясы бойынша қазак жазуында бөлек жазылуға тиісті идиома, тұракты тіркестер сөздіктің әр басылымы сайын бірге таңбалану бағытын күшейтіп келді. Атап айтқанда, *аїдала*, *ақжолтай*, *аққұла*, *ақсақал*, *ақсарабас*, *ақсаусақ*, *ақсүйек*, *ақтаяқ*, *ақырзаман*, *арамтамақ*, *асанқайғы*, *асқазан*, *атамекен*, *атамұра*, *атжал*, *атжалдану*, *атқөпір*, *атұсті*, *ауызекі*, *аяқжасақсы*, *әлімжеттік*, *әңгіртаяқ*, *әнербақан*, *баққундес*, *бақталаас*,

<sup>1</sup> Қасым Б. Құрделі зат есімдер сөздігі. Алматы, 1999. – 110 б.

<sup>2</sup> Зиндер Л.Р., Маслов Ю.С. Л.В.Щерба – лингвист, теоретик и педагог. Л.: Наука, 1982. – 103 с. 22 б.

<sup>3</sup> Сонда, 30 б.

балабақша, балқаймақ, балсыра, басараздық, басарқа, бассаулық, басбілгі, баукесте, бойжеткен т.б. көптеген нормалар белгілі бір зат не ұғым атауына біріншілік атау болып та (айдала, ақсақал, ақсаусақ, ақсүйек, ақырзаман, арамтамақ, атқөпір), екіншілік атау болып та (баукесте, бойжеткен, атусті, әлімжеттік, құлантаза, қанішер), сөзжасам процесіне араласып та (көрбілтелену, көрбалалық, көксоқталану, көзжұмбағылыш, кеудемсоқтану, кеудемсоқтық, кертартпалық, кеңпейілді, кеңпейілділік, кішіпейілділік, жалтақиешейлік, қызықанды, қызықандылық) бірге жазыла бастады. Сөз бірліктердің метафоралану процесі арқылы көбейеттінін әнұран, елбасы, елтаңба сөздерінен-ақ көруге болады. Енде-ше атаудың фраза, идиома негізінде шығуынан, тілдегі атау болуға сұранып тұрған тұракты тіркестерді біріктіріп, сөздік бірлік етуден «қашудың» реті жоқ деп ойлаймыз.

Енді сөздердің кірігу процесіне назар аударсак. Қазақ емле сөздігінің әр басылымы мұндай позицияда кіріккен сөздердің катарын көбейтіп отыруды: алагөбе/алакөбе, ұлангайыр/ұланқайыр, қым-ғұыт/қым-құыт, көк ет/көгет, кіші гірім/кіші кірім, құлағдар/құлақдар, жедеқабыл/әкедегабыл, ежегабыл/ежеқабыл, арагідік/аракідік, атыл-құпыл/атыл-ғұпыл, қиян-кескі/қиян-гескі, көл-көсір/көл-ғөсір, алаганишық/алақанишық, алажеуім/алакеуім, арагідік/аракідік, бейқам/бейгам, байғұс/байқұс, жегжат/жекжат, миғұла/миқұла, сайгулік/сайкүлік, сарғідір/саркідір, ергашты/ерқашты, сол ғұрлым/сол құртыйм, не ғұрлым/не құртыйм, байғұтан/байқұтан, қолғап/қолқап, қолғанат/қолқанат, алагұс (әүмесер)/алақұс, алагушік (жасу қолына түскен жесір)/алакүшік, алагөбе/алакөбе, алакүлік/алагүлік, айғабак/айқабақ, айғұлақ/айқұлақ, атагұрлым/анақұрлым, әнеугүні/әнеукүні, байғазы/байқазы, байғұс/байқұс, байғұтан/байқұтан, байғыз/байқыз, бозғалдақ/бозқалдақ, бозғонақ/бозғонақ, алауыз, саржигал, атаяқ т.б. Біріккен сөз сыңарларының дыбыстық контоминацияға түсуі – әсіресе, мағынасы көмексілінген сыңарларды қамтиды. Бұл процестің уәжі бар еді деп ойлаймыз. Ал екі сыңарының да мағынасы айқын және

кіріктірілмей жазылуы жазба дәстүрге еніп қалған біріккен сөздерді, мысалы, *қеконіс*, *қекет*, *қыркуйек*, *алааяқ* сөздерін кіріктіріп жазу *козшалым*, жазба тіл арқылы *түбіртаним* процесіне кедергі келтіреді. Сөздің жазба түрпаты сөз мағынасынан, түбір этимологиясынан хабар беруі керек деп ойлаймыз.

Енді осы негізде өзге түркі тілдеріне назар аударсақ. Кеңес дәуірі кезінде сөздерді бірге/бөлек жазу негізінен орыс тілі орфографиясына қатысты шешілді. Дегенмен қарақалпақ, қырғыз тілдері бөлек, ал өзбек, әзіrbайжан, қазақ емлесі бірге жазу үрдісін ұстанды. Жалпы, түркі тілдерінде сан есімдер бірге жазылуға мүмкіндігі бар бірліктер болса да бүгінде барлық сан есімдер бөлек таңбаланады<sup>1</sup>.

К. Мусаев түркі тілдерінде сөздердің бірге/ бөлек жазылуындағы проблемаларды жою үшін

- а) фонетикалық жағынан кірікken сөздерді бірге;
- ә) қосарланған, қайталама сөздерді дефиспен;
- б) басқа құрама сөздерді бөлек жазуды ұсынған<sup>2</sup>.

Алайда бұл қағидаттарды басшылыққа алған қарақалпақ пен қырғыз тілі болмаса, басқа тілдерде бірге жазу үрдісі жиілей тустаны. Әр тіл негізгі өлшемдерін ұсына бастады.

Әзербайжан тілі орфографиясы сөздерді бірге жазу бағытын ұстанды, сондықтан алдыңғы емледегі ала-құлалықты жою үшін белгілер іздей бастаған:

1) Сөздің бір ырғактық топ болып, бір екпінмен айтылуы бірге жазудың бір өлшемі болды<sup>3</sup>.

2) *Ала-бәзәк, ала-боз, ала-була* сын есімдерін де дефиспен емес, *алабаш, алабуга, алабойун* сиякты бірге жазу<sup>4</sup>.

3) -ды, -мыш, -ла көмекші етістіктерінің бірде бөлек, бірде бірге жазылуына мынадай қағида ұсынылды: *йазса иди*,

<sup>1</sup> Мусаев К. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфавитов и орфографии современных тюркских языков... 83 б.

<sup>2</sup> Мусаев К.М. Вопросы разработки и дальнейшего совершенствования орфографий тюркских литературных языков Советского Союза// Орфография тюркских литературных языков СССР. 5 б.

<sup>3</sup> Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР. –М.: Наука, – 225 с. 33 б.

<sup>4</sup> Сонда, 33 б.

*атасы илә, кәлсә иді құранды етістіктерін дауыстыдан кейін үй әрпін қойып, бірыңғай бірге жазу: жазсаймыши, атайла, кәлсәйди.*

4) *Гара дәніз, Ағ дәніз* топонимдерін *Гарасу, Ағсу* атауларының жазылуындай бірге таңбалау;

5) күшеткіш буынды өзбек, әзербайжан емлесінде бірге жазу ұсынылған<sup>1</sup>.

**Башқұрт емлесінде** негізгі өлшем ретінде а) сыңарлар арасындағы лексико-грамматикалық қатынастың әлсіреуі/жоғалуы/бар болуын алды<sup>2</sup> *акһил* күк (көгілдір), *ат* караусы (атбегі) сияқты сөздер бөлек, ал *айғолак*, *йыланбалық*, *көрәс*, *ярганат*, сөздері бірге жазылды; ә) сыңарлар кірігуі бірге жазуға белгі болды<sup>3</sup>.

**Қарақалпақ** тілі топоним, оним, өсімдік, зоологиялық атауларды, яғни терминдену, делексикалану процесін бірге таңбалады<sup>4</sup>.

Қырғыз тілі мамандары негізгі өлшемдердің тек тіл мамандарына ғана түсінікті болмауы, қалың жүртшылықта сөздердің бөлек/бірге жазылу себептерін біліп отыруын ұсынды<sup>5</sup>. Сол себепті *кол кат*, *таши бака*, *төө күши*, *көл жазма* бөлек жазылады. Ал *кечкурун*, *жарганат*, *байчекей* бірге жазылды.

Ал қазір 2002 жылы «Қырғыз тилинин орфографиясының жаңа редакциясын колдонууга киргизүү жөнүндө» ережесінде бірге жазылатын сөздер көбейген. Бірақ қырғыз тіліндегі окулықтар ескі емлемен шығарылып жатыр, авторлардың емле өзгерістерімен хабары жок.

**Татар емлесі** күрделі сөз сыңарларының арақатысын салалас/сабақтас қатынас деп бөлді. Салалас қатынастағы

<sup>1</sup> Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР. –М.: Наука, – 225 с. 33 б.

<sup>2</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР. М. Наука, 1965. – 85 с. 44 б.

<sup>3</sup> Юлдашев А. Орфография башкирского языка// Орфография тюркских литературных языков СССР. 85 б.

<sup>4</sup> Мусаев К.М. Вопросы разработки и дальнейшего совершенствования орфографий тюркских литературных языков Советского Союза. 48 б.

<sup>5</sup> Мусаев К. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфавитов и орфографии современных тюркских языков. 50 б.

сыңарлар дефис арқылы, сабактас қатынастағы сыңарлар бірге жазылады. Сондай-ақ күрделі сөздің бір сыңарының (не екі сыңарының да) тура мағынасынан айырылуы бірге жазудың негізгі өлшемі деп алғанын көреміз: *Аксакал, қарыбодай, ташбака*. Күрделі сөз семантикасына қарап, осылай анықтау да тым жалпы және қыын болды, сондықтан сыңарлардың мағыналық кірігуіне қарап анықтауды да негізгі өлшемге алды. Сөйтіп, татар емлесінде түркі тілдерінің арасында алғаш рет сөздердің бірге/бөлек жазылудың өлшемдері сарапана бастады.

Олар:

- 1) предикативті қатынасты, -ды, -де, -ған, -у жүрнағымен келетін сөздерді бірге жазу: *Хангилде, Уразгилде, Яугулде, Иштүган, Хиртетрәу*;
- 2) Атрибутивті қатынастағы сөздерді бірге жазу: *сабантуй, жиржиләк, яшусмер* (жасөспірім), *бу аръелан* (буаржисан), *янартау*, т.б.
- 3) -лы, -ле аффикспен келетін сыңарларды бірге жазу: *жорукызуконлы, өзынкуллы, икебармаклы*.

- 4) объектілік қатынас салдарының бірге жазуға мүмкіндік беретін қосымшаларға, алдымен, -ар, -яр жүрнағы, сосын -ғыч, -қыч жүрнағы аталады:

субуләр, йонкояр, юлбасар, шлбасар, альепкич, кульючыг, суулчәчеч, т.т. ұсынуға болады<sup>1</sup>.

Сонда татар емлесінде предикативті және атрибутивті қатынастағы сыңарлар бірге, ал изафеттің II түрі бөлек жазылды. Өйткені түркі изафеті анықтауыштық қатынаста түргандықтан бөлек жазылады<sup>2</sup>: *йорт куюны* (үй қояны), хезмет иясе.

Күрделі сан есімдер татар емлесінде бірге жазылады. Күрделі сын есімдерді де бірге таңбалау басым: *каракөрән, карасоры, каракызыл*.

<sup>1</sup> Мусаев К. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфавитов и орфографии современных тюркских языков...

<sup>2</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР. М. Наука, 1965. – 85 с. 65 б.

Өзбек тілінде бір ұғымды білдіру, семантикалық белгі, бірге жазудың басты өлшемі ретінде алынған<sup>1</sup>. Ал грамматикалық белгі қосалқы саналады. Сондай-ақ, бір екпінмен айтылу, яғни, фонетикалық белгісі бар сөздер бірге жазылады делінген.

- Мысалы қазір өзбек тілінде бірге жазылатын сөздерге – өсімдік, аң-құс, жан-жануарлардың бір түрі: *korshapalak, qorachumchuq, ilonbaliq, toshboqa qoraqurt, qisqichbara*<sup>2</sup>;
- топонимикалық атаулар: *Mirzachol, Qizilqum*;
  - кісі аттары мен ру-тайпа аттары: *Gulbahor, Oymomo, Oydin, Oyjamol, Nodirabegim, Xoja-Nasriddin, Olgomish polvon*;
  - саяси-әлеуметтік терминдер мен тарих, экономика ғылымдарына жататын сөздер: *kasiphunar, iqtisodiyot, eliboshi*;
  - техникалық терминдер: *paxtayogi, kopjamlik, tortburchag*,
  - медицина саласына қатысты терминдер: *korichak, kokyoatal, bo*,
  - астрономия саласына қатысты: *yetiqaroqchi, oymomo*.
  - әр алуан мамандық, кәсіп иелерінің аттары: *olip-sotar, humarbos, temiryolchi, kabobchi, otqora* жатады.
  - сондай-ақ *tegirmon, choy qoshiq* сөздері бірге, ал *bel omirtqasi, yelka suyakla, qon tomir* сияқты сөздер болек жазылады;
  - идиомалық, фразалық, тұрақты тіркестердің әрбір сөзі болек жазылады: *bosh solish, xarom oy, berayut tog*.
  - *аро, умун, бутун, узоро, халқаро* аффиксойдтарымен келетін біріккен сөздер бірге жазылады<sup>3</sup>.
  - *хона, нома, поя, бол, хуши, ҳам, баҳи, кам, умум, ранг, миңоз, сифат, талаб* сөздерімен келген сөздер бірге жазылады: *дарсхона, аррапоя, оммабол, хушихұлқ, ҳамфікр, оромбаҳи, камунум, умумхалқ, сутранг*
  - *ар, – мас* косымшалары бар құрама сөздер бірігіп жазылады: *ўринбосар, бўрибосар, чўлқувар, ииёқмас*.

<sup>1</sup> Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР. – М.: Наука, – 225 с. 83 б.

<sup>2</sup> Ибрагимов С.С. Орфография узбекского языка // Орфография тюркских литературных языков 218 б.

<sup>3</sup> Сонда, 218 б.

— қайталама қос сөздерге қосымша қосылса, бірге жазылады: *ғирғирак*, *хуйхуила*, *гижгижла*, *ҳиҳила*.

— ұқсату арқылы біріккен сөздер қосылып жазылады: *құзиқорин*, *девқомат*, *ошқулоқ*, *бодомқовоқ*, *қүйкүз*, *шерюрак*, *оійболташиринсүз*, *жигарранг*.

— түртүсі, белгісі, дәм-сипаттына қарай айтылған сөздер бірге жазылады: *эртапишиар*, *олашақшақ*, *қизшиштон*, *аччиқтош*, *мингоёқ*, *гүнгәрға*, *құллара*, *мирзатерак*.

— қызметі сипатталған сөздер бірге жазылады: *төкәйчи*, *кирсовун*, *күзойнак*, *белбоз*, *носқовоқ*, *оиқовоқ*, *музёрар*.

— орнына қарай сипатталатын сөздер бірге жазылады: *тоголча*, *чүллялпиз*, *қашқаргул*.

— діни рәсімдер мен той-томалақта айтылатын сөздер бірге жазылады: *беточар*, *кирювди*, *келинсалом*, *уртүқмоқ*, *очилдастурхон*.

— көмекші сөздермен келген сөздерде дыбыс өзгерісі болса бірге жазылады: *боролди*, *ёзолди*, *келаркан*, *айтолади*.

— қай сөзі ёқ, ер сөздерімен тіркесіп, й дыбысы түсіп қалса, мұндай сөздер бірге жазылады: *қаёққа*, *қаерда*<sup>1</sup>.

Өзбек тілі емлесінің тағы бір ерекшелігі – негізгі етістік пен көмекші етістіктер сыйықшамен жазылатыны: *қүйди-чиқди*, *олди-берди*, *борасан-келасан*. Және -чи, -а, (-я), -ку, -у (-ю), да, э, ы қосымшалары сыйықшамен жазылатыны: *сен-чи*, *мен-а*, *шу-я*, *келди-ку*, *яхши-ю*, *бұлса-да*, *бор-э*, *кел-эй*, *отам-эй*. Сондай-ақ -ми, -оқ (-ёқ), -гина (-кина, -қина) шылаулары бірге жазылатыны: *бордими*, *келдими*, *бугуноқ*, *эртагаёқ*, *яхшигина*<sup>2</sup>. Және билан жәнеучун шылаулары қысқарған түрде сыйықшамен жазылатыны: *сен-ла*, *сен-чун*.

Ал құранды етістіктер мен күрделі етістіктердің бөлек жазылатыны (*сарф қыл*, *таъсир эт*, *тамом бұл, ёзибол*; *айтиб бер*, *олиб кел*, *борган эди*, *ёзган экан*, *айтган эмиш*) өзге түркі тілдерімен бірдей. Дәл сол сияқты ҳамма, ҳар, ҳеч, бир, ҳай, у, бу, шу, ўша есімдіктері өзінен кейінгі сөзден ажыра-

<sup>1</sup> Умуркулов Б.У. Ҳозирги ўзбек тили. Термиз-2012. -11 б.

<sup>2</sup> Сонда, 11 б.

тылып жазылса да (хамма вақт, ҳар ким, ҳеч нима, қай бири, бир нафас, у ер, бу ёққа, шу ерда, ўша ёққа), бирлас, бироз, бирмунча, биратұла, бүён сияқты семантикалық жағынан кіріп кеткен тұста бірге жазылады<sup>1</sup>.

**Ұйғыр тілінде**, жалпы, бөлек таңбалау басым<sup>2</sup>.

Түрік тілі емлесі фонетикалық принципті басшылыққа алғандықтан грамматикалық тұлғалар да бірігіп жазылғанын көреміз. Мысалы, түрік тілінде күшейткіш буын арқылы жасалған сын есімдер бірге жазылады: *apaçık, apak, büsbütün, çereçevre, çırçıplak (çırılıçiplak), dümdüz, kapkara, kirkuru, parçaparça, sapasağlam, sapsarı, sırsıklam (sırılsıklam), sipsivri, yetmeşil*.

Сондай-ақ, түрік тіліндегі і көмекші етістігі (қазақ тіліндегі е көмекші етістігіне сәйкес келеді) негізгі етістікке жалғанғанда бірге жазылады және негізгі етістік дауыссыздан аяқталса, түсіріледі, мысалы: *gelir-se (gelir ise), güzelmiş (güzel imiş), yorgun-du (yorgun idi)*. Ал негізгі етістік дауыстыға аяқталса, і көмекші етістігі у-ға айналып кетеді, мысалы: *ne-y-se (ne ise), sonuncu-y-du (sonuncu idi), yabancıl-mış (yabancı imiş)*.

Түрік тіліндегі икен көмекші етістігі жуан-жінішкелікке қарамай, і дауыстысын түсіріп, түбір етістікке жалғанып жазылады. Мысалы: *okur-ken (< okur iken), yazar-ken (< yazar iken), çalışır-ken (< çalışır iken), uyur-ken (< uyur iken), başlar-ken (< başlar iken), durmuş-ken (< durmuş iken), olgun-ken (< olgun iken), durgun-ken (< durgun iken)*.

Түрік тіліндегі ки шылауы бөлек жазылады: *demek ki, kaldı ki, bilmem ki*. Мысалы, *Türk dili, dillerin en zenginlerindendir; yeter ki bu dil, şuurla işlensin.* (Mustafa Kemal Atatürk) Кейін бірге жазылатын қатар да пайда болды: *belki, çünkü, hâlbuki, mademki, meğerki, oysaki, sanki*<sup>3</sup>.

*Türk тілінде жұрнақсыз сөз тіркестері, сын есім мен зат есім тіркесі, идиомаланған зат есім-сын есім тіркесі*

<sup>1</sup> Умуркулов Б.У. Ҳозирги ўзбек тили..., 13 б.

<sup>2</sup> Мусаев К. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфавитов и орфографии современных тюркских языков... 92 б.

<sup>3</sup> Akdoğan Yaşar. Türk dili ve yazılı-sözlü anlatım bilgisi. İstanbul. S 49-62.

бірге жазылады (*yerçekimi, hanimeli, ses bilgisi, beyaz peynir, açıköz, toplu iğne, eli açık*). Бұл орфограммалар тәсіліне қа-зак орфографиясы енді барды.

mi? сұраулық шылауынан кейін қосымша жалғанса, шылау қосылып жазылады. Мысалы, *Görecek miyiz? duyuuyor musun? koruyucu mudur? müdür müdür?* Ал қазақ тілінде бұн-дай жіктелген шылау түбір сөзге бірігіп жазылады. Сөз болып отырған тілде қосымшалар сұрау мағынасынан тыс қолданылса, бөлек жазылады: *Güzel mi güzel! Bir kere alıştim mi bırakamam gibি<sup>1</sup>.*

Араб тілінен енген сөздермен тіркескен етістіктер бірге жазылады: *keşfedilmek, kaybolmak, emrolunmak, hükmeyelemek., affetmek, affolunmak, bahşetmek, ahzolunmak, rekzetmek, nez etmek, haletmek.*

Түрік емлесінің кеңестік түркі емлелерінен тағы бір айыр-масы қайталама қос сөздер бірге жазылатыны: *hoşbeş, circır, zipzip.* Сондай-ақ болымсыз етістік жүрнағымен тіркескен қос сөздер де дефиспен емес, бірге жазылады. *karmakarış, karmakarışık, darmaduman, darmadağınık* сияқты.

Түрік емлесінде жартылай сөз қызметінде келген етістіктер толық мәнді сөздермен бірге жазылу қалыптанып кеткен. Әсіресе -a, -e, -ы, -i, -ı, -γ қосемшелерімен келген күрделі етістіктер бірге жазыла береді. Және есімшелермен келген күрделі етістіктер де бірге таңбаланады: *ahmakıslatan, boğazkesen, çörçatan, etyaran, saçkiran, oyunbozan, alkolölcer, altıpatlar, betonkarar, bilgisayar, içaksavar, vatansever, hacciyatmaz.* Бұндай орфограмма қазақ тілінде де қалыптасқанын жоғарыда айттық.

Қазақ тіліндегі тәрізді -ды, -ді, -ты, -ті жедел өткен шақ жүрнағымен аяқталатын предикаттық қатынастағы сөздер түрік емлесінде де бірге жазылады: *gecekondı, günindi, mır-sayedı, şipsevdi, serdengeçti.* Бірақ бұл сөздер тұра мәғына-сында тұр. Ал қазақ тілінде тек ауыспалы мағынага көшкен, немесе тұракты тіркес қызметінде болған сөздер ғана осы орфограммада ие болған еді.

<sup>1</sup> Yazım Kılavuzu Ankara, 2012. 6-25 б.

Қазақ тілінде бірге жазылатын сөздердің бірқатары *ақ, қара, сұр, көк, қызыл, қой, түйе* сияқты сөздердің алдыңғы сынарда қайталануы арқылы жасалатын. Дәл осы орфографма түрік тіліне сәйкес болып шықты: *akçaagaç, aksöğüt, akdari, akdiken, karaağaç, karaçalı, sariağız, akkiş, akdoğan, alacakkarga*

Түрік тіліндегі изафеттің 3 типі арқылы жазылған сөздер тәуелдіктің 3-жағының қосымшасы тұрса да бірге жазыла беретіні ойланады: *ayıkulağı, cinsaçı, gelinparmazı, kuşbur-nu, sazkayası, seytanığnesi, balcümeci*. Өсімдік, жануар, ауру аттары ретінде біртұтас ұғым атауының бірге жазылуына қосымшалар да кедергі болмаған.

Түрік тіліндегі префиксойдтарға *bır, eş, ər* сөздері жатады. Бұл сынармен келетін сөздер бірге жазылуға бейім: *biraz, birazı, birkaç, birtakım, birçok, birçoğu, hiçbiri, hiçbir, herhangi*.

Араб тілінен енген хана сөзі түрік тілінде де аффиксойд қатарына өткен: *dershane, çayhane, hastahane, pastahane, simi-thane, yazılıhane, yatakhane, mezbahahane*. Парсы тілінен енген *perver* сөзі де осы қызметте қолданылады: *yatanperver, fukan-perver, misafirperver, hayalperest*.

Бас, басы сынарымен келетін сөздер де бірге жазылады: *baçbakan, başçavus, baştabip, başhemşent, başşehir, başparmak, başyazar; aşçıbaşı, onbaşı, yüzbaşı, binbaşı, çarkçıbaşı, ustabaçı, mehterbaşı*.

*Ağa, bey, efendi, hanım, nine* туыстық атауларымен келетін қаратпа атауыштар бірге жазылады: *ağabey, ağadayı, beyefendi, efendibaba, hanımanne, paşababa, hanımınağası. dal* сөзімен келетіндер де бірге таңбаланады (*dalkavuk, dalkılıç, daltaban*)<sup>1</sup>.

Професор Т.Садыков түрік жазуында жалпы бірге жазатын үрдістің бір кездерде бұзылып, артынан қалпына келтіргені туралы мынадай тарих айтады: «1986-жылды Түрк тили коому тарабынан даярдалған «Ымла сөздүгүндө» 30-жылдардан баштап 50 жыл бою колдонулуп келген кошмок сөз-

<sup>1</sup> Akdoğan Yaşar. Türk dili ve yazılı-sözlü anlatım bilgisi. İstanbul, S 63-65

дөрдү бирге жазуу эрежеси өзгөртүлүп, аларды бөлөк жазуу эрежеси киргизилген. Мисалы: *adaçayı, akciğer, atasözu, ilkökul, soyadi, dilbilgisi, hanımböceği*. Бул жана ушул өндүү кошмок сөздөр буга чейин бирге жазылып келсе, 1986 жылдан кийин бөлөк жазыла баштаган. Кошмок сөздөрдү бөлөк жазуу эрежесинин калпыстыгын Камиле Имер өзүнүн «Түркияда тил пландамасы: түрк тилинин реформасы» аттуу китебинде билгичтик менен минтип ашкерилген, *Dosdoğru yürüyün, karşınıza çıkan ilk okuldan sola dönünüz. Dosdoğru yürüyün, karşınıza çıkan ilkokuldan sola dönünüz.* Келтирилген мисалдардан *ilk okul* сөзүн бөлөк же бирге жазудан сүйлөмдүн мааниси ар башка болуп, карама-каршыга өзгөрөрү ачык көрүнүп турат. Аталган калпыстыкты ондоо үчүн дагы он жыл убакыт талап кылышып, кошмок сөздөрдү бирге жазуу эрежеси 1996 жылы жарыяланган «Ымла сөздүгүндө» гана кайрадан калыбына келтирилген экен<sup>1</sup>. Түрк емлесінен түйетініміз: бір зат, не ұғым атауы бирге таңбалануы қажет.

Қавказ түркілерінің әліпбі мен емлесі бірынғай жасалды да, өзге түркі орфографиясымен салыстырганда ала-құлалық басым болды. Мысалы, **ноғай жазуында** күрделі сөздің екі сынары жеке екпінмен айтылса, бөлек жазылсын деп шешілген<sup>2</sup>: *сары май – шырак май; кайын ана*. Сондықтан ноғай тілінде бірге жазылу басым болды. Шылауларды фонетикалық принциппен жазу да ноғай тілінде ғана бар: *ноғайбөригөз*<sup>3</sup>. Сондықтан **қарашай ілінде** da, құмық тілінде da, de, ал ноғай тілінде da, de, ta, te варианты жазуда ескеріледі. Қарашай тілінде шылаулар түбір сөзбен үндеспейді<sup>4</sup>. Қарашай тілінде *airъ qujryq, çыlgъ qulaq, at orun*

<sup>1</sup> Садыков Т., Сагынбаева Ф. Кыргыз&Түрк салыштырма грамматикасынын негиздері. Бишкек. 2010- 479 б.

<sup>2</sup> М.К. Мильх Вопросы орфографии тюркских языков Северного Кавказа и Дагестана....179 б.

<sup>3</sup> Мусаев К. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфавитов и орфографии современных тюркских языков

<sup>4</sup> М.К. Мильх Вопросы орфографии тюркских языков Северного Кавказа и Дагестана....29 б.

деп алдынғысы соңғысын анықтап тұрса, бөлек жазылады. *Бусагъат* бірге жазылса, ол *сагъат* бөлек жазылады.

**Құмық тілінде** бірге жазу басым: *golqab, belbau*. Барлық күрделі зат есімдер бірге, қүшейткіш буындылары дефиспен жазылды.

Сонымен, қорыта айтқанда, тұркі тілдерінде бірге жазу белгілері ретінде мыналар айқындалды: 1) екі сынардың өз мағынасынан ауытқып, жалпы немесе ауыспалы мағынаға көшуі; 2) бір заттың атауы болуы; 3) екі сынардың универбетелуін тездететін ұластыруыш қосымшалардың болуы (татар, казак, ішінара өзбек тілі); 4) бір екпінге бағынуы (өзбек тілі); 5) сөздердің кірігуі (түрік тілі). Бірге жазуда барлық тілдерге тән оргақ бір принцип анық болды. Ол – жазуда бір сынарының мағынасы көмекіленсе бірге жазу белгісі еді.

#### 4.4 Латыннегізді тұркі жазуларының тәжірибесінен

Қазіргі тұркі мемлекеттерінің ішінде түрік (1928 ж.), әзербайжан (1991 ж.), өзбек (1993 ж.), қарақалпақ (1993 ж.), түркімен (1993 ж.) тілдері латын алфавитін қолданады. Қазак жазуы – тұркі тілдерінің ішінде араб әліпбиін реформалап, ұлттық жазу жасаған (1912 ж., А.Байтұрсынұлы), жүрттың соны болса да (1929 ж.), дыбыстық жүйені толық таңбалаган латыннегізді алфавит құрастырған, өзге тіл кирил алфавитінің 33 әрпінен тұсалып, ары аса алмағанда, ең көп әрпі бар әліпби (42 әріп) жасап, тілдің фонологиялық құрамын дәл бейнелеген парасатты жазу. Сондықтан қазіргі жуан/жіңішке дауысты әріптері бүтін сөздің сингармотембрін анықтап тұратын идеалды қазак жазуынан бас тартып, жана латыннегізді жазуды қабылдауымыздың алды құнғірт болып көрінетіндігі орынды. Сол үшін жоғарыда аталған тілдердің латын тәжірибесіне көз жүгіртіп, кемшін тұстарының себебін анықтап, жетістіктерін пайдалануға тиіспіз. Иә, латыннегізді тұркі жазуларының тәжірибесі не айтады?

**Түрік жазуы.** М.К. Ататүркке латынға көшу идеясын 1926 ж. Бакуде өткен конференцияға барған Мехмед Фуад

Копрулу берді. 1928 жылдың 1 қарашасында М.К.Ататүрік «Жаңа түрік әріптерінің қабылдануы мен қолдануы туралы» заң шығарды. Бұл заң бойынша 1929 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер латын әліпбіне өтті. Осы жылдың 1-маусымына дейін ғана қатар қолданылып келген араб графикасына іс қағаздар жүргізуде мүлдем тыйым салынды. Сөйтіп, Түркияда латын әліпбіне өту кезеңі бар-жоғы 1 жыл болды<sup>1</sup>. Түрік тілінің латынға көшуіне – батыс өркениетіне жақындау және халықтың сауаттылық деңгейінің төмен болуы, яғни мәдени-әлеуметтік сондай-ақ саяси фактор әсер етті. «...Түрік жұрттының өзге түркі халықтарымен бірмәденитте болуды мақсат еткенін де болды»<sup>2</sup>. Проф. Ертем Рейкін «Біз тек әліпбиде ғана араб дәстүрінен батыс дәстүріне өткен жоқпыш, біз бұл бағытты жүйелі ұстандық, құнтізбемізді де, уақытты өлишеуді де (сағатты), өлшем бірліктерді де, тіпті кейір атауларды да араб үлгісінен батыс үлгісіне ауыстырыдық», – дейді («мәдениет» – «kültür»)<sup>3</sup>.

Түрікәліпбіндегі 29 әріпқолданылады. Оның 8-і дауысты фонеманы таңбалайды: **a, e, i<y>, i <i>, o, ö<ø>, u, ü.** Яғни түрік тілінің өзіне тән дауыстылары латын-ағылшын стандартында жоқ **ı, ö, ü** таңбаларымен беріледі. Сондай-ақ 20 дауыссыз фонема таңбаларының ішінде **Ç [че], § [шэ]** әріптері латын әліпбінен тыс алынып отыр, яғни неміс, француз жазуларындағы бұл фонемаларды 2-3 әріп тіркесімен емес, бір таңбамен береді. Сол сияқты түрік тіліндегі анық естілмейтін, бірақ созылыңқылықты немесе [f]-ның көмексі айтылуын **ğ** – әрпі таңбалайды (*fotografi*).

Түрік тілі фонологиясын зерттеген ғалым, проф. Тошболат Садыков аталған тілге мынадай сипаттама берген: «Түрк тілдеринин басым көпчүлүгүнө **и** тыбышы мүнәздүү. Түрк

<sup>1</sup> Фазылжанова А. Түркия, Эзербайжан, Өзбекстан Республикалары ұлттық тілдерінің латын графикасы негізіндегі жана әліпбиге көшу тәжірибесі // Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі: тарихы, тағылымы және болашагы А., Арыс, 2007. – 410б 139 б.

<sup>2</sup> Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі: тарихы, тағылымы және болашагы А., Арыс, 2007. – 410б. 88 б.

<sup>3</sup> Сонда, 88 б.

тилинин Анадолу диалектилеринде, ошондой эле оозеки кепте да бул тыбыш кеңири колдонулат. Бирок түрк адабий тилине бул тыбыш да, анын тамгасы да кабыл алынбай калған. Түрк тилинде айрым түрк тилдерине мұнәздүү болбогон *v*, *f* тыбыштары бар. Мисалы: *ev-* *уй*, *av-* *уу*, *ifak-* *майды*. Бул тыбыштар башка тилдерден кирген сөздөрдө, көбүнчө, фарсы сөздөрүндө жыш кездешет...

Кыргыз тилиндегидей эле түрк алфавитинде *k*, *g* тыбыштарынын вариантыны үчүн атайдын тамга оошкон эмес. Биздин байкообузга караганда, түрк телекөрсөтүүсүнүн дикторлору эки тыбышты тен терең түпчүл эмес дайыма артчыл вариант менен айтышат...

Башка алфавитке негизделгендигине карабай, түрк тилинин өзгөчөлүктөрүнө шайкеш *c*, *ç*, *ş*, *ѓ* сыйктуу тамгалардын дурус тандалып алынышы бул алфавиттин тууранды, эрчиме эмес нагыз улуттук алфавиттин абалына келишин шарттаган...

Ошентип, көпкө өйдөкүдөй иштердин натыйжасында 1929-жылдын 9-августунда Сарайбурну паркында Ататүрк алфавит жаатындағы тарихый сөзүн сүйлөп, латын алфавити түрк улутунун болочок руханий байлыгы болот деп жарыялайт. Андан соң алфавиттин акыркы варианты даярдалып, ал 1928-жылдын 1-ноябрьында Түркия Улуттук Межлисинин 1353-мыйзамы менен бекитилет»<sup>1</sup>.

Түркі әліпбійнің кеңестік түркі әліпбилерінен жеті әріптегі айырмашылығы болды (*c*, *ç*, *i*, *j*, *ü*, *ö*, *у*)<sup>2</sup>.

Сойтіп, түрік әліпбій тілдің өзіндік ерекшелігін білдіретін 6 әріпті енгізген, латын-ағылшын стандартының 23 әрпін ғана пайдаланған графика болып табылады. Және латын алфавитінің кейбір әріптерінің мәнін өзгертил қолданған. Мысалы, латын алфавитіндегі <*c*>, <*k*> фонемаларын беретін с әрпін <*չ*> фонемасына, *j* әрпін <*ڇ*>, *у* әрпін <*j*> фонемасына алған.

<sup>1</sup> Садыков Т., Сагынбаева Ф. Кыргыз&Түрк салыштырма грамматикасынын негиздері Бишкек, 2010- 479 б.

<sup>2</sup> Мармара институтының директор кеңесшісі Нәдір Даулеттің сөзі // 1991 жылы, 18-20 карашада өткен «Казіргі таңдағы түркі әліпбилері» атты халықаралық симпозиумының жинағы.

Жаңа жазумен сауаттылық 60%-ға көтерілді. Бұрын жазуы реформаланбаған және халық сауаттылығы төмен тілдерге жаңа әліпби қабылдау нәтижелі болатынын көптеген тәжірибелер көрсетіп отыр. Біздінше, түрік тәжірибесінен мерзім тездігі мен мемлекеттік құжаттар тілін жаппай көшіру қарекетін алуға болады. Алайда латын жазуы түрік тіліне тән *қ, ң, ҳ* дыбыстарын таңбаламайды.

**90-жылдар.** Латыннегізді жаңа түркі жазуларының өзіндік тарихы да қалыптасып қалды. «КСРО ыдырағаннан кейін түркілік идеяның қайта жаңғырғаны жасырын емес<sup>1</sup>. Түркі елдерінің тәуелсіздік алған жылдарынан кейін Түркия мемлекеті тарапынан бауырлас елдерге көмек қолы көп созылды. Бұған алғашқы болып жауап берген Өзбекстан еді: 1992 жылы Ташкентте Орта-түркі деген журнал шығарды; ортақ түркі тілі идеясын да өзбектер көтере бастады.

Стамбулда Мармара университетінде 1991 жылдың 18-20 қарашасында конференция өтті. Онда түрік әліпбінің үстіне 5 таңба алып, әр тіл өзіне әліпби жасауды ұйғарысты<sup>2</sup>. Симпозиумда қабылданған ортақ түркі әліпбі мынау еді: *a, b, c, ç, d, e, ä, f, g, ğ, h, x, i, ī, j, k, q, l, m, n, ñ, o, ö, p, r, s, ş, t, u, ü, v, w, y, z*<sup>3</sup>.

Кейін жоғары деңгейде 1992 жылы 19-21 маусымда үкімет делегациялары кездесті. Мұнда да және 1993 жылы наурызда болған кездесуде де (Анкарада) ортақ әліпби туралы әңгіме болды<sup>4</sup>.

«Адамзат тарихында түркілердегі түрлі әліп билер колданған халықтар өте аз. Осы арада біз ақпараттық кеңістігімізді жаңарту мақсатында өткен уақыттардағы және бүгінгі таңдағы түркілер колданған түрлі әліп билердің бір ретке келтіруге мүдделіміз» деген стратегиялық мақсат қойды, сол бас-

<sup>1</sup> Түсінбекұлы Ж, «Алаш айнасы», 26 Желтоксан 2011.

<sup>2</sup> Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі: тарихы, тағылымы және болашагы А., Арыс, 2007. – 4106. 93 б.

<sup>3</sup> Түсінбекұлы Ж, «Алаш айнасы», 26 Желтоксан 2011.

<sup>4</sup> Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі: тарихы, тағылымы және болашагы ... 93б.

қосуда сөз алған Нәдір Дәulet<sup>1</sup> 90 жж. алынған сауалнамаға сенсек, әзербайжандардан 52%, өзбектерден 82 %, қазақтардан 79% басқа әліпбиге көшүге қарсы болған екен<sup>2</sup>. Сондықтан алғашқы болып әзербайжан жазуы латын графикасын қабылдады.

**Әзербайжан жазуы.** Әзербайжанда 90 ж. кирил жазуынан бас тартуды ашық үгіттеген – ақын Баһтияр Вахабзаде еді<sup>3</sup>. Көшу тәжірибесіне қарағанда 1992 ж. 1-сынып латын әліпбімен басталып, бірден емле сөздігі дайындалған<sup>4</sup>. 1993 жылдан бастап, барлық бастауыш сыныптар латын әліпбіне көшкен. Мына әліпби құрамы оқытылады (31-кесте).

31-кесте. Латын-әзербайжан әліпбі

№	әріп	№	әріп	№	әріп	
1	a	9	g	17	q	ş
2	в	10	ğ	18	l	t
3	с	11	h	19	m	u
4	Ҫ	12	x	20	n	ü
5	D	13	ı	21	o	v
6	E	14	i	22	ö	y
7	Ә	15	j	23	p	z
8	F	16	k	24	r	

<sup>1</sup> Мармара университетінің директор кенесшісі Нәдір Дәулеттің сөзі // 18-20.11. 1991. өткен «Қазіргі таңдағы түркі әліп билері» атты халықаралық симпозиум жин. Ауд. Жорабай Темірлан

<sup>2</sup> Латын графикасы негізіндегі қазак әліпбі: тарихы, тағылымы және болашағы ... 97 б.

<sup>3</sup> Соңда, 99 б.

<sup>4</sup> Соңда, 101 б.

Бірақ 2001 жылға қарай елде латындану баяулайды. 2001 жылы президент Гейдар Алиев барлық баспаханаларға латын қарпімен басуға бұйырыады<sup>1</sup>. 2001 жылдың 9 тамызынан бастап осы күн «Әзербайжан әліпбі мен әзербайжан тілі күні» деп саналады. Бұл шаралардан кейін латыннегізде әзербайжан жазуына қайтадан жан бітіп, енді әзербайжан тілінің кірме сөздерден тазаруына, тілдің өз ішінде жетілуіне жағдай жасалғандай болады<sup>2</sup>. Барлық баспа өнімдерін латын қарпіне көшіру қызметкерлер үшін күтпеген, асығыс жағдай деп бағаланды, бірақ ел президенті тарапынан бұл шағым қабылданбады<sup>3</sup>. Осындай қадамдардың арқасында бүгінде әзербайжан әліпбі тұрақтанды. Жазу жүйесі бірізділенді. Тек кирил жазуымен шыққан бұрынғы әдебиеттерді латын графикасына ауыстыру проблемасы бар<sup>4</sup>. Қайта басылатын әдебиеттердің тізімі әлі айқындалуда. Өйткені кирил графикасында басылу 2000 ж.-ға дейін жалғасқан<sup>5</sup>. Сондай-ақ ресми ісқағаздардың латын қарпіне ауысуы толық күшіне енді деп айту қыын<sup>6</sup>.

Әзербайжан тәжірибесінен түйетініміз: орта мектептің жаңа алфавитке ауысуы жалпы процестің іргетасы болады; латын әліпбіне ауысу көптеген орыстілді әзербайжандардың ана тілін үйренуін тездеткен<sup>7</sup>; жаңа әліпбиге ауысу жалпы ұзақ процеске айналмау керектігі.

Қазіргі жазуда алдыңғы әліпбіндегі болмаған қ фонемасын таңбалай бастады. Кирил әліпбімен гардашлығ, ләјагет деп жазса, қазіргі әліпбимен *qardaşlıq, ləyaqət* деп жазады. Шеттілдік кісі есімдер әліпбі шегінде транслитерациялады: *George Bush* – Сорс Buş, *Gerhard Schröder* – Gerhard Şröder, *Jacques Chirac* – Jak Şirak.

<sup>1</sup> Латын графикасы негізіндегі..., 101 б.

<sup>2</sup> Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку... 101 б.

<sup>3</sup> Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі: тарихы, тағылымы және болашагы ... 102 б.

<sup>4</sup> Сонда, 102 б.

<sup>5</sup> Сонда, 103 б.

<sup>6</sup> Сонда, 103 б.

<sup>7</sup> Сонда, 103 б.

**Өзбек жазуы.** Жазу ауыстыру Өзбекстанда 90ж. араб графикасына қатысты көтерілді. «Бірлік» қозғалысы 550 мың тиражben араб әліпбін үйрететін әліппе шығарады<sup>1</sup>. Бірақ Тәжікстан мен Ауганстандағы соғыс елдің латын графикасына қарай бет бұрына бастайды. Ендігі «Эрік» қозғалысы Түркиемен бірліктегі еді<sup>2</sup>.

Өзбек жазуының кирилден бас тартуы таза үлттық патриотизмнің ашық құреске шыға алатынымен көрінді. Латынға көшу болашағы бар жазуға өтуден гөрі орыс жазуынан қашуға көбірек ұқсады. Эрине, тілдік себептерге де иек сүйеді. Сөйтіп, 1993 ж. 2 қыркүйегінде «Латын жазуына негізделген өзбек әліпбін жария ету туралы» бұйрық шығады. Ал экономикалық шығын бюджеттік емес ұйымдарға салынады. Жаңа алфавит Стамбул басқосуында ұсынылған әліпбиді негізге алды: **Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Xx, Yy, Zz, Çç, Ğğ, Jj, Ññ, Öö, Şş**, <sup>3</sup>. Әліпбінде 31 әріп, 1 дәйекше бар. Бұл 30 жылдардағы латын-өзбек әліпбінен өзгеше еді.

1995 ж. әліпбиге өзгеріс енеді: енді 26 әріп, 1 дәйекше болады. 6-уы дауысты фонеманы (a, e, i, o, u, o’), 23-і дауыссыз фонеманы таңбалайды. З қосар әріп бар: **sh, ch, ng**<sup>4</sup>. J әріпі екі дыбысты таңбалайды. Алдыңғы әліпбидегі о мен g таңбалары енді апострофпен берілетін болды [35, 112]. Яғни Çç, Şş, Ğğ, Öö, Ññ, Jj әріптері Chch, Shsh, G‘g‘, O‘o‘, Ng ng, Jj таңбаларына ауысты<sup>5</sup>.

Латын жазуындағы өзбек әліпбінің орналасу тәртібі және көрінісі:

Aa, Bb, Dd, Ee, Ff, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Xx, Zz, O‘o‘, G‘g‘, Sh sh, Ch ch, N n, ng<sup>6</sup>.

<sup>1</sup> Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі... 111 б.

<sup>2</sup> Гинзбург А.И. Узбекистан: этнополитическая понорама. Очерки, документы, материалы. М., 1994-1995. 1-2 том.

<sup>3</sup> Özbekiston Respublikasiniň Qonuni. Lotin yozuviga asoslaňan özbek alifbosını jorıy etiș töğrisida 02.09.1993

<sup>4</sup> Умуркулов Б.У. Ҳозирги ўзбек тили. Термиз-2012.

<sup>5</sup> Ўзбекистон республикасининг «Лотин ёзувиға асосланған ўзбек аліфбосини жорий этиш түғрисида»ғи конунига ўзгартыштар киришиш хакида

<sup>6</sup> Умуркулов Б.У. Ҳозирги ўзбек тили. Термиз-2012. 9 б.

Өзбекстан Республикасының Министрлер палатасында 1995 жылдың 24-тамызының 339 шешімімен «Өзбек тілінің негізгі емле қағидалары» жасалды<sup>1</sup>. Сөйтіп, 1993 ж. Анкарада келісілген ортақ әліпби жобасын бірінші болып өзбек жазуы бұзды. Енді бүгінде өзбек әліпбииң basqa түркі тілдері жазуынан айырмашылығы – диакритикалық таңбалар мен жасанды таңбалардың жоқтығында. Тек апостроф бар. Қазіргі өзбек әліпбі сөз түркyn ұзартып отыр: *ish (ic), uch (үш), besh (бес), shisha (шиша), shoshmoq (асыгу), sharshara (сарапырама), chashma (бұлақ)*. 1934 жылы <f> фонемасы basqa түркі тілдері сияқты өзінен таңбаланса, 1993 жылғы жаңа әліпби жобасында gh тіркесімен, енді 1995 жылдан бері тек g әрпімен беріледі. <H> фонемасы ng тіркесімен, о фонемасы 1993 жылы ү таңбасымен берілсе, қазір о'қарпімен жазады. Бүгінде қазіргі өзбек әліпбииң қарағанда 30 жылғы әліпби әлдекайда жетілген еді деген пікір басым. Себебі онда қосар әріп жоқ, тілдің өзіне тән дыбыстарын белгілеген 34 әріп бар еді дейді. Шындығында, қалай еді? Жазудың тілге әсер ететіндігінің бір айқын дәлелі осы өзбек жазуынан көрінген. Сингармонизм зандағынына сәйкес 8-9 дауыстының таңбасы болуы тиіс әліпбиде 5 дауыстының ғана таңбасы болды. Өйткені сингармонизм құбылысы экономикасы нашар аудандарда тұратын халық диалектісінде ғана болды да, ал абаттанба бастаған қала тұрғындары тілі – иран тілінің әсері басым, 6 дауыстымен айтылатын тілді – әдеби тіл етті. Сөйтіп, өзбек жазуы 1934 жылдан бастап ә, ө, ү және ы әріптерін таңбаламайды. Сол себепті бүгінде өзбек тілі-түркі тілдерінің ішінде сингармонизм құбылысын жоғалтқан чуваш тілінен кейінгі тіл.

Дегенмен 2015 жылға дейін Өзбекстанда латын жазуы толықтай енбегені, білім беру мен іс-қағаздар тілі жартылай латын жазуына өткені, баспасөз тілі әлі де кирил графикасында шығатыны, әдебиеттің 70%-ы орыс әліпбiiмен жарияланатыны белгілі.

Ал өзбек әліпбiiнің тілдің фонетикалық жүйесіне сәйкес еместігі жөнінде 80 ж. бастап айтылды.

<sup>1</sup> Умуркулов Б.У. Ҳозирги үзбек тили..., 9 б.

Кирил жазуы кезінде, мысалы, мынадай ұсыныстар айтылды: а) [a] дыбысын |a| әрпімен беру, |o| емес (бой, ой, сой емес) а фонемасының еріндік мәнермен айтылуы Самарқан мен Бұхар диалектісінде ғана екен. Қалған диалектілерде ашық, езулікпен айтады, ендеше осы диалектілік ерекшелікті жазуда сақтаудың мәні аз.

ә) [ä] дыбысын беру үшін |æ| әрпін алу: әкә, әли, әллә, әмәки.

б) ў әрпінің қызметін |o| және |ø| әріптеріне беру, яғни ўрак емес орақ, бўл емес бол, ўл емес ол, ўрик емес өрик, ўрдак емес өрдәк т.с.с. Бўл барлық негізгі диалектілерде бар. Тек Самарқан мен Бўқар диалектісінде осы айтылым сақталған.

в) ж әрпінен басқа жұн, жәбір, жәр сияқты өзбек төл сөздерін жазатын |ж| әрпін алу<sup>1</sup>,

г) нг әріп тіркесі орнына |ң| әрпін алу;

д) І.А. Басқаков ұсынғандай, е, ё, ю, я әріптерінің құрамын ашып жазу: йәхши, йетти, йок, йурәк, йаман.

ж) [ү] фонемасы үшін → |ү| әрпін

Жуан [ы] үшін → |ы| әрпін қабылдау: иш, бшәк, барамыз, кыр.

з) [ү] әрпін |ү| әрпімен қалдыру (кур, ун, тур)

и) [ü] фонемасы үшін |ў| әрпін қабылдау: ўн, тўр, тўз<sup>2</sup>.

Бўл өзбек әліпбіи щ әрпін қабылдаған жоқ. Басқа түркі тілдерінде бар h әрпі болмаған. Сонда орыс алфавитінің 31 әрпінің үстінен қ, ғ, ў және жоласты х таңбаларын алған.

Өзбек жазуын жетілдіретін жоғарыдағы ұсыныстар тағы ұсыныс күйінде қалды. Бұғінгі латын жазуында кирилде айқындалап алған 5 дауысты фонема ғана белгіленді: (ә), i, a, o, ү дауыстылары қазіргі өзбек әліпбійндегі мына таңбаларға сәйкес жазылады: a, e, i, o, o', u (a-o: alma-olma), ал б, ч, ә, ф, ә, ә, h, дж, қ, қ, л, м, н, ң, п, р, с, ш, т, в(y), x, з, й дауыссыздары мына таңбалармен берілген: b, ch, d, f, g, g', h, j, k, q, l, m, n, ng, p, r, s, sh, t, v, x, z, y.

<sup>1</sup> Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР.. 87 б.

<sup>2</sup> Сонда, 10 б.

Тек кирил жазуындағы я, ю, ё әріптерінің құрамы көрсетіліп жазылады: *yalla*, *yahshi* (йаҳши), *yashil*, *yakshanba* (жексенбі), *yuz* (жұз), *yuk* (жұқ), *yuboraman* (жіберемін), *yulduz* (жұлдыз), *yulduzcha* (жұлдызыша), *yoz* (жаз), *yoki* (яки), *yotom* (жаман), *yordam* (жәрдем), *ayol* (әйел), *yosh* (жас).

Е фонемасы сез басында дифтонг түрінде таңбаланады: *yer* (жер), *yetti* (жеті), *yet mish* (жетміс). Ц әрпі s және t<sub>s</sub> болып жазылады. Х мен x әріптері x арқылы және h әрпімен берілді: *sirk*, *mototsikl*, *tsement*, *sisterna*, *sirkul*, *tsellofan* және *sellofan*, *silindr*, *sitrus*, *selluloza*.

Мысалы, қазіргі өзбек мәтіндерінің жалпы графикалық түрпаты мынадай: *Qadirli vatandoghoshlar! Muxtar am mex-monlar! Tabiyat oyg'anip bog'uro'g'lar, dastu-donlar yashil libosga burkanip bahor nafasi quyoshning tafti tobo'ra kuchayib boroyotkan shu yoruq kunlarda siz azizlarni sizlarning timsolizda butun xalqimizning yurtimiz kirip kelayotkan Navro'z olam bilan chin qalbimdan muborak etishtan baxtiyorman. Xalqimiz doimo orziqip, intizor bolip kutadigan yangi kun va yangi fasil debochasi Sharqona yangi-yilning boshlanishi bolmish Navro'z ayomi ozining mano, mazmuni korku tarovati, teran falsafasi bilan boshqa bayramlar orasida a'loxida orin tutadi desak hech qanday hato bolmaydi. Nega deganda?*

Осы түзетілген әліпби нұсқасы 1995 ж. мектепке барған 1 сыныптан бастап оқытылды. Жалпы көшіліктің 2000 ж. дейін латын жазуын менгеруі жоспарланды. Ал латынға көшудің ақырғы мерзімі 2005 жылдың 1 қыркүйегі болып белгіленген еді. Қазір Өзбекстандағы латын қаріпті кітаптар тек мемлекеттік тапсырыспен шығарылады. Қатардағы авторлар өз есебінен шығарады<sup>1</sup>. Ұлттық қағаз валюта кирилмен, монета екі графикамен де жазылған<sup>2</sup>. Қазіргі өзбек жазуы графикадағы толық еркіндік үлгісін көрсетеді.

Өзбек-латын жазуы тәжірибесінен түйетініміз: қосар әріп пайдаланбау.

<sup>1</sup> Латын графикасы негізіндеғі казак әліпбі... 283 б.

<sup>2</sup> Сонда, 283 б.

**Түркімен жазуы.** 90 жылдары өзге түркі елдерімен салыстырғанда бұз ел – араб графикасына өтуді ұсынбаған түркі мемлекеттерінің ішіндегі бірден бір ел<sup>1</sup>.

Түркия президенті 1993 ж. Түркіменстанға барғанда Түркіменстан президенті оған ерекше сый жасады: түркімен әліпбій латынға көшіру туралы бұйрыққа қол қойды. Латын әліпбіймен жарық көрген алғашқы кітап – Президенттің өз кітабы болды<sup>2</sup>. Ондағы әліпби кұрамы былай алынып еді: A a, B b, C c, D d, E e, Ea ea, F f, G g, H h, I i, J j, Jh jh, K k, L l, M m, N n, Ng ng, O o, Q q, P p, R r, S s, Sh sh, T t, Ts ts, U u, V v, W w, X x, Y y, Z z. Мұндағы q, v, x әріптері кирилшедегі θ, γ, ы әріптерінің орына алынған еді<sup>3</sup>.

1993 жылы С.А. Ниязовтың төрағалығымен комиссия құрылып, жаңа алфавит жобасы жасалады.<sup>4</sup> Айдан мына алфавит кұрамы бекиді: Aa Bb Çç Dd Ee Ää Ff Gg Hh Ii Jj £f Kk Ll Mm Nn Ņň Oo Öö Pp Rr Ss \$s Tt Uu Üü Ww Yy ¥ý Zz. Мұнда доллар, йен және фунттың белгілері болған<sup>4</sup>. Кейін бұл кұрам да өзгерді (32-кесте).

32-кесте. Қазіргі түркімен әліпбій<sup>5</sup>

A a	B b	Ç ç	D d	E e	Ä ä	F f	G g	H h	I i
J j	Ž ž	K k	L l	M m	N n	Ñ ñ	O o	Ö ö	P p
R r	S s	Ş ş	T t	U u	Ü ü	W w	Y y	Ý ý	Z z

Әліпбиде түркімен тілінің өзіне тән ә, дж, и, ө, ү, ч, ы фонемаларына әріп бар. Бірақ 1929 ж. латын жазуында болған ғ, қ дыбыстарының әрпі болмады (өйткені кирил жазуы тұсында да болмаған еді). Яғни мұнда да кирил жазын калькалады деуге болады. у графемасымен <ы> фонемасын таңбалагандықтан, дауыссыз <й> дыбысына ý әрпін

<sup>1</sup> Латын графикасы негізіндегі... 120 б.

<sup>2</sup> Соңда, 121 б.

<sup>3</sup> Everson Michael. Some Turkmen alphabets

<sup>4</sup> Соңда..

<sup>5</sup> Языки народов Российской Федерации и соседних государств. М.: Наука, 2005. Т. 3. С. 138. 606 с..

жасады. Дауыссыз <у> фонемасына w графемасын берді. Сонда түркімен жазуы оғыз тобындағы тілдерден <ж> дыбысын ž-пен, <дж> дыбысын j-мен, <ы> дауыстысын /у/-пен белгіленуі арқылы өзгешеленеді.

Түркімен әліпбіінен түйетініміз: кирил жазуындағы екі фонеманы бір әріппен беретін «дәстүрден», мысалы, у әрпінің дауыстыны да дауыссызды да таңбалалаудан графеманы өзгертіп, қол үзуге болады.

Бірақ кирил алфавиті түркімен жазуында тек 2000 жылы ғана қолданыстан толық шығарылды<sup>1</sup>.

**Гагауыз жазуы.** ССРО құлағаннан кейін және молдаван жазуы латын графикасын қабылдағанына байланысты 1993 жылдың қантар айында республиканың жоғары кенесі гагауыз жазуын латын графикасына көшіру туралы заң қабылдады<sup>2</sup>.

Ондағы әліпби құрамы мынадай еді: A a, Ä ä, Ā ā, B b, C c, Ç ç, D d, E e, F f, G g, H h, I i, Í í, K k, L l, M m, N n, O o, Ö ö, P p, R r, S s, Ş ş, T t, T t, U u, Ü ü, V v, Y y, Z z<sup>3</sup>. Яғни гагауыз тілінің өзіне тән фонемаларының таңбасы толық бейнеленді. 1996ж. әрпінің орнына ê таңбасы ауыстырылды (33-кесте).

33-кесте. Казіргі гагауыз алфавиті

A a	Ä ä	B b	C c	Ç ç	D d	E e	Ê ê	F f	G g	H h
I i	Í í	J j	K k	L l	M m	N n	O o	Ö ö	P p	R r
S s	Ş ş	T t	T t	U u	Ü ü	V v	Y y	Z z		

<sup>1</sup> Соегов М. Новый туркменский алфавит: некоторые вопросы его разработки и принятия. İktisat ve Girişimcilik Üniversitesi, Türk Dünyası Kırgız-Türk Sosyal Bilimler Enstitüsü.

<sup>2</sup> Правила орфографии и пунктуации гагаузского языка/П. А. Чеботарь и др.. – Кишинёв, 2014. – 72 с..

<sup>3</sup> О переводе гагаузской письменности на латинскую графику. Парламент Республики Молдова.

2014 ж. «Правила орфографии и пунктуации гагаузского языка» еңбекте қосымша таңбалар туралы мәлімет жоқ<sup>1</sup>.

**Қарақалпақ жазуы.** Қарақалпақ әліпбі 90ж. кейін өзбек жазуының латын графикасын қабылдауына байланысты 1994 жылдың ақпан айында латын әліпбіне негіздеген мына жаңа жобасын бекітті: Aa, Ää, Bb, Dd, Ee, Ff, Gg, Ģğ, Hh, Xx, Iı, İi, Jj, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Ññ, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Üü, Vv, Yy, Zz<sup>2</sup>. Бұл әліпбі түрік алфавитіне ұқсады. Алайда 1995ж. өзбек әліпбі де, қарақалпақ әліпбі де қайта қаралып, алфавиттен диакритикалық таңбалар шығарылып, орына диграфтар мен апострофы бар әріптер қолданылды. Жаңа жазуға 2005 жылы өту жоспарланды<sup>3</sup>. 1995ж. әліпбі құрамы мынадай болды: Aa, A'a', Bb, Dd, Ee, Ff, Gg, G'g', Hh, Xx, Iı, İi, Jj, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, N'n', Oo, O'o', Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, U'u', Vv, Ww, Yy, Zz, Sh sh Birgit N. Schlyter<sup>4</sup>.

2009ж. бұл әліпбі тағы өзгеріп, 8 қазандағы жарлықта ts әріп тіркесі с әрпіне алмасты. e, o, o' әріптері төл сөздердің басында ye, wo және wo' болып жазылды. Iı әрпі I'I' болып жазылды. Ch диграфы пайда болды (34-кесте).

Дауыстылар өзбек әліпбіндегідей апострофпен берілді, дауыссыздар апострофпен де (g', n'), әріп тіркесімен де (ch, sh) таңбаланды.

Сонда қазіргі қарақалпақ мәтіні мына түрпатта: *Jayxun jag'asında o'sken bayterek, Tu'bi bir, shaqası min' bolar demek. Sen sonday sayalı, quyashlı elsen', Tmishlıq ha'm ig'bal sendegi tilek. Diyxan baba na'pesi bar jerinde, Juwsan an'qıp, kiyik qashar sho'linde. Qaraqalpaqstan degen atın'dı, A'wladlar*

<sup>1</sup> Правила орф. и пункт. гагаузского языка /П. А. Чеботарь и др. Кишинёв, 2014. 72 с. <https://ru.wikipedia.org>

<sup>2</sup> Birgit N. Schlyter The Karakalpaks and other language minorities under Central Asian state rule // Prospects for Democracy in Central Asia. Swedish Research Institute in Istanbul, 2005. C. 86-87.

<sup>3</sup> Birgit N. Schlyter Language Policies in Present-Day Central Asia // International Journal on Multicultural Societies. UNESCO, 2001. Fasc. Vol. 3, No. 2. P. 130.

<sup>4</sup> The Karakalpaks and other language minorities under Central Asian state rule // Prospects for Democracy in Central Asia. Swedish Research Institute in Istanbul, 2005. C. 86-87.

*a'diwler ju'rek to'rinde. Aydm keleshekke shaqırar zaman,  
Ma'rtlik miynet, bilim jetkizer og'an. Xalqın' bar azamat, dos  
ha'm miyirhan, Erkin jaynap-jasnap, ma'n'gi bol aman. Diyhan  
baba na'pesi bar jerinde, Juwsan an'qip, kiyik qashar sho'linde.  
Qaraqalpaqstan degen atin'di, A'wladlar a'diwler ju'rek  
to'rinde.*

34-кесте. Қазіргі каракалпак әліпбій<sup>1</sup>

A a	B b	C c	D d	E e	F f	G g	H h	I i	J j
K k	L l	M m	N n	O o	P p	Q q	R r	S s	T t
U u	V v	W w	X x	Y y	Z z	A' a'	O' o'	I' i'	U' u'
G' g'	N' n'	Sh sh	Ch ch						

Кирилдегі *и*, у әріптерінің құрамы ажыратылып жазылады: *diyhan, juwsan, kiyik*.

Қарақалпақ жазуынан түйетініміз: кирил жазуындағы и, у әріптерінің құрамын ажыратып жазу тәжірибесімен алмасуға болады.

Төменде латын графикасын қолданатын қазіргі түрік (1928 ж.), әзербайжан (1991 ж.), өзбек (1993 ж.), түрікмен (1993 ж.), қарақалпақ (1993 ж.) алфавиттерінің салыстыру кестелерін (35-кесте) бердік.

35-кесте. Түрік (1928 ж.), әзербайжан (1991 ж.), өзбек (1993 ж.), түрікмен (1993 ж.), қарақалпақ (1993 ж.), гагаузы (1993 ж.) латын алфавиттерінің салыстыру кестесі

	түрік	әзербайж.	өзбек	түркімен	каракалп.	гагаузы	фонема
1	a	a	a	a	a	a	a
2	b	b	b	b	b	b	b
3	c	c	-	j	-	c	ʒ
4	ç	ç	ch	ç	ch	ç	č
5	d	d	d	d	d	d	d
6	e	e	e	e	e	e	e
7	g	g	g	g	g	g	g

<sup>1</sup> «Latı'n jazı'wi'na tiykarlang'an Qaraqalpaq a'lipbesin yengiziw haqqında»g'i' Qaraqalpaqstan Respublikası' Ni'zami'na qosı'mshalar ha'm wo'zgerisler kırkızw haqqı'nda Qaraqalpaqstan Respublikası'ni'n Ni'zami'

8	ḡ	ḡ	ḡ'	-	ḡ'	-	y
9	h	h	h	h̄	h̄	h̄	h̄
10	l̄	l̄	-	v̄	l̄	l̄	v̄
11	ī	ī	ī	ī	ī	ī	ī
12	j̄	j̄	j̄	ž̄	j̄	j̄	ž̄
13	-	q̄	q̄	-	q̄	-	q̄
14	k̄	k̄	k̄	k̄	k̄	k̄	k̄
15	l̄	l̄	l̄	l̄	l̄	l̄	l̄
16	m̄	m̄	m̄	m̄	m̄	m̄	m̄
17	n̄	n̄	n̄	n̄	n̄	n̄	n̄
18	-	-	nḡ	ň̄	n̄'	-	ň̄
19	ō	ō	ō	ō	ō	ō	ō
20	ȫ	ȫ	ō'	ȫ	ō'	ȫ	ȫ
21	p̄	p̄	p̄	p̄	p̄	p̄	p̄
22	r̄	r̄	r̄	r̄	r̄	r̄	r̄
23	s̄	s̄	s̄	s̄	s̄	s̄	s̄
24	ş̄	ş̄	sh̄	ş̄	sh̄	ş̄	ş̄
25	t̄	t̄	t̄	t̄	t̄	t̄	t̄
26	-	-	-	-	ū	ū	ū
27	ǖ	ǖ	-	ǖ	ū'	ǖ	ǖ
28	v̄	v̄	-	-	v̄	v̄	v̄
29	ȳ	ȳ	ȳ	ý̄	ȳ	ȳ	j̄
30	z̄	z̄	z̄	z̄	z̄	z̄	z̄
31	-	ә	-	ä	ā'	ê	ä
32	-	x̄	x̄	-	x̄	-	x̄
33	ū	ū	v̄	w̄	v̄	w̄	w̄
						t̄	

Латын графикасына бүгінде негізінен оғыз тобындағы тілдер өтіп отыр. Келешекте қыпшақ тобындағы тілдер өту үшін төменде көрсетілген әріп айырмашылықтарын (36-кесте) болдырмаудың мүмкіндігі бар. Сондықтан графаның сол жағында латын негізді жоба әріптер берілген.

36-кесте. Казіргі қыпшақ тобы тілдерінің әліп билеріндегі айырмашылыктар және ортақ әліпби жобасы

латын жоба	казақ	қырғыз	ногай	татар	башк.
а	а	а	а	а	а
ä	ә	-	аъ	ә	ә
б	б	б	б	б	б
v	в	в	в	в	в
g	г	г	г	г	г
ḡ	ғ	-	-	-	ғ
d	д	д	д	д	д
j	ж	ж	ж	ж	ж
z	з	з	з	з	з

у	й	й	й	й	й
и	и	и	и	и	и
к	к	к	к	к	к
қ	қ	-	-	-	қ
л	л	л	л	л	л
м	м	м	м	м	м
н	н	н	н	н	н
һ	һ	һ	һъ	һ	һ
о	о	о	о	о	о
ө	ө	ө	ө	ө	ө
р	п	п	п	п	п
г	р	р	р	р	р
с	с	с	с	с	с
т	т	т	т	т	т
ү	ұ	-	-	-	-
ү	ү	ү	ү	ү	ү
у	ү	ү	ү	ү	ү
ф	ф	ф	ф	ф	ф
-	х	х	х	х	х
-	ц	ц	ц	ц	ц
-	ч	ч	ч	ч	ч
§	ш	ш	ш	ш	ш
-	щ	щ	щ	щ	щ
-	ъ	ъ	ъ	ъ	ъ
ы	ы	ы	ы	ы	ы
і	і	-	-	-	-
-	ь	ь	ь	ь	ь
-	э	э	э	э	э
-	ю	ю	ю	ю	ю
-	я	я	я	я	я
һ	һ	-	-	һ	һ
с	-	-	-	жж	-
ç	-	-	-	-	çç
з					зз

Бұл туралы кезінде 1991 жылы 18-20 қарашада Анкарада өткен «Қазіргі таңдағы түркі әліпбилері» атты халықаралық симпозиумда проф. К.Мусаев: «....татар, қырғыз, түркімен, ногай, алтай тілі әліпбилерінде қәрпі орнына қәрпі қолданылады; карашай жазуында о әрпі ө дыбысының орнына да қолданылады; өзбек әліпбійнде о әрпі еріндік а орнына таңбаланады. Кейбірі бір дыбысты беру үшін екі таңбаны қолданады: карашай-балқар, қырым-татар әліпбилерінде қ беру үшін (**къ**) таңбасын жазады; ногай мен құмық жазуында ө беру үшін өв таңбасын қолданады. Накас ғалымдарының зерттеуі бойынша, бір дыбысты қос таңбамен беру нәтижесінде текс-

тер 10 пайызға артады екен» деп, жана әліпби түзуде қалпына келтірудің мүмкіндігі барын айтқан<sup>1</sup>.

Бұл тілдердің ішінде қыпшақ тобынан алшақ жататын қырғыз тілі бүгінде географиялық орналасуына қарай қазақ тіліне жақын тілдің біріне айналды. Сондықтан бірлестіруге қосуға болады. Мысалы, қазіргі қырғыз әліпбиеінде 8 фонеманы (ғ-ғ, қ-қ, і-и, у-ү) таңбалайтын 4 әріпті (ғ, қ, и, у) 8 әріппен беруге мүмкіндік бар. Графемасы қазақ әліпбиеімен бірдей ң, о, ү әріптері бар.

Ал 80 ж. аяғында татар ұлттық қозғалысы басталғанда кирил-татар әліпбиеіне енді 3 әріп қосып жетілдіруге болатыны жайлы ұсыныстар айтылған<sup>2</sup>. 90 ж. яналифке қайта оралу да ұсынылды. 1997 ж. делегаттар латын графикасына өтуді бірауыздан қолдағанмен, 2002 ж. Ресей президенті В. Путин «РФ халықтары тілі» туралы занда кирил графикасы қолданылады деп бекітті. Кейін бұл мәселе қайта көтеріліп, 2011 ж. дейін татар жазуы латын графикасына өтуді жоспарлаған болатын<sup>3</sup>. Алайда қазір татар халқының жоғары сауаттылығы мен баспа ісінің дамуы жаңа жазуға көштірмейтін күшті аргумент болуда<sup>4</sup>. Дегенмен қазірде кирил жазуымен татар тілінде 10 мың кітап шықса, 30 ж. латын жазуымен 7 мың кітап шықкан екен. Ендеше сол 7 мың кітапты қайта иеленуге мүмкіндік туады деген сөз<sup>5</sup>. Қазір татар тілінде интерференция проблемасы күшейген, яғни татар мәтінін орыс тексін оқығандай оқу.

1991 жылы, 18-20 қарашада өткен «Қазіргі таңдағы түркі әліп билері» атты халықаралық симпозиумда Қазаннан барған Рафаэль Мұхаммеддинов: «Татарстанда латын тіліне көшуге келіскендерді үш топқа бөлуге болады:

1) Отзынышы жылдардағы латын әліпбиеін қайта енгізуі ұсынғандар. Олардың көбісі қарттар;

<sup>1</sup> Мұсаев К. сезі. 1991 жылы, 18-20 қарашада өткен «Қазіргі таңдағы түркі әліп билері» атты халықаралық симпозиум мат. жин.

<sup>2</sup> Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбие... 109 б.

<sup>3</sup> Сонда, 110 б.

<sup>4</sup> Сонда, 105 б.

<sup>5</sup> Сонда, 284 б.

2) Түрік әліпбінен өзгеше, жаңа бір әліпби құрастыруды ұсынатындар, бұлар технократтар;

3) Түрік әліпбі негізінде құрастыруды қалайтындар. Олардың көбісі жастар мен саясаттан алыс кетпеген адамдар» деп, латын негізді әліп билерді оғыз, қыпшак, қарлук, алтай-сібір бөліктегі бойынша өзара әліпби құрастыру көректігін айтады. Және ғалымның мына сөзі сол жылдардағы латын легіне ілеспеген түркі халықтарын ойландыруы керек еді: «Кенес Одағы атты алып бір империя құлады. Оның орнына Ресей атты жаңа бір патшалық бар. Бірақ ол әлі аяққа тұрган жоқ. Біз осы мүмкіндікті пайдаланып, шұғыл түрде бір шешімге келуіміз керек. Егер біз қазір үлгемесек, Ельцин патшалығы қуаттанып, нықтанып кеткен күнде оның құрамындағы халықтардың жағдайы қызын болмақ. Тіл – жол болса, әліпби сол жолдың көлігі»<sup>1</sup>.

#### 4.5 Қазақ жазуының латын графикасына өту мәселелері

Қазақ жазуының тарихында тағы бір маңызды белес түр. Ол – графика ауыстыру, әліпби жетілдіру науқаны. Науқан деп атауға тұра келетін болса, расында да қазақ даласы үшін әліпби алмастыру әлеуметтік-саяси дәуірлердің ауысуына сай келетін немесе соны бекітетін, саяси экономикалық мәні бар, ұлт саясатының құрамдас бір бөлігі болып саналды. Бұған көне түркі жазуынан бүгінгі орыс графикасына негізделген жазуымызға дейінгі дәуірлік әліп билерімізге назар аудара отырып, көз жеткізуге болады. Бір қуанарлық жайт – бұл мәселе бүгінде аяқасты, бір құрылтай мүшелерінің қатысуымен ғана шешіле салмай, көпшілік назарына ұсынылып, әлеуметтік мәселеге айналуында. Бір қуанарлығы – жаңа әліпби бір ай ішінде қабылданып, (мысалы, орыс графикасына көшу 1939 жылдың 20 желтоқсанынан 1940 жылдың 15 қаңтарына дейінгі аралықта орындалды), оны қолданбағандар үкімет әліп-

<sup>1</sup> Рафаэль Мұхаммеддинов сөзі // 1991 жылы, 18-20 карашада өткен «Қазіргі таңдағы түркі әліп билері» атты халықаралық симпозиум. мат.

біін аяққа басқандар деп, жауапқа тартылатын, оны бақылау прокуратураға тапсырылатын<sup>1</sup>, болмаса араб жазуынан латын жазуына көшердегідей, бір дауыстың формалды артықшылығымен мәселені шеше салу науқанының келмеске кеткени<sup>2</sup>.

Міне, сондықтан әліпби ауыстыру үстірт, асығыс саясатың араласуымен науқан түрінде өткізіліп келуі ендігі жаңа жазу – латын графикасына көшуде мәселенің экстралингвистикалық та, лингвистикалық та шарттарын өзара үйлестіре отырып қарастыруды міндеттейді.

Латын әліпбиең көшу жайлы алғашқы ресми пікір акад. Э.Қайдардың 1993 жылдың 24 қазанындағы «Ана тілі» газетінде жарияланған «Латын әліпбиең болашағы зор» атты мақаласынан<sup>3</sup> бастау алды. Ғалым қазақ жазуының жедел түрде орыс графикасына көшуінің мынадай себебін келтірді: «Түркия елінің ғалымы, профессор Тимур Қожаоглу «Жаңа түсінік» газетіне (09.08.1991) былай деп жазады: «Кеңес үкіметі 1927 жылы КСРО-дағы бүкіл түркі халықтары қолданып келген араб жазуын латын алфавитімен ауыстырды. Бірақ Түркияда да 1928 ж. латын алфавиті түрік жазуы болып қабылданғандықтан кеңес басшылары Анатолия түрктері мен Кеңес Одағындағы түркітілдес халықтардың мәдени байланысының арта түсуінен қауіптеніп, 1939-1940 жок. кейін оларға міндетті түрде кирилл алфавитінің бір-бірінен паркы бар алты түрін қабылдатқызыдь». Сол себепті ғалым ендігі әліпби ауыстыру саясаттың араласуынсыз еркін таңдауда болатынын және ол «ұлтаралық, халықаралық, жалпы дүниежүзілік тарапу денгейі жоғары», әрі «тілдік фактілерді» дәл таңбалаудың үлгісі ретінде ресми түрде халықаралық фонетикалық транскрипция болып қабылданған латын жазуы болу керектігін пайымдайды<sup>4</sup>.

<sup>1</sup> Ижанов З. Әліпби туралы архив не дейді // Қазак әдебиеті 7.07.00.

<sup>2</sup> Камзабекұлы Д. Қазак зияллыларының әліпби айтысы // Қазак әдебиеті. 14.12.01.

<sup>3</sup> Э.Қайдар «Латын әліпбиең болашағы зор» // Ана тілі 1993. 24.10.

<sup>4</sup> Э.Қайдар «Латын әліпбиең болашағы зор» // Ана тілі 1993. 24.10.

Акад. Ә.Қайдардың бұл үлкен бастамасы ғалымдар мен тілші қауым тарапынан қызу пікір-таластың, идеялардың түрткісі болды.

Бұл тақырыпта 90 ж. бермен қарай мерзімді баспасөз беттерінде 60-тан аса мақала жарық көрді. Мамандықтары мен жас ерекшеліктері, қызметі әртүрлі мақала авторларының көзқарастары мен ой-пікірлері де алуан түрлі. Оларды шартты түрде мынадай көзқарастарға топтауга болады.

Латын графикасына көшуді жақтайтын бағыт, олардың негізгі дәйектері: – латын әліпбін қабылдау – компьютерлендіру ағымына ілесу, халықаралық аrenaға шығу, интернетті толыққанды пайдалану үшін;

электронды пошта, телеграф қызметін кеңінен қолдану үшін;

ортак түркі жазуын қалыптастыру үшін;

қазақ тілінің тілдік табиғатын қайтару немесе сақтау үшін;

орыс тілінің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық денгейдегі әсерінен құтылу үшін керек.

Латын графикасына көшуге қарсы бағыт.

Көне түркі жазуына қайта оралуды ұсынатын бағыт.

Қазіргі жазуды реформалауды жақтайтын бағыт.

Акад. Ә.Қайдар газет-журнал бетінде жарық көрген мақалалар тасқынын көріп, әліпби арқылы атағын шығарғысы келетіндердің де, әр қайсысы-ақ қазақ жазуының авторы болғысы келетіндердің ниетін сезініп, 1996 ж. Ә.Қайдар саналы азаматтардың ұйымдастыруын, өзара бірігуін, президенттің ресми жарлығын сұраған<sup>1</sup> мақала жариялады. «Бұл – түркі әлемі үшін ғасыр проблемасы. Бұл мәселе қай үкімет басшысының тұсында шешіледі? Програмистер мен лингвистер бір шешімге келу керек» дейді<sup>2</sup>.

Негізінен, Ә. Қайдардың латын жазуына көшуді жақтаған ұсынысы түркі халықтарына ортақ әліпби, ортақ жазу жасау тілегінен туындаған еді. Фалым жасаған әліпби жобасында

<sup>1</sup> Кайдаров Ә. Казакқа латын жазуы керек пе, жоқ па? // Егемен Қазакстан. 6.01.96.

<sup>2</sup> Қайдар Ә. Жеті жыл жыр болған жазу жайында // Егемен Қазакстан. 16.06.00.

<дж>-j, с<ч>, f<ф>, v<в> әріптері бар. Алайда Ортақ Анкара жобасындағы 34 әріптің екеуін – әзіrbайжан, онын – өзбек, сегізін – түркімен жаңа латын әліпбилерінде пайдаланбады. Сөйтіп, түркі халықтарының жаңа әліпбіндегі 8-ден 20-ға дейін әріп айырмашылығы болды<sup>1</sup>.

Бұл ортақ түркі әліпбі туралы сөз қозғау қажеттілігінің төмендегенін көрсетті.

Латын графикасына өтуді жактаушылардың пікірінде, әсіресе программист, экономист мамандардың пікірінде латын жазуы дүниежүзілік аренага шығу үшін, халықтың компьютерлік сауатын арттыру үшін, техникалық прогрессе ілесу үшін қажет деген көзқарас басым болды. Мысалы, Н.А. Айтқожин: «Ендігі жазу алдыңғы қатарлы технология, күрделі баспахана құрылғылары әртүрлі саладағы жоғарғы білікті мамандардың қатысуының шешіле алмайды. Компьютердің стихиялы түрде таралып кетуі, ортақ стандарт шрифтің болмауы бұл мәселенің әлеуметтік-саяси мәні бар екенін байқатады, компьютердің басқыш-тетігі минутына 600-1000 таңбага дейін салуға арналған, неге біз оны пайдаланбаймыз» деді. «Ни один из тюркоязычных алфавитов, основанных на кириллице не попал в перечень алфавитов, которое поддерживаются программным обеспечением современных компьютеров» деді тағы да автор<sup>2</sup>.

Ал А.Мереке электронды пошта, пейджинг саласында қазақ әріптерінің жоқтығынан небір сорақы сөздер жазылады. Қазақ мәтіні үшін арнайы драйвер алып жүру керек. Интернетте Web-бет құру үшін, пейджермен хабарласуға, электронды сөздік, электронды тілмаш жасау үшін, тілдің орфографиясын жасау үшін латын жазуы керек деді<sup>3</sup>.

А.Шәріпбаев қазақ әліпбі компьютердің басқыш-тетігіндегі ағылшын әліпбіне сәйкес болу керек, одан өзгертудің еш негізі жок; осы стандарт сақталынса ғана қазақ ті-

<sup>1</sup> Алтай М. Латын таңбалары. Қазақ әліпби нұсқаларына сын // Ана тілі. 15.08.02.

<sup>2</sup> Айтхожин Н.А. Вопросы реформы казахского алфавита // Саясат. 1998. № 12.

<sup>3</sup> Мереке А. Латиница объединит тюроков // Новое поколение 26.11.99.

лінің құрылымдық жүйесін саралауға, компьютерлік өндөудің ынғайлы жүйесін жасауға кез келген графикадағы мәтінді оқып, оны басқа графикаға көшіруге болады деді. Сонда компьютерлендіру дегеніміз орфографиялық, терминологиялық, фразеологиялық сөздік жасау, қазақ тілін грамматикасын оқыта алатын және қазақ тілін басқа тілге және кері аудара алатын программа жасау болып табылады деді<sup>1</sup>.

Сонда әліпби ауыстырудың кажеттілігі қазақ тілін орыс тілінің әсерінен қорғау, тілдің табиғи дамуын қүшету, қазақ тілін сактау үшін керек дегенге барып тіреледі<sup>2</sup>. Себебі жазуын қабылдаған тілдік ортада өмір сүрген тілге тіл деформациясына ұшырау қаупі қүштірек болады. Графикасын алу арқылы сол тілдің фонемаларын өз тіліміздің дыбыс жүйесіне теліп, термин қатарын қебейтеміз деп, өзге тілдің лексикалық қабатын көшіріп алғып, тіке аударма, калька жасау арқылы сол тілдің сөз тіркесін, синтаксисін, сөйлем, мәтін құрау синтаксисін көшіріп алу арқылы бірте-бірте тілдің табиғи даму жолынан ауыткуымыз мүмкін. Өйткені қазір кез келген сөз бен мәтінге дейінгі бірліктер орыс тілі мен қазақ тілінде қатар айтылып, жазылуы міндетті болды. Және кез келген мәтін алдымен орыс ұлты тілінде түзіліп, сосын барып қазақ тіліне аударылатыны дәстүрге айналды. Әрі қазір Қазақстанда 7,5 млн. қазақ (44,3%), 6 млн. орыс (35,3%) тұратынын<sup>3</sup> ескерсек, орыс тілінің әсері азая қоймайтынын байқаймыз.

**Газет-журнал мақалаларының енді бір тобы әліпби ауыстыруға қарсы.** Бұл бағыттың негізгі дәйектері мынаған санды: 1) латынға көшу бір қадам кейін шегіну, өткенге қайта оралу<sup>4</sup>. 2) Жаңа жазу экономикамызға нұқсан келтіреді,

<sup>1</sup> Шәріпбаев А. Латынсыз, компьютерсіз көзіміз ашылмайды // Егемен Қазақстан. 27.12.00.

<sup>2</sup> Исхан Б. Латын гарпіне көшу тілімізді сактау үшін керек. // Қазақстан 27.09.2001. Итқұлов К. Лажы келсе, латынға көшсек // Зан 31.07.96..

<sup>3</sup> Исмагұлова А. История казахского языка. Алфавит. Поиск, 1998 №2. Серии Гум.

<sup>4</sup> Есенов К. Барымен базар болған абзal; Сауытбеков С. Ескі жұрттан жүрка жинамайық // Халық кенесі 11.01.95.

реформаға әуесқойлық қана<sup>1</sup>, 3) кириллицамен де интернетке шығуға болады; орыс графикасымен халықаралық коммуникация жасауға келмese де, бұл графикамен алдынғы қатарлы технология жетістіктерін пайдалана аламыз; Париждің әлемдік интернет ақпараты 2001 ж. 56 болып қазақ тілін интернетке енгізді<sup>2</sup>, орыс әріптері тілімізді байытады<sup>3</sup>, латынға ауысу экономикалық, психологиялық проблема әкеледі, сондықтан үйренген осы кириллица жазуымызды реформа жасап, қазақ тілінің дыбыс құрамын орыс әліпбійнің 31 әрпімен ғана былай беруге болады: **ә – ae, һ – kh, ѡ – i, ұ – yo, ғ – gh, ү – ye, ё – yo, ө – ё, ң – ng, қ – k, ал ъ, ь** таңбаларын алдып тастау<sup>4</sup>, 4) жазу тұрақтылығы – рухани консерватизмді көрсетеді, жазуды өзгерту – мәдениетті елдің нышаны<sup>5</sup>, 5) латын жазуын қабылдау үшінші тіл (орыс, қазақ, ағылшын) проблемасын тудырады. Ағылшын тілінің әсері күшнейеді<sup>6</sup>. Кейбір мақалалар саяси астар іздеді, мысалы, В.Панфилова, С.Салимовтың «Астана отгородиться от Москвы алфавитом» (Независимая газета 27 октябрь, 2006.), Л.Увалиеваның «Страсти по буквам» (Караван, 03.11.2006) мақалаларында негатив көзқарас басым болды.

Әліпбі ауыстыру заман талабы болса, жазуымызды көне түркі графикасына салайық деген бағыт айналасына шоғырланған пікірлер арасында проф. Ә.Жұнісбековтің ұсынған

<sup>1</sup> Садыrbайұлы С. Реформаға әуесқойлық // КӘ. 23.06. 2000. Каракұлов М. Әліпбі таңдайтын заман ба осы. 14.05.92. АТ. Әбіш К. Асықпа, сабырынды сакта, қазақ. // ЖА. 25.10.94; Байтесов, Актомпышкызы Ж. Әліпбімен алыса береміз бе // АТ. 2002 18/08. Оралбеков О. Қазак үшін бұл ғасыр каріпке таласумен басталып, каріпке таласумен аяктала ма? // КӘ. 1.12.00; Әблқасымов Б. Тарих тәғылымын ескерсек // Ақиқат. 1995. № 3. 69 б. Асанов Н. Латынга кошу – баянсыз тірлік // ЕҚ. 27.12.00.;

<sup>2</sup> Қазак тілі әлемдік интернетке жол тартты // Ана тілі. 15.02.01.

<sup>3</sup> Оралбеков О. Қазак үшін бұл ғасыр каріпке таласумен басталып таласумен аякгала К // КӘ. 1.12.00; Нұржекеұлы Б. Жаңа жазуға кошу – барынды жогалту // 5.12.00. ЕҚ; Баймұханбетов С. Неутомимая жажда реформ // Каз. Правда 1999, 16/X;

<sup>4</sup> Прманов К. Звук и буква // Аргументы и факты. 2001 №25, №26;

<sup>5</sup> Алдамжар Б. Парсылар латынды неге қабылдамады // Зан 13.03. 96.;

<sup>6</sup> Сұлтанмұратов Б. Қосылғыштардың орнын ауыстырганмен қосынды озгермейді // Казахстан. 27.09.01.

әліпбі өрекшे болды. Фалым әліпбінің жазу графикасы тік, көлбеу және қиғаш үш сзыықтан ғана тұрады, ал жуан дауысты үшін бір қиғаш сзыық, жінішке дауысты үшін екі қиғаш сзыық алғынған. Әліпбі негізі дауыссыздарға табан тірдейді. «Тұрқы бөлек жазудың шәкірт санаға тіл шығарар және психологиялық әсері болады. Сөйтіп барып, баланың тілінде ана тілдің айтылу үлгісі қалыптасады, бір қалыптасып алған соң ол оңайлықпен бұзыла да қоймайды» дейді фалым<sup>1</sup>. Сөйтіп, профессор ұсынған түркі әліпбі көне түркі жазуының графикалық белгілерін пайдаланған, А. Байтұрсынұлының жазу теориясын негізге алған ықшам, үйренуге оңай, үнемді әліпбі екенін көреміз.

Көне түркі графикасына көшуді сатылад жүзеге асыруды, ол үшін алдымен латын графикасына көшіп, келесі онжылдықта түркі жазуына түбебейлі өтуді көздейтін теориялық көзқарас та бар<sup>2</sup>. Және қазірден бастап көне түркі жазуына көшуді жақтайдындар да бар<sup>3</sup>. Көне түркі жазуына көшүге рухани қажеттілік болғанмен, техникалық, экономикалық, психологиялық тіпті әлеуметтік мүмкіндіктеріміз жібермейді. Бұл бағыттағы пікірлерді, бар болғанмен, азшылық дауысқа ғана ие, жазу ауыстыру ұсынысы басталған алғашкы кездегі патриоттық, ұлтшылдық сезімнен шыққан көзқарастар қатарына жатқызуға болады.

Ал латын графикасын қабылдау қажеттілігін, ондағы әліпбі құрамын көрсететін мақалалар жетіліп артылатынын көреміз. Қазақ тілінің дыбыс жүйесін латын графикасының 26 әрпімен қалай береміз деген сауалға мақала авторларының мынандай бағытта жауап бергендерін байқаймыз. Бірінші бағыт, басты бағыт – латын әліпбінің құрамының шықпау, 26 әріптің мүмкіндігін пайдалану, бұл экономикалық шығынды азайтып, халықаралық коммуникацияны жеделдетеді.

Жалпы, этрус әліпбінің бір бұтағы болып табылатын латын жазуы – б.э.д. VIIғ. пайда болып, б.з. I-VIIғ. толық

<sup>1</sup> Жұнісбек Э. Төл жазусыз түгелдік болмас // Ана тілі. 16.01.92.

<sup>2</sup> Жакыпов Ә. Біз бет түзөр бағдаршам // Ана тілі. 9.12.93.

<sup>3</sup> Сыпатаіұлы С. Ата жазуымызды аскактатайық // Ана тілі. 9.12.93; Мектеп-тегі Аманқос. Ежелгі руна жазуы – мемелекеттің рәмізі // КӘ. 18.10.02.

жетілген, басында 20 таңбасы бар, кейін б.э.д. I ғ. грек сөздерін жазу үшін у, з әріптерімен толықкан, сонында тағы бір әріп қосып 23 таңбаға жеткен қазіргі латын жазулы тілдердің түпнұсқасы болған әліпби. Негізгі әліпби құрамы мынадай:

1. A [a]	9. I [и]	17. R [р]
2. B [б]	10. K [к]	18. S [с]
3. C [ц] [к]	11. L [л]	19. Т [т]
4. D [д]	12. M [м]	20. V [в]
5. E [Э]	13. N [н]	21. X кс
6. F [ф]	14. O [о]	22. Y [у]
7. G [г] жің	15. P [п]	23. Z [з]
8. H [ғ] жуан	16. Q [қ]	

Компьютер тетігіндегі қазіргі ағылшын әліпбінен и және w әріптерінің жоқтығымен ерекшеленеді.

Қазақ тілі дыбыстар жүйесін латын әліпбінің таңбаларымен ғана беруді жақтайдын бағыт, сонымен, қазақ тіліне тән фонемалар үшін дыбыстық мәні жоқ, сирек қолданылатын бір ағылшын әрпін маркер ретінде алып, белгілеуді ұсынады. Мысалы, н, ш, ч, f дыбыстарын h таңбасын қосақтап таңбалау: nh - <н>, sh<ш>, tsh (ч), gh (f), болмаса j – әрпін маркер етіп алу: ja<ә>, je<Э>, jo<ө>, jc<ш>, jg <ф>, js <ч>, jk<к>, ji <й>, ju <у>, jn <н>, жіңішке дауыстылар үшін е таңбасын маркер түрінде қолдану: ae - <ә>, oe<ө>, ue <у>. Тіпті жуан дауысқа бір белгі (j), жіңішке дауысқа бір белгі (i) жазуды ұсынған жобалар да бар, мысалы kior (көр), kjol (қол). Кейде тіпті нағыз ағылшын жазуының дәстүрін сақтап, бір с әрпі <k>, <c>, <i> фонемаларын берсін, егер с таңбасымен e, i, u әріптері іргелес келсе, таңба [ц] болып оқылсын деген ұсыныстар болды.

Бұл көзқарас бағытындағылар қазақ тілінің дыбыстық жүйесін компьютердегі ағылшын-латын түйметақтасының таңбаларына сыйғызу қазақ тілінің әлемдік стандартқа шығуна жол ашады деп біледі.

Авторлардың ойынша, ағылшын-латын стандартынан шығу қазіргі әліпбімізде қала берумен барабар. Неміс жа-

зының өзі XVIII ғ. дейін қолданған **ае**, **ое**, **іе** графемаларын пайдалануда, өйткені қос нүктелі әріп «БЕЙСИККЕ» қайши. Түркия, Венгрия, Балтық елдерінің жазуларының өзі қазір кез келген компьютерге жүрмейді. Сөйтіп, мұндай пікір айналасындағылар ағылшының 24 әрпінің үстіне 10-11-ге дейін қосар әріп алуды ұсынады. Сонда, мысалы, әдемі сөзін жазу үшін 7 таңба тереміз: *jademju*, *ənіm* деген сөзді жазу үшін төрт тетіктің орнына алты тетік басылады: *aeniem*. Сөздің жінішке үндесімін екі рет көрсетеміз. Жазу үнемділігін сактамаймыз, көзben қарман оқуды қындардамыз.

Бұған қарап отырып, қазақ жазуы үшін ендігі жердегі ке-зендік қауіп саясат, тілдік саясат емес, ағылшын-латын стандарты, өркениеттің ғылыми техникасы, нарық пен экономика болатынына көзің жетеді.

Әліпбиді жетілдіре қолдану бағытындағы енді бір топ ғалымдар қазақ тіліне тән дыбыстар үшін диакритикалақ таңбалар: әріптерді сзықша, не қос нүкте, нүкте, арқылы белгіленуді ұсынады.

Авторлар дауысты фонемаларға әріпүсті, дауыссыз фонемаларға әріпасты таңбасы бар графемалар ұсынады. Мысалы, ă (ә), ī (ы), ő (ө), ŷ (ѱ), ū (ѱ), ç (ч), ğ (ғ), s, (ш) s (ш)<sup>1</sup>. Сондай-ақ ū (ѱ), ī (и), k (к), ğ (ғ); n (н), ū (ѱ), s (ш), c (ч)<sup>2</sup>, ş (ш), ɳ (н). a' (ә), c' (ч), g' (ғ), ġ' (ҝ), i' (и), n' (н), o' (ө), s' (ш), u' (ѱ), y' (ѱ), g' (и), ä (ә), ö (ө), ī (ы), ğ (ғ), ɳ (н), s - (ш) ž (з), ɳ (н) ï (н), ä (ә), ĵ (и), ö (ө), ū (ѱ) қосымша таңбалары септ-стандартқа сай келеді ğ (ғ), ī (ы), i (и), ñ (н), ö (ө), ş (ш), ū (ѱ)<sup>3,4</sup>.

<sup>1</sup> Тұндікбаев Ж. Латын-түрік жобасы // Ана тілі. 7.09.00.

<sup>2</sup> Жұрынов М. Академик М. Жұрыновтың ұсынысы // Ана тілі. 3.08.00.;

<sup>3</sup> Латын әліпбімен лебіз білдірсек // Қазак елі 14.03.97. (Латын әліпбімен лебіз білдірсек // Қазак елі 14.03.97.; Мереке А. Казахский язык на латинице? А почему бы и нет? Причем совсем скоро // Экспресс-К 5.11.99., Исаулы А. Латын жазуына көшсек // Абай. 2000. №4; Жиенбай Ә. Еуропалық казактар қолданатын латын-казак алфавиті // АТ. 4.01.01.; Мұхаметжанов М. Казақ әліпбінің жаңа жобасы туралы // Заман – Қазақстан. 7.06.96.; Бапыш Ж. Қазақ әліппесі туралы // Жұлдыз. 1994. №2. 202 б.;

<sup>4</sup> Қайдар Ә. Жаңа казақ әліпбі // ЕҚ. 26.07.00.; Жунисбек А. Хусаинов К. Уали Н. Казахский алфавит на основе латинской графики // Известия АН РК. 2000. №1.

Жалпы, бұл таңбалар компьютер жадында бар, халықаралық транскрипцияға сай келгенмен ағылшын-латын стандартынан шығып, қосымша қаражат шығынын әкеледі дейді. Әрі диакритикалық әріптерді белгілеуде графикалық бірізділік, жүйе жоқ екені білінеді. Дегенмен әлемдік жазу түрлеріне диакритикалы әріптер жиі пайдаланылады.

Қазақ тілінің үндесім құбылысы диакритикалы әріптерді қолдану қындығынан «алып шығатын» тәрізді. Сондықтан бір топ мақала авторлары қазақ тілі дауыстылары үшін дәйекше алуды жөн көреді<sup>1</sup>. Инициал позицияға қойылатын дәйекше сөздің бүтін жіңішке екенін білдіреді (*'jihaz* – жійхәз, *'Ahmed* – Әхмәд, *'kinalamatay* – кіналамау); ал аралас үндесімдегі сынарлары бар біріккен сөзді А. Байтұрсынұлының дефис қою арқылы жазуға болады немесе алдыңғы сынардың лабиалдығына қарай не бүтіндей жіңішке, не бүтіндей жуан етіп кіріктіріп жіберуге болады дейді авторлар (Сейтулы С, Бегалыұлы С.).

Егер бұл жоба электронды пошта, интернет арқылы халықаралық коммуникацияға шығу мүмкіндігін берсе, онда біріккен сөз емлесін дефис арқылы жазуға әбден болады деп ойлаймыз. Онда **а-ә** әріптерінің емлесіндегі қындықтан да құтыламыз. Мысалы; *күнәга*, *күмәнданғандықтан*, *кумәнді*, *ләzzat*, *ләzzаттанған* деген тәрізді аралас буынды сөздерді бас позицияға дәйекше қою арқылы бірынғай жіңішке жазып, бірынғай жіңішке оқитын боламыз: *'күнәга [кунәғә], ki mandangandiktan*[*кумәндеңғәндіктән*]. Әрине, соңғы 5-6 буындағы қосымшалар жартылай жуан айтылады.

Осыған сәйкес әріп тіркесі, диакритикалық таңба және дәйекше арқылы жазылған сөздердің тұрпатын, жазу үнемділігін салыстырып көрейік (37-кесте).

<sup>1</sup> Бөлеген Ә., Бөлеген Г., Төрехан Г., Алтай М. Жаңа әліпби қандай болу керек // Заман – Қазакстан. 9.08.96 және ЕК, 17.09.96.; Жұнісбек Ә. Аханың жолы бізге үлгі // ҚӘ. 29.11.02; Исламбек Т. Латинница или вязь? // Каз. Правда 31.07.92.; Исламбек Т. И все-таки будущее – за латиницей // Каз. Правда 27.08.93.; Сейтулы О., Бегалыұлы С. Жаңа казак әліпбіні керек // АТ. 25.10.00.

37- кесте. Әріп тіркесі, диакритикалық танба және дәйекше арқылы жазылған сөздердің жазу үнемділігін салыстыру

<b>аїтылуы</b>	<i>k̥umən</i>	<i>k'ywə</i>	<i>Tsifr</i>	<i>Әбдұйәлій</i>
<b>жазылуы</b>	<i>kumən</i>	<i>Kyə</i>	<i>Цифр</i>	<i>Әбдуәли</i>
<b>әріп тіркесі</b>	<i>kjutjan</i>	<i>kuewae</i>	<i>tsifr</i>	<i>Aebluewaely</i>
<b>диакритика</b>	<i>kütän</i>	<i>Küä</i>	<i>Sifr</i>	<i>Abduälî</i>
<b>дәйекше</b>	<i>k̥itan</i>	<i>'kua</i>	<i>cifr</i>	<i>'Abduali</i>

Сонда ең үнемді жазу дәйекше арқылы жазу болып шыгады. Біздің ойымызша, компьютер мүмкіндігі дәйекше қолдануға жетсе, онда жаңа қазақ әліпбі А.Байтұрсынұлының дәйекше арқылы жазу дәстүрін қайта жаңғыртуы керек. Дәйекшені қолдану тек АБайтұрсынұлының әліпбіндегі емес, Х.Досмұхамедұлының (1925), Қ.Жұбановтың (1934), Н.Төрекұловтың (1925), Ж.Аймауытовтың, Ә.Жұнісбектің (2002) әліпбілерінде ұсынылды. Сонда **а**, **ы-і**, **о-ө**, **ұ-ұ**, **е** әріптері үшін латын әліпбінің **a**, **у**, **o**, **e**, **ÿ** таңбалары алғынады. <**f**>, <**r**>, <**k**>, <**к**> даудыссыздарының фонемалық мәртебесі айқындалғанмен, төрт дыбысты екі әріппен беріп, жуан-жінішкелігін дәйекше арқылы ажыратуға болады (38-кесте).

38-кесте. Дәйекшелі әліпбі жобасы

№	әріп	фон	№	әріп	фон	№	әріп	фон	№	әріп	фон
1	а	а-ә	8	ѓ	ғ	15	м	м	22	т	т
2	б	б	9	һ	һ-х	16	п	н	23	в	в
3	с	ш	10	у	ы-і	17	ң	ң	24	ү	ү-ү
4	д	д	11	ј	ж	18	օ	о-ө	25	у	у
5	е	е	12	қ	қ	19	Р	п	26	і	и-й
6	ф	ɸ	13	қ	қ	20	г	р	27	з	з
7	г	г	14	л	л	21	с				

Жаңа латын-қазақ әліпбілері жобаларының ішінде лингвистикалық негізdemесі айқын алғашқы жобаны профессор Әлімхан Жұнісбек жасады. Фалым латыннегізді қазақ ұлттық әліпбіндегі жасауды 90 жылдардан бастап қойып, қазіргі дейін қорғап, негізден келе жатқан бірден-бір лингвист. Қазіргі жобалардағы әріп диакритикасын да алғаш ұсынған фалым. Әліпбидегі **у**, **и** әріптерінің дыбыстық құрамын ажы-

ратып таңбалалу арқылы сөздің морфем құрамын айқындауды табанды қорғап келе жатқан зерттеуші<sup>1</sup>. (39-кесте)

39-кесте. Проф. Ә.Жұнісбек ұсынатын әліпби жобасы

№	кирилше	латынша	аталуы	№	кирилше	латынша	аталуы
1	А а	А a	а	14	Ң ң	Ңң//Ң ң	ың
2	Ә ә	Ә ә//Ә ä	ә	15	О о	О о	о
3	Б б	В b	бы	16	Ө ө	Ӯ ö	ө
4	F ғ(-Г ғ)	Ğ ğ(-G g)	ғы(-ғi)	17	П п	Р p	пы
5	Д д	D d	ды	18	Р р	R r	ыр
6	Е е	E e	е	19	С с	S s	сы
7	Ж ж	J j	жы	20	Т т	T t	ты
8	З з	Z z	зы	21	Ү у	W w	үү
9	Й й	Y y	ый	22	Ұ ұ	U u	ұ
10	Қ қ(-К қ)	Q q(-K k)	қы(-қi)	23	Ү ү	Ü ü	ү
11	Л л	L l	ыл	24	Ш ш	Ş ş//Ş š	шы
12	М м	M m	мы	25	Ы ы	I i	ы
13	Ң ң	N n	ны	26	I i	i i	i

<sup>1</sup> Жунисбек А. К проблеме реформы казахского письма. Евроцентризм или тюркоцентризм. А., 2015. рукопись.

Әліпбидегі кейбір таңбаларға профессордың өзі былай түсінік береді: «Түркі кеңесі қабылдаған ортақ әліпби ұлгісіне байланысты Ә ё таңбасын Ә ә деп, Ң ң таңбасын Ң ң деп, Ӧ Ӧ таңбасын Ӧ Ӧ деп алуға тура келді. Қанша дегенмен түркі бірлігіне, алшақтай бермей, мойын ұсынумыз керек. Әліпби «Жоба» деп аталады, ендеше ол біткен жұмыс болып саналмайды. «Жоба» деген түзетілуі мүмкін, жетілдірілуі мүмкін, тіптен, қабылданбай да қалады. Сондықтан «Жобага» тек ұсыныс деп қана карау керек. «Жоба» қазақ сөзінің үндесім әуезін, морфем құрамын, буын түркyn, тасымал жігін бұзып жазуға еш мүмкіндік бермейді. «Жоба» мазмұнынан ешқандай тіл бұзар жаңсақ еміле-ереже туында-майды. «Жобага» ақыл қосатын тұстары да жоқ емес. Мүмкін қос нүктө мен қанатшаның орнына бір ғана көлденен сзызықша жүргізе салған әдістемелік тұрғыдан (қол жаттығу) ұтымды болар ма еді. Еміле-ереже құрастыру үстінде де ақылдасып шешетін жайттар бар»<sup>1</sup>.

Жалпы әліпби жасаушы фонолог салғастырмалы тіл білімінен хабары болуы керектігін ғалымдар тарапынан айтылып жүр. Г.О. Винокур туыс тілдердің орфографиясын салыстыра зерттеуді қолға алу тіларалық алшақтықтардың неден ұлғайып отыруын саралауға көмектесетінін айтқан. Орфографиология деген ғылым саласын қалау керектігін ұсынған. Бұл пікір – ортақ жазуды пайдаланса да (кириллицаға негізделген), үлкен алшақтыққа құрылған, бұрынғы Кеңес одағындағы түркі тілдері үшін де, латын әліпбіне көшуді жоспарлап отырған бірқатар түркі тілдері үшін де құнды пікір.

#### 4.6 Жаңа қазақ әліпби құрамы мен графикаға қатысты мәселелер

Қазақ жазуын латын графикасына көшіруде бірқатар мәселелер бар. Олар графикаға да, орфографияға да байланысты. Графикаға байланысты проблемалар әліпбидегі әріптедің таңбасы және әріптің мәніне қатысты. Қазақ тілінің өзіне тән

<sup>1</sup> <http://old.abai.kz/>

дыбыстарын әріп тіркесімен емес, әріпүсті және әріпасты диакритикасымен беру өзге түркі халықтарының әліпбелірімен бірдейлестіруге және жазу үнемділігіне мүмкіндік береді. Сондықтан тілші ғалымдар қазақ тілінің өзіне тән дауысты дыбыстарын әріпүсті қос нұктемен беруді дұрыс көреді (Ә.Жұнісбек, Н.Уәли): <ə> - ä, <ө> - ö, <γ> - ü, <i> - ī, <ы> - ī, <ÿ> - ſ.

Әріпүсті қос нұктеге түрік, өзбек әліпбилерінде бар. Ал қазақ тілінің өзіне тән дауыссыз дыбыстарын әріпүсті доға немесе әріпүсті сызықша арқылы беруге болады: <ғ> - ġ, <ң> - ſ, сондай-ақ <ш> - ş, <қ> - q.

Мысалы, *äyel*, *ädemi*, *kökpar*, *küna*, *kinä*, *iğilim*, *ǵalim*, *tań*, *sana*, *Qasaqstan*, *qasaq*, *śiňgis*, *Resey*.

Әліпби жобаларында <k>мен <q>фонемаларына арналған әріп түрінің әртүрлілігіне назар аударғымыз келеді. Жобаларда <k> фонемасы үшін Qq мен Kk, <q> фонемасы үшін Kk және Cc таңбалары тен ұсынылып жүр. Егер бір инвариант фонеманың жазуда таңбаланатын вариантын өзара ұқсас әріппен берілуі керек деген әліпби теориясына салсақ, онда жуан дауыссызды <k>-k, ал жіңішке дауыссызды <k>-ķ деп таңбалау дұрыстыққа әкеледі. Бұл бағытта проф. З.Базарбаева к әріпүсті диакритикасымен беру таңба танымын жеңілдетеді деген пікірде<sup>1</sup>. Біздің ойымызша, егер қабылданған әліпбиде сол дауысты беруге сәйкес келетін әріп таңбасы (мұнда, мысалы Qq – әрпі) болса, онда әліпби мүмкіндігін пайдалану дұрыс. <k>фонемасы үшін басы артық диакритикалық таңбадан гөрі, сондықтан q әрпін қолдану тиімді деп ойлаймыз.

Ал <k>фонемасына Cc әрпін арнаудың еш керегі жоқ: латын әліпбіндегі <k>фонемасын беретін k таңбасы бар. <n>фонемасы үшін ſ әрпін қабылдау жүйеге қайшы келмес еді. <ш>фонемасына c графемасы лайық еді, 1929ж. алғашқы латыннегізді жазу дәстүрі де үзілмес еді, әрі Н.Төреқұлов

<sup>1</sup> Базарбаева З. Некоторые аспекты реформирование казахского алфавита на основе латинской графики // Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі: тарихы, тағылымы және болашағы А., Арыс, 2007. – 4106. 221 б.

айтқандай, с әрпі кейбір түркі тілдерінде ч фонемасын таң-  
балғандықтан, ч-ш сәйкестігі бар тілдер үшін ұтымды еді.  
Алайда ортақ түркі әліпби жобасында с фонемасына түркі  
әліпбіндегі әріп үлгі болды.

Сөйтіп, жаңа жазу жүйесін қабылдаудың графикалық ерек-  
шеліктері әріп диакритикасына байланысты болып отыр.  
Сонда, профессор Ә.Жұнісбектің зерттеуі және зерттеу ко-  
рытындысы бойынша, жаңа әліпби жобасында қазақ тілінің  
фонологиялық құрамын көрсететін 28 фонеманың таңбасы  
әліпбидің негізгі «сүйегі» болмақшы. Тілімізге кирил гра-  
фикасына дейін де араб тілінен енген сөздерді түпнұсқа  
принципімен жазу үшін берілетін және 1938 жылы қазақ жа-  
зына енгізілген өзгерістің бірі болған *и*, *h*, *f* әріптері қазақ  
дыбыстық құрамында соңғы 100 жылдықта болып жатқан  
процестерді көрсететін және белгілейтін таңбалар болып та-  
былады.

Жалпы, әліпби ауыстыру мәселесі бір жағынан, жазудың  
тілге тигізетін әсері болғандықтан, орыс тілі иелігінен қашу  
мақсатында көтерілгені белгілі. Ендеше қазақ тілі дыбыстық  
құрамына тән емес, бөгде тіл фонемаларын сол тілден  
ауысқан термин сөздерді жазу, яғни емленің цитаталық  
принципі үшін ғана әліпби құрамына алу дұрыс еместігі  
айқын. Алайда біз тілдің даму диалектісін естен шығарма-  
уымыз керек сияқты. Тілдің дыбыс жүйесінде *ф*, *h*, *v*  
дыбыстары болмағанмен, *тапса* – *таңса*, *сепсе* – *сөңсе*,  
*абай* – *абай*, *ебедейсіз* – *ебедейсіз* сияқты сөздерді айтқанда  
*aħ ұрды*, *ұғілеу* тәрізді одагайларды дыбыстағанда пайда  
болатын **п**, **б**, **к** фонемаларының [п], [б], [h] – вариациялары,  
*Файзolla*, *Фазыл*, *Сайфолла* тәрізді кісі есімдеріндегі <ф>  
фонемасының саналы да, санасыз түрде де айтылуы тілдің  
дыбыстық құрамында өзгеріс, даму жүріп жатқанынан хা-  
бар береді. Тіл-тілдің дыбыс жүйесі өзгермейтін құбылыс  
емес. Кез келген тілдің дыбыс жүйесінде дыбыс реңктерінің  
дифференциациясы, көрші тілдің, кірме сөздердің әсерінен  
болған дыбыстық өзгерістер орын алады. Мысалы, орыс тілін-  
дегі [а], [э] дыбыстарынан сөз басталмайтын зандалықты

шет тілден енген анкета, аббат, абзац, атака, арба, ангел, эпоха, эра, этика, экзамен, эффект, этаж сиякты сөздер бұзып келеді. Сондай-ак, екі дауыстының қатар келуі де орыс тілі фонетикалық жүйесіне қайшы. Бірақ қазір орыс тіліндегі поэт, ореол, аут, театр, вуаль, какао, радио, пунктуация сөздерінде екі дауысты қатар таңбалана береді. Және ге, ке, хе дыбыс тіркесімдері де кірме сөздерде жазылып, айтыла береді: кедр, герой, схема, агент, актет. Сондай-ак, орыс тіліндегі [ф] әрпі тек кірме сөздерді таңбалашу үшін қолданылады: форум, факт, фонарь, sofa, фильм, афера, форма, афоризм, эфир, профиль. <h> фонемасы бұрын bog, благо сөздерінің айтылымында болса, қазір кірме сөздерде қолданылады<sup>1</sup>. XVII ғ. дейін орыс графикасында да, тілінде де ч, щ, ц, х, э, дыбыстары болмағанын, тек 1760 ж. кірме сөздерде айтылғаны үшін алынғанын ескерсек, кірме дыбыс проблемасы «ұлы орыс тілінің» өзін де шарпымай өтпегенін көреміз.

Казіргі ақпараттар ағыны, жаңа технология тасқыны то-ластамайтын ғасырда тіл сөздердің жаңадан жасалуын күтіп отырмайды, өмірге енген денотат, реалий сол түпнұсқа тілдің номинативтерімен атауды қажет етеді, тіпті талап етеді. Бүгінде ғылыми-техникалық, әскери, қаржы, банк, спорт саласына катысты лексика халықаралық (ортақ) сипат алуға ұмтылып отыр. Ғылыми-техникалық прогресске, өркениетке деген ұмтылыс тілде де бейнесін таптай қоймайды. Ендеше өзге тілдің терминдік атауын алуға тарихи прогрестің өзі итермелейді. Сондықтан бөтен тіл элементтерінен қашу көп жағдайда дұрыс бола бермейді.

Аталған мәселеге байланысты жалпы сөз арнаған көпшіліктің пікіріне назар аударып көрсек, ұсыныстардың екіге бөлінгенін көреміз. Олардың негізгісі әліпбиде в, ф, ц, щ, ч дыбыстарына әріп арнамау бағытында. Латын жазуына көшудегі бірден-бір ұтатынымыз кезінде түпнұсқа принциппен жазу үшін орыс графикасынан алынған я, ю, ё, ф, в, х, щ,

<sup>1</sup> Фонетика современного русского литературного языка М.: Наука, 968.-211 с. 121 б.

ч, ь, ъ, ң әріптерінен арыламыз, әрі у, и әріптерінің дыбыстық құрамын нақты көрсететін боламыз дейді авторлар: *чатаев-сараер, үеҳ-сех, вагон-bagon, факт-pakt*<sup>1</sup>.

Сонымен қатар ф, в, һ дыбыстарымен айтылатын қазақ тілінде кісі есімдері бар екенін дәйек етіп, тілде бар дыбысқа әріп те болғаны дұрыс дейтін пікірлер де бар<sup>2</sup>. Мұндағы негізгі уәж, тілдің даму деңгейінің бағалау, қазіргі қазақ тілі айтылым үлгісіндегі өзгешеліктерді ескерту дегенге саяды.

Сөйтіп, авторлар орыс алфавитіне негізделген қазақ әліпбииң латын графикасына транслитерация жасайды: латын әліпбииңде бар әріптер өз мәнінде жұмсалады, ал <ч>, <ц>, <ш> дыбыстарына диграф, триграфтарды, диакритикалық әріптерді пайдалануды ұсынады, бірі ағылшын графикасының басы артық әріптерін пайдаланайық дейді. Мысалы, Сс (ш), Нh (f), f (ж), v (ы), x (й), у (ү), q (ө), x (ә)<sup>3</sup>.

Біздің ойымызша, егер әліпби ауыстырудың бір мақсат түпнұсқа принципімен алынған орыс алфавитінің әріптерін әліпби құрамынан алу болса және оларды латын әріптерімен беру мүмкіндігі болмаса немесе аз болса, қосар әріп, диакритикалық таңбалармен бейнелеудің қажеттілігі жоқ. Сондықтан f, v, h әріптерін өз қызметінде жұмсалап, ал [x], [h] дыбыстарын h әрпімен, <ц>-c, <ч>-и, <ш>-и әріптерімен беру керек деп санаймыз. Өйткені қазіргі қазақ тілінің артикуляциялақ базасы босаң, жуысынқы дауыссыздарды айтуға икемделді (*tence, ақша, абај*). Әрі тілдің болашақтағы дамуы ұян, үнді дыбыстардың басымдығымен сипатталуы мүмкін. Сондықтан, мысалы, *quqaia* [қыйқайа], *qaqartan* [қакарман], *jıqaz* [жыйқаз], *uqlew* [уклеу], *poto* [пото], *pilog* [пыйлолог], *pilm* [пійлм] деп, <ф>, <в>, <ң> дыбыстарын

<sup>1</sup> Фадли Эли. Саяси тұрғыдан келейік // АТ. 14.05.92; Кондыбаев С. Казак жазуының жағдаяттары жөнінде // Манғыстау газы. 4.08.92; М. Сапархан Ақыметтін ақ жолы адастырмайды // АТ. 7.09.00.

<sup>2</sup> Габдолкәрімов С. Жаңа қазақ әліпбі қабылдансын-ак // Егемен Казакстан. 03.11.2000.

<sup>3</sup> Жанболатов С. Латын әліпбі негізіндегі жазуымыз жайындағы талдау // Ағайын, 2001. №1; Мырзабек С. Гәп әліпбиде емес оны пайдалана білуде // ЕҚ. 10.10.00.

тұйық дыбыстағаннан босаң, жуысыңың айту сөздің естілімін жағымды етеді деп ойлаймыз. Осыған орай, <ц>, <ч>, <ш> дыбыстарын босаң айту сөз мағынасына әсер етпейтіндіктен *s*, *c* әріптерімен таңбалау орынды көрінеді: *sirk, sement, sellfan, sentnter, sifr, carlston, cempion*.

Сонда төмендегі әліпби құрамы шығады (40-кесте).

40-кесте. Жана казак-латын әліпбі

№	дыбыс	әріп	№	дыбыс	әріп	№	дыбыс	әріп
1	а	а	11	й	у	21	р	г
2	ә	ä	12	қ	k	22	с	s
3	б	b	13	қ	q	23	т	t
4	в	v	14	л	l	24	у(дау-з)	w
5	ғ	g	15	м	m	25	ұ	u
6	ғ	ğ	16	н	n	26	ү	ü
7	д	d	17	ң	ń	27	ф	f
8	е	e	18	օ	o	28	X, h	h
9	ж	j	19	ө	ö	29	ш	ş
10	з	z	20	п	p	30	ы	i
						31	і	i

Мұндағы у әрпі (*у* – латыншада [wai], бірнеше мағынасы бар, яғни [I] дыбысын береді (*symbol, myster-құпия, symphony, any, ready, lady*), сондай-ақ әсіресе сөз басында [j] дыбысын таңбалайды (*you, youth, yes*) қазақ сөздеріндегі дауыссыз <й> фонемасын береді. Ал [ый], [ій] дыбыс тіркесін таңбалайтын «ұзын и», «дауысты и» деп әріп-фонема қатынасынан қате түсініліп жүрген и таңбасы жаңа графика бойынша қазақ сөздерінде жазылмайды. Яғни *сый, тый* сөздерінде ғана жазылып келген орфограмма енді барлық и таңбаланатын тұстарда жазылатын болады. Мысалы: *сыйтық – siylıq, сиыр – siyır, ми – mi, инелік – iynelik, қияр – qıyar, тынын – tıym*. Ал халықаралық терминдер мен ел аттары *i* әрпімен жазылады. Мысалы, *kino, institut, himie, tehnike, kibernetike, fizike, film*.

Алайда бұл арада тағы да нақты ойлану керек. 1929 жылы мен 1940 жылы алдыңғысы латын, кейінгісі орыс жазуын қабылдаған тұста қосып арқалаған жұмыс осы болғанын тарих ескертіп отыр. Жазу үнемділігі, қағаз үнемділігі, уақыт

үнемділігі дегендер қай ғасырда да қажетті мәселелер дейді бір ойымыз.

Проф. З.Базарбаева қазіргі уақытта **у**, **и** әріптері дифтонг дыбыстарды таңбалайтынын, ешкім қиналмай **ұ**, **үү**, **ый**, **ий** орнына бір таңба жаза беретінін айтады, бұны фонологизацияциялану, яғни жаңа фонеманың пайда болуы деп түсіндіреді<sup>1</sup>.

Тарихқа көз жіберсек. Қосар дыбыс таңбасын беретін **у**, **и** таңбалары 30 жж. проф. Қ.Жұбановтың ұсынуымен, кейін 1952 ж. Проф. М.Балақаевтің қолдауымен әліпбиге енді. Қ.Жұбановтың «Қосар ма, дара ма?» деген мақаласында «**үү**, **үү**, **ү**, **у** әріптерімізben таңбалап жүрген түрлі дыбыстардың бәрі де жалғыз **у** мен көрсететін жерлері болушы еді. ...Бұл үлкен шатақ еді. Осы шатақтан құтылмақ болғандағы қарманғаны әлгі қосар әріптер болады. Бірақ шатақтан құтқару орнына әлгі қосар әріптер одан әрі қосарлана, шатақты шиеленістіре түсті»<sup>2</sup> деген жолдар бар.

Қосар әріпті жақтаушыларға қарсы Қ.Жұбанов бірнеше дәлелдер келтіреді. Мысалы, егер қосар әріптің соңғысы дауыссыз, сондықтан одан кейін дауысты дыбыстар келеді дегенге *таулы*, *қойлы*, *шідерті*, *қайсы*, *анаусы* сөздерінде өзгеріп жалғанып тұр, **у**, **й** дыбыстары о бастан қосар, себебі *су* – *суг*, *бу* – *буг*, *тій* – *тег*, *би* – *бөг* болған дегенге бұл дәлел емес, себебі *сары* – *сары*, *тірік* – *тірі*, *торық* – *торы* болып қосар дыбыстардың біреуі түсіп қалады еken деп қосар әріп іздел отырган жоқпыш дейді<sup>3</sup>.

Ғалым өзі өмір сүрген кезеңдегі оқушы қатесінің көбі **ый**, **ий** әріптері болып отыр дейді. Сөйтіп, ғалым төрт әріптің (**үү**, **үү**, **ый**, **ий**) орнына екі әріп жазуды ұсынған еді<sup>4</sup>. Бұл көзқарас қазақ тілі білімпаздарының біразының әсіресе, 1940 ж. жаңа әліпбиді түзуші проф. С.Аманжоловтың пікір қарсылығын тудырганмен<sup>5</sup> қазіргі графикамызға қабылданды.

<sup>1</sup> Базарбаева З. Некоторые аспекты реформирование казахского алфавита на основе латынской графики // Латын графикасы негізіндегі казак әліпбі: тарихы, тәгілімдемесі және болашагы А., Арыс, 2007. – 410б. 221 б.

<sup>2</sup> Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 343 б.

<sup>3</sup> Сонда, 345 б.

<sup>4</sup> Сонда, 521 б.

<sup>5</sup> Аманжолов С. Еміле ережесі мал емес // Ана тілі. 2001, 18.VII.

Дәл осы сияқты мәселе *жарты дауысты дыбыс<sup>1</sup>, шала дауысты<sup>2</sup>* деп XX ғ. басында анықталған <у> фонемасын белгілеуге қатысты. Қазіргі жазуымызда «дауысты у»-ды да, «дауыссыз у»-ды да бір ғана әріппен белгілейміз. А.Байтұрсынұлының «Саят ашқышында» (1926ж.) да бір ғана таңбамен берілгенін көреміз: *тану, салу<sup>3</sup>*.

Қазақ тілші ғалымдары және әліпби жобасын ұсынушы өзге де тұлғалар жаңа графикаға көшуде *у, и* әріптеріне қатысты 1929 жылғы графиканы қабылдағандан қазақ жазуын тілдің дыбысталуына жақыннатамыз деп шешеді. Қалай жазылса, солай оқылу нормаға айналған бүгінгі қазақ жазба тілі мен ауызша тілінің арасындағы ажырағысыздықты осылай реттемесе, енді бір 20 жылда қазақ тілі өзінің ұлттық орфоэпиялық ерекшелігінен айырылады дейді. Расында да солай. Қазіргі қазақ жастарының орфоэпиясында ерін үндестігі мұлде жоғалды деуге болады. Сөз тіркесіндегі ырғактық топтарда, екі сөз жігіндегі ықпал да бірте-бірте көмескі тартуда. Сонда *куту – kütüw, тиу – mi, жиуи – жиу* делініп, дыбыс тіркесі ажыратыла таңбаланса, қалай жазылса, солай оқып дағыланған түйсік біргіндеп сөздің дұрыс айту нормасын менгере бастайды дейді көпшілік пікір айтушылар. Алайда жазба тіл мен ауызша тілді жақыннату мұнымен ғана шектелмейтінін ойласақ, шешілуі қын мәселеге тап болатынымызды көруге болады. Мысалы, *ырақымет, ылақ, ырас* деп жазу сияқты.

<у> фонемасы, проф. Ә.Жұнісбек анықтағандай, ерін-ерінді, тоғысынқы, үнді, кейінді, еріндік дауыссызы<sup>4</sup> өзге дауыссыздардан алдынан не сонынан [ұ] дыбысын қосып айтудымен ерекшеленеді (басқа дауыссыздар қысан, жуан езулік [ы] дыбысын қосып айтады). Бір қызығы, XX ғасырдың басында – қазақ орфоэпиялық нормасына «сызат түспеген» дәуірде А.Байтұрсынұлы бұл позициядағы инвариант дыбысты <ы> деп тапқан. «Қазіргі тұжырымдардан, алуб десек,

<sup>1</sup> Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. –414 б. 179 б.

<sup>2</sup> Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер... 59 б.

<sup>3</sup> Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы... 94 б.

<sup>4</sup> Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. 57 б.

келіб демей, келуб десек, онда *алұу*, *барұу* деуге болады. Оның үстіне *алыуды* – *алыс*, *барыуды* – *барыс*, *келіуді* – *келіс* деген сөздермен алмастыруға болады. Ендеше *у-дын* алдына *ұ*, *ү* әріптерін салудың еш қисыны жоқ»<sup>1</sup>.

Қазақ тіліндегі кез келген дауыссыздың алдынан не соңынан қысаң езулік қосылып айтылады. А.Байтұрсынұлының сөзімен айтсак, «жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін қолданып келген қазақ»<sup>2</sup> қысан, жуан езіліктерді инвариант деп табады: [бы], [жы], [ыр], [кы]. Осы жүйе бойынша, [ый], [ый], [ыу], [уы] болуы керек. Бірақ <й> фонемасы профессор Ә.Жұнісбектің айтылым, жасалым, естілім сипаты арқылы анықтаған айырым (дифференциалды) белгілері (тілшік, жуысынқы, ұнді, кейінді, езулік дауыссыз)<sup>3</sup> қысан езуліктермен дыбыстаратады. Ал еріндік дауыссыз болып табылатын <у> еріндіктермен дыбыстаратады. Сонда «исключение» у фонемасындаға. Ендеше [ұу], [үү] таңбалануға тиіс емес, фонетикалық вариант болып табылады.

Егер біз жаңа орфографияда <у> фонемасын дыбыс тіркесіне ажыратып жазсак, онда *тауық*, *сауық*, *жсауық*, *сеүіп*, *тейіп*, *кеүіп* сияқты сөздерде **ы** орнына *ұ*, *ү* жазу керек. Өйткені дыбыстың алды мен соны бірдей позицияда. Мұнда дыбыс инвариантты – фонема емес, дыбыс варианты таңбаланған болып шығады. Бұл орфограммалар, әрине, қазақ сөзінің дұрыс айтылу нормасын сақтауға көмектеседі. Қазақ тілінің дыбыстық құрамы жаңа сауаттанатын баланың санасына дұрыс бекиді. Егер латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбійне ауысада осы орфограмманы таңдасақ, тіліміздегі ерін үндестігінің қаншалықты басынқы сипатта болатынына келісіп алуымыз керек.

*Құю -қиүүш, үю - үйүйш, сою - соуиүш, күю - күйүйш*, осындай транскрипциялық жазуды қабылдауға тілұстармандардың (профессор Н.Уәли термині) санасы қаншалықты дайын? Сөз аяғында, сонғы буында *ұ*, *ү* еріндіктері жазылмайды де-

<sup>1</sup> Байтұрсынұлы А. Емле туралы // КР БжФМ ФА Хабарлары. 2000, №3. 10 б.

<sup>2</sup> Сонда, 6 б.

<sup>3</sup> Казак грамматикасы... 55 б.

ген ережені алып тастағанда үндесім тұрасында шекараны қалай айқындаپ аламыз? Осы сауалдарды әбден ойланып шешкеніміз жөн.

Әрине, жаңа графикада қазақ сөздерінде *у*, *и* әріптерінің дыбыстық құрамын ажыратып, ал халықаралық терминдерді, ел, халық атауларын жазуда «ұзын и», «ұзын у» әріптеріне *i* және *и* таңбасын алғанның негізі бар сияқты: *Ukraina, Belorus, ministir, universitet, institut*.

Сонымен, жаңа әліпбиде 33 әріп болады. Олардың 28-і қазақ тілінің негізгі дыбыстық қорын таңбалайды. Һәрпі одағайлар мен шығыс тілдерінен енген сөздерді және халықаралық терминдерді жазуда пайдаланылады. *F, v, u, i* әріптері халықаралық терминдерде қолданылады.

Мысалы, жаңа қазақ жазба мәтіні: *Türki tilderi bir negizden tarağanımen, qazırkı ömir sürüp otırğan tuwistas tilderde fonetikaliq-leksikalıq, grammaticalıq turğida özgeşelikteri men ayırmışılıqtarı orm alatını sözsiz. Sebebi är tildiñ damıw, qalıp-tasuwında erekşelik kezdesedi jane ol sol tildiñ zañdılığma qatisti boluwi mümkün. Bul mäseleler tarihi-salistirmalı zerttewlerge negiz boladı.*

Қазақтың жаңа графика негізіндегі орфографиясын қабылдауда тілдің жетекшілік ететін басты дыбыстық зандылығын айқындаپ алу кажет. Ол, жетекшілік сипатта – тіл үндестігі, екіншілік деңгейде – ерін үндестігі болуы тиіс. Кезінде 1929 жылы Қызылордада өткен алғашқы емле конференциясында қабылданған емле ережесі емле – үндесім заңына табан тірелтінін, оны қазіргі ережедегідей сөздің соңғы буынына ғана қатысты емес, сөздің бүкіл өн бойына (түбір, қосымша) қатысты алатынын ескертті. Ескертуде тек -нікі жүрнағы мен кейбір араб тілінен (парсы емес) енген жүрнактар мен сөздерде бұл зандылықтан ауытку болатыны көрсетіледі<sup>1</sup>.

Тіл үндестігінің басымдығы, ерін үндесімінің екіншілік сипаты 1926 жылы Бакуде өткен конференция талқысында да айтылды: «Барлық түркі тілдерінде палатал үндесім же-

<sup>1</sup> I Всесоюзный тюркологический съезд 26/II-5/III-1926. Баку... 166 б.

текші, сондықтан емлеге осы үндесімді негіз ету (Т.Шонанұлы), ерін үндесімі бұдан 50-60 жыл бұрын күшті болса (В.В.Радлов), бүгінде құрып барады (Т.Шонанұлы, Әлібаев) // еріндіктерді бірінші буыннан артық жазбау // ерін үндесімінің күші қазақ тілінде II буынға дейін сақталуы тиіс және солай жазылуы қажет (К.Кеменгерұлы), ерін үндестігін сақтау тиімсіз, бірақ шет сөздерді игергенде екінші буынға да жазу (Е.Омаров) // кірме сөздердің соңғы буынындағы еріндікті алдыңғы буынға шығарып жазу (*висмут-вустит*) (Т.Шонанұлы)<sup>1</sup>.

Тіл үндестігі халықаралық терминдерді жазуда да сақталғаны жән. Олай етпесе орыс орфографиясының нормасына жүгіну тағы басталады. Сонда, мысалы, химия – *himie*, физика – *fizike*, техника – *tehnike*, компьютер – *kämpüter*, хоккей – *käkcei* болып жазылады.

#### 4.7 Халықаралық терминдерді орфограммалаудағы ұстанымдар

Түркі тілдері XX ғ. басынан бері халықаралық терминдермен оның ішінде латын негізді терминдермен толығып келеді. Кеңестік түркі тілдері орыс тілі арқылы енген интернационал терминдермен, түрік тілі ағылшын, француз тілінен тікелей енген терминдермен байыды. Кирил графикасындағы түркілердің кірме лексикасы, сөйтіп, орыс тіліндегі терминдердің өзі болып шықты. Сонда кірме лексика түркі тілдеріне жаңа дыбыс ренқін немесе жаңа фонема немесе бөгде дыбыс ренқін алып келді. Сөйтіп, орыс тілін (кеңестік түркілер үшін) немесе француз, ағылшын тілін (түрік тілі үшін) фонетикалық жағынан тез менгертетін ортаға өз-өзімізді тап қылды. Ал кірме лексиканы түпнұсқа принципімен жазу, әсіресе орыс тілінің жазба тілін тез қабылдауға жағдай жасады деңгөн сөз.

Кирил графикасына негізделген түркі тілдері әліп билері орыс тілінен енген термин сөздерді бірізді жазу үшін орыс

<sup>1</sup> 1929 ж. 2-4/VI емле-ғылыми конференцияның стенографиялық есебі. Қызылорда, 1930. – 134 б.

әліпбійн өзгергіей қабылдағаны белгілі. Бұл орфограммалың арнауы ұстанымы түпнұсқа принципі (цитаталық принцип) деп аталады. Латын графикасынан кирилшеге көшкендегі басты бір себеп те осы болатын.

Ал бүгінгі жазба тіл үшін «30 жылдардағы түркі тілдері кірме лексиканы латын әліпбіймен қалай жазды? Қандай негізді, басты қағидалар болып еді? Ол қағидалардың қайсысын біз, бүгінгі түркілер, жаңа латын графикасында пайдалана аламыз?» деген сауалдар маңызды болып отыр. Түркітанушылардың алғашқы басқосуы – Баку съезінде – кірме сөздерді орфограммалауга қатысты 2 түрлі көзқарас болғанын жоғарыда айтқанбыз:

1) кірме сөздерді сол түркі тілінің ауызша айтылуы бойынша игеру<sup>1</sup>;

– яғни кірме сөздер үшін әріп алмау (мысалы, орыс тілінде **f**, **h**, **ө**, **ї** болмағандықтан *Heine* – Гейне, *Hügo* – Гюго болып жазылады)<sup>2</sup>,

– сөз соңындағы дауыстыны қысқартып жазу: *вакансия* – *ваканс*, *пианино* – *пианин*, *фортепиано* – *фортепиан*,

– қандай дыбыс таңбасы тұрса, сол дыбыспен айту (о әрпі тұрса, [o] дыбысы етіп айту деген сияқты);

2) кірме сөздерді түпнұсқа тілдегі айтылуы бойынша алу (*волкан*, вулкан емес, *маскера*). Екі пікірде де сөздің айтылуына қарап жазу, яғни фонетикалық принцип басшылыққа алынған. Дәлірек айтқанда, қазіргідей, орыс тілінің айтылуына қарай емес, қазақ тілінің айтылуына сүйенген.

Дегенмен, кейінгі ұстанымдарға назар аударсақ, екі бағытты көреміз. Біріншісі, кірме лексиканы ұлттық фонетикаға жұтылдыру, екіншісі, орыс тіліндегі айтылуына жақыннату бағыты. Соңғысына ноғай жазуын мысалға алуға болады: ноғай жазуында орыс тіліндегі [ц] фонемасы үшін арнауы таңба алынған<sup>3</sup>. Сондай-ақ башқұрт, татар, өзбек графикасында бұл дыбыс сөз басында *s*, сөз оргасында *ts*-мен

<sup>1</sup> I Всесоюзный тюркологический съезд 26/II-5/III-1926. Баку... 416 б.

<sup>2</sup> Сонда, 416 б.

<sup>3</sup> М.К.Милых Вопросы орфографии тюркских языков Северного Кавказа и Дагестана... 46 б.

белгіленген. Тіпті сөз басында да, ортасында да *ts*-мен беру ұсынылғанын көреміз: *tsirkul'*.

Кірме сөздерді тілдің фонетикалық заңдылығына сәйкес қабылдау сингармонизм заңы сақталған түркі тілдерінде көбірек орын алуы тиіс деп ойлаймыз. Осыған байланысты, 1929 ж. Қызылордада өткен қазақ білімпаздарының емле ксп-ференциясында көтерілген мәселелердің ішінде кірме сөздердің емлесі үлкен қындық тудырғанын білеміз. Комиссия мүшелері ортақ пікірге келе алмай екіге бөлініп, Е.Омаров, Қ.Кеменгеров, Т.Шонанов бастаған топ терминдерді фонетикалық жағынан игеріп жазуды ұсынса, Қ.Жұбанов, Байділдин, Әлібаевтар терминдерді орыс тілі емлесіне жақындағы жазуды жақтаған.

Сондағы алғашқы топтың кірме сөздерді фонетикалық жағынан игеру моделдері мынадай еді:

– Кірме сөздегі қатаң-ұнді тіркесін ұнді-ұнді тіркесі етіп игеру: *космос-костыс, смола-спала* (Е.Омаров)<sup>1</sup>;

– <ц> → c, <ч> → [ш], <щ> → [ш] дыбысы етіп игеру және таңбалau: *əpeser, sek, birkencik*; <ц>-ныкейде [ш] етіп игеру, себебі *шіркеу-церковь* болып игерілген,

– <в>-ны дауыстыаралықта [у], сөз басында [б], *samatyrъn, maskev, barcav, sergejip*; тұйық буында [п] етіп игеру, ер адам фамилиясының соңын [п], әйел адам фамилиясының соңын [я] етіп жазу (Е.Омаров)<sup>2</sup>. «А это значит, что мы от иностранных слов берем основу, имеющую материальное значение, с подчинением всех морфологических и других наращений этой основы свойствам казызыка» (Т.Шонанұлы)<sup>3</sup>;

– <ф> → [п] / *panar*,

– <г> → [г'], [f] *gaz, gybirne*,

– еуропа жазуларындағы ch тіркесін, орыс жазуындағы <x>,

– араб тіліндегі <h> дыбысын q, к әрпімен таңбалau: *tiqtar, teknij'ke, kokane*,

<sup>1</sup> Стенографический отчет научно-орфографической комиссии... 74 б.

<sup>2</sup> Сонда, 125 б.

<sup>3</sup> Сонда, 23 б.

– <й> → [ж], ю → [жү], я → [жә], [же] етіп игеру және таңбалau: ямбы – сатвъ, ящик – сәск, япония – сароп, еврей – сәбреj, юсуф – сүсір;

– <в>→[у] және [п] етіп игеру және таңбалau: 2-буында ерін дауыстылары бар шет сөздерін еріндікті 1-буынға шығарып заңдастыру: труба-turba, доктор-doktъr;

– сөз басында г, ғ, ч, у, й әріптерін таңбаламау, кірме сөздерде не түсіріп жазу, не қатаң беру (Е.Омаров)<sup>1</sup>;

– шет сөздерді орыс тілі арқылы алмау, европа-evropъ (европы) деп жазу (Е.Омаров);

Қабылданған емле ережелерінің ескертүінде мынадай өзгеріс болды: «Применяя фонетический и морфологические принципы казахском языке в правописание иностранных слов, нужно избегать искажения основы иностранных слов, имеющее материальное значение без особой на то надобности» (Т.Шонанов)<sup>2</sup>. Бірақ Е.Омаров ережеге мынадай пунктін енуін қалайды: «для выяснения характерного применения вышеизложенных принципов к орфографии иностранных слов ориентироваться на европейские слова, непосредственно воспринятые живым народным языком с русским, а потом на слова перешедшие с арабского и персидского»<sup>3</sup>. Бұл ұсыныс-пікірлерден қазақ графикасы мен орфографиясының негізгі ережелерінің алғашқы нұсқасы сөз болып отырған емле конференциясында (1929ж) жасалғанын көреміз. Және басқа түркі халықтары да өз тілдеріндегі емле ережелерінің негізді дайындалғаны осы латын графикасы кезінде екенін айтып отыр.

Бірақ 1929 ж. конференцияда Ресей білімпаздарынан қатынасқан Н.Ф. Яковлев терминдерді бағындырып жазуда сактыққа, тіпті онымен күресуге шақырған-ды<sup>4</sup>.

Осындай пікірлер ұлт білімпаздарының көзқарасына эсер етпей қойған жоқ. Мысалы, терминдерді орыс тілі арқылы игеріп жазуды, 1929 жылы емлені жасаған Т.Шонанұлы, Е.Ома-

<sup>1</sup> Стенографический отчет научно-орфографической комиссии... 80 б.

<sup>2</sup> Сонда, 119 б.

<sup>3</sup> Сонда, 119 б.

<sup>4</sup> Стенографический отчет IV пленума... 78 б.

ровтардың алашордашылдығын олардың шет сөздерді сол түпнұсқа тілінде алайық деген ниетін даттаған С.Аманжолов; «Олардың ескі түрік тілін, қазақтың құнсыз сөзін көкке көтеріп, интернационалдық сөздерді сыртқа тебуімен күресу керек»<sup>1</sup> деген.

Сейтіп, терминдерді орыс тілінің емлесіне нұсқап жазу Қазақстанда Қ.Жұбанов, С.Аманжолов тарапынан ұсынылды.

Ал кирил графикасында кірме сөз түбіріне жалғанатын ұлт тіліндегі қосымшалардың вариантын жалғау проблемасын әлі күнге дейін шешімін таптай келеміз. Башқұрт тілінде *жюри, такси, шоссе, ателье* сөздеріндегі соңғы дауысты башқұрт тіліндегі жіңішке дауыссызға қарағанда жуандau, тіл арты дыбыс болғандықтан бұл сөздерге қосымшаның жіңішке вариантын жалғауға болмайды, бұл процесс сингармонизм заңын бұзып келді деген пікір басым болды. Сондай-ақ *калий, любилей, командир, министр, социализм* сөздеріне жіңішке вариантын аффикс тілдің үндесім заңдылығын бұззады делінді. Өйкені сөйлеу тілінде бұл сөздерге жуан қосымша жалғанады. Осы сипатты жазуда да таңбалau керек еді дейді бүгінде башқұрт тіл жана шырлары. Және *ғылым, тарих, тайыр* сөздері тіл арты дыбысталады: [ғылыйм], [тарыйх], [тахыйыр] сондықтан жуан қосымшаларды қабылдайды<sup>2</sup>.

Ногай, құмық, алтай, чуваш, саха тілдері тіпті терминдерді орыс тілі жүрнақтарымен қабылдағаны бар: *социалистический революция, ленинский политика*<sup>3</sup>. Ал қазақ тілінде қосдауыссызben аяқталған орыс тілді түбір сөзге қосымша ы, і –дәнекері арқылы жалғанып, ашық буын санын көбейткен. Яғни 3 дауыссыз дыбыс қатар келмейді деген қағида ұсталған.

30 жж. түрік тілін араб және парсы сөздерден тазарту реформасы – олардың орнына француз негізді сөздермен толықтырумен қатар жүрді. Мысалы, 1928 жылғы сөздікте француз

<sup>1</sup> Аманжолұлы С. Жаңа әліппенің кейбір дыбыстарын өзгерту, емлемен терминді дұрыстау туралы // Социалистік Қазақстан. 23.08. 1933.

<sup>2</sup> Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков и народа СССР...

<sup>3</sup> Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР.. 46 б.

тілінен енген сөз тек 1412 болса, 1939 жылғы сөздікте 1968 сөз, 1941 ж. – 2411, 1945 ж. – 2482, 1955 ж.с – 2500 сөз болды. Ал 2004 жылы басылып шықкан сөздікте 5757 француз негізді кірме сөз бар. Оның ішінде А әрпінен басталатын – 250, В – 236, С – 1, D - 290, Е – 250, F-272, G – 177, Н – 151, I – 129, J – 68, К – 670, L – 145, М – 495, N – 128, О – 204, Р – 685, R – 265, S – 552, S – 87, T – 364, U – 29, V – 110, Y – 0 және Z әрпінен басталатын 9 сөз кірген болатын.

Халықаралық терминдерді енді дедал-орыс тілінсіз жазу бағытын ұстанып отырған кеңес түркілерінің орфографиясында кірме сөздердің жазылуы қабылдаған әліпби құрамына байланысты болайын деп отыр. Мысалы, қазақ орфографиясына қатысты төмендегідей ойларымыз бар.

Егер әліпби ауыстырудагы бір мақсат түпнұсқа принципімен алынған орыс алфавитінің әріптерін әліпби құрамынан шығару болса және оларды латын әріптерімен беру мүмкіндігі болмаса немесе аз болса, косар әріп, диакритикалық таңбалармен бейнелеудің кажеттілігі жоқ. Сондықтан қазақ емлекінде

- 1) *f, v, h* әріптерін өз қызметінде жұмсап,
- 2) [x], [h] дыбыстарын кірме сөздерде *h* әрпімен,
- 3) <ц>-*c*,
- 4) <ч>-*sh*,
- 5) <щ>-*sh* әріптерімен беру керек деп санаймыз. Оның себебі 4.4 тараушасында айттылды.

Түрік жазуында <ф> дыбысы келетін халықаралық терминдер *f* әрпімен таңбаланады: *fabrika, faks, faksimile, faktör, fakulte, fabrikasyon, familya, fanatik, fanatizm, fayans, faşist, fatalism, federasyon, federatif, feldmareşal, fizik, flora, flüt*. Фонологиялық айырмасы жоқ *h*, *x* дыбыстары бір таңбамен жазылған.

Сонда кирил графикасындағы мына әріптер жаңа қазақ әліпбінде былай берілгені жөн:

- /Э/=>/e/ *elektir, energetike*
- /Ш/=>/s/ *sement, sirk, sellofan, sentner, sifr, ceh*
- /Ч/=>/ş/ *şarlston, şempion, matş*

– /ш/=>/ş/ şors, şotke

– /я/=>/ya/ yadro, yakır, yard, yahta, filologia

Сөйтіп, халықаралық терминдер үндесімзанына бағынып жазылғаны жөн. Олай етпесе орыс орфографиясының нормасына жүгіну қалмайды: химия – *himie*, физика – *fizike*, техника – *tehnike*, компьютер – *kämpüyter*, хоккей – *käkki* болып жазылуы тиіс. Қазіргі терминдердегі жұрнақтардың көбі орыс тілі арқылы енген латын суффикстері екені белгілі. Мысалы, **-ция** - *-sion/-tion* деген латыннегізді жұрнақтар орыс тіліне *presentation*, *construction*, *protection*, (*протекция*), *possession*, *conclusion*, *action* деген сияқты сөздердің құрамында келген. **-ist**, **-ism**, **-al** жұрнақтары да *pianist*, *physicist* (*физик*), *abstractionism* (абстракционизм), *criticism* (*критицизм*) *atheism*, *central*, *formal*, *official* сөздерімен енген. Біз жаңа қазақ-латын жазуында түпнұсқа тілдегі жазылуы бойынша таңбаланғаны жөн деп ойлаймыз.

Ол түрік тіліндегі терминденуге де сәйкес келеді. Мысалы, түрік тілінде филологиялық терминдер я аударылады, я түпнұсқаға жақыннатылып жазылады: *morfoloji*, *fonetik*, *fonem*, *grafikler*, *transkripsiyon*. Түрік жазуында араб тілінен енген сөздер де үйлесім заңына бағындырылып жазылған еді: *isbat*/ *ispat*, *müsbet* /*müspet*, *tesbit*/ *tespit*, *tesbih* /*tespih*, *takdim*, *takdir*, *tasdik*, *tekdir*, *takdis* т.б. Арабша «*abdū*»сынарымен келетін есімдер түрікшеде ў дыбысы арқылы жазылады. Мысалы: *Abdükerim*, *Abdüsselam*, *Abdülmecit*, *Abdülkadir*, *Abdurrahim*.<sup>1</sup>

Сонда қазақ тіліндегі жұрнақтар **-ция**, **-изм** емес, **-sion**, **-ism** болып жазылу және айтылу керек. Жалпы мұндайда тіл-тілдегі халықаралық терминдерге донор болған грек, латын тіліндегі түпнұсқаларға назар аударған жөн: *philosophos*, *hypnos*, *kyklos*, *kylindras*, *programma*, *progressus*, *problema*, *philologos*, *cultura*, *codex*, *universitas*, *progressus*, *institutum*. Сондай-ақ ағылшын тілі түпнұсқа болып табылатын сөздерге де: *academia*, *bachelor*, *biology*, *botany*, *certificate*, *course*, *diploma*, *geography*, *geometry*.

<sup>1</sup> Yaşar Akdoğan. Türk dili ve yazılı-sözlü anlatım bilgisi. İstanbul, S 49-62.

Жалпы әлемдік тәжірибе әліпбидің ұлттық сипаты болуы үшін кірме сөздерді әліпби шегінде таңбалau керектігін көрсетіп отыр. Сондықтан қазақ жазуы латын әліпбінің қабылдау, кірме сөздерді орыс орфографиясымен жазуды тоқтатады деген сеніміміз бар. Ойымызды белгілі ғалым Н.Уәлидің сезімен тұжырымдасақ: «Әлгіндей сөздердің жазылуын басқа «бейтаныс» кодқа салып жазсак, реципиенттің қабылдауы басқаша болады: *öperâtör* (оператор), *üniversitet*, *kläster* т.б. Сөйтіп, санадағы стереотипті, психологиялық бөгетті айналып өтеміз. Сондықтан жазудағы бет-бағдарымызды түзеудің жолы – латын әліпбіне көшу»<sup>1</sup>.

Сөйтіп, қорытынды сөзді тағы проф. Н.Уәлидің осы тақырыпқа қатысты маңызды жинақта айтылған «Тұжырымдама жобасынан» алып аяқтаймыз: «Кеңестік тоталитарлық саясаттың салдарынан қазақ тілін тұтынушылардың сана-сында кирилл жазуына негізделген қазіргі қазақ әліпбіндегі орыс тілінен енген кірме сөздерді еш өзгеріссіз қабылдау және өзіндік айтылым нормасына бейімдемеу сияқты теріс стереотиптердің қалыптасуына себеп болды. Бұл қазақ орфографиясы мен орфоэпиясын «қосамжарлық» дағдарысына, сондай-ақ қазақ сөйленісіндегі үндесім қағидасының бұзылуына, яғни тек сөзде не сөз тіркесінде ғана емес, бүтін сөйлем құрамында ғасырлар бойы тілдік сөйленістің эстетикалық дыбысталу категориясын қалыптастырыған дыбыстық үндесім, сингармонизм занылығының бұзылуына әкеп соқтырды. Осылайша, өзге тілден енген кірме сөздердің ұлттық мәнеріне бейімделудің тілдік тетігі (механизмі) көптеген жылдар бойы сыртқы тілдік емес факторлардың күші арқылы тежеліп отырды. Жаңа графикаға көшу жобасы осы стереотип мәселесін шешу керек және өзге тілден енген кірме сөздердің тілге бейімделу тетігін өз күшіне енгізу керек»<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Уәли Н. Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік турткі жайттардың басымдылығы // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбі: тарихы, тағылымы және болашағы А., Арыс, 2007. – 410 б. 179 б.

<sup>2</sup> Латын графикасы негізіндегі..., 2007ж. 267 б.

## 4.8 Жаңа латын әліпбі: терминдер орфограммасы

Латын графикасын қабылдаудағы лингвистикалық түркі-жайттардың бастысы кірме терминдерді түркі тілдерінің өзіне тән дыбыстау мәнерімен жазу және айтуға дағдылану болады деп қорытындыладық. Сондықтан біз төменде кірме терминдерді игеріп жазу механизмін жобалап көреміз.

Алдымен, мына бір мәселені айқындал алғанымыз жөн. Халықаралық терминдерді тағы да делдал тіл – орыс тілі арқылы игеріп жазамыз ба, әлде түпнұсқа тілдегі вариантымен таңдалаймыз ба? Бұл сауал 1929 ж. латын графикасын қабылдардағы басты сауал болғаны жоғарыда айтылды. Қазақтың үлттық әліпбійн жасаушылар көбіне терминдердің түбірі түпнұсқа тілдегі жазылуына сәйкес болуды ұсынды: «А это значит, что мы от иностранных слов берем основу, имеющую материальное значение, с подчинением всех морфологических и других наращений этой основы свойствам казыязыка» (Т.Шонанұлы)<sup>1</sup>; «Применяя фонетический и морфологические принципы казахском языке в правописание иностранных слов, нужно избегать искажения основы иностранных слов, имеющее материальное значение без особой на то надобности» (Т.Шонанов)<sup>2</sup>. Осы ұстаным қабыл алынбаған алғашқы түркі-латын жазуының орфографиясындагы кейінгі қындықтар бізге белгілі. Сондықтан, біздің ойымызша, халықаралық терминдердің делдал тілсіз жазылуы негізді. Дегенмен біз төменде орыс тілі арқылы енген сөздердің орфограммалануын да және түпнұсқа тілдегі түрпатымен орфограммалануын да қарастырып көрдік.

Орыс тілі арқылы енген терминдердің денінде жінішкелік белгісі бар. Жінішкелік белгі – орыс тілінде өзінің алдындағы дауыссыздың жінішке мәнермен айтылатынын білдіру үшін алынған маркер. Ал түркі тілдерінде дауыссыздың жінішке айтылатынын көрші дауысты анықтайды, яғни жінішке езілік дауыстының әрпі өзінен кейінгі не өзіне дейінгі түр-

<sup>1</sup> Стенографический отчет., 23 б.

<sup>2</sup> Сонда, 119 б.

ған дауыссызды жінішке езулік тембрмен, жуан езулік дауыстының әрпі өзінен кейінгі не өзіне дейінгі тұрган дауыссызды жуан езулік мәнермен айтқызады. Сол сияқты жінішке еріндік дауыстының әрпі өзінен кейінгі не өзіне дейінгі тұрган дауыссызды жінішке еріндік тембрмен, жуан еріндік дауыстының әрпі өзінен кейінгі не өзіне дейінгі тұрган дауыссызды жуан еріндік мәнермен дыбыстаратады. Сондықтан дауысты әріп таңбасымен қоса жінішкелік белгінің жазылу/жазылмауы артықтық етеді.

**Осыған орай түбірі жінішкелік белгісімен аяқталған сөздердің соңғы буынында жінішке дауыстылар болса, сөз бейұндес болса да жазыла береді не болмаса соңғы буын жінішке дауыстымен алмасуын жөн деп ойлаймыз (қазақ тілі вариантында): *avtomöbil, älbom, aptomöbilshi, akrapöl, alkagöl, dübil, dübel, ansambil, artel, artikil, ayerozöl, barel, vestibül, karamel, kafel, kegl, kisel, kabil, karusel, kremil, kitel, kinäz, kobzär, kaktel, karöl, magisträl, kvadrupöl, festiväl, mademuäzel, seperabel, slesär, stil, mergil, mitkäl, modäl, dizel, sirkül, sokol, sprengel, stepsel, stil, eml, portfel, trufel, yakir, yantär, rentabel, royäl, emäl, panel, parallel, paskäl, patrül, pedäl, peristil, piksel, prisel, profil, rigel, rül, model, modül, moräl, niväl, nikel, parallel, paröl, slesär, spektäkl, spiräl, stil, tabel, tül, galtel, gydrozöl, gorizontäl, gospitäl, deksel, gril, dizel, dirijäbil, duel, kabel* т.с.с.**

Сөздердің бейұндес жазылуына не себептен жол беріп отырмыз? Біріншіден, орыс тілі орфоэпиясымен айтып, орфографиясымен жазып дағдыланып алған қолданысты бір-ыңғай жінішке тембрге айналдыру, соңғы буынға дейін ә дыбысымен сөйлеу қазақ тілінің өзіне тән фонетикалық ерекшелігіне де сай келмейді. Бұл соңғы буында ә әрпі жазылмайды деген ережеге қайшы емес. Себебі соңғы буындағы ә әріптері дауыссыздың жінішке айтылатынын білдіреді. Екіншіден, сөз сонындағы дауыстының жінішкелігі жуан басталып, жінішке аяқталатын бейұндес жазылған сөзді бірынғай орта тембрмен, яғни жінішке де, жуан да емес мәнерде айтқызады.

**Сөз түбірінде жіңішкелік белгі жоқ, тек орыс тіліндегі қосымшасында жіңішкелік белгі болған сөздер жуан реңкпен аяқталады:** *idealdi*, *industrialdi*, *koaksialdi*, *komunaldi*, *konseptualdi*, *terminal*, *universal*, *formal*, *frontaldi*, *fundamentaldi*, *funktional*, *ekzistensialdi*, *eksperimental*, *eksponensial*, *ekstremal*, *epitaksial*, *nominal*, *normal*, *diagonal*, *kapsul*, *sturval*, *differensial*, *oktropol*, *ortogonal*, *poligonaldi*, *potensial*, *proporsional*, *radial*, *virtualdi* т.с.с. Бұл орфограмма қазіргі кирил-қазақ орфографиясында бар.

**Орыс тілі арқылы енген кірме сөздердегі** әрпінен ба-сталатын сөздер **е әрпіне алмасады:** электрик сөзі *electrik* болып жазылса, оның себебі француз тілінде *electrique* «көкшіл сүр тұс» дегенді білдіреді, **эмиссия** сөзі – *emissio* болып жазылса, себебі латын түпнұсқасында *emissio* «шығарылым», энергия – *energia*, себебі грек түпнұсқа тілінде *energeia* «әрекет», экспорт сөзі *export*, себебі латын түпнұсқасында *exporto* «шығару», экология сөзі грек түпнұсқасында *oikos* «отан, үй», *ekolögi* түрінде жіңішке жазыла алады, экономика сөзі *ekönömite* болып таңбаланса, оның себебі грек түпнұсқасында *oikonomike* «үй шаруасын жүргізу өнері» болып, жіңішке мәнермен аяқталады. Мұндағы **с, х** таңбаларының қазақ әліпбійнде болмаған мазмұнда, яғни к және кс болып дыбысталауды ағылшын тілін біletін бүгінгі қазақтілділердің санасында қарсылық тудыра қоймайды.

Ал мына терминдердің қазіргі орфограммасы түпнұсқаға сай екен: аппарат (лат. *apparatus* «құрал-жабдық»), генератор (лат. *generator* «шығарушы»), аккумулятор (лат. *accumulator* «жинаушы»), комбинат (*combinatus* «біріккен»), бюджет (ағыл. *budget* мемлекеттік табыс пен шығынның нәтижесі), мобиЛЬ (лат. *mobilis* «жөніл қозғалатын»), трасса (нем. *trasse* «сызық, жол бағыты»), коммуникация (лат. *communicatio* ортақ қылу, байланыстырамын, сөйлесемін), терапия (грек. *therapeia* «кемдеу»), инсульт (лат. *insulto* – «секіру»), фракция (лат. *fractio* – «опыру»), редакция (лат. *redactus* «қалыпқа келген»), операция (лат. *operatio* «қозғалыс»), брифинг (ағыл. *briefing* «қысқа»), парламент (ағыл. *parliament*), мил-

лиард (франц. Milliard «мын ғиммилондаған»), департамент (франц. département), импорт (лат. importo «кіргізу»), инвестиция [нем. investition ], банк (итал. «banco» – «үстел»), сессия – (лат. sessio «отыру; қозғалыссыз»), партия (фр. parti бөлік, топ), раунд [ағыл, round], министр (франц. ministre) форум(лат. forum«политикалық орта») депутат(лат. dēputātus, «бағала, арна, қосымша жаз») металл (лат. metallum), комитет (франц. comité), конференция (лат. conferentia «бір жерге жинау»), транзит (лат. transitus«өтү»), президент (лат. praesidens «елбасы»), федерация (лат. foederatio «бірігу») конгресс (лат. congressus «кездесу, жиналу»), ядро (jędro), республика ( лат. rēs pūblica «қоғамдық жұмыс»), газ (нидерл. gas), премьер (фр. premier «бірінші»), ассамблея (франц. assemblée «жиналыс; ассамблея»), студент (лат. studens «тырысуши»).

Орыс тілі арқылы енген -ция жүрнағы латын тіліндегі *tio* жүрнағының дыбысталуы арқылы пайда болған. Егер жаңа-латын графикасында ц әрпін таңбаламасақ, бұл дыбысты не /t/ не /c/ ретінде игеруге негіз бар: федерация сөзін *federation* (лат. foederatio «бірігу»), медицина сөзін *medicina* (лат. medicīna), инвестиция сөзін *investition* [нем. investition], фракция сөзін *fraction* (лат. fractio «опыру»), операция сөзін *operation* (лат. operatio «қозғалыс»), коммуникация сөзін *communication* (лат. communicatio ортақ қылу, байланыстырамын, сөйлесемін) түрінде түпнұсқаға сай жазуға болады. Бұл дүниежүзі тілдеріне ортақ сөздердің идеограмма түрінде бірден танылуын, оқылуын жеңілдетеді.

---

